


ЕРБОЛ  
ШАЙМЕРФЕНҰЛЫ

САҒЫМ  
ФӘУРҒЕН

Ербол  
Шаймерденұлы



*Сағым  
дәурен*



**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Нұр-Сұлтан  
2019

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-44

Ш 18

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы  
бәсекелестікті жоғарылату қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу  
мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»  
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды тұлғаларын сатып алу,  
басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Ш 18 **Шаймерденұлы Е.**

**Сағым дәурен.** – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 400 б.

ISBN 978-601-338-370-5

Ақын Ербол Шаймерденұлының «Сағым дәурен» жинағына 1995 жылы шыққан «Көңіл суреті», 2004 жылы шыққан «Жүректегі жазулар» жыр жинақтарынан «Сенемін саған, жарық күн», «Тербеледі ой-бесік», «Жалғаса бер, жолдарым», «Жанымның жайып жапырағын» атты тараулары, 2006 жылы толықтырылып, қайта басылған «Жүректегі жазулар» кітабы және 2013 жылы шыққан алты томдық шығармалар жинағының екінші томына енген және бұрын жарияланбаған бірнеше жырлар еніп отыр.

Ақын Ербол Шаймерденұлының бұл жыр жинағы айшықты азаматтық үнімен, терең ой сарынымен, ақ адал сыршылдығымен ерекшеленеді. Адам мен қоғам туралы, өмір жайлы сезім мен сенімнен өрілген сыршыл толғаныстар шынайылығымен тартымды. Отаншылдыққа, адалдық пен арлыққа шақыратын ойлы өлең, отты жырлар жыр сүйер қауымның жүрегіне жол табар деп сенеміз.

561419

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-44

ISBN 978-601-338-370-5

© Шаймерденұлы Е., 2019

© «Фолиант» баспасы, 2019

Северо-Кавказский  
областная библиотека  
к. С. МУКАНОВА

Поэзия – мен үшін жанымның шырқылы.  
Басқа ештеңе де емес.

***М. Мақатаев***

Слово поэта – это формула его души.

***С. Абдулла***



## МӘҢГІ ӨШПЕС ІЗІ ҚАЛДЫ

Ербол Шаймерденов көрнекті ақын, белгілі көсемсөз шебері, Тәуелсіз мемлекетіміздің үлкен жаршысы, рәміздерінің жыршысы, қазақ тілінің белгілі қорғаушысы, мәдени дамудың жәрдемшісі болып артына мәңгі өшпес із қалдырды. Оның философиялық өмірге іңкәр көңілмен жазған ойтолғақтары бір төбе болса, қазақ халқының озық ойшылдарының «Ақыл-ой антологиясын» жасап кеткені тау-төбе. Ерболдың бір көрсең естен кетпес биязы да сырбаз, инабатты да мейірбан алтын мінезі адамгершіліктің айқын үлгісіндей ашық, адал, таза, мінсіз еді. Келбетті жүзінен сәл-пәл ғана білініп тұратын жарық нұр адам жанын баурап алатын. Осы ғажайып мінезі оны өмірге өлшемсіз ықыласпен іңкәр етті. Поэзия дегеніміз көзің шалған құбылысты жүрегің әп-сәтте іліп алған шындықтың сыры болса, Ерболдың еңбектерінде жүрегінің тілімен жырланған шықтай таза шындықтың сыры аңқып тұрады, шалқып тұрады, өзіңді еріксіз тартып тұрады. Ақынның өлеңдері бүкіл өмірді де, өз тағдырын да шын жүректен алдыға жайып салады.

*Талай рет шарасыздық жылатты,  
Кейде сенім бәйтерегін құлатты.  
Жетімдіктің шоғы жарып жүректі,  
Темір арқан шідерледі құр атты, –*

десе, еш күмәнсіз сенесің, турасын айтып отыр. Қаншама жасырғанмен, «жетімдіктің шоғы жүректі жарған» кездер естен кетпейтіні анық. Елден жырақ қызмет бабымен көп жылдар жүріп қалғандықтан, мен көптеген інілеріммен бауыр басып жүре алмадым. Бір облыста тусақ та, танысқалы екі-үш қана жыл өтті, ал кездесуге екі-ақ рет бұйырды. Ерболды «Қазақ елінің рәміздері» және «Ақыл-ой антологиясы» атты үлкен ойшылдық, ұлттық рухани азығы болып дүниеге келген еңбегінен таныдым. Кейін қолыма түскен «Жүректегі

жазулар» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы мені Ерболмен мольрақ таныстырды, оның кім екенін қалтқысыз түсіндім. «Абылай алаңындағы ой», «Аттила», «Мағжан аға» сияқты өлеңдерін қызыға оқып, «Абыз» атты өлеңін оқығанда тарихтың Манаш Қозыбаев ашқан ақтаңдағы Бұқар жырау ұстазым деп өткен Әз Тәукенің оң қолы, ақылшысы, ордабасы болып, «Жеті Жарғының» алғашқы нұсқасын жасап берген ардагер бабамыз Қожаберген жырау жайлы жазғаны мені қатты сүйсіндірді. Ұлы жырау, батыр туған дүлдүлдің рухани азығымыздың көш басында тұрған дана абыз екенін тамаша келтіріпті. Ербол ағындата жырлай келе «Қазақта Қожаберген – шын дара шың, рухына бас иетін сен де, мен де» деп түйіндейді. Келесі жылы (2014) туғанына 350 жыл толатын бабамыздың тойына дайындықтың алғы сөзін Е. Шаймерденов айтып кетті.

Аталған жинақтағы Ерболдың лирикалық өлеңдері де өмірден үзіп алған шындықтың жанға жылы көріністерін жүрегімен жырлағаны айдан анық көрініп тұр. Табиғатты жырлау арқылы оның адам тағдырына ұқсас кезеңдерін ұтымды көрсетіпті. «Қара ағаш» деген өлеңінде:

*Тұр оңаша қалқайып,  
Жел өтінде боранда.  
Қос өкпесін зар шайып,  
Бар қызығы тоналған, –*

деп жапанда жалғыз қалған қайыңды жыр етеді.

Ойлап қарайықшы, «жапанда жалғыз қалып» қиналып қалған адамдар аз ба? Әсіресе нарықтың қатал заңдары әркімді қара басының құлы етіп кеткен жоқ па?! Ақын өз мұңын да жасырмайды, өзгенің қаяу жағдайын да өзіне батқандай аңғарады.

*Дүние тұр ән салып,  
Жылап жатыр жүрегім.  
Неге біз сонша шаршадық,  
Жүрегім менің, жүрегім, –*

деп жүрегімен сырласа келе, «Жүрегің екеу емес, біреу-ақ қой» деп өзіне тоқтау салып, шыдамдылыққа шақырады. Өзінің жаны құштар философиялық әлемге кетіп, түйін жасапты. Содан кейін бір өлеңінде: «Тазалық бар ма тұнусыз, жымиюшы едің жылусыз» деп қанатты сөз тудырады. «Жымиюшы едің жылусыз» дегені адамның ішкі сырын қозғап, бұрынғы дүдәмал күйін көрсетіп, алшақ кетудің көзін ашады. Бұл жыр ұшқындарын тізілте келтіргенім: Ерболдың не туралы жазса да, сол жайттың шындығын айқара ашып беруінде және оны айту, сипаттау тәсілінде поэзияның биік шыңына жеткендігін көрсетпек болғаным.

Шын жүректен толғана жазған лирикалық өлеңдері қазақ поэзиясының бір тамаша тармағы деп білемін. Жай ғана тармағы емес, өресі биік өз жолы бар, өз жаңалықтары мол шырайлы түрде өрге басқан тармағы.

Ербол Шаймерденовтің балладалары мен ажары ашық мазалы туған поэмалары да жай сәнді емес, ерекше мәнді қазақ ақындық өнерінің жаңалығы бар озық туындылары. Ол майталман аудармашы ретінде философиялық ақыл-ой, қанатты сөздер мен нақылдарды нәшіне келтіре түпнұсқадан кем түспей тәржімалай білсе, ол дағы ақынның қолынан шыққан ақынжанды жүректің жазбалары. Оның тамаша ақындығы бүкіл шығармашылық тұтқасын берік ұстап тұр.

Абай атамыздың 150 жылдық тойында Қарауылтөбенің етегінде өткен аламан бәйгені бәріміз көріп, бір «аһ» ұрғызған жағдайдан шошып кеткендей қатты толқығанымыз бар. Озып келе жатқан сәйгүлік мәреге аз ғана қалғанда құлап түсті. Сол кезде шабандоз бала аттың бетінен бір сүйіп, мәренің сызығына қарай ышқына басып, жүгіре тартты, келесі аттар жақындап қалғанын сезіп, ол қолындағы тақиясын мәреден асыра лақтырды. Қаптаған қалың тойлы жұрт аттың жығылғанына, қапыда мерт болғанына тебірене қиналса, баланың мына ерлігіне ерекше сүйсінді. Міне, осы адам жанын тебіrentкен шындықты

Ербол өлең етіп, «Бәйге» атты поэма жазды. Бұл поэмасында Ілияс Жансүгіров ағамыз жазған «Құлагердің» ұшқыны бар сияқты ғажайып жазылған поэма туыпты.

*Ұшты ма... Ет қызуы... Екпінімен...  
Әлде бір сиқыр сәлем жетті білем.  
Барады ат орнына бала шауып,  
О, құдірет! Намыс өтіп кетті білем, –*

деп шабандоз баланың бүкіл көрермендердің жүрегін тулатып, бәйге өрін жандыра түсіп, «ет қызуымен» жүтіре тартқанын асқан шеберлікпен сипаттады. Ал әрі қарай сәтті теңеу іздеп, бар көріністі оқырманның көз алдына елестету үшін ол «Құлагер» заманының теңеулері, баламалары емес, жиырмасыншы ғасырдағы Ұлы Отан соғысындағы жанкешті мезеттердегі басын оқ жұлып әкетсе де денесі алға қарай жүтіріп бара жатқан қанды айқастың қаһарманын елестетеді. Көрген жан іш тартып, таңғаларлықтай екі жағдай, бүкіл адамзат баласында сирек кездесетін екі мысалды келтіріп, біріне-бірін жақындастырып, замана қасіреттерінің зарлы сырын ашады. Сөйте келе ұлт дәстүріндегі кереметтерді, әсіресе Құлагер жекедара озып келе жатқанда Батыраштың жалдаған баскесерлерінің ұрып-соққанынан қаза тапқандағы қасіретін айтқан Ақан серінің азалы әніне ұқсас жерлері де көзге ерекше көрініп, оқыған жанның санасын жайлап алады.

*Айқұлақ, асыл тұяқ серігім-ай,  
Ұмтылдың неге сонша желігіп-ай?  
Онсыз да шұрқыраған жаныңды осып,  
Қалдым ба абайсызда тебініп-ай? –*

деп шабандоз баланы боздатады. «Өзі едің осы күнгі Құлагердің, Бәйгеге салса-ақ озып шыға бердің» деп бұрынғы жеңістерін есіне алдырады. «Қоштасып бала күнмен жатырмын ба?» деп жеткіншекті толғандырады. Содан кейін: «Өзің біл! Мойын ұсын... Жеңіл... Шошы... Қайғы мен қызық қатар өмір осы!»



деп философ-ақын шабандоз баланы ойға батыру арқылы өзі де жан аямай толғана түседі. Сөйтеді де, «Жарқырап жұлдызша ағып өтетұғын, тағдыры хас таланттың осы ма екен?» деп түйіндейді. Дәл осы шумақты оқығанда өмірден жазатайым ерте кеткен достарды, жолдастарды, туыстарды көзге елестетеді. Терең ойлы ақын бәйгедегі дүлдүлдің оқыс құлап, бұл өмірден ғайып болғанын айтып тебіренгенде маған Ерболдың ойлы көзін жайлаған мұңлы көрініс елес тастайды. Тағы да өзіме-өзім Ерболдың фәниден бақиға озуының себебін ойлаумен, қабырғамды қайыстырамын. Шіркін-ай, ұлтына, тәуелсіз еліне бергенінен берері көп шағында жарқыраған жұлдызша ағып өткені есіме түседі.

Ерболдың «Бәйге» атты поэмасы қиындық кешкен адамдардың тағдырына жақындығын танытты. Өмірде кездесетін дала мұңын майданда кездесетін адамзаттың ортақ мұңымен жалғастырды, қазақ поэзиясының осы сарындағы бар қазынасын байытып берді. «О, менің достан қымбат жануарым, бақұл бол, болсын риза аруағың» деген поэманың жолдары оны оқып бітірген кезде тағы да есіңе түседі. Тап осындай ғажайып поэма жазып кеткен асыл інім Ербол, біз саған ризамыз деп сүйсіндім.

Бұл жалғанда жерлес інім Ерболмен аралас-құралас бауыр басып жүре алмасам да, ол фәниден бақиға аттанғалы газеттерде қаулап шығып жатқан естеліктерді оқып, «Ерболтану» зерттеуі жаңа басталған сапарын көрдім. Қазақтың ардагер ұлдары Әбіш Кекілбаев, Өзбекәлі Жәнібековтермен қызметтес болғанының өзі де үлкен өре ғой. Әбдіжәмил Нүрпейісов пен Әбіш Кекілбаевтың сөздерін, Ербол жайлы әділ де жылы бағаларын өз ауыздарынан естідім. Белгілі жазушы, үлкен ғалым Құлбек Ергөбек ініміздің «Қазақты ұлылыққа бастаған еңбегі бар. Ұлтын өрге сүйреген қаламгер, қайраткер ұланның соңғы еңбегі», – деп досының «Қазақ афоризмдері» деген кітабы жайлы айтқан екен. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі қаламгер Мағауия Сембай: «Біздер бірде бұрыс, бірде

дұрыс басып жүргенде, Ербол сол студент кезінен-ақ ақырын жүріп, анық басты», – депті. Бұл тамаша естеліктер жалғаса түсетініне сенімім мол.

Өз басым Ерболдың ақындығына дән риза болып, осы еңбегімді арнап отырғанда өлеңдері мен бір поэмасына тоқталып өттім ғой, ал келесі сөзім оның атын мәңгілікке жеткізер «Ән – ғұмыр» атты лирикалық-философиялық поэмасы жайлы болмақ. Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) Баһрамұлының «Гауһартасы» мен Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының «Гәккуіне» пара-пар шын ғашық жүректің мәңгі өшпес айғағына айналып, ұлтымыздың ұлы әндерінің бірі болған «Қорланның» авторы Естай Беркімбаевқа арналған бұл поэмасы өте үздік шығарма. «Қорлан» әнін білмейтін қазақ жоқ, оны құшырлана қызығып айтпайтын байтақ қазақ даласында ешбір аймақ жоқ. Сұлулықтың патшасы, махаббаттың үлгісі болған Қорлан (Қорлығайын) Сұлтанқызы мен асқақ ақын, ұлы композитор, қазақтың үздік туған асыл перзенті Естайдың өзара сүйіспеншілігі, махаббаттарының музыкалық та, ақындық та таңғажайып өреде туған хикаясын Ербол Шаймерденов поэмаға мазмұн етіп, халыққа ұсынып отыр.

Ақынның «Бәйге» атты поэмасын сөз еткенде, өзіміз көзімізбен көрген жағдайдың сырын айттық. Ал «Ән – ғұмыр» бұл лирикалық-философиялық негізге құрылған үлкен эпикалық туынды. Автор бұл тұрғыдан қарағанда, даланың дана ұлы Естайдың көрген заманы мен өскен жерін жырлай келе:

*Ән – Естай,  
Аңыз – Естай,  
Алып – Естай,  
Дүниеден өтсең ақын жанып Естай.  
Оралдық естен кетпес әсерменен,  
Ауылына Ертістегі барып Естай, –*

деп Естайдың елі мен топырақ бұйырып жатқан жерімен таныстыра отырып: «Беркімбай өз әкесі кемтар еді, Екі аяқ болмаған

соң жер тар еді», – деп бір шындықтың сырын ашса, кемтар болса да баласын қайсарлыққа, өршілдікке үйреткен «рухани шайқалмайтын бәйтерегі» деп әжет ақынға ұлы мінезі, асқақ өнер, биік мақсаттардың қайдан келгенін анықтап өтеді. Тек қана осы мысал емес, шығарманың өне бойы өмір шындығымен дәлме-дәл сәйкес екеніне шәк келтірмейміз. Бұл орайда Ербол Естайдың алдыңғы буын ағалардан, ел ішіндегі дүлдүлдерден сабақ алғанын «көбесі қалың сырды» сөгіп, әншілікке баулыған Жақып ағасын алдына сала көрсетсе:

*Он жеті, он сегізге келген тұста,  
Үлгі алды өнерпаздан небір ұста.  
Атақты Біржан салға бір ай еріп,  
Шәкірт боп сері Ақаннан көрді нұсқа, –*

деп, екі дананың қастарына еріп, әндерін тыңдап, өз әндерін естіртіп, баталарын алған жердегі шумақтар ел дәстүріндегі ұлылардың жалғастығын алға тартады. Сал-серіліктің ұлы сабағына асықпай өтіп еліне оралғандағы қуанышында шек жоқ Естай өзінің шығарған әндерімен қоса, Біржан сал, Ақан серінің әндерін кеңінен таратып жүрді. Бұл шындық поэмада анық берілсе, ел аузындағы әңгімелерден белгілі болған шындық – Естайдың «Бір мысқал», «Майдақоңыр», «Қарагөз», «Еркеме» мен «Шоқ қара ағашы» атын аспанға жылдам көтерді. Ол ұзақ сапар, күрделі жолдарда, алыс-жақын өрелі де төрелі жерлерде құрметті қонақ болды. Әрі атпал ақын, әрі ән шығарғыш дана композитор, әрі үздік әнші жол десе жұлқынып тұрды. Тап осындай уытты жерлерде Ербол да пәлсапалық сырын поэмаға байланыстырып, серпіліп, желпініп, қияға ұмтылып, өзі де ойға шомады.

*Жол – олжа, жол – кездесу,  
Жол – кеңістік,  
Тамыры тіршіліктің...*

*Ол демі ыстық,  
Көресің көкжиегін дүниенің,  
Байқайсың айырмасын кем... кең істің, –*

деп афоризмге ұқсас қанатты сөздерге кең құлаш, ауқымы мол жол береді. Нағыз терең мағыналы адами философия осы ғой. Бұл өзге ақындарда сирек кездесетін, кездеспейтін де поэзиялық олжа, ақындық белес, көркемдік те жан жылытып көрініп тұр. Ал «Қайран жол... өмірде бір өтер сапар, Тағдырдың жазуымен түсер қатар» дегені ақын Ерболды философ етіп, ойшыладық асқарына шығарыпты. Сол тағдырдың берген жолдарының бірінде атақты Сүлеймен байдың сұрауы бойынша баласы Мышан мырзаның айттырған қызын көріп келу сапарына елдің сағын сындырмас өнерпаз деп Естайды шақырыпты. Бұл жолға шығарда анасы Естайға: «Жарығым, ел танырсың, жер танырсың», – деп ақ батасын берген екен. Құда елі құлшына қарсы алыпты, Құдай беріп осы жолы Қорлан қыз жолығыпты.

Қорлан Сұлтан-Сұңқар атанған шонжардың қызы екен. қалыңдықтың елін әнге бөлеп, өлеңдетіп, әндетіп, құда елінде біраз жатқан кезде Сұлтан болыстың Құсни, Қорлан атты екі сұлуы кездесіп, Естайды естен тандырады. Жай тандырып қоймай, жаңа ән туып, оның сөзі құда елін де естен тандырады.

*Болғанда тілі жақұт, тісі маржан,  
Еті аптақ жазғытұры жауған қардан.  
Қан шырын, пісте мұрын, лағыл иек,  
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман, –*

деп ағыңдата келе: «Осындай махбұт жырдан жат болған соң, жалын боп лапылдаған жанды жүрек», – деп Естай қырғын сұлуға қызыға құлай ғашық болған қуанышқа бөленеді.

*Ақ көйлек, қызыл қамзол, лағыл етік,  
Отырмын ғашық жарды өлең етіп.  
Шіркін-ай, Хұсни-Қорлан деген кезде,  
Алдымен өтер ме едің көлбең етіп, –*

деген сөздерді естігенде сұлуды сұлу құшқандай Қорлан да шыдамады. Бірақ, атастырып қойған жері бар екен, соны бұлжымас сылтау етіп қанша сүйсе де басыбайлы жар болып Естайға қосыла алмайтындығын қыз ашық жеткізеді. Жасынан алғыр, қайсар өскен Естай лапылдап оттай жанып тұрған шағында бері қайтпай, «келісіміңді бер, алып қашамын» деген ақырғы ойын айтқанда, тағдыр тең жазбаған айттырып қойған есімі Мұхаметжан деген жігіт есіне түсіп, жас серіге, өзіне өле ғашық мас серіге, адамзаттың дүлдүлі, хан патшадай өнерпаз жігітке құштар көңілі беріледі. Алаңсыз келіп, сайланып алып қашамын деген сөзіне сенеді:

*Тыңдады Қорлан ерін, жас серіні,  
Ақырын ерініне тосты ернін.  
Ұсынды сақинасын... сүйген кезде,  
Белгілі тұрғаны сөз хош көрініп, –*

деп автор екі жастың ең қызықты шағын, бал-бұл жанған махаббаттың отты кезін, тірліктегі ең қымбат мезетін жеткізіпті. «Осылай екі ғашық сөз байласты, жарасқан қос сұңқарға көз тоймас-ты», – деп періште туған Қорлан мен Естай серінің сөз байламдарын таспадай тартып бекіте түсіпті. Байдың ұлының сапары емес, өз анасының ақ батасы жебегендей, өзінің «махаббат сапары» туғанын көріп естай кете барады.

Көп ұзамай сайланып келіп, қыздың жеңгесі Фатима арқылы ескі салтпен хабар беріп, сертке беріктігін жариялап еді. Бірақ қыз әкесі жат хабарды құлағы шалып қалып, құлдаларына суыт хабар салып, Қорланды ұзатып жіберіпті. Ербол сол кездерде сан түрлі толғаныстарға түсіп, бұл жағдайды сипаттайды:

*Сөзінен тайған жоқ-ты Қорлан-дағы,  
Жанғанын жүрген тілеп оңнан бағы.  
Кездесіп мауықтарын басқанменен,  
Жолдарын құдай бірақ оңдамады, –*

деп түйіндейді. Ескі ақынша жай ғана түйіндеп қоймай, философиялық толғанысқа басады.

*Жазылған пешенеңе тағдыр дейді,  
Өзгермес... Жазғырма құй, жазғыр мейлі.  
Ғұмыры жақсы біткен қысқа ма екен,  
Шын шаттық шешек атып, аз гүлдейді, –*

десе де, «Дүние шыр айналған соқыр тауық, Пенденің бере бермес сұрағанын» деп философиялық байлам жасайды. Тағы да ақындық асыл жолының бір белесін айқындайды. Енді қосыламыз деп іштей шалқып жүргенде ғашықтарды біреуге дұрыс, біреуге бұрыс келгендей жол айырып жіберді.

*Жараға жаза дауа бола алмас-ты,  
Естайдың көзін қайғы тұман басты.  
«Аһ» ұрды аласұрып, жаны күйіп,  
Жүзінен нұр тайганап, шырай қашты, –*

деп ақын бар шындықты шырылдатып айдан анық ақтарыпты. Осыдан кейін алты алашқа мәшһүр болған қалың қазақтың таңғажайып тамаша әні, бұл күнде барша әлемге естіліп, таңдандырып жүрген Естайдың «Қорлан» атты әйгілі әні дүниеге келіпті. Ауыр күйікті асыл басқандай жан-жүрегі дауа тапты. Ән жер бетін аралап кете барды. «Жігіттер, қалма қапы бұл жалғаннан, жігіттің арманы жоқ сүйгенді алған» деген жерін төгілте қайырып, шебіне жеткізер шеберлікпен әкемнің ағасы, халық ақыны Молдақмет Тырбиұлы алғашқы рет айтқанда оқудағы бала кезім еді. Жүрегім жарылып кете жаздады. Жылдар өтті... сексеннің сеңгіріне келдім, «Қорланды» естігенде әлі де сол сезім еріксіз толқытады. Бұл бір мен емес, тыңдаған жанның бәрі де осы күйді кешеді. Үкілі Ыбырайдың шәкірті Молдекеңнен артық орындайтын адамды әлі кездестірмедім. Бірақ кім қалай айтса да, асыл ән, дана сөз жан баурамай қоймайды.

Ерболдың поэмасы осымен тынбайды, арада сегіз жыл өткеннен кейін, ән «Қорлан» бүкіл қазаққа жеткеннен кейін Естай іздеп барса, Қорланның да құштар сезімі басылмапты.

*Көргенде сақинаны қолындағы,  
Кеудеде от одан әрмен жалындады.  
«Қорланды» өз аузынан естігенде,  
Жүректің тұрды сезбей қағылғанын, –*

деп ақын таң-тамаша мезетті бәз қалпында жеткізіпті. Күйеуі қас-қабағын бұзбай жақсы қарсы алып, «Бай емес, бақ шабады бәйгеде де» деп, «Қорлан мені дәл сендей сүймесе де, мен оған дәл сендей ғашықпын» дегенін естігенде, Естай үнсіз тыңдап, еш жауап қайтармапты. Тек қана Қорланға: «Мен үшін бұдан артық бақыт болмас, жүз жылға жетеді осы кездескенім» депті.

*Махаббат – сөнбес шырақ, мәңгі маздақ,  
Адамға бұйыртса егер, Тәңір жазбақ.  
Жүректің жауһарына айналады,  
Тереңнен тербеп сезім, ойды қозғап, –*

деп автор сөз түйінін, өз түйінін жемісті де келісті, сүбелі де жүйелі жеткізіпті.

Одан әрі поэмада Естайдың ақырғы күндеріне тақау кездегі серілік сайраны кең толғанады. Туған ел қаншама қадірлеп, қаншама құрметтесе де, сұм ажал Естайдай дананы да алып кетеді. «Тоқтады ұлы жүрек жетпіс үште, Ақынның көп арманы кетті іште» деп ақын Ербол да толғанады. «Өмір – нұр, ғұмыр – сапар, өлім – нүкте» деп, өз нүктесін қойыпты.

Бұл поэма Ерболдың қазағына беріп кеткен асыл қазына, алтын мұрасы. Басынан аяғына дейін шолып шыққанда байқағаным: ақынның терең толғап, алысқа сермегенде құлашы жеткен философиялық ойы ғажап. Ал ақындық өресі сол асыл ойына шендес, теңдес туыпты. Бір тамашасы, Естай ақынның атақты «Қорланын» қаншалықты сүйсең, бұл поэма-

ны да оқыған жан соншалықты сүйері шәк келтірмейді, күмән тудырмайды. «Қорланның» ән сөзінен поэманың сөздері, шығармашылық өресі бір арнадан туған Хұсни – Қорландай бауырласып жатыр. Егер де «Қорлан» әні әлемдік дәрежеге көтерілгенін көзімізбен көріп жүрсек, Ерболдың «Ән – ғұмыры» да әлемдік поэзияның биік сатысына көтерілген туынды екен. Ол Естай мен Қорланның өмір сүрген заманына сәйкес етіп терең мазмұнды, әлеуметтік және көркемдік нәзік сезімдер ұялаған алуан түрлі махаббат аясындағы құбылыстарды өте тартымды түрде жырлады, кең құлашты ақын екенін танытты.

Ерболдың бұл поэмадағы ат байлаған арқауы – жер-жаһанды ұстап тұрған сұлулық. Қорланның сұлулығы Естайдың қиялы жетпеген еренғайып күштарлықты тудырды, сері ақын есінен танғандай елітіп, ғашық болып, сұлулыққа берілді, жақсылық біткеннің тамашасына телінді. Өнерпаз жігіт ой-өресі жетіп талпынған мақсатына жеткендей қуанышқа бөленді. Қорланды айттырып қойған жері барын білсе де, сұлулық шыдатпады, тәуекелге бел байлап, мақсатына жету үшін алып қашпақ болды. Қыз көнді, тән сұлулығы жан сұлулығын қабылдап, екі ғашық рухани тебіреністің аса отты кезінде жан рахатына қанықты. Өмірде сұлулықтың тағдыры ауыр, Ербол айтқандай, «қас қағым сәтте» өмірдің қызығы өте шықты. Екі ғашық қосыла алмады. Бірақ ғашықтықтың улы сарқыны қинаса да, тағы да сұлулық көмекке келді. «Жұмақтың гүл-періште қыздарындай» жан жетпес сұлу ғашығы Қорланнан айырылғандағы Естайдың запыран жұтып, зар илегендегі жан тылсымынан ыршып шыққан сұлу ән «Қорлан» туды.

«Дүниеге ондай сұлу келе бермес» деп қамыққан шершеменнен туған «Қорлан» атты ән махаббаттың символындай, мәңгі сәнбес шырағындай әуелеп ой-әлемге көтерілгенде Сарыарқаның аспанында «Естай – Қорлан» атты қос жұлдыз жарқырап жанғандай болды. Ал жұмыр жердің бетінде сол ғажайып ерекше сұлу махаббат мұңы естіген жанның жүрегінде



ұялап, мәңгілікке жол тартты. «Достық, қастық – бәрі де жүрек ісі» деп данышпан Абай айтқандай Ерболдың өлеңдері де, поэмалары да еш мүлтіксіз рухани биік өреде жүректен түсе қалған жазулар екен.

«Ән – ғұмыр» атты поэмасы – Ерболдың Естай мен Қорланға орнатқан ақындық асыл ескерткіші. Оған қоса айтарым: бұл поэма автордың өзіне-өзі орнататын ескерткіштің тас тұғырындай ой тастайды. Сол тұғырына аса көрнекті ақын, белгілі мемлекет қайраткері, Тәуелсіздіктің жаршысы да, жыршысы да бола білген перзентінің мүсінін орнату артында қалған туған елдің қасиетті борышы деп ұғынамын. Поэманы шет ел тілдеріне аудартып, қазақ поэзиясының әлемдік махаббат жырына қосылған тамаша көрініс екенін таныту да арттағылардың парызды міндеті. Бұл поэманы киноға түсіріп, театрлардың да сахналарынан көріп жатсақ, нұр үстіне нұр жауар еді. Ақын Ербол, қайраткер Ербол, үлкен философиялық толғанысты шығармаларымен қатар қазақ тілін қорғау жолындағы тер аямай талпынған Ербол Шаймерденов анасының ақ сүті мен Отан-анасының алдындағы парызын ақтады, ал оның есімін мәңгілікке жеткізу туған елінің болашақтағы ардақты ісі деп білемін.

**Кәкімбек САЛЫҚОВ,**

*көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері,*


*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.*

*2013 жыл*



---

«Жүректегі жазулар»  
кітабынан



## ОТАН

Бірғағы бар жанымда жыр-әніңнің,  
Қылығы бар қанымда құланыңның.  
Өзің үшін от басса – өкінбейтін,  
Елін сүйген ер мінез ұланыңмын.

Дөңгелетіп дүние доңғалағын,  
Келеді алып өр толқын, толғақ ағын.  
Жанарыңда ойнаған мен бір сәуле,  
Теңізіңнің тамшысы мен боламын.

Мына өмірде мың тұрып, мың сүріндім,  
Ұқтым солай не екенін күрсінудің.  
Жапырақ боп жайқалып тірлік кешкен  
Ақ қайыңның қара мең бүршігімін.

Аян мәңгі өзіңсіз күн жоқтығы,  
Керегі не басқаның білте, оттығы.  
Мен – бір гүлің ашылған сайыңдағы,  
Мен – бір тасы тауыңның, бір шоқтығы.

Бұлағыңнан нәр алдым қанша тұнық,  
Ой шақырып, сан кездім қыр шақырып.  
Сен – айлақ алып шығар бар айдынға,  
Сен – менің әлемімнің ақ шатыры.

Жаным Отан, сырың – сан, өлшемің – мың,  
Сен – бір ғарыш, мен – сенің жер серігің.  
Сен деп соққан жүрегі, жаны – сенде,  
Перзентіңмін – бір түйір бөлшегіңмін!

## КӨГІЛДІР ТУ

Желбіре, көгілдір ту, көк аспанда,  
Не жетсін елге теңдік жарасқанға.  
Сен – менің құдіретім, кием асыл,  
Айбарың айтсын сөзді адасқанға.

Төрінде ту көтерген туған елдің,  
Шалқисың толқынымен тулап желдің.  
Тұғырына Тәңірлік түс қайта қонды,  
Қызылға қол созбаймыз шулап енді.

Азаттық аңсарынан кемел қармап,  
Мұраты бүгінгінің – алыс бармақ.  
Атынан алашымның топқа кірді,  
Көк туы қазағымның әлем шарлап.

Көк байрақ, көк жалауша, көк асаба,  
Тәрізді құт қазан мен қара саба.  
Шідерін бодандықтың үзу үшін  
Жеткендей тарих өзі арашаға.

Көкшіл түс қымбат саған, қымбат маған  
Қабақпен сыр ұқтырып, тіл қатпаған.  
Өйткені, ол өзінің бар қасиетін  
Халықтың жүрегіне құндақтаған.

Керемет, керім біздің көкшулан ту,  
Бағына бақытты Отан бек туған ту.  
Бастайды уақыт көшін болашаққа,  
Есесі кеткен күннен жоқ қуған ту.

Шөктіріп қанатына күн арайын,  
Дегендей шыңға шырқау шығарайын.  
Туыңа қонды құтың қыран болып,  
Азатсың, тізерлеме, тұр ағайын!

Кірмесін кіріптарлық түсіңе енді,  
Елдіктің, еркіндіктің құсы келді.  
Ұшырып алмағайсың абайсызда,  
Кесірлік күні туса кісінейді.

Жер болған көңіліміз көтеріліп,  
Шалқимыз қаршығадай кетер іліп.  
Ес жиып, ерге қонар шақта мына,  
Бер, тағдыр, пендеңізге жетелілік.

Түйін көп тәуелсіздік торабында,  
Біз кірдік белді шешіп сол ағынға.  
Ажарын аша түскен асыл тудың,  
Көзайым өрнегі бар жолағында.

Өз туы, өз ардағы алашымның,  
Содан да жанға жайлы, жарасымды.  
Астында тұрар жұртың өсе берсін,  
Көптігі қуат болар қарасынның.

Шөлдесе ел қиян кезіп су іздеген,  
Сарсылып сан тараулы ну ізбенен.

Қуанам көптің бірі болғаныма,  
Ішінде ел атынан ту іздеген.

Үмітті халқым сені иемденген,  
«Туым бар – еншім толық тиер» деген.  
Елімді, елін сүйген біздерді де,  
Жүргейсің желеп-жебеп киенменен.

Желбіре заңғарларда зерен туым,  
Еркіндік сүйіншісі - ерен туым.  
Қуә бол бағы асқан сәттерінің,  
Жаңа ұрпақ бүтінгіден кемел туып.

Көк туым иілмесін, жығышмасын,  
Көзге – жас, кеудеге – өксік тығылмасын.  
Тұрғанда көк байрағың көкті шіреп,  
Туған ел, сен қашан да тұғырдасың!

## ҮНСІЗДІК

*Реквием*

Үнсіздік... Бір минөт...  
Үнсіздік, Зердені езеді зіл сұмдық.  
Қаңтардың қарындай бораған,  
Қасірет,  
қайғы-шер,  
құнсыздық!

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Жаңда – шоқ... бір суып, бір қыздық.

Алаштың аймандай ардағы,  
Атты екен,  
сатты екен кім Сізді?

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Ойда-өрт...  
бір суып, бір қыздық.  
Тарыдай шашылған қазағым,  
Тозаққа айдаған кім Сізді?

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Көз тұман...  
бір суып, бір қыздық.  
Аштықтың аузымен, азалым,  
Қынадай жайпаған кім Сізді?

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Қан-қара...  
бір суып, бір қыздық.  
Кісі етін жердей қып, сормаңдай,  
Кісәпір еткендер кім Сізді?

Үнсіздік... Бір минөт... Үнсіздік,  
Дегендей терең, сыр, тылсымды ұқ.  
Ұмытпа!  
Ұмытпа өткенін...  
Жаһанды жайпаған бір сұмдық.

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Үрейді ұшырған үнсіз түк.  
Туысын тозаққа сүйреген  
Табаны тайғанақ бүрсіздік.

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Әр жүрек өзінше сыр сүздік.  
Қара жер жеткізсе, қыршындар,  
Бас иіп, сәл кештеу күрсіндік.

Үнсіздік... Үнсіздік... Үнсіздік,  
Тәңірім туған жоқ үнсіз қып.  
Бүгінге, ертеңге сабақ бұл,  
Алды орап кетпегей бір сұмдық!

## АБЫЛАЙ АЛАҢЫНДАҒЫ ОЙ

Хан баба дағы,  
Сан қаладағы  
Алаңдар болып анталамады.  
Елдікті еске салатындығынан болар,  
Пеңдешіліктен асып паң қарағаны.

Асырмасын деп жат ойдағысын,  
Көтеріп ақ ту атойлағаны үшін.  
Қорыққандықтан да болар...  
Күн сұрайды-ау деп,  
Атамекенінде ат ойнағаны үшін.

Елім деп еңіреп күн кешкендіктен болар,  
Тарихпен терең үндескендіктен болар.  
Тәуелсіздік туын аманат етіп,  
Болашақпенен тілдескендіктен болар.

Ескерткіш оған қимаған, балам,  
Алтын деп мысты жинаған заман.



Ұмытшақ ұрпақ сынтастарына да,  
Сыймаған бабаң... сыймаған бабаң.

Өлмейтін арман жетегіне еріп,  
Өткелек жылдар өтеріне сеніп.  
Жантайған содан Абылайхан алаң,  
Оқжетпес таудың етегіне келіп.

Жалғандықтардың жүздерін тіліп,  
Замандар келер іздерін біліп.  
Мәртебелі алаң жатыр сол әлі,  
Жаз демі сіңіп, күз демі сіңіп.

## ЕРКІНДІК ЖЫРЫ

Көңілдегі көк толқындай тула, жыр,  
Астар жатыр алаңдатар шуда бұл.  
Елеңдейді еркіндіктің елігі,  
Қара орманда қансыраған бура жүр.

Қалай ғана ауырмасын жүрек бұл,  
Біреуге – күн, біреулерге керек құл.  
Жас өскінге жасын түссе қайтем деп,  
Жел өтінде жанын жеген терек тұр.

Озбырлықтан өрт тұтанып жатыр-ау,  
Терек-төзім тағы ышқынды:  
«Япыр-ау,  
Сенің неге өзегіңді құрт жейді,  
Өз отымды өзім жақсам, бәтір-ау».

Тісін қайрап алас ұрған дау-шарғы,  
Неге құмар лайлауға кәусарды.  
Есі бар ер айырбасқа салар ма,  
Еркіндігін – елдік мұрат, аңсарды.

Долы дауыл, шаңырақты шайқама,  
Басыл енді заман бетін байқа да.  
Тең терезе достық үшін ежелден  
Біздің елдің құшағы ашық айқара.

Терек-төзім теңселеді түнеріп,  
Маң далада мың тірілген, мың өліп.  
Бодандықтың қыл бұрауын өртеген,  
Бостандыққа құштарлықтан күн өріп.

Таң нұрымен арайланған төңірек,  
Жатыр маздап ошағышда өмір-от.  
Тәуелсіздік – тәй-тәй басқан нәрестем,  
Сұқ көздерден сақтағайсың, құдірет!

## ДЕҢІЗЛІ<sup>1</sup>

Ақ жауынның астында жеттік саған, Деңізлі,  
Көңіліміздің кәусарын төктік саған, Деңізлі.  
Туу үшін осы сәт ұрпақтары ер түрік,  
Сан сырынан тарихтың өтті аман, Деңізлі.

Жерұйықтай гөзал бір көркемсің сен, Деңізлі,  
Ұлы түрік бағында өркенсің сен, Деңізлі.

---

<sup>1</sup> 2000 жылы Түркияның Деңізлі қаласында өткен Бүкіл дүние жүзіндегі түркі тілдес елдер өкілдерінің VII құрылтайында оқылған жыр. Түрік тіліне аударылған.

Өртенсе де өлмеген, феникстей түлеген,  
Ұлы жұрттың ошағы, өртеңсің сен, Деңізі.

Келешекке басталар бүгіннен із, Деңізі,  
Ұлы жолға ұласып, қосталар із, Деңізі.  
Ықыласыңнан ғажайып күн қондырып көңілге,  
Бұйырса ертең ауылға аттанамыз, Деңізі.

Жиып-теріп асылын елдегі ойдың, Деңізі,  
Бір нүктесін ғасырдың сенде қойдық, Деңізі.  
Ақиқаттың желкені Ақ теңіздей шайқалды,  
Тұщысымен жарысып кермегі ойдың, Деңізі.

Өзің бүгін ой-мұхит, тамам ел – сен, Деңізі,  
Ала кетер едім ғой маған ерсең, Деңізі.  
Намыс туын көтеріп, намыс отын көсеген,  
Кездескенше күн жақсы, аман бол сен, Деңізі.

Аман бол сен, Деңізі!  
Аман болайық!

# АТТИЛА

## I

Еділ бабаны төл тарихымызға енгізіп, әдебиетте шынайы бейнесін жасап, туған халқымен қайтадан табыстыруымыз керек. Еділ де – Қорқыт ата сынды бөліп-жарылмас ортақ қазынамыз.

*III. Айтматов*

Елдік пен ерлік ұраны,  
Әмірін әлем тыңдаған.  
Даланың қайсар қыраны,  
Аттила – сенің ғұн бабаң.

Алтынжал тұлпар астында.  
Туында айқыш таңбасы.  
Дұшпанын талай састырған,  
Аттила – сенің қандасың.

Қанында кегі қайнаған,  
Қолбасшы одан озбаған.  
Құлағында аттың ойнаған,  
Аттила – сенің өз бабаң.

Сағыныш жүрек жандырған,  
Асырған талай таңға таң.  
Шөлін тек қымыз қандырған,  
Аттила – сенің арғы атаң.

Оянып зерде серпіліп,  
Оралып бәрі жатыр ғой.  
Римді алған ер түрік,  
Аттила – Еділ батыр ғой.

Керегін таңдап ал сүзіп,  
Келді ғой кезің танитын.  
Алыстан жазған дәм-тұзын,  
Аттила – сенің тарихың.

## II

Аттила есімі адамзат тарихындағы ұлы тұлғалар –  
Александр Македонский мен Юлий Цезарьдің  
қатарынан орын алады.

*А. Тьерри*

Аттила!  
Еділ батыр Мұңлықұлы!  
Мәңгіге соққан биік тұғырын ұлы.  
Қалтырап қаһарынан бүкіл ғалам,  
Жығылаған аяғына құлдық ұрып.

Танытқан не екенін елдік, ерлік,  
Асыл тәж, даңқ-мұнара, алмас кездік.  
Саат шығып сахарадан Римді алған,  
Тамсанған Европа қалпын сөз ғып.

Аттила!  
Еділ батыр – ғұнның ұлы!  
Шығыстан көтерілген күннің ұлы.  
Жолында кездескеннің бәрін жұтқан,  
Ақ шағыл ала құйын құмның ұлы.

Қозғалмас қара боран соқса уілдеп,  
Үйренген қайсарлықты сексеуілден.  
Шүйіліп дұшпанына қара бұлтша,  
Күркіреп қан майданда Көкше күлген.

Аттила! Еділ батыр далада өскен,  
Бесігі бабалардың – қара көште.  
Басы үлкен, орта байлы, сом денелі,  
Көздері жанған отты салады еске.

Шалт қимыл, күміс дауыс, бидай өңді,  
Жаратқан кемел етіп Тәңірі оңды.  
Хас батыр, Жолбарысша атылатын,  
Жаужүрек, айласы ұшқыр, қыран ойлы.

Аттила!  
Еділ батыр! Қайран баба!  
Қияға көтерілдің, сайдан, баба!  
Көтерген дүниенің қан қысымын  
Тағдырың, тағдыр емес...  
Майдан, баба!

Дүние тегершігін бұрап қолмен,  
Жан бар ма сендей самғап...  
Құлап көрген?!  
Атылған алтын жебе ай-арманға  
Екенсің, қайран бабам, шын-ақ мерген!

Аттила!  
Еділ батыр! Жұрт мақтаны!  
Тамсантқан бүкіл түркі ұрпақтарын!  
Европа жүрегіне туын тіккен,  
Азия аспанынан шырқап барып.

Ақ жалын, арда мінез, асыл тектен,  
Кеудесін кердеңдердің басып өткен.  
Айналған өшпес рух алауына,  
Кек қылыш – түскен бейне жасын көктен!

## МІНӘЖАТ

Ақынды ақын ететін оның рухының құдіреті.

**Г. Манн**

Ерлік деген – өлімнен қалай қорықпасаң,  
шындықтан да солай тайсалмау.

**Н. Бердяев**

Алаш алаш болғалы,  
Төр тұтқан талай кемелін.  
Ел қондырған ордалы,  
Ту ұстап небір еренім.  
Аңсарын көптің түсінген,  
Аймаңдайы ішінде,  
Махамбет бабам, сен едің!

Төпелеп бір жыр төккенде,  
Халқыңа қазына кен едің.  
Намысқа тартып кеткенде,  
Алдыңда кім түр демедің.  
Бойыңдағы амалың –  
Найзаң менен қаламың,  
Қайда салса – тең едің.

Ақын да батыр елде жоқ,  
Асып бір туған өнерің.  
Ел үшін десе – шерге тоқ,  
Қақыратып қабырға сөгерім.  
Күреске өмірін арнаған,  
Махамбет бабам – нар бабам,  
Есіл бір туған ер едің.

Исатайдай арыстың  
От қайрағы, белі едің.  
Оққа айналған намыстың  
От қайнары, кегі едің.  
Өзің де оттан жаралған,  
Жағаласта жан алған,  
Өзекті ердің өрі едің.

Дулығалы ер, дулы ер,  
Дулығам сынар демедің.  
Құланды жер, қулы жер,  
Құланды жығар демедің.  
Еділ менен Жайықты-ай,  
Ескексіз кешер қайықтай,  
Тәуекелшіл, кең едің.

Адырнаны аңыратып,  
Атар бір жебе сен едің.  
Құм Нарындай боратып,  
Жауыңды жерге теңедің.  
Қасиетіңді ел білген,  
Ұраныңа еріп көп жүрген,  
Көкбөрі текті ер едің.

Күй қондырған шанаққа,  
Тереңінен тартып көненің.  
Ән талдырған қанатта,  
Желбіретіп жырдың желегін.  
Сөйлеп бір сөйлеп кеткенде,  
Аштырған ауыз бектерге,  
Тілдіде шешен сен едің.



Бейбітте бағылан шуақты,  
Тұнықтың терең кемелі.  
Қамал бұзар қуатты,  
Рухтың, тасқан селі едің.  
Жүрегі – түкті, көзі – өрт,  
Өлеңі – текті, өзі – серт,  
Халқыңа қорған сен едің.

Аңсары асыл – азаттық,  
Ойыңның қазса тереңін.  
Отында тұрып тозақтың,  
Қазағың – сүйер, сенерің.  
Тағдыр бір соққан жартастай,  
Махамбет ақын нарқасқа,  
Азамат нағыз ер едің.

Бәсіне бас пен жан тіккен,  
Елінің білген керегін.  
Қарысы үшін қан төккен,  
Жерінің білген керегін.  
Бүгін де керек қазаққа  
Ертең де керек қазаққа,  
Махамбеттей шер ерің.

\* \* \*

Қор қылма, Тәңірі шеберім,  
Қолдай көр, Тәңірі шеберім!

Қайран менің Мағжан ағам,  
Келем іздеп жар жағалап.  
Қия шыңдар үндемейді,  
Жүгірер деп қанжар ала.

Келем іздеп сай қуалап,  
Қылымсиды Ай сығалап.  
Дейді қыран керек көкке,  
Сықылықтап бір сұғанақ.

Жоқсың дала, қалада да,  
Жаныңа жан бара ала ма.  
Құштар едің өр толқынға,  
Айналдың ба шағалаға.

Күн лебі бар күлісінде,  
Туған жердің нұры сіңген,  
Қабірің жоқ жер бетінде,  
Өлген жоқсың – тірісің сен!

Озбырлықтан өктем, төтен,  
Азапты көп шектің, көкем.  
Қиянатқа төзе алмай,  
Көкке ұшып кеттің бе екен.

Безіп тірлік ұсағынан,  
Тексіздіктер тұзағынан,  
Тазалықты таптың ба тек  
Табиғаттың құшағынан.

Өмір – күрес, жанталас бір,  
Шыңдық үшін сан таластың.



Ұлылығын бірақ біздің ғасырдың,  
Мақтар болса – тарих өзі мақтасын.

Бір бояуға сыймайтұғын тұлғасы,  
Мінезі ірі... Ғажап ғасыр – бұл ғасыр!  
Өзге өлшемді  
Айтпағанның өзінде –  
Осы ғасыр – Әуезовтің құрдасы!

## II

Жұлдыз көп те,  
Ай – жалғыз,  
Алқаракөк аспанда.  
Асау өзен қайрансыз,  
Алып мұхит тасқанда.

Қарға қалар шаңында,  
Қыран қақса қанатын.  
Шымшық не істер бағыңда,  
Бұлбұл әнге салатын.

Жүйрік жүйрік дегенмен,  
Хас тұлпары бір бөлек.  
Құс төресі дегенмен,  
Ақ сұңқары бір бөлек.

Тіл орақша орғанмен,  
Шыға бермес лағыл сөз.  
Сүйкімді көп болғанмен,  
Хас сұлулық қарыр көз.

Тектінің де тектісі  
Болатыны тәрізді.

Көлегейлер жоқ мүсін  
Әуезовтей абызды.

Мұхтар шыңы – дара шың,  
Хантәңірі өнердің.  
Шықсаң құмар қанар шын,  
Маңдайыңнан өбер күн.

Әуезовтей еңселі,  
Ой мен сезім теңізін.  
Даралықтың өлшемі,  
Даналықтың өлшемі,  
Осы екен ғой дегізіп,  
Туған қазақ негізі!

### III

Бодан ғұмыр керегесін кергенмен,  
Кім бақ табар тастанды ырыс тергеннен.  
Ерге абырой әпермейді ешқашан,  
Бөтен паспорт бедел алып бергенмен.

Баяны аз... Бөтен қазына жиганмен.  
Өзек бөлек, қанша қаны ұйығанмен.  
Ел кеудесі басқа есікке сыймайды,  
Басқа есікке ердің бойы сыйғанмен.

Болмыс бөлек төрт құбыла тең елде,  
Төл табиғат жарасады кемелге.  
Танытуға құдіретін қазақтың,  
Ұлы Әуезов керек біздің бұл елге.

Қақыратып қабырғасын қалыптың,  
Сөгу үшін нұры керек жарықтың.  
Алыптардың иығында тұрады,  
Ар-намысы, болашағы халықтың.

Өткені жоқ ертеңге де құлықсыз,  
Рухсыз ел тұра алмайды құрықсыз.  
Елін сүйген шығар қайдан ер ұлан,  
Жүректегі таза тұма, тұнықсыз.

Ұлы көшке керуен тартқан жаңаға,  
Сөзің керек Мұхтар аға – жан аға.  
Рухыңмен желпіп жібер тағы да  
Біз тезірек жету үшін жағаға.

Сүйген ұлға арнар сезім шырынын,  
Туған елдің жүрегінде тұғырың.  
Ұлыларын ұмытпайды ел қашан да,  
Ұлылары ұзартады ел ғұмырын.

Шырқау шыңға көтерерде жүгін ер,  
Адам дәйім ақыл-ойға жүгінер,  
Хас өнерге қаталаған кездерде,  
Әлі талай Сізді іздейді тірілер.

## ТЕКТІЛІК

*Академик С. Зимановқа*

Тектілік бойындағы қалып сара,  
Сөйлейді сөйлесе тек танып қана.  
Біреуден сұрап алған бедел емес,  
Нар ұлын бағалайды халық дара.

Ғұлама! Білімдісі білімдінің,  
Таппаған сексенінде тыным бүгін.  
Жолынан әділдіктің жаңылмаған,  
Ол нағыз Майқы биі бүгінгінің.

Абыржып... алқынбайды тыныс тауысып,  
Келісті сыңғырлайды күміс дауысы.  
Әйгілі академик... заңғар заңгер...  
Қазақтың ғылымында ту ұстаушы!

Мәрт тұлға!

актер емес... жоқ маскасы:  
Кейбіреудей сөз басқа, басқа ісі.  
Жан алып, жан беріскен ең, алғашқы  
Тәуелсіз парламенттің, марқасқасы.

Зерделер өлшемдермен ғарыштық таң,  
Хас талант!

Нағыз жампоз жарыста ұтқан.  
Ел мен жер... тіл менен діл дауларында,  
Шешінбей қойып кетіп, жарып шыққан.

Түспейтін пенделіктің құрығына,  
Жасады ғажап ерлік ғұмырында.  
Төседі терең ойын, от қайратын,  
Заң етіп тәуелсіздік тұғырына.

Ер шығар ел бағына ерен тұлға  
Лайық зор махаббат, зерен жырға.  
Саңлақ Салық аға сондай адам,  
Өмірге көрік беріп кемел туған.

О, шіркін!

Ай маңдайлы абыз қандай!  
Сөйлейді таңдайға бал тамызғандай.  
Әдемі әуезімен сиқырлап бір,  
Санаңа ойдан қаймақ ағызғандай.

Жаны қас жағымпаздық, жалтақтыққа,  
Жан бағар күйкілікке, қалтақтыққа.  
Шыр біткен шұнақ құлдай талдаңдайтын,  
Шолтиған шағын ақыл, шалқақтыққа.

Жыр арнау жақсы ағаға бір ғанибет,  
Жаныңды желпіп самал, жаниды от.  
Тектіні танымаған адам түгіл,  
Табанын тарихтың да қариды шоқ!

Бар аға!  
Жақсы аға!  
Жасын аға!  
Төккен нұр өмір атты сахнаға.  
Ізетін іні жүрек білсін дедік,  
Ақынның оқып өлең хатын, аға.

## ҚАРИЯ

Ел жайын айтып әр кезде,  
Қосасыз гауһар, нәр сөзге.  
Қаймағы елдің бұзылмас,  
Қариялар сіздей бар кезде.

Білетін ел мен ер парқын,  
Шежіре қартым, шер қартым.  
Отанды сүю не екенін  
Үйренсін сізден ел-халқым.

Көзісіз жақсы көненің,  
Сөз бенен ойға кененім.  
Өнерді сүйсе бұл қазақ,  
Өзіңдей сүйсін дер едім.



## ДОСТАРЫМ КӨЛ СЫЙЛАДЫ БҮГІН МАҒАН

Айтайын сырымды бір, бұрыл, балам,  
Достарым көл сыйлады бүгін маған.  
Көңілдің қоңырауы күмбірлейді,  
Барады құстай ұшып жырым саған.

Жанымның жайлауына ел қонғандай,  
Желпініп жүйрік сезім желген қандай!  
Тербетіп ақ бесігін ақ көңілдің,  
Арайлап күн шығыстан атқан таңдай.

Мұндай сәт болар сирек пендеңізде,  
Шарықтап сала бердік демде біз де.  
Әкеңнің атыменен аталатын  
Көлді сен көк орайлы белден ізде.

Жатыр ол Алатаудың етегінде,  
Жел қуып, қыран толқын көтерілген.  
Шолпыдай шырайына шүйлігесің,  
Шарқ ұрып шағала ой жетегінде.

Біледі, біледі жұрт бұл араны,  
Жанында су қоймасы мұнаралы.  
Осы деп Ербол көлі жағасында,  
Талайлар таңырқасып тұрар әлі.

Бермейтін тасығанда өмірі бой,  
Шарлайды шар тарапты төгіліп ой.  
Айнадай жалтыраған қыр астыңда,  
Достардың көлдей дархан көңілі ғой.

Басқаға бөденесін қимайтындар,  
Кіржиіп терісіне сыймайтындар.

Қонаққа жалғыз атын жыққан елде,  
Әлі бар көтеріп... көл сыйлайтындар.

Ел сақтар дәстүрдің де белдісін бек,  
Тамсантип, таңдандырып төрді ұсын деп.  
Алдына арғымақтың, өңгерілмес,  
Көл сыйлау – қимастықтың белгісі тек.

Күні ертең, сезімдегі сейіліп той,  
Ұмытылар, мүмкін, бәрі... мейлі ғой.  
Құдірет көлден қымбат менің үшін,  
Достардың судан мөлдір пейілі ғой.

Жанымның жаз ырғағын, ұғын, балам,  
Сырым ғой айтып жатқан, күнім саған.  
Қастарым қызғаныштан өле берсін,  
Достарым көл сыйлады бүгін маған.

Болады жүрер сәттер жасып бір күн,  
Ал бүгін қуаныштан тасып тұрмын.  
Достардың ілтипаты көтерді ме,  
Мен қазір жерді эзер басып тұрмын.

## ЖАРЫМ МЕНІҢ

### I

Ұнатады ол тау самалын,  
Таң нұрын,  
Ұнатады ол қырдың гүлін, жаңбырын.  
Өйткені, өзі жаралған тек тұнықтан,  
Жарым менің, жарым менің – тағдырым.

Жүректе гүл жарған,  
Ақ уыз, ақ арман.  
Аппақ махаббатым –  
Асыл жарым-ай, асыл жарым-ай.

Аққу тағдырлы,  
Жолы – ақ, нұрлы,  
Сыңар қанатым –  
Асыл жарым-ай, асыл жарым-ай.

Хор қызындай шыға келген пейіштен,  
Көзі қандай,  
өзі қандай келіскен.  
Пейілі пәк, көңіліне күн қонған,  
Жарым менің,  
жарым менің – періштем.

Ол дегенде өзге пейіл-тілегім,  
Өзгеше бір дүрсілдейді жүрегім.  
Қабағыма қарап күйіп-күлетін,  
Жарым менің,  
жарым менің – тірегім.

Бөгелместен...  
барады өрлеп уақыт-шың,  
Сағыныш боп мөлдірейді жақұт-мұң.  
Адастырмас Ай-жұлдызы сезімнің,  
Жарым менің,  
жарым менің – бақытым.

## II

Өртеген жалын демің,  
Іңкәрім – жарым менің.

Ақ қанат періштедей,  
Аппақ қой арың сенің.

Шыңдағы шынар дара,  
Қараймын құмарлана.  
Мен ғашық болған сайын  
Түсесің шырайлана.

Сыры көп сырға тағып,  
Барады жылдар ағып.  
Аяулым, аялайсың,  
Жанымды нұрға малып.

Қабақтан ұғып бәрін,  
Емдейсің күліп, жарым.  
Сен барда дүнием толық,  
Шайқалмас тұнықтарым.

Арналған нелер дастан,  
Жұлдызға кемел аспан.  
Көргем жоқ жер бетінде  
Сұлуды сенен асқан.

Пейіліңнен мұз жарылып,  
Еритін ызғары мұң.  
Сенсің бір эталоны  
Қазақтың қыздарының.

Кезде ынтық таң нұрына,  
Махаббат жаңбырына.  
Сыйлаған сені маған  
Ризамын тағдырыма.

Жайнаған жаз әнін ал,  
Тіршілік қазанынан.  
Қайтпасын жүрек мәңгі,  
Махаббат базарынан.

### III

Сүйдім сені,  
Сендім саған,  
Патша көңіл періште қыз,  
Жан асылын тердім саған,  
Жүргендей-ақ пейіште біз.

Сен де арнап ғұмырыңды,  
Самал болып естің маған.  
Биіктетіп тұғырымды,  
Төзім жонып, тестің табан.

Дірілдейсің жүрегім боп,  
Толқып-тасып көңілімдей.  
Солқылдасам... тірегім боп,  
От сыйлайсың өмірімдей.

Келем мен де бұлқынып-ақ,  
Ештеңені елемей.  
Тағдыр-теңіз толқынына  
Жаңа түскен кемедей.

Сен болмасаң... нетер едім?  
Мына тірлік мұхитында.  
Мүмкін... батып кетер едім,  
Бар мұңымды сықитып ап.

Сен болған соң серпіп бәрің,  
Жүрем асқақ! Аласармай!

Сенімен де, асыл жарым,  
Жан бар ма екен таласардай?!

## ҚЫЗДАРЫМ – ҚЫЗҒАЛДАҚТАРЫМ

Жан үзіп жайсаң, пейіл, жарасымға,  
Ақ тілек – алтын алқа тағасың ба.  
Келеді өсіп менің үш құлыным,  
Көзімнің ағы менен қарасындай.

Үзіліп кететіндей жүрек шіркін,  
Отырам баянды бақ тілеп күн-түн.  
Кетермін қанатында қауырсын боп,  
Самғаса биіктерге түлеп бір күн.

Қандырсам мейірлерін бұлақ болып.  
Жүгірсем алдарында шырақ болып.  
Жете алсам жандарына жауабы боп,  
Кеткенде күрмеуі көп сұрақ толып.

Еңкейтіп ентелетпей еңісіне,  
Жазсын жол жайлысынан,  
тегісінен.

Бұйыртқай үлестерін молдау етіп,  
Өрдегі өмір-бақтың жемісінен.

Үш қызым – үш жұлдызым көгімдегі,  
Жалғайтын жолдарымды өмірдегі.  
Арманым – жанып бағы, тірліктері  
Қамшының өріміндей өрілгені.

Аялап көңілдерін күн шылауда,  
Қимаймын қабақ шытып тұнжырауга.

Көлбетіп қиыныңды, қайран ғұмыр,  
Аптығып айналдырма қыл бұрауға.

Жауратпа суығыңа, салқыныңа,  
Жолатпа найзағайдың жарқылына.  
Жарасам – тұмары боп оралар ем  
Ойланбай шаштарының талшығына.

Келеді өсіп менің үш қарағым,  
Өмірде тіккен әсем үш дарағым.  
Бала деп шырылдайды әке жаны,  
Жүргендей жүзінде өткір ұстараның.

## ЛӘЗЗАТҚА

Ләззатайым,  
Қызым менің!  
Қинап жаның үзілмегін.  
Мұндай-мұндай қиянаттың  
Көрді жаным жүзін менің.

Тоқтаған жоқ бірақ кедем,  
Жоқтан барды құрап келем.  
Басқа түскен баспақшыл деп,  
Барлығына шыдап келем.

Бұл жолы да табылар жол,  
Танылар – оң, танылар – сол.  
Ақ періште аман болса,  
Әкеңе анық ұсынар қол.

Сезінемін: түгел іргем,  
Тірегім сен – біле білген.

Айналайын әкем деген  
Кіп-кішкентай жүрегіңнен!

## ТІЛЕК

Тигізбей желге жүзің,  
Өсірдім ерке, қызым.  
Қоса ағар қосағыңмен,  
Жарасып дәмің-тұзың.

Жанымның нұрын, гүлін,  
Жылуын алшы, күнім.  
Бір жүріп, бір татыңдар,  
Тірліктің бал шырынын.

Ләззатым,  
Ләззатайым,  
Ұлассын тойға тойың.  
Алдыңнан шығып күнің,  
Оңыңнан тусын Айың.  
Қызым менің,  
Қызым менің,  
Өмірімді өрге жалғар ізім менің.

Қимайтын жат кісіге-ай,  
Айналдым, ақ құсым-ай.  
Барасың сен әуелеп,  
Жолығып бақ құсыңа-ай.

Қолдай гөр, жаратқаным,  
Талмасын қанаттарың.  
Қосылып бір кешіңдер,  
Өмірдің абат бағын.



Ләззатжан,  
Ләззатжаным,  
Сынбасын дәйім сағың.  
Аттаған ақ босаған,  
Құтты боп, жансын бағың.  
Қызым менің,  
Қызым менің,  
Өмірімді өрге жалғар ізім менің.

Өзіңсің бала асылы,  
Нәп-нәзік жанашырым.  
Көңілімнің қызғалдағы,  
Көзімнің қарашығы.

Сәтті күн самға биік,  
Қалайын жолың сүйіп.  
Ұмытпа өскен жұртты,  
Ұмытпа әкең үйін.

Ләзаттай,  
Ләзакөнім,  
Тұңғышым – тұнық төрім.  
Гүл бітсін тағдырыңа,  
Табысқан күліп келіп.  
Қызым менің,  
Қызым менің,  
Өмірімді өрге жалғар ізім менің.

## ЖОЛЫҢ БОЛСЫН

*Гүлшатқа*

Аялаған қиялында қанша адам,  
Тағдыр қосып түсті алысқа жол саған.  
Арман қуып, мұхит асып барасың,  
Жолың болсын... жолың болсын, жан балам!

Бала қыран қанаты әлі қатпаған,  
Жабырқама жатырқаса жат ғалам.  
Бар жұмыр жер – ортақ үйі адамның,  
Сүйген құлын құдай өзі сақтаған.

Тіршіліктің кезіп тау мен жотасын,  
Несібеңді теріп талай жортасың.  
Әке-шешен жаныңда ылғи жүрмейді,  
Қарайлама... Қарайлама, боташым.

Каршадайдан қонып атқа әкең де,  
Келеді әлі сар далада тепеңдеп.  
Самұрықтай самғау саған бұйырса,  
Неге керек жер бауырлау бекерге?!

Қанатыңды сілте еркін, қарғашым,  
Тәуекелдің Тайбурылы талмасын!  
Іңкәрлігің, жүректерге жол тауып,  
Құштарлығың, құрлықтарды жалғасын.

Ойлама сен, ештеңе де ойлама,  
Үлгересің, қызықтарға, тойға да.  
Барған елдің маржаны мен асылын  
Жалықпай жи көңіл деген қоймаңа.

Саяларсың содан шырақ жаққанда,  
Ал әзірге мастанба да мақтанба.  
Тер төгетін кезің қазір аянбай,  
Ақ құсым-ау, алыс ұшқан аң таңға.

Аққу-арман аш өзекке сыя ма,  
Қоңыр күзде қанат қақтың қияға.  
Қайтқан құстар қанатына ілесіп,  
Ораларсың сен де туған ұяңа.

Ораларсың бөлеп бізді шаттыққа,  
Жыр ғып айтып көргеніңді жат жұртта.  
Ал әзірге ренжіме әкеңе,  
Сәл-пәл толқып, абыржыған, аптыққан.

Тоқта, уақыт!  
Ала қашпай... бір сәтке!  
Сағат тілі!  
Шыр айналмай...  
Жүрші ептеп?!  
Үзеңгіге аяқ салған қызымның,  
Маңдайынан иіскеуге мүрсат бер.

Адастырмас арғымағың таңдаған.  
Жорытқанда жолың болсын, жан балам,  
Ғайып Ерен Қырық Шілтен, қолдай көр  
Алыс елде ата-бабаң болмаған.

Аттан, қызым,  
Енді артыңа қарама...  
Тілекшің боп біз қалайық жағада.  
Аман болса қауышамыз ертең-ақ,  
Айлар салып, жылдар салып араға.

Аялаған қиялында қанша адам,  
Тағдыр қосып  
түсті бүгін жол саған.  
Арман қуып,  
мұхит асып барасың,  
Жолың болсын...  
жолың, болсын, жан балам!

## ЛУИЗИАНА

Жүз елу мың шақырым!  
Жер шарының тура арғы бетінде,  
Әлемдегі ең ірі Тайфун желдер өтінде.  
Кекілдігін көк мұхитқа батырып,  
Жатыр Луизиана... русалка секілді.

Мұхит осы  
Хемингуэй жырлаған,  
Су бойының сырын Твен тыңдаған.  
Гекльберн, Том Сойер мен Сэм ағай,  
Шертер қызық хикаясы тынбаған.

Аңызына айналған бар ел-жұрттың,  
Осы арада Ұштағаны Бермудтың.  
Джунглиі... қара шашы тәрізді,  
Дүниені орап жатқан белдіктің.

Маялар ма... Инктер ме... иесі кім?  
Ғажайып бұл өркениет бесігі.  
Америка сатып апты француздан,  
Өткен тарих... тағдыр осы... несі мін?!

Оңтүстіктің перзенттері... сөгер кім,  
Азиаттай қоңырлығын түр-өңнің.  
Иықтасқан Флорида... Техаспен,  
Луизиана – бір штаты ұлы елдің.

Көрмеген жер...  
Құдіретін-ай сезімнің!  
Қазір ыстық Алматымдай өзімнің.  
Картаға да тіл біткендей, о, ғажап!  
Қадалғанда қарашығы көзімнің.

Телефондар...  
Құрлық жалғар жорға сол.  
Сағынғанда тілдесеміз қолма-қол.  
Жақындатып алыстарды, жан балам,  
Жалғай берсін жолға жол.

Америка!  
Алыс едің... тарпаң да,  
Жақындадың менің көңіл картамада.  
Сен де мені шет санама, жат көріп,  
Үмітім жүр...  
Гүлшатым жүр ортаңда!

Тауып сенен бір арманын... аңсарын,  
Хат жазады ол жаңа әлемге тамсанып.  
Ризамын...  
Қызғалдағын қырдың бір,  
Жатырқамай жатқаныңа қарсы алып.

Заман мына... жылдамдықтар ғасыры,  
Еркіндікке қол берген, ашықтыққа бас ұрып.  
Луизиана! Қанаты бол қарғамның,  
Сетінетпей сенімін, жақсылығын асырып.

Луизиана! Луизиана! Жер шегі!  
Жақын тартып жырға қостым мен сені.  
Біз білмейтін сырын мына жалғанның  
Жарығымның жүрегіне көрші егіп.

Қызым сенің мейіріңнен күш алсын,  
Сағынғанда Сарыарқамдай құшарсың.  
Алатаудай ақ бесікте аялап,  
Жайығымдай жайраңдатып ұстарсың...

## БАҚЫТ

Балқұрағым,  
бал дәнім,  
балам менің,  
Саған қарап, нәр жұтып, алам демім.  
Ертеңіме ұшырған ерке құсым,  
Саған қарап өседі бағам менің.

Ақ толқынын тағдырдың атша мініп,  
Арындасын астында патша күлік.  
Бақыт деген сол болар...  
Айың туып,  
Балбұлағың бөгелмей ақса күліп.

Қызғалдағым,  
қызығым,  
бағым менің,  
Жаз күндей жайнасын жүзің сенің.  
Жаз гүліндей тербеліп, жайқала бер,  
Маңдайыңды күн сүйіп, жүз ілгері.

Ынтық нұрға ырысым, шын байлығым,  
Біқтырмасын ығына ыңғайлының.  
Адастырмас арманың алға бастар,  
Анау-мынау айбатқа қыңбайды шың.

Таң шуағым,  
тұнық төр,  
тұмар кием,  
Сенің күлкің – әкеңе ұнар күй ең.  
Жалғандықтар, жалтақтық, жамандықтар,  
Жоламасын жаныңа сыңар сүйем.

Қоңыр қозым,  
көз нұрым,  
жан шырыным,  
Қияндарға құлашты салшы, күнім.  
Бір-бір тілек байлайын  
Көктен тілеп,  
Ұшына шашыңның әр талшығының.

Ақ шуағым,  
асыл жыр,  
ән бұлағым,  
Ақ шанағы ақ көңіл домбыраның.  
Күмбірлетіп күй төгіп көк орманың,  
Тау шыңында ойнасын сан қыраның.

# АҚ

## I

Ақ қайың – орман,  
Ақ қайың – арман,  
Ақ көңіл перзент аңсары.  
Алаңдап дәйім,  
Асыққан сайын,  
Ақ берен сезім ән салып.  
Арнаға сыймай,  
Аптығып, қинай,  
Аңсайды жүрек әр нені.  
Алаулап келем,  
Ақ түтек ерен,  
Ақ қарға орап ал мені.

## II

Ақбасты көлдің,  
Аққусақ өрдің,  
Арасында ауыл, бармысың.  
Албырттау шақта,  
Ақ шырақ жаққан,  
Ажарлы құрбым, армысың.  
Ақ самал ескен,  
Айлы түн есте,  
Ақ сүйек қуған көз ілмей.  
Анау үй шетте...  
Арманда кеткен,  
Асыл бір достың көзіндей.

## III

Ағындап өткен,  
Ақ майдан көктем –  
Алаңсыз шақтың елесі.



Асыққан өмір,  
Арманшыл көңіл,  
Айдынын тербеп келесің.  
Ал тағдыр кейде  
Аспасын дей ме,  
Алады қысып, теңселтіп.  
Ақ тұма сезім  
Аңсайтын кезің,  
Алшаңдау үшін еңсең тік.

#### IV

Алқынар жүрек  
Ақ жаңбыр тілеп,  
Апталап соғар аяусыз.  
Ашылар дей ме,  
Аспандай бейне,  
Ақ жаным менің қаяусыз.  
Ақ шаңқан төрде,  
Ақша бұлт өрген,  
Ақ селеу дала самалы.  
Айтпай-ақ ұғып,  
Айналып, бұғып,  
Алдымды орап барады.

#### V

Алдымен танып,  
Ауылға барып,  
Апатай, саған айтар ма.  
Ағамдар жатқан,  
Ана қыр жақта  
Ақ қурай басын шайқар ма.  
Ақ бата алып,  
Ақ сарбас шалып,  
Ағыл да тегіл жыларсың.

... Ауырып жаным,  
Атқанын жалын,  
Ай, мүмкін, сезген шығарсың?!

\* \* \*

Жусан иісі даланың,  
Жұпарындай қаланың.  
Жер сүймесе табаным,  
Жетімсіреп қаламын.

Шаттанамын, күлемін,  
Қызығына қаланың.  
Бірақ менің, жүрегім,  
Бозторғайы даланың.

Алаңдамай далаға,  
Қалай өмір сүремін.  
Мен көшкенмен қалаға,  
Көшпеген соң жүрегім.

Дала-жайлау, дала-нұр,  
Қала-бояу, қала-шу.  
Екі ортада бала жүр,  
Қиын емес адасу.

Көңіл ынтық гүлді іздеп,  
Отырасың топшылап.  
Дала аспаны-жұлдыз көп,  
Қала аспаны-көп шырақ.

Іздеп бақ пен таланын,  
Жалғаспақ боп жаңаға.  
Ұлы-қызы даланың,  
Ұмтылады қалаға.

Қала, әрине, олжалы,  
Тапқан жанға амалын.  
Бірақ ол бар болғаны,  
Бір отауы даланың.

\* \* \*

Өлке бұл ғажайып қазақтың орманы,  
Сібірді иықтап ел отыр ордалы.  
Жер шеті жырақтау, болса да жай бөлек,  
Сақтап бар асылын, жоғалтпай жорғаны.

Самал жел сыңсиды сыралғы ән салып,  
Жапырақ сыбдырын тындайсың тамсанып  
Бабалар бейіті қарайды сыр тартып,  
Ұрпағым өткенді білер деп қаншалық.

Бата ма жанына жөнсіздің желігі,  
Қиылып қарайды үріккен елігі.  
Ойсоқты орманның жүзінде тұр бәрі –  
Үміті, қалауы, аңсары, ерігі.

Қиянат оғына қанаты шарпылған,  
Қиқулап қызғыш құс жүр көлде тартылған.  
Шарқ ұрып шырылдап іздейді ұясын,  
«Кім бар, – деп жаутаңдап, – іздейтін артымнан».

Күрсініп жер-ана тосады маңдайын,  
Табасың, Құдай-ау, жараның қандайын.  
Бес елі соры ма ед бес елі қаймағы,  
Талайды тамсанып, қақтырған таңдайын.

Аялы алақан, жанашыр жүрексіз,  
Жер екеш жер дағы қалады тірексіз.

Желге ұшқан үміттің топырақ-тозаңын,  
Толтыра алмаспыз бұл күнде күреп біз.

Жер-ана аялап қазақтың орманын,  
Төсіне басады тебіреніп, толғанып.  
Құлақты тұндырып шығады жаңғырық:  
«Қайдасың, бауырым, қайдасың, қорғаным?».

## САҒЫНЫШ

### I

Қызылжарым, Қызылжарым,  
Ұлың – қыран, қызың – жалын.  
Ақ қайың боп иілесің,  
Ақ орманда жүзің жанып.

Сенсіз жүрек жүдеп, тегі,  
Сағыныштан күн өтпеді.  
Махаббатын алып келдім,  
Саған ғашық жүректердің.

Ақ самалың сүйіп беттен,  
Айна көлің күйін төккен.  
Алма беттер албырайды,  
Ақша қарың тиіп кеткен.

Рухың – асқақ, жаның – айдын,  
Ата жұрты Толыбайдың,  
Сенде қалған асыл мұра –  
Ақ ордасы Абылайдың.

Құшағың – кең, көңілің – мәз,  
Арманың – эз, өмірің – жаз.

Қызылжарым, сен дегенде,  
Жыр шалқиды, төгіліп саз.

## II

Гүлі жердің,  
Көркі елдің,  
Алтын ұя, әз қалам.  
Қызың – ару,  
Жігіттердің...  
жүрегі от маздаған.

Қызылжарым, Қызылжарым,  
Біз екеуміз тағдырлас.  
Ассын сәнің,  
Артсын бағың,  
Ордам менің мәңгі жас.

Сөйлеп кетсең,  
Сонау көне,  
тарихтан сыр шертесің.  
Орақ тілді, жырау көмей,  
Ен даланың еркесі.

Ақ бұлақтар  
Асыр салған,  
Құлыныңдай тебіскен.  
Ерке Есіл – асыл алқаң,  
Кәусәріндей пейіштің.

Өскен өлкем,  
Туған жерім,  
Махаббатым мәңгілік.  
Жан сырымды, туған елім,  
Әдділеймін ән қылып.

## АЯЛАЙСЫҢ, АПТЫҒЫМДЫ БАСАСЫҢ

Ұлы өзендер аз емес қой не асыл,  
Менің үшін, Есентайым, сен де асыл.  
Түні бойы толқыныңмен тербетіп,  
Күні бойы қас-қабағым бағасың.

Сен қашан да қасымдасың, біргесің,  
Сеніменен жүрем жиі тілдесіп.  
Қиналғанда... ақтарылам саған кеп,  
Жүрегіңде жылу барын білгесін.

Сені тыңдап жай табамын, тұнамын,  
Саған қарап шалқып қиял қуамын.  
Алатаудың ақ қарындай суыңа  
Кейде келіп көңіл кірін жуамын.

Көктем өзен – көркем өзен кішкене,  
Болып жүрсің, кейде енетін түске де.  
Бейне тілсіз тілекшідей көремін,  
Аялайтын айтпастан-ақ ештеңе.

Жатқан болар желеп-жебеп су-ана,  
Ала алмай жүр шылауына шу ана.  
Сенің күлкің, көміп кетіп жатқандай,  
Дұшпан үнін табалаған қуана.

Тентіреген таба алмай ел емін,  
Қаптырықтан қашып саған келемін.  
Сырғып аққан су бетінен,  
О, ғажап!  
Жәудіреген жанарыңды көремін.

Аялайсың, аптығымды басасың,  
Тұманданған тынысымды ашасың.  
Қия шыңнан құлай ағып, құлдырап,  
Қолға ұстатпас қиялымдай қашасың.

Ала кетші, мен өзіңе еремін,  
Болмай жүр ғой мына жұртқа керегім.  
Аяры көп адамдардан гөрі мен,  
Ажары ашық табиғатқа сенемін.

Көктем өзен – көркем өзен шап-шағын,  
Бәрібір оған жүгіргенің, шапқаның.  
Жанын ұқсаң жан досыңа айналар,  
Бәрібір оған қара торы, ақ сарың.

## ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Сенсіз, әке, күн батып, таң атқалы,  
Сенсіз күндер тізбегін санатқалы.  
Жылдар өтті... жабырқап, қиналғанда  
Қорғап, қолдап келеді жаратқаным.

Талай рет... шарасыздық жылатты,  
Кейде сенім бәйтерегін құлатты.  
Жетімдіктің шоғы қарып жүректі,  
Темір арқан шідерледі құр атты.

Сүріндік те...  
Құламадық бірақ біз,  
Кейбіреуге жауабы жоқ сұрақпыз.  
Біреулерге ұнай алмай жүрсек те,  
Біреулерге кәдімгідей ұнаппыз.

Сен үйреткен жақсылыққа құштарлық,  
Тербетеді қанатында құстардың.  
Тағдыр-кемем келеді әзір айналып,  
Қара тасын қайрандайтын тұстардың.

Шүкір деймін, тәуба деймін мен соған,  
Сол баяғы жер орнында, ел де аман.  
Өміріңді сенің жалғап келемін,  
Қуат беріп асқар тауым, кең далам.

Жан өткен соң жасыра алмас қар ізді,  
Өзің жайлы елде аңыз бар ізгі.

Адалдықты,

адамдықты

пір тұтқан

Сенің үлгің, Темірқазық тәрізді.

Келемін мен сол жұлдыздан көз алмай,  
Сүрінсем де заманымнан оза алмай.  
Қиналсам да кейде жетпей төзімім,  
Көк аспанда еркін қанат жаза алмай.

Кездеседі тіршілікте жол мың сан,  
Адам шіркін сан адасар... қалғыр сан.  
Адастырмас аманаты әкенің,  
Жүрегіңнің төріне әкеп қондырсаң.

Сөзім осы... өзгермеген баяғы,  
Сезім осы... өзің жайлы аялы.  
Ұлыңменен бірге сенің, рухың,  
Бір жатады, бірге ерте оянып.

Дем береді кейде шаршап, талғанда,  
Күресуге күш жетпей бір қалғанда.



Ұрпақтардың ұлы үміті әрдайым  
Озады алға арман қосып арманға.

Сен де, әке, бөлшегісің, бүтіннің,  
Мен де, әке, бөлшегімін бүтіннің.  
Тізе бүгіп тағдырымның, алдында,  
Деймін іштей: жазғаныңа шүкір мың!

## ЖӘДІГЕР

Түседі ойға жаңғырып,  
Жимадың, әке, мал-мүлік.  
Кітабың бірақ көп еді,  
Жинаған елді таң қылып.

Шетінен зерлі, көрікті,  
Әрпін де әсем теріпті.  
Үлкендеріне кейін ауылдың  
Үлестіріп анам беріпті.

Орыны әке бос төрде...  
Кездерде көңілі хош көрген,  
Дауыстап қисса оқитын,  
Боранды бозғылт кештерде.

Тәбәрік сынды түйген сыр,  
Сол кітап қазір арман дүр.  
Ұстара ескі мұрт басар,  
Әкемнен белгі қалған бір.

Салатын салмақ ұғымға,  
Қисыны бар-ау мұның да.

Дегендей:

тағдыр – ұстара,  
Жүзіне жаңсақ ұрылма:

Өткір бол сен де бос болма,  
Жарып шық топқа қосқанда.  
Болаттай жайнап жарқылда,  
Намыс бір жанды осқанда.

Сағынтып жүрек жандырған,  
Суырып өзек сан сырдан.  
Ұстараны ұстап ойланам,  
Жан әкем маған қалдырған.

## АНАМ ЕЛІ

Бой түзер бала шынар,  
Нәр алып анасынан.  
Дейді ел: «Жігіт жақсы  
Болмағы – нағашыдан».

Дәм-тұзын шашыратқан,  
Жиендер – жапырақтар.  
Айналдым анам туған  
Киелі топырақтан.

Бұл сөзді кім білмейді,  
«Нағашы ел – сыншы» дейді.  
Бір сезім жанды баурап,  
Жүрегім дүрсілдейді.

Бақыт қой мейіріңе,  
Болу да сенің, ие.

Тербеткен төрде мені,  
Ризамын пейіліңе.

Еркелер саған келіп,  
Мен де бір балаң едім.  
Анамдай аялаған,  
Аман бол, анам елі.

Жақсыны аласың құп,  
Жанға пәк жарасым – құт.  
Менің де сынбас сағым,  
Сен барда, нағашы жұрт.

## БАҚЫТ УВЕРТЮРАСЫ

### I

Қауыштық құшақ жайып, жаңа жылым,  
Беймәлім әлі бізге сенің сырың.  
Ғажайып түстер көріп ұйқысынан,  
Оянды далам бүгін, қалам бүгін.

Тік тұрып қарсы алған ек түнде сені,  
Бүкіл ел болып кетті бірге сері.  
Шарабын қуаныштың шалқып ішіп,  
Сен болдың тілек тілеп тілдесері.

Қалың ел бейбітшілік, бақ тіледі,  
Самғайтын биіктерге шақ тіледі.  
Жаңа жыл – жыл болсын деп берекелі,  
Қазанға – ас, ошағына – от тіледі.

Тіледі ел денге – саулық, жанға – ғұмыр,  
Іске – сәт, ойға – қанат, даңққа – тұғыр.  
Адамда арман көп қой, о, дарига,  
Тіріде таусылмайтын жерде жұмыр.

Атады ел: ерге – таупих, елге – сабыр,  
Ақ жалын арман құшып, жігер жаныр.  
Ақ жүзін арулардың мұң шалмасын,  
Ақсары ақ жүректер болғай қабыл.

Асқақта! Арман жылым! Арда жылым!  
Әлемді алмағайсың, жарға жығып.  
Көңіліне қарағайсың қаяулының,  
Бастаулар лайланбасын асыл тұнық.

Жақсының жолы болсын жаны ауырмай,  
Толқысын қолында – Күн, жанарында – Ай.  
Желпісін жамиғатты жанның нұры,  
Саф ауа Сарыарқаның самалындай.

Жаңа жыл, көп үмітін ақтағайсың,  
Еліме оң аяқпен аттағайсың.  
Төгілген тілек болып, ниет болып,  
Жылуын жүректердің сақтағайсың.

Жаңа жыл, ерек жылсың, ерен жылсың,  
Жандарды арманы асқақ демеп жүрші.  
Жамиғат, жаңа жылың құтты болсын,  
Тоқтамай тірлік көште кемең жүрсін!

Жаңа жыл – менің жылым, сенің жылың,  
Таң мына қандай сұлу – керім бүгін!  
Келеді көтеріліп көк аспанда,  
Жаңа күн – менің күнім, сенің күнің!

Жаңа күн құтты болсын о, тіршілік,  
Жаңа нұр жанарларға жатыр сіңіп.  
Адамзат, басымды иіп, қостым тілек,  
Ақ таңың көп болсын деп атар күліп!

## II

Тамашаға толтырып тұнық төрді,  
Жеттің, наурыз, үкілеп үміттерді.  
Барша үйге бақыт боп, береке боп,  
Жанарыңнан нұр шашып, күліп келгін.

Зымырандай заулаған заман мына,  
Тал бесіктей тербелер таландыға.  
Сенім, қуат, сергектік ала кел сен,  
Әлденеге мұңлы, алаңдыға.

Күй тербесін рухы ояуларды,  
Шалқытайық жақсы жыр, аяулы әнді,  
Кетсін шайып қар суы, күн шуағы,  
Көңілдегі кірбіңдер, қаяуларды.

Алар асу, биігі біткен бе ердің,  
Белі үзілер бекемсіз бүктелгеннің.  
Беті қайтып, жігері жасымасын,  
Келер күннен керемет күткендердің.

Жолы болсын жақсыға асыққанның,  
Жаны күйсін жазықсыз жасытқанның.  
Құштарлық пен сұлулық нұрландырған,  
Тілегін бер, наурыз, ғашықтардың.

Ұлы күні ұлыстың келеді әне,  
Жүректерде тербетіп нелер дәме.  
Жұлдызымыз жарқырап жана берсін,  
Махаббатта, өмірде, өнерде де.




---

# *Астана әуендері*

---

Поэмаға штрихтар



# СЕН БОЛЫП СОҒАДЫ ЕНДІ ЖҮРЕГІ ЕЛДІҢ

## I

Бұғаудан босағанда білегі елдің,  
Қиялға қанат байлап түрегелдің.  
Айналған астанаға әз ордамыз,  
Сен болып соғады енді жүрегі елдің.

Сен болып мұңаяды, қуанады,  
Отанның, бар өлкесі, дуаны әлі.  
Намысқа шабар ердің бәрі енді  
Қолыңнан келіп сенің ту алады.

Мейілі, дос қуансын, дұшпан күйсін,  
Сен енді бар қазаққа үлкен үйсін.  
Төбеңе туған елдің туы қонды,  
Шашырап шарапатың көпке тисін.

Көбейер қызығың мен салтанатың,  
Көркіңді жырлар талай арқалы ақын.  
Кей-кейде дірілдейді жүрек шіркін,  
Тұр-ау деп тарих саған батпан артып.

Астана болғанымен бөлек атақ,  
Келмейді көшіп жалғыз бақ пенен даңқ.  
Шешуін небір қиын түйіндердің  
Күтеді астанадан дос пенен жат.

Қашан да атанғанға ардағы елдің,  
Түседі атан тартпас салмағы ердің.  
Жақсылық жатқай тарап қанатында,  
Арқадан ескен сұлу самал желдің.

Болғанда көш көрікті, көшір берік,  
Рухыңды аспандатар нөпір ерік.  
Әлі сан қол соғады мәртебеңе,  
Әлемнің әр елінен елші келіп.

Ұмытып өкініш пен назаны мың,  
Орнында Ғалия сұлу базарының.  
Әз ордам! Бол астана бағың биік,  
Айналған айбарына қазағымның!

## II

Өткені рас бастан нелер жайдың,  
Келешек – кемең жүзер кемел айдың.  
Шақырған шығар, мүмкін, аруағы,  
Абылай хан,  
Қазыбек би мен Бөгенбайдың.

Жаурайды жаны суып от алғанның,  
От оймай омырауын жата алған кім.  
Шақырған шығар, мүмкін,  
Ықылас – қобыз,  
Әндері Біржан, Ыбырай,  
Ақандардың!

Бүгін бір ел парызы өтелген күн,  
Бағы асып намыс туын көтерген күн.  
Жетті ме жан дауысы хан Кененің,  
Мәдидің, Иманжүсіп, Сәкендердің.

Бұрымы тарам-тарам толғар жырдың,  
Біреуі бірнешеуін қозғар сырдың.  
Дабылын естіді әлде Ордабасы,  
Атбасар, Ерейментау, Қорғалжынның.



Орданың өрден қырға өкшесі ауды,  
Кеңейді – енді елдің, өкпесі айдын.  
Жүзінен мұң көрді, әлде, Хантәңірі,  
Баянның, Қарқаралы, Көкшетаудың.

Табаны ұлы көштің дала сауып,  
Келеді жақсы-жайсаң, таласа ауып.  
Көтерді ақ киізге жаңа орданы,  
Ақ Жайық, Ертіс – Есіл, Қаратауым.

### III

Айтуға қысылмайық, тарылмайық,  
Атайық қырандарға тауын лайық.  
Астана – Елбасының ерлігі шын,  
Ұсынған ұлысына жанын жайып.

Болған жоқ,  
Бұл қадамы жеңіл әсте,  
Тікті ер абыройын,  
басын бәске.  
Қасқайған қара емендей қайсарлығы,  
Осынау болды қозғау ұлы көшке.

Күмілжіп  
қарсыластар... жайлап...  
ырғап,  
Тартқанда бірі – анда,  
бірі – мында.  
Болмаса ұлы жүрек қайсарлығы,  
Суырылмай сынар еді семсер қында.

Өз сөзін өзі әлі тарих айтар,  
Беттерін әлдекімдер қарып айтар.

Ұлы істің ұлағатын ұран етіп,  
Ақ түйенің қарынын жарып айтар.

Болғанын көрегендік қазып айтар,  
Ұрпақтар жүрегіне жазып айтар.  
Ерінің елге деген махаббатын,  
Бүгінгі бәрімізден озып айтар.

Еңсесі болсын биік жаңа орданың,  
Жаңарып, жайнай берсін ел-орманым!  
Тербесін тал бесіктей туған Отан,  
Бір тұрған барша жұрттың тел арманын!

#### IV

Шалқиды шабыттанып ақын жүрек,  
Тақымын қысқан талай атын тілеп.  
Жақсыңа алақайлап елден бұрын,  
Жан қинап жаманыңа жасыр түлек.

Көңілді бүгін қанша тоқ санама,  
Кім білген ертең жаман, жақсы ала ма.  
Әйтеуір... адалдықтың, тұмары бол,  
Ақ ордам – Есілдегі ақ шағала.

Үзілген жалғай ма деп қол артады,  
Жүгі ауыр ізашардың, жол ортаның.  
Тазарт, сен, пейіліміз, жанымызды,  
Ақ ордам – ақ жаңбыры Сарыарқаның.

Ашылмай ара-жігі ақ-қараның,  
Серт намыс оқшантайын оқтар әлі.  
Сынап ал нағыз жайсаң жігіттерді,  
Ақ ордам – алты ай соғар ақ бораным.

Жақсы ой – жақсы сезім тұнар айдын,  
Көзіндей қыр сұлуы құралайдың.  
Ашылсын сенде бағы қыз біткеннің,  
Ақ ордам – ақ қайыңы Бурабайдың.

Сөзді де сөз тартады жүйесі бар,  
Жаманға жай оғындай тиесі бар.  
Жат ойды жүрегіңнен аластап кел,  
Ақ ордам – ақ дастархан киесі бар.

Арасы емес алыс көз бен өрттің,  
Дауасын табар дәйім сезген дерттің.  
Жүзіне күн ілінген, түн түрілген,  
Ақ ордам – айбалтасы сөз бен серттің.

Жаңылмай жол-ырмағы жаз әніңнің,  
Тілейік тарқамауын базарыңның.  
Кең қолтық кімге болсын, досқа дархан,  
Ақ ордам – ақ көңілі қазағымның.

Қиянға құлаш сермер қай сұңқар бар,  
Бәйтерек болар... бүршік жарсын талдар.  
Елімнің ертеңі боп жалғар көшті,  
Ақ ордам – Айдана мен Айсұлтандар.

Тербейді жанды жайлы желі күздің,  
Бермейді саумал сезім селі тізгін.  
Ақ ордам – жаңа тарих парақтары,  
Ақ ордам – жаңа күні еліміздің.

## V

Емес бұл енді тіпті жай Ақмола,  
Ақ орда атағына сай Ақмола.

Оңынан туған елдің шығайын деп,  
Арқада туды жаңа Ай – Ақмола.

Бүгін бір бейне ғажап гүл Ақмола,  
Төгеді төңірекке нұр Ақмола.  
Солынан туған елдің шашып сәуле,  
Барады көтеріліп  
Күн – Ақмола.

Шалқиды жүрегімде бір қуаныш,  
Қиял құс қияндарда жүр ту-у алыс.  
Қош дейді ескі қала – ескі Ақмола,  
Жасырған жүрегіне жырды таныс.

Кел дейді жаңа орда шақырады,  
Шырқауға бірге жаңа ғасыр әнін.  
Бәйгеге қоспай қойған құлагердей,  
Тықыршып қайран көңіл асығады.

## VI

Ақ ордам!  
Бақыттысың бүгін ерек!  
Шығады бүгін тіпті үнің бөдек.  
Бір өзің назарында бүкіл елдің,  
Қашанда киесі елдің жүргей жебеп.

Зымыра!  
Заула, уақыт!  
Жылжы алға!  
Жанбауға бермей мұрша тұнжырауға.  
Өмірдің от көрігін басу керек,  
Болмайды түн жылауға, күн жылауға.

Не пайда қазандықтан шоқ қимаған,  
Аз емес азаматың жоқ қинаған.  
Жаңа ордам! Сенен дағы күтеді ел,  
Ерлігін Прометейдің от сыйлаған.

О, менің жаңа астанам!  
Жауһар қалам!  
Бесігі болашақтың бау қаулаған!  
Жаршысы жаңа заман болуыңды,  
Тілейді асқар тауым, шалқар далам.

О, менің жаңа ордам – әз астанам,  
Үмітпен қарайды енді қазақ саған!  
Алдымен сенің тізең бүгілмесін,  
Жаутаңдап жүрмес үшін азат балаң.

Ойлардың омырауын шайқайды өлең,  
Сезімде жетер бұлақ қай-қай деген.  
Тұсауың кесілді...  
Енді...  
Ақ жол – саған!  
О, менің жаңа астанам тәй-тәйлеген.

Маздайды елдік оты жерошақта,  
Бірлік пен береке бер тел қосаққа.  
Жаңа өмір сөйлейді енді өзің болып,  
Сен болып қол бұлғайды болашақ та.

О, менің әз астанам – арман-қала,  
Ғашық қып жүректерді алған қала.  
Жарқырап бағың мәңгі жана берсін,  
Алдағы ғасырларға барғанда да.

## 2. АРМАН ҚАЛА – АСТАНА

Ағылып Атыраудан, Алатаудан,  
Көш қонды Қараөткелге<sup>1</sup> таласа ауған.  
Жайнайды Астана – ару алқасындай,  
Ғажайып ғимараттар жаңа салған.

Сарыарқа сауырында,  
Ерке Есіл бауырында,  
Келеді бой көтеріп арман-қала.  
Арман қала, Асыл дала,  
Жаңа Астана! Эз Астана! Астана!

Төріне туған жердің туын тігіп,  
Ерекше ел еңсесі бүгін биік.  
Астана – ақ ордасы қазағымның,  
Алтын тәж ақ маңдайға қонған сүйіп.

Көз тоймас келбетіңе – қандай көркем,  
Астанам – жаңа қала жайған еркен.  
Астанам – жүрегі елдің, тірегі елдің,  
Сөйлейтін жаңа тарих болып ертең.

## 3. ЕЛОРДА

Астана қала – эз қала,  
Тіршілік оты маздаған.  
Айқара ашық құшағы,  
Көктемде,  
қыста,  
жазда да.

---

<sup>1</sup> Астана қаласы орналасқан өңірдің ежелгі аты (топоним).

Астана қала – нұр қала,  
Ортақ ол ойға, қырға да.  
Күн өткен сайын көркейіп,  
Нұрлана түскен нұрлана.

Астана қала – жас қала,  
Жан біткен мұнда тасқа да.  
Жайнаған жаңа ғасырда,  
Ұқсамай мүлде басқаға.

Елорда осы бағы асқан,  
Әніне сәні жарасқан.  
Ертеңі оның – ертегі,  
Қиялмен ғажап таласқан.

Астана ел ту байлаған,  
Есілді қонған айнала.  
Сарыарқа – бесік әлдилеп,  
Аймала самал аймала.

Астана қала – құтты төр,  
Киелі дала, құтты жер.  
Ақиқат етіп аңсарды,  
Арманы асқақ ұтты ер.

Астана қала – шат қала,  
Танылған алыс, жатқа да.  
Жүрегі ұлы Отанның,  
Соға бер, мәңгі тоқтама.

#### 4. АЛМАТЫДАН АТТАНАРДА

Дегендей демеп, аш гүлді,  
Тағдырым саған тапсырды.  
Аяулы менің Алматым,  
Жалауым сенсің жас күнгі.

Көшеңде, мына бақтарда,  
Біздің де жастық шақ қалған.  
Алатау жақтан қол бұлап,  
Армандар асқақ тартты алға.

Жүргенде аңсап, алаңдап,  
Жолықты сенде маған бақ.  
Бұлағыңа мейір қандырып,  
Сұлуыңды сүйдік ән арнап.

Үйрендік мінез тауыңнан,  
Ақ самал, аппақ жауыннан.  
Пейіште сенде сезінер,  
Періште келген ауылдан.

Бұйырып ақ жол, ақ несіп,  
Шыңдалдық шырын, шоқ көсіп.  
Аялап бізді өсірдің,  
Алматым – асыл ақ бесік.

Қақтырып қанат қияға,  
Айналдың, құтты ұяға.  
Бәрі үшін саған рахмет,  
Алашқа қымбат ұя - ана.

Іздерді жалғап іздерге,  
Арқаға тарттық біз де енді.



Ақ бата беріп аттандыр,  
Ұшырған жолмен жүздерді.

Жеткізу қиын жан сырын,  
Өтті ғой күндер бал шырын.  
Кермектеу дәмі қалай да,  
Қимастық деген тамшының.

Жерұйық мекен, жәннат төр,  
Жебей жүр, жанға медет бер.  
Сүйемін сені, Алматым,  
Жүрекпен ғашық бөлек мен.

Тауыңнан түйіп тұмарды,  
Саянда өскен шынармын.  
Сағынған кезде мен саған,  
Аңсап бір келіп тұрармын.

Аман бол аман, ақ ордам,  
Жас тамса сөкпе жанардан.  
Періште көңіл махаббат,  
Пейілден саған жаралған.

## 5. «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» АСТАНАҒА КӨШІП КЕЛГЕНДЕ

О, киелі шаңырақ, қасиетті,  
Тағдыр бізге өзіңді нәсіп етті.  
Сен арқалап келесің тасқа басып,  
Ел қуанған шаттықты... қасіретті.

Көрдің талай күресті, есірікті,  
Тірліктің де білесің несі мықты.

Ел сөзі деп аталған керуеніңе,  
Талай-талай ұлынын көші ілікті.

Талай-талай жібердің, сүйеп алға,  
Қимасыма айналған киелі орда.  
Қазағымның көз жасы, мұң-назасы,  
Оттай өртеп, жаныңа тиеді ол да.

Әрқилы әуен шығады сарайыңнан,  
Тізерлеген алдында талайың нән.  
Басып айтып келесің шыңдықты,  
Бағырсынған жандардың талайынан.

Кіп кір термей нысаналы оқша теңдеп,  
Жақсыны да айтасың жақсы екен деп.  
Өмір қымбат, бәрінен өмір қымбат,  
Оқырманым таяныш тапса екен деп.

Киелі ордам!  
О, қара шаңырағым!  
Талай ұрпақ өзіңді таныр әлі.  
Іздегенге тіл қатар беттеріңнен,  
Теңіздегі тамшыдай қоңыр әнім.

Туын тігіп Астана – жер ортаға,  
Әз шаңырақ!  
Хош келдің Сарыарқаға!  
Ару қалам – аяулы Алматымның,  
Ала келгін рухын жаңа ортаға.

Хош келдіңдер, жақсы аға,  
жаң достарым,  
Енді, міне... толды ортам,  
толды аспаным.

Жақсылықтың жаршысы болғайсыздар,  
Жарқылдатып мәрттіктің алдаспанын.

## 6. АҚЖОЛТАЙЫ АЛАШТЫҢ

Бұл да бір той ел тосқан,  
Беске толды «нәресте».  
Аязды күн... желтоқсан,  
«Іңгәсі» де әлі есте.

Жаңа астана – жаңа арман,  
Шырылдады жөргекте.  
Сүйіншілеп жар салған,  
Жетті хабар жер-көкке.

Біреу сенді, қолдады,  
Біреу күлді ішінен.  
Біреу болды олжалы,  
Біреу шошып түсінен.

Толқып тұрды бар алаш,  
Толқып жүрді Елбасым.  
Үміт, күдік аралас,  
Сезік, сенім алмасып.

Енді, міне, қарасаң,  
Бес жастағы қалаға.  
Қол соғасың, таласа,  
Мынаған да, анаған.

Төңіректің бәрі нұр,  
Ақ шаңқан үй, ақ сарай.

Бәрі – ғажап, бәрі – жыр,  
Аңсаған гүл бақшадай.

Дәстүрге сай о басы,  
Заманға сай түр-түсі.  
Жапондікі – жобасы,  
Немістікі – кірпіші.

Француз, араб, түріктен  
Құрылыс, қаржы, ой көмек.  
Ниет, тілек біріккен,  
Қиын істе зор медет.

Озар оқшау өзгеден,  
Әлем салған әз қала.  
Оны дағы көз көрер,  
Шыдай тұрсақ азғана.

Жас ордасы ғаламның,  
Құлпырады жыл сайын.  
Келешегі қаламның,  
Кемелдікке тұр сайып.

Тәуелсіз ел төр еткен,  
Ақжолтайы алаштың.  
Тал бесіктей тербеткен,  
Жаңа өмірге жол ашты.

Үміттерге нұр жағып,  
Жұлдыз болып самғады.  
Білген жанға бұл дағы,  
Елдің бағы жанғаны.

Жаңа астана, жас орда –  
Жаңа ғасыр құрдасы.  
Жаңа асуға асарда,  
Тұр нұрланып, тұр тасып.

Алаш көңіл аққуы,  
Тапты айдын арналы.  
Елорданың шалқуы –  
...Елбасының, арманы.

Болсын ердің тілегі,  
Болсын елдің тілегі.  
Астана боп алаштың,  
Соқсын мәңгі жүрегі.

Бүгін тойдың ұраны –  
Астана, алаш, азаттық.  
Жер тұрғанша тұрады,  
Сенім, серті қазақтың.

Ел, Елорда, Елбасы –  
Қайталанар көп бүгін.  
Көк Тәңірі қолдасын,  
Қазағымның көк туын.

Бүгінгі той – ел тойы,  
Беске толды бас қала.  
Гүлдене бер көркейіп,  
Асқақтай бер, Астана.

Төрі биік – ел биік,  
Төрі сұлу – ел сұлу.  
Сен – болашақ жерұйық,  
Әлемдегі ең сұлу!

## 7. ТҮРКІСТАНҒА ТАҒЫМ

(Астананың көне ордада өткен  
күндеріне орай)

Ассалаумағалейкөм, Әз Түркістан,  
Қауышып көңіл ғажап мәз, Түркістан.  
Түгелдей төрт құбыла мойындаған,  
Теңесер саған қала аз, Түркістан.

Тұмшалап келген талай құлдық сана,  
Атыңды төрімізге ілдік жаңа.  
Айналған киесіне бар түркінің,  
Қазақты қазақ еткен кіндік қала.

Уақыттың көрмедің сен қай мазағын,  
«Ұсталып кеткен» қайтты тайқазаның.  
Қайтадан желбіреді шашақты ту,  
Жайылды қасиетті жайнамазың.

Әр тасы тірі тарих киелі жер,  
Пір тұтып сені өзгеше сүйеді ел.  
Иіліп тағым еткен бар ұрпағың,  
Дәмелі шарапатың тиеді деп.

Армысың көне астана – ақ бесігім,  
Жаңа орда Арқадағы қақты есігің.  
Жүрегі ол егемен ел екі ғасыр  
Айналған тайлағына жат көшінің.

Қарашы жас ізбасар тәй-тәйіне,  
Үн қосқан ұлы заман айқайына.  
Өр кеуде, өршіл талап дүниені  
Дегендей мен де шайқап байқайын, ә.

Жас қыран мінезі асқақ екпіні сел,  
Жас тұлпар сүйген самал кекілін жел.  
Шақырған арман алыс, қиял биік,  
А, Құдай!  
Нар тәуекел! Бекіді бел!

Түркістан!  
Бер батаңды жас ордаға,  
Даңқыңа ол дағы даңқ қосар жаңа.  
Жұлдызы мандайдағы жарқыраса,  
Елдің де туып айы, асар бағы.

Қауышты  
Көне астана – жаңа астана,  
Жұптасқан  
Жарасты іні – жарасты аға.  
Жалғаған ғасырларды астана боп,  
О, тарих!  
Толқы, тасы, толастама!

## 8. ӘЙБАТ ҚАЛА – ЖАС ҚАЛА

Жүрегінде елімнің,  
Төрінде әр көңілдің.  
Жаңа астана – жас ару,  
Қандай сұлу, керім дүр.

Ақ сарайлы ақ қала,  
Жазда жасыл бақ қала.  
Қыста ақ қарға оранған,  
Аппақ нұрдан жаралған  
Ару қала – Астана.

Жаңа қала, жас қала  
Әйбат қала – Астана!

Шаттық толы бақтары,  
Ән-күй алқа – таққаны.  
Жымыңдайды жұлдыздар  
Түнгі қала оттары.

Есіл өзен – ақ айдын,  
Есін алған талайдың.  
Ай маңдайлы аруға  
Ай қызығып қарайды.

Ақ самалы есілген,  
Алтын Арқа төсінде.  
Қандай әсем қыз-жігіт  
Жаңа заман өсірген.

Бойда толы бұла күш,  
Жауһар сезім, жыр ағыс.  
Жайнап жастық махаббат,  
Жан тербейді қуаныш.

Болашаққа бастар тың,  
Меккесі осы жастардың.  
Магниттей тартады,  
Асқақ арман, асқар шың.

## 9. ҚЫСҚЫ БОЯУ

Аяз ата ... Ақ қала  
Аула толы – көп бала.



Ақшақарға айналған,  
Айдай сұлу Астана.

Ақ қар – көше, дәлізде,  
Ақ орамал тәрізді.  
Ақ жол тілеп жатқандай,  
Адымыңа әр ізгі.

Ақ қайың мен көк терек,  
Тұрғандай өс, көкте деп!  
Сен шықпасаң көшеге,  
Қалатындай өкпелеп.

Тосырқайтын әуелі  
Аязы да әдемі.  
Тандырады есіңнен  
Қысқы Астана әлемі.

Тұсалмайтын тұста ерек  
Рух керек, күш керек.  
Жаныңды отша қаритын,  
Сарыарқада қыс бөлек.


Алаңдамай басқаға,  
Шық көшеге таста да.  
Қыста да мың құлпырған,  
Ғажап қала – Астана.

Ақ сарайлы ақ қала,  
Аяз сүйген бақ қала.  
Ақша қарға оранған.  
Аппақ нұрдан жаралған,  
Ару қала – Астана!



---

Өмірге қуштар  
көңілден



## ҚЫЗЫЛ ІҢІР

Қызыл іңірде қызғылт бұлттарды  
Қызыл сулардай қызып ұрттадық.  
Қызық жігіт тұр вагон ішінде  
Қызыл арайға құмар сырттағы.

Заулап барады зымырап көлігің,  
Ойлар ағады... көңіл – шат, өлі мұң.  
Қара тақтада қызыл ноқаттай,  
Мұнар ғұмырдың мына бөлігі.

Кетті қыр асып жарық сәулелер,  
Жетпейді қуса да дауысың «әу» деген.  
Лақтыр, лақтырма көзіңнің құрығын,  
Көкжиек – тұңғыық ұстатпай әурелер.

Күн батты. аспанға сіңді де бар бояу,  
Кірпіктер айқасты... тек көңіл қалды ояу.  
Ұршықтай дөңгелеп билейді дөңгелек,  
Сыдырылып жонынан сусиды жол бөлек.

Жолаушы жанын да күбідей шайқаған,  
Тербелген вагонмен бірге мен шайқалам.  
Күн ару ұзату тойына шақырған,  
Ғажайып осы сәт келмейді-ау қайтадан.

Қаракөк күмбездей қиылып аспан тұр.  
Кіреді қойнына қиялдар асқан қыр.  
Бар ма екен ішінде қансонар іңірде  
Қып-қызыл тұлпармен ұстатпай қашқан жыр?!

## ТІРШІЛІК

### Грамматикалық жаттығу

Ала-құла тіршілік...  
Қажеті жоқ күрсініп!  
Жағалауға жетесің,  
Бір жығылып, бір тұрып,  
Үшпасаң да ұмтылып.

Кесіп-пішіп төтенің,  
Кім көрсетер бет-өңін.  
Болжау қиын күнбұрын,  
Ненің дұрыс екенін,  
Ненің бұрыс екенін.

Алау-жалау әлемің...  
Түзу болсын сәлемің!  
Тәңір өзі құяр ақ,  
Төбесіне бәленің,  
Тауып зәрін, дәл емін.

Арсын-гүрсін арпалыс...  
Қадамдар бар тар, шалыс...  
Тәуекел де түк емес,  
Шақырмаса ар-намыс,  
Тілемесе жардағы іс.

Жарқ-жүрқ етіп тартады,  
Арман-теңіз шалқары.  
Құрдым көлдер көлбеңдеп,  
Жанарға мұң артады,  
Төзіміңді сарқады.

Тасыр-тұсыр тепеңдеп,  
Ойлама оңай өтем деп.  
Жылытқанға құлағын,  
Жүйрік керің жетем деп,  
Бұл жарысың бөтен бек!

Қылтың-сылтың бос қылық,  
Одыраңдау осқырып  
Жер етеді, жығады  
Жон арқанды остырып,  
Жаман атақ қостырып.

Жағар-жақпас бір есеп:  
Күш-жігерге тіресек.  
Орның үшін өрдегі,  
Күресе бер күресе –  
Табиғатың тілесе.

Асар-тасар кезің, бар,  
Келсе қолдан – озыңдар!  
Қосақталған қос сөздей,  
Тағдырың, бар, өзің, бар,  
Тартсын алға төзім нар!

Олай-бұлай өмірің...  
Ойпыл-тойпыл көңілің...  
Айтып-айтпай не керек,  
Кетер-кетпес төгіліп...  
Босай берме сөгіліп!

Алыс-жақын десең де,  
Даулаймын деп есеңді,

Бозөкпе боп жүргенде  
Қар басады көшеңді...  
Бозаң сәуле өшеді...

## АЙСЫРҒА

Мазалап, жай жатқызбай жерде мені,  
Қызығу, таңырқау ма... қайсы басым?!  
Судағы қайықтайын тербеледі,  
Аспанның құлағында айсырғасы.

Айсырға алтыннан ба, ақ нұрдан ба,  
Көз жауын алған керім қайран сурет!  
Қол жетпес көкке биік қақтырған ба,  
Құмарына қыз біткеннің айналсын деп.

Қарайды жанарына жақұт тұнып,  
Жердегі ғашықтармен сырласқандай.  
Жайқалып...  
Жанын баурап бақыттының,  
Мұңайып мұңын шағар мұңдасқанға.

Айсырға – аруларға сай тәбәрік,  
Қаласың көрсең жайнап, елең етіп.  
Сырғалы сұлу шықса қайтер едік,  
Жамылып жұлдыз торқа желең етіп.

Айсырға көлбеңдейді есімді алып,  
Жол тартып көңіл мен көк арасында.  
Ойнайды бір ғажайып алтын балық,  
Жанымның алтын зере шарасында.

Қырық күн шілде...  
Төзімнің де хрусталі сынған шақ.  
Төкті жаңбыр...  
Сахнадай – тынған сәт!  
Самал желмен тербеледі  
Күн сүйген жапырақта жыр-моншақ.

Сезім болып тұна қалған ән ізгі,  
Қала ғажап! Өзі бейне хауыздың!  
Уысына үлбіреген гүл қонған,  
Алатаудың алақаны тәрізді.

Шілдедегі Алматының құмары  
қанды бүгін!  
Жанды көзде шырағы,  
Қан жүгірді бетіне!  
Сұлқ жатқан гүлзардың қалқиыпты құлағы.

## ӨМІР

Ойхой, шіркін, өмірдің дөңгелегі,  
Қырдан ойға құдилап ол келеді.  
Ашық-шашық тірліктің бас-аяғы,  
Қашан ғана қымталып, жөнделеді.

Кім біледі көп-азын бұл ғұмырдың,  
Жандың бір күн, дәл солай сөндің бір күн.  
Қанша жебеп-желеумен жүрер дейсің,  
Қызығы мен қызуы гүлдің, нұрдың.

Керегі не басқаша аңыз құрап,  
Өмір – ғажап, дүние – нағыз жұмақ.  
Шарқ ұрғанмен ештеңе таба алмайсың,  
Тіршіліктен бір күнгі маңыздырақ.

Кездеседі байлық та, тақ та жолда,  
Жел үрлесе тұрмайды мақта қолда.  
Тулағанмен тәрк етіп кете алмайсың,  
Пешенеңе жазылар бақ та, сор да.

Шыда соның бәріне, қандайына,  
Оралғаны болар деп шалғайыңа.  
Қиындығың, қырсығың түк те емес,  
Жарқыраған жол түссе маңдайыңа!

## НЕ ЖЕТПЕЙДІ

Лүпілдейді жүрегім,  
Үкісіндей қалқаның.  
Қолдан қойған тірегім,  
Құлай ма деп қорқамын.

Сусылдайды жүрек тым,  
Көңіл бейне сынаптай.  
Іші қуыс жүр көптің,  
Жауабы жоқ сұрақтай.

Бір қарасаң бос ырқың,  
Сапындасың өмір-көш.  
Не жетпейді, о шіркін,  
Болу үшін көңіл хош.



Лүпілдейді жүрегім,  
Үкісіндей қалқаның.  
Қолдан қойған тірегім,  
Құлай ма деп қорқамын.

## МЕТАМОРФОЗА

Сен бе едің, аға, сен бе едің,  
Көзіме өзім сенбедем.  
Өзің деп соққан жүректі,  
Өлтіре алмай... жерледім.

Сенбісің аға, сенбісің,  
Дария-көңіл, жер-мүсін.  
Кісілік атты құпияның,  
Білетін арғы-бергісін.

Сенбісің аға, сенбісің,  
Деп жүр ем ірі, белдісің.  
Тегісте тайған түріңе,  
Ғафу ет...  
Күлкім келді шын.

Не болды сонша үркетін,  
Табаннан замат бүр кетіп.  
Желсізде жатсың жалп етіп,  
Басқалар жерде жүр нетіп.

Өзі екен десем ірінің,  
Екенсің бірі шірінің.  
Ақ нұрға балап жүріппіз,  
Көбігін көңіл кірінің.

Сен бе едің, аға, сен бе едің,  
Көзіме өзім сенбедім.  
Өзің деп соққан жүректі  
Өлтіре алмай... жерледім.

## ҚЫЗҒАНБА

О, достым!  
Абдырап, абыржып, алқынба,  
Құйынға, нөсерге, ызғарға.  
Мәңгілік дейсің бе салқын да,  
Біреудің қызығын қызғанба.

Бұлыңғыр көңіліңнің аспаны,  
Жаныңда, жарқыным, сыз бар ма.  
Бәрібір күндеме басқаны,  
Біреудің қызығын қызғанба.

Жадыра, сен бірге жарқылда,  
Құр босқа сіресіп, сызданба.  
Тосырқап тулаған толқынға,  
Біреудің қызығын қызғанба.

Мұңайма, тұнжырап, түңілме,  
Алдыңда жол барда, із барда.  
Ертелеп ентелеп іңірге,  
Біреудің қызығын қызғанба.

Жанартау тәрізді бұл өмір,  
Алапат арнасын бұзғанда.  
Қиналып жүріп те күле біл,  
Біреудің қызығын қызғанба.

Жүдемей жаныңды сыз қарып,  
Базарла қолдағы барынды.  
Біреудің қызығын қызғанып,  
Үркітіп алма өз бағыңды.

### ҮШ

#### *Этнографиялық эксклюзив*

Киелі сан қазақ үшін үш деген,  
Ең қымбатын үшпен өлшеп түстеген:  
Үш қайтара сұраған да тілегін,  
Одан кейін... жалынса аттан түспеген.

Ұстап елдің сөз тізгінін үш кемел,  
Үш өлшемей шебер шапан пішпеген.  
Дастарханнан ұсынатын дәмі де,  
Қазанында үш қайнамай піспеген.

Найза өткір бар ұшында үшкілі,  
Үшқыр келер бар жебе де үш қыры.  
Ердің сыйы – үйірімен үш тоғыз,  
Көздерінде бар найзағай үшқыны.

Таңдап түскен үш айырықтан жол ғажап,  
Тартып жатса үшеу үшке – сол мазақ.  
Құт ұйыған үш бұты бар ошақтың,  
«Ер кезегі – үш» дейтін де сол қазақ.

Армандайтын тапсам деп бір амалын,  
Үш тілегі болады әр баланың.  
Меккеге үш апара алсаң, арқалап,  
Ақталады дейді ақ сүті ананың.

Үш биіктен шолғанның көп талғамы,  
Үш қармаған қолдың да көп алмағы.  
Өз жұрты бар, нағашы жұрт, қайын жұрт,  
Үш жұрты бар жігіттің жоқ арманы.

Үш тірек қой үш жұртыңның мағынасы,  
Бірдей болар бәріне де жаны асыл.  
Төркін жұрты, нағашы, түскен жері,  
Үш жұрты бар қыздың да бағы басым.

Өз-өзінен ірітпес қай сан да анық,  
Үш қияннан ұлы көш ойысар барып.  
Үш жүзді ұлт атанған мұраты бір,  
Біртұтас қазақ деген қайсар халық.

Үш қыр аспай бұйырмас жолдың шегі,  
Тағдырдың да талайлы үш – өлшемі.  
Жастығың бар,  
Балалық  
қарттығың бар,  
Тірліктің сол үш асу, сол үш шебі.

Үш өрнекті уақыттың да қалтқысы,  
Таңсәрісі,  
кешқұрымы,  
талтүсі.

Үш өлшемге сыйып кеткен барлығы:  
Көк аспанның, жұмыр жердің асты-үсті.

Заты үштен арашаның, түбінің,  
Қалыс сөзге шығарады кім үнін.  
Тарих деген әулиенің өзі де:  
Өткенің мен болашағың, бүтінің.

От болып жанғанменен қыстыққанда,  
Қорқамын суықтан да, ыстықтан да.  
Жарқыным, жаным менің жалаңаш қой,  
Сөзге де солқылдайтын біз сұққандай.

Сырт көзге көрінгенмен қорғасындай,  
Қалтырап жүрем кейде...

зорға сынбай.

Жанымның дірілдейді жапырағы,  
Жеңгемнің жел тербеген сырғасындай.

Ширақтау көрінгенмен ара-тұра,  
Алмағам пысық болып жаратыла.  
Андыздап ағып жатқан арық емес,  
Менікі – кісікиік дара тұма.

Қадірімді біреу сезбес, біреу сезер,  
Қылығыма біреу төзбес, біреу төзер.  
Дос түгіл

дұшпанға да

ту сыртынан,

Әй, кәпір әдетім жоқ мылтық кезер.

Ақ, сөзім, адал сезім,

сырым осы,

Өрмедім қыл ширатып, құрым қосып,

Лүпілін жүрегімнің жайып салар,

Жан досым, рух отым –

жырым осы!

## АДАМҒА МҰҢ ДА КЕРЕК

Кейде бір мұң мазалап,  
Керенау күй кешесің.  
Төмендеп қырқа замат,  
Жөнсіздік жүйке тесіп.

Сүрініп сүрінбеске,  
Таясың таймас тұста.  
Үзіліп жібің ескен,  
Қол байлап күрмеу қысқа.

Биіктен жерге түсіп,  
Сезесің фәни сырын.  
Бір сәтте желге ұшып,  
Көзбояу көл-көсірің.

Білесің дос бағасын,  
Ықыласын сатпайтұғын.  
Қоштасын, қоштамасын,  
Тасадан атпайтұғын.

Жүргенде жан ауырып,  
Көкірек мұңға толып.  
Тік өту – бір ауыры,  
Төзіміңді алмай жонып.

Адамға мұң да керек,  
Әр нені ұғу үшін.  
Асылды құндап ерек,  
Ағарып шығу үшін.

## АҚ ЖАҢБЫР

Нөсер тілеп кейде жүрек жылайды,  
Есер тілек... тән құмартып сұрайды,  
Ақша бұлттар ұйқысынан оянып,  
Ақ уыздай көк аспаннан құлайды.

Ақ нөсер, қандыр құмар: сөгіл-төгіл!  
Армансыз көсілші бір ағыл-тегіл.  
Сағаты келген сәтте дәуірлейтін  
Сен болып елестейді маған ғұмыр.

Нөсер бұл керек шырқап тасу үшін,  
Ал кейде өксігіңді басу үшін.  
Пейіштің бұлағындай құйылады,  
Пенденің көңіл көзін ашу үшін.

## АДАМ БОЛЫП БӘРІБІР ҚАЛДЫ АДАМ

*Герменевтикалық эксперимент*

Ағаш-адам, гүл-адам, темір-адам,  
Жолықтырды өмірде бәрін маған.  
Аңдары да бар адам тоғайының,  
Құстары да қиқулап жамыраған.

Қасқыр-адам, түлкі-адам, қоян-адам,  
Мінездері ұқсайды боямаған.  
Өзімізше жатамыз өзгеше атап,  
Қорқақ адам, қу адам, ноян адам.

Аққу-адам, қаз-адам, ұран-адам,  
Сыбыс-адам, сыр-адам, ұран-адам.

Жаңбыр-адам, жел-адам, боран-адам,  
Мың сан күйден, әуеннен тұрады адам.

Сары-адам, ақ-адам, қара-адам,  
Сары ауыз, ақ саусақ, қара табан.  
Бояу-адам, сән-адам, сағым-адам,  
Арман-адам, нұр-адам, қанат-адам.

Қайың-адам, тал-адам, терек-адам,  
Жапырақ жүрек жайқалған желек-адам.  
Жүрегі – от,  
жаны – пәк,  
ойы – зерек,  
Бәрінен де сол болар керек адам.

Жұлдыз-адам, жыр-адам, жалын-адам,  
Талғам-адам, ой-адам, таным-адам.  
Өзге болып өзеуреп өрге оза алмас,  
Табиғатын өзінің танымаған.

Билік-адам, заң-адам, салық-адам,  
Шегіртке-адам, бал-адам, балық-адам.  
Дөңгеленген дүние көркі мына –  
Жылу-адам,  
нұр-адам, жарық-адам!

Өзен-адам, тау-адам, дала-адам,  
Сел боп тасып, от болып жанады адам.  
Жұлдыз болып жарқырап шықса дағы,  
Адам болып бәрібір қалады адам!

Ойын-адам, сақа-адам, асық-адам,  
Кұштарлықтың бәріне ғашық адам.



Ауа, судан, аспаннан, топырақтан,  
Құтыла алмас ешқашан қашып адам.

Таңсық-адам, тәтті-адам, бұрыш-адам,  
Терең-адам,

кең-адам, құрыш-адам.

Табиғатқа төл перзент бола алған,  
Мен білетін сол адам – дұрыс адам!

Әйел-еркек, қыз-жігіт, сәби-қарттың,  
Тіршілігі бөлек қой жамиғаттың.  
Бірақ бәрібір, асылы, адам деген  
Бар болғаны бір ұлы табиғаттың.

Өзің әрмен қалғанын жіліктеп көр,  
Түрі көп қой мінез-рең, қылық-кептер.  
Бар сипаты, о, құдірет, тіршіліктің,  
Адам-ғалам бойына сыйып кеткен.

## БОЗБЕТКЕЙ

Сезімге бөлеп не түрлі,  
Жаныңды баурар жөні бар.  
Аққұба қыздар секілді,  
Қара қас, қара меңі бар.

Ақ қайың, өң бе, түс пе нақ  
Бұл жерге қайдан келдің, сен.  
Балалығымды еске сап,  
Күлесің сен де – мен күлсем.

Биікте сонау боз беткей,  
Сахна сынды сән бөлек.  
Керімді көрер көз көп қой,  
Ұғатын бірақ жан керек

## ОҢАША

Бір бөлек күй: жүрек тартып, жан сыздаған,  
Бір қойыртпақ: бас керіп,қан тұздаған.  
Қамап қойған тәрізді кісег салып,  
Құштарлықты күн кеше ағдыздаған.

Неге бұлай, неге пәс мені көңілім,  
Жататұғын шарықтап, асып-төгіліп.  
Дауылынан айырылған көк теңіздей,  
Өз-өзімнен барамын жасып, шегініп.

Ұға алмадым өзімнің жанымды өзім,  
Білемін ғой деуші едім барымды өзім.  
Мен білмейтін бір жұмбақ барады меңдеп,  
Таба алар ма, кім білген, бабын төзім.

Шыным сол: мен бүтін бөектеумін,  
Қиы қашқан, тұзы – сор, кбектеумін.  
О, құдірет! Қаласаң, сыйла отыңнан,  
Қажеті жоқ тек бірақ өбекеудің.

Біле алмадым, белгісі екен бұл ненің:  
Бәрі есепте сөйлегенің, күлгенің.  
Ұнамайды біреулерге тіпті жай,  
Еңсең биік емін-еркін жүргенің.

Бұлт шалғандай адал көңіл аспанын,  
Қаласың бір жасып, кейде жасқанып.  
Кейбіреулер қызығыңды қимайды,  
Қол салғандай табағына басқаның.

Кілтін ашып құпия сыр қойманың,  
Кімге қажет дейсің пікір-ойларың.  
Көлбеңдемей көзге шыққан сүйелдей,  
Бас шұлғи бер, бәрін жиып қой дағы.

Сонда ұнайсың бастыққа да, басқаға,  
Мұң болмайды саған бап пен баспана.  
Төзімді тас қайраққа жанып ал,  
Надандықты намысыңмен жасқама.

Кімге дәрі туралығың, ақтығың,  
Артық көрер күдігі мен сақтығын.  
Ашық айтсаң ащы шындық, оқшау ой,  
Соның өзі алыстығың, жаттығың.

Алаң бүтін көңілі шын ақынның,  
Айтшы сонда... айтшы маған, ақылдым.  
Бірдей ойлау, бірге күлу шарт дағы,  
Көлгірсумен өлшене ме жақындық.

Жол тапқанмен икемділік, ептілік,  
Қалыбыңа қалай сыяр тектілік.  
Жүзден озған жүйріктер де ежелден  
Шат жайылған, шет жүріп.

Айтшы сонда, айтшы маған, білгішім,  
Қайдан шыққан бұл жасанды ілгішің.  
Не істеу керек жұмыр басты пендеңіз,  
Келсе еркін адал өмір сүргісі.

Күй шертеді тағдыр тоқсан тараумен,  
Қарайламай шеңбер-шартың бар-ау деп.  
Қандай обал өмір сүру орнына,  
Күн өткізу қас-қабаққа қараумен.

Орны бөлек сыйласудың шын сүйіп,  
Көңілдердің күнгейіне нұр тұнып.  
Ар-ұятты айырбасқа салатын  
Кімге керек жарамсақтық, құлшылық.

Осы – алаң, осы – бітеу жарамыз,  
Кісілікті қалай аршып аламыз.  
Табиғилық құны арзан бұл күнде,  
Табиғаттан неге алыстап барамыз.

## ЖЫЛ ӨТТІ

Жыл өтті... тағы жыл өтті,  
Жандырып асау жүректі.  
Қуаныш сыйлап, нұр құйып,  
Көңілді ыстық күн өтті.

Зымырап қосылып күнге күн,  
Барамыз тартып ілгері.  
Қас қағым сәтте өтеді,  
Жылағаның менен күлгенің.

Туған күн тұрып таңертең,  
Есейерсің жасқа сен ертең.  
Қаншаға бірақ келсең де,  
Жастығың – қалмас көлеңкең.

Өкіне берме өткенге,  
Тамаша – бүгін, ертең де!  
Керілген тірлік айдында,  
Ұқсайды ғұмыр желкенге.

## ДӘУРЕН-АЙ

Балта тимеген, жасын ұрмаған,  
Сонда да... сонда да... қалмапты бұл да аман.  
Үлде-бүлдесін үнсіз жымқырып,  
Ұзақ түндерде уақыт ұрлаған.

Жел соқса қылымсып, басты әсем бұратын,  
Жайқалған жапырақ жамырап тұратын.  
Дәурен-ай, о, шіркін!  
Ал бүгін – қорғаншақ,  
Ығыса береді кетер деп құлатып.

Ой, қапы уақыт-ай, қату күндер-ай...  
Есіл етекте сонша түргені-ай.  
Шұнақ тірліктен шошып кетті ме,  
Ит екеш итің де қарап үрмеді-ай.

Жетім көңілді жесір қайыңдар,  
Демейді енді ешкім «сендей айым бар».  
Туың жығылмай қайсар қарайсың  
Тұлдыр тірлікке қалай тайынбай?

Қалың орманнан қалған үзірдей,  
Барсың әлі сен... Барсың тізімде, ей.  
Табиғат-ананың бұл да бір сабағы:  
Өмір солмайды – тамыр үзілмей!

## ЖОРҒА БАЛА

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Түспейсің сынаптайын қолға, бала.  
Барасың тағы қайда домаланып,  
Атқа жем таситұғын дорба бала.

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Шыға алмас түскендейсің торға, бала.  
Бағумен қас-қабағын дөкейлердің,  
Ғұмырың өтер болды-ау сорда, бала.

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Үйреткен есектейсің, қолға, бала.  
Ыржиып бас шұлғисың он бүктеліп,  
Санамай сүмеңдеуді қорға, бала.

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Сырт көзге тойған мысық, молда бала.  
Кісінің ұнамайтын бастығына  
Сәлемін алатұғын зорға бала.

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Тамсанып тілінен бал сорғалаған.  
Алды-артын орап алып жоғарыға,  
Жыландай ебін тауып жорғалаған.

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Ойламау өнер болды-ау ол да, бала.  
Ар-ұят, обал-сауап кімге керек,  
Әйтеуір, түссе болды қолға қара.

Дегенде жорға бала, жорға бала,  
Жүре бер жемің тауып жорғала да.  
Қызылшыл қара құстың қадірі артса,  
Заманның зауалы да ол да, бала.

## ҚАРА АҒАШ

Жасыра алмай ақ қар да,  
Жан жарасын дерт салған.  
Қара ағаш тұр қапталда,  
Омырауын өрт шалған.

Тұр оңаша қалқайып,  
Жел өтінде, боранда.  
Қос өкпесін зар шайып,  
Бар қызығы тоналған.

Естілмейді сыңсуы,  
Үні шықпас жалғыздың.  
Бара жатыр күн суып,  
Биыл қалың қар да ызғын.

Сенім тістей кетілген,  
Кімге керек жалқы мұң.  
Қара орманның шетінде  
Қара ағаш тұр алқынып.

Қарайғанша... талассыз,  
Жығылғанын жөн көріп.  
Тұрған қара ағашты  
Әкетті жел өңгеріп.

\* \* \*

Жаз болып күзім, қысым да,  
Қырмызы гүлдер ұсынғам.  
Сыңғырлап әсем күлдің де,  
Сен өте бердің тұсымнан.

Тебіреніп, жанып, есіліп,  
Жүрекке бәрін көшіріп.  
Атыңды жазғам ақ қарға,  
Тастадың оны өшіріп.

Тұңғыық тұнық көздерің,  
Теңселтті сенім безбенін.  
Айналдым қызғыш құсыңа,  
Сен оны бірақ сезбедің.

Тазалық бар ма тұнусыз,  
Жымиюшы едің, жылусыз.  
Мен күткен бақыт тағдырдан,  
Сен болмай шықтың, сұлу қыз.



Сенім өлді...  
 Сен өлтірдің, сұм жалған,  
 Кетті сіңіп құмға арман.  
 Жаутаңдайды жазмышың,  
 Сауға сұрап жылдардан.

Сенім көшті... тіршіліктің тірегі,  
 Сайтан сақ-сақ күледі.  
 Жатыр, әне, қансырап,  
 Әділдіктің жүрегі.

Сенім өтті...  
 Жымың етіп, жылыстап,  
 Сонау ұры бұрыштан.  
 Ақ көңілін адалдық  
 Қала берді қылыштап.

Сенім ұшты...  
 Жерсінбей кең даланы,  
 Ауырлаған ақ уыздан анары,  
 Астаң-кестең шығарып,  
 Айырмай ақ-қараны.

Сенім кетті...  
 Көрмегенсіп... керіліп,  
 Ез сөйлейді еліріп.  
 Тектіліктен дүние  
 Шыға кепті жерініп.

Сенім тартты...  
 Сертіне де қарамай,  
 Өкпелеген баладай.

Сығыраңдап қол бұлғап,  
Қиылады жаралы ай.

## ӨКІНБЕ

Осындай кез бір болады:  
Кеудеге мұң кеп қонады.  
Жүрекке салмақ түскенде,  
Жаның да жаурап тоңады.

Тарылып таудың самалы,  
Таусылаған кезде амалы.  
Жалп етер желге үміті –  
Жақсының жалғыз қамалы.

Жалауын бұлғап жалалы,  
Жаман бір жайнап қалады.  
Көңілдің көзін ашатын,  
Өмірдің бұл да сабағы.

Ойнақтап о жар орағы,  
Төбені тұман торады.  
Бірақ ол отты күндердің  
Қайтқаны емес оралы.

Аспаннан бұлт та ауады,  
Өзгерер заман ауаны.  
Жақсының дағы жаманның,  
Бұйрықты обал-сауабы.

Сенерсің сол сәт, сенбессің,  
Қайығын мінбе келместің.  
Өңмеңдей берсін өңеш құл,  
Алмадым деме берместі.

Ұзақ қой өмір жолы әлі,  
Құсың да келіп қонады.  
Ант атқан қазған ор емес,  
Жаратқан жазған болады.

Оқа емес кеші, бұрыны,  
Бұзғанға сенің шырығың.  
Түспей бір кетер деймісің,  
Тәңірінің ұзын құрығы.

Қамықпа, күйме, жадыра,  
Қондырып шуақ жаныңа.  
Аярлық, айла, пасықтық –  
Құрсыншы! Қалсын адыра!

## ҚИЯНАТ

Жан ашуы ма,  
жәдігөй сыбыры ма,  
Оқ атыпсың ұлылық тұғырына.  
Сүрінбеген тірлікте текті тұлпар,  
Қайдан құлар қазіргі құрығыңа.

Таяздың аты таяз тасқанменен,  
Сөнбес күн алақанмен басқанменен.  
Тозаңға тұғылмайды асыл рух,  
Артынан сен топырақ шашқанменен.

## ЖҰМБАҚ ӘЛЕМ

Бәрі сұлу,  
Бәрі нұрлы маңайдың,  
Жан-жағыма мен де күліп қараймын.  
Түрлендіріп тұрған бүкіл ғаламды,  
Бүгін сенің туған күнің, арайлым.

Тағдырымсың жақсы күнде жолыққан,  
Сен бар жерде сүрінем деп қорықпан.  
Екеулесек қиындық та қашады,  
Қалтырайды қағатындар тобықтан.

Тосады алда әлі талай бізді бел,  
Қатер емес жаз аптабы, күзгі жел.  
Небір жайсаң жүрсе дағы жалғанда,  
Көргенім жоқ сенен сұлу қызды мен.

Көп болғанмен әсем гүлдер бүр жарған,  
Қайтады адам кейде мұңлы гүлзардан.  
Қызыл-жасыл...  
Жұмбақ әлем – махаббат,  
Бір ақиқат, мың жалған.

Адамдар-ай!  
Осыны да білмейді,  
Біреулерді шалқып, тасып жүр дейді.  
Өмірге адам бір келгені тәрізді,  
Махаббат та бір-ақ рет гүлдейді.

Айла ғұмыр,  
Қайдағы бір,  
Бұралаңға бастайды,  
Бір сәтінде,  
Мұрсатың не,  
«Байтал түгіл, бас қайғы».

Жүрек жанып,  
Тірек талып,  
Қайтеріңді білмейсің.  
Түбі тұнжыр,  
Үмітіңнің,  
Шоғын әрең үрлейсің.

Сол бір сәтте,  
Жол көрсеткен,  
Жанға жаның, садаға.  
Кейбіреулер,  
Гөй түгендер,  
От тасумен араға.

Дос та сирек,  
Қостап сүймек,  
Шырылдаған шыныңды.  
Елде ой көп,  
Пенде ғой деп,  
Сырт айналар сырыңды.

Ағайын да,  
Сақ ойынға,  
Сап тыйылар сүрең мың.

Жалғыздықтың,  
Жалғыз мықты  
Жартасына сүйенгін.

Езілерсің,  
Сезінерсің,  
Жалғандығын дүниенің.  
Ұмытпа тек,  
Тұрып кетіп,  
Қаққан кезде күн иегін.

Өмір деген –  
Көңілдегің,  
Болған емес, болмайды.  
Армандарға,  
Алған баурап,  
Сеніп қалсаң – сол қайғы.

Қатаал тағдыр,  
Атар сан бір,  
Жығыламасаң – жасарсың.  
Күшті болғын,  
Ішті болғын,  
Сонда елден асарсың.

Әлсіздердің,  
Әнсіздердің  
Ешкімге жоқ керегі.  
Толу керек,  
Болу керек,  
Тірліктің бәйтерегі.

Сонда ғана,  
Оң жағаға,  
Кемең еркін көсілер.

Ептілікпен,  
Көп күдіктің  
Күрмеуі оңай шешілер.

Осы шындық,  
Тосып тыңдық,  
Ұнат, мейлі, ұнатпа.  
Әйтеуір бір,  
Жай көңіл сыр  
Қалса болды құлақта.

Жанталаста,  
Әр таласқа  
Түспес мінген кім атқа.  
Адалдықтың,  
Адамдықтың  
Туын бірақ құлатпа!

## ЭКСПРОМТ

Жамылып желегін,  
Күн батып келеді.  
Аздан соң оты өшіп,  
Шырағы сөнеді.

Бұрып ап кемені,  
Күн батып келеді.  
Сәл күтсе...  
көкжиек  
Құшағына енеді.

Басылып елеңі,  
Күн батып келеді.  
Тартады енді оны,  
Шексіздік тереңі.

Таусылып өлеңі,  
Күн батып келеді.  
Уақыт шіркінің,  
Осылай... өледі!

## ЖАЛҒАНДЫҚ

Жалған да жалған әлем-ай,  
Жаныңды ұқпай келем-ай.  
Құрдымға кетсе өтірік,  
Күн көшіп, көкте сөне ме ай?!

Жалған да жалған әлем-ай,  
Жалғандық неткен «әдемі-ай».  
Жаныңды сенің жегіп ап,  
Жәудіреп көзі келеді-ай.

Жалған да жалған дәурен-ай,  
Тіршілік ғашық сәулеңе-ай.  
Сырыңды сенің сан бұрым,  
Тарқатсам деген әурем-ай.

\* \* \*

Сезген соң қалмағанын шоқта жалын,  
Қарамай кете бардым тоқтамадым.  
Қаншама қимасаң да, сыйласаң да,  
Қиын ғой құтсыз жерде бақ табарың.



Иірім тартар жерге иілмедім,  
Шешуге жіңішке жіп түйілгенін.  
Жалынып мен ешкімнен сұрағам жоқ,  
Тоқтат деп қиянаттың диірменін.

Дөңгелеп жүре бердік... жапырақтай,  
Жел жұлып лақтырған атырапқа-ай.  
Тұмардай түйіп алып жұдырыққа,  
Төзімнің тамшыларын шашыратпай!

## ДҮНИЕ

Ақиқат асыл дүние,  
Жанына жанның кім ие.  
Сәулелі жарық күн ие,  
Әлде нұр тамшы су ие.  
Тал бесігі тірліктің,  
Әлде жұмыр жер ие.

Ғажайып тылсым тіршілік.  
Ай туар, күліп күн шығып.  
Шуаққа гүл де исініп,  
Кешеді ғұмыр құлшынып.  
Жаралған шығар жоқтан бар,  
Әуелден ғайып нұр сіңіп.

Нәр алып нұрдан, жарықтан,  
Ұшады жаның қалықтап.  
Тарылып тыныс тарықпақ,  
Межеге со-нау барып қап.  
Періштең қолдап тұрғанда,  
Шалқып қал тасып, шарықтап.

Жасыл да жайсаң, өмір – нұр,  
Тіршілік күйін төгілдір.  
Шақырып тауға көгілдір,  
Шуағына күннің, шомылдыр.  
Таяныш тауып тірліктен,  
Тыншысын солай көңіл бір.

Бәрі де бәрі шектеулі,  
Себепке салдар септеулі.  
Үйренгенменен ептеуді,  
Білу жоқ мәңгі көктеуді.  
Үйренсең ғана ұтасың,  
Алғанды шашып-төкпеуді.

Адамға бесік әлем-ай,  
Әйбәт те әсем, әдемі-ай.  
Демей-ақ бір күн сөнем-ай,  
Айтып бір кетер өлең-ай.  
Тағдырың болып жұлдызды,  
Бұйырған алаң-елең-ай.

Сәулелі ғажап дүние,  
Бір күнге болсын сіз ие.  
Қандырып мейір мұз ие,  
Тереңге тәнті құз ие.  
Еншіңде мына бір ғұмыр,  
Болса да ғайып жүз иең!

## САҒЫМ ДӘУРЕН

Білмейміз-ау дүние жалған не екенін,  
Сағым дәурен сәтте-ақ тулап өтерін.  
Ақ айнасын алып-ұшқан көңілдің,  
Пенде тірлік парша-парша етерін.

Бәріне де кеткен кезде ет өліп,  
Алдырмайды әділдік пен жетелік.  
Шырылдайды шала-жансар шындық,  
Шарасыздық шымылдығын көтеріп.

Кеш білесің... егер қолың шықпаса,  
Қажетің де жоқ екенін жұртқа аса.  
Қайда жүр деп іздемейді сені ешкім,  
Мүсіркеп бір еске алар – мықтаса.

Қуыс кеуде... әркім пенде айтақыр.  
Қайдағы наз...  
әңгіме де аз айтатын.  
Қалың ойдың қара орманын кешесің,  
Қу тірліктің қара арбасын шайқалтып.

## ЖЫЛАП ЖАТЫР ЖҮРЕГІМ

Дүние тұр ән салып,  
Жылап жатыр жүрегім.  
Неге біз сонша шаршадық,  
Жүрегім менің, жүрегім.

Түсінер емес жарым да,  
Жарасын жанның сыздаған.

Күмбірлеп күйкі сарындар,  
Күлбілте сырлар қозғаған.

Байқасын қайда бала да,  
Бойдағы зілді, мұң, сырын.  
Салғырттау тартқан санада,  
Алғандай шаршап күн шырым.

Дүние көп қой, ірі ғой,  
Мен болсам жалғыз, ішім – мұң.  
Миға бір сан-сақ кіріп ой, .  
Зәресін алады кісінің.

Жөн емес жалғыз адасу,  
Білемін... мен де білемін.  
Қан емес... бейне қара су,  
Көнбей тұр қайран жүрегім.

Тозған-ау жүйке, тозған-ау,  
Қайтерсің... темір емес қой.  
Байқамағанбыз ба, жазған-ау,  
Екенін өмір емес той.

## МҰҢ

Тырнамай аузын жараның,  
Тыңдашы мені, қарағым.  
Жанымның жайлауына  
Өзім-ақ ертіп барамын.

Аярлық, ашу, жәбір де,  
Азабы оның: әмір не?!  
Астаң да кестең заманда  
Қарасын кім көп көңілге.

Жаныма шырақ қондырдым,  
Болсын деп сәтті жол бұл күн.  
Мұңымды көзден іздеме,  
Жүректе жатыр ол құрғыр.

## АЯСАҢШЫ, ЖҮРЕК, ИЕҢДІ

Күйге еніп ғажап бір өзге,  
Сапырып қызыл-жасылды.  
Лепірген көңіл ілезде,  
Су сепкендей басылды.

Еске сап тірлік үзірін:  
Болмайтұғынын аппақ түн.  
Пердесі түсті үзіліп,  
Пенделік деген батпақтың.

Тәрк етер тосын, табанда,  
Өмірдің көп қой тұзағы.  
Ақылы жетпей соған да  
Ақымақ жүрек сыздады.

Ештеңе ізсіз кетпейді,  
Аясаңшы, жүрек, иеңді.  
Аптығыңды басып ақырын,  
Айылыңды ептеп жи еңді!

## ӨКПЕЛЕМЕ

Болғанмен қанша қызық, қанша жарқын,  
Дүниенің алма-кезек алды-арты.

Қиынға қандай шырақ кездессең де,  
Шашылып шыдамыңды алма сарқып.

Қол сілтеп, тағдырыңа өкпелеме,  
Аңырап аз да деме, көп те деме.  
Жүрегің екеу емес, біреу-ақ қой,  
Жаныңды жаралайсың текке неге?!

## БІРЕУГЕ

Дегенім кең қолтық дүр жан сияқты,  
Боп шықты сырты үрген шар сияқты.  
Шірентіп, шікірейтіп тастайтұғын,  
Мансап-ай! Ұмыттырған ар-ұятты.

Бұл да бір әкімдіктің ақ көздігі,  
Кердеңдер құдайды да шақ көзге іліп.  
Бақсыдай жынын қаққан болар бірде,  
Кезіксе әділдіктің ақ кездігі.

Өнер ме белден басу, ұлық аға,  
Жөн болар қарап қойған құбылаға.  
Обалы бір інінің не етер дейсің,  
Тұрғанда алшаңдатып тұғыр, аға.

Бірақ... бір ойланарсыз... ерте-кеш пе,  
Жазықсыз жазалы жан түсіп еске.  
Сұрауы болады ғой көз жасының,  
Қинайтын саңылауы бар кісіні есті.

\* \* \*

Бұрышында абат бақтың ана бір,  
Жас сәбиін құшақтаған ана жүр.  
Қос мұңлыққа қияс, қырын қарайды,  
Құшағына сыйғызбаған қала дүр.

Жас келіншек жанарына мұң тұнып,  
Ой жеңе ме – отырады... ұмтылып.  
Жанын жеген не қасірет, не қайғы,  
Мұз лебі шуақ шайқап, құм тіліп.

Қызық толы қызу бақтың құшағы,  
Сыңғырлайды күміс күлкі, құс әні.  
Ақ жүзіңді аймалаған самал жел,  
Қайдан жазсын көкіректегі құсаны.

Басылады бәрі көзге оттайын,  
Сұлу гүлзар, көк терек пен ақ қайың.  
Мұңды ару қарар емес біріне,  
Базарлы әлем бүгін оған жаттайын.

Мәз тірлікке мойынын да бұрмайды,  
Жүрегінде басқа әуендер жырлайды.  
Таразыны басып кете беретін,  
Ауыр ма екен көп қызықтан бір қайғы?!

\* \* \*

Жол тауып алшысынан түскен асық,  
Көші озған қабақ бағып, қағаз тасып.  
Жылмиып, жымырайып кіріп келді,  
Үлкен бір кабинетке есік ашып.

Кірді де мүләйімсіп тұрып қалды,  
Көз сүзіп, жалпаң қағып құрықталды.

Сабаздың жайда – сырдаң, мұнда – бұлғаң,  
Қос етек қулығын-ай құрып қалғыр.

Қапыда қанжар салар құшып тұрып,  
Иіліп енер інге ісіп жүріп.  
Ұлықтан ұпай алар, осы, міне,  
Есебі қате кетпес пысық жігіт.

Дүниенің біліп туған іштен бәрін,  
Емшпектен қулық-сұмдық ішкен зәрін.  
Қойғандай... пайдасыздау көрінген соң,  
Әуелден шүберекке түйіп арын.

Уызы іркіт болар ұғынғанның,  
Көк тиын құны асқақ ұғымдардың.  
Сол алар таңдағанын, қалағанын,  
Кім кірсе көк есікке бұрын барып.

Озады тік жүргеннен – тізерлеген,  
Жұлынын бұл зауалдың үзер немен.  
Ойнайтын кісіменен қуыршақтай,  
Тірлік-ай ниеті әлі түзелмеген.

\* \* \*

Қиянат – ию ме...  
Қиюын табар кім?!  
Жазықсыз күйге,  
Жаралған шығармын.

Арсыздық әлемі...  
Өтірік озар –  
Ұқ!  
Ертегі әдемі –  
Тектілік, тазалық.



Тұқырту жеңіл ғой,  
Тазалық жоқ жерде.  
Жанды жеп егілме ой,  
Ақ тер боп, көк тер боп.

Білесің... білесің,  
Соқтың сан маңдайды.  
Ай – анау,  
Күн – осы...  
Сезбесең... сол – қайғы!

Жан, жүрек!  
Күй, көңіл!  
Шырқырап шоқ басып.  
Табалап күйкі өмір,  
Таңады нөқтасын.

Жеңдірмес емес сын,  
Түңілме!  
Торықпа!  
Сен жалғыз емессің...  
Қорықпа! Қорықпа!

Болғанмен өтімді,  
Жөнсіздік жөтелі.  
Түнгі ызғар секілді,  
Өтеді, кетеді!

## ҚАЙРАУ

Жіберер есе ез емеспіз біз,  
Қайраңда тұрған кеме емеспіз біз.  
Асау толқындардың жалынан ұстап,  
Дауылыңды дағы елемеспіз біз.

Асқақтап кеттің демегей, қалқам,  
Ауырып жаным, күйген соң айтам.  
Әділетсіздіктің әкіреңбайлары  
Мұртынан күліп, қағады қайқан.

Тексіздік төніп бермейді мұрсат,  
Босатып көңіл, жасуға бір сәт.  
Жауратып жаның, көзіңді байлап,  
Бойыңды билеп аларға құрсап.

Жығыламау үшін жандәрмен керек,  
Қайдағы демеу, қайдағы көмек.  
Үйренген желге қара тал емес,  
Шамшылдау келер шайқалған терек.

Осылай, бауырым! Міне, осы – тірлік!  
Жоқ жерде кейде жүресің сүрініп.  
Өртеніп кеуде, сыздайды жүрек,  
Тірліктен мүлдем кетердей түңіліп.

Рухта бірақ от аман шақта,  
Болмаспыз таба дос пенен жатқа.  
Жол табар қалың тұманнан дағы,  
Үміттің өшпес шырағын жаққан.

\* \* \*

Өмір – басқа,  
Сен – басқа...  
Сыймайды екен бір басқа.  
Әділдік іздеп әрнеге,  
Әуре болыппын мен босқа.  
Таба алмайсың төтені,  
Болмайды істің бөтені.

Жаралған соң пенде боп,  
Бәрі бастан өтеді.

Елеңдеп жоққа...  
барға да,  
Жаныңды оққа жалдама.  
Өгейді өзім етем деп,  
Өзіңді өзің алдама.

Ербигенге – есілме,  
Еңкейгенге – тесілме.  
Ылди да – өмір, өр де – өмір,  
Сақта, достым, есінде.

\* \* \*

Жандар бар жақсы атанар бүлдіріп-ақ,  
Жүрген соң қалпағымен күнді ұрып ап.  
Жан шіркін жас сәбидей шырқырайды,  
Сенімнің хрусталін сындырып ап.

Жаман жоқ жамандардың желігінен,  
Іш күйер қиянаттың көрігінен.  
Төр дейді төре жүрген төңіректі,  
Сол шіркін тексіздіктің төрі білем...

Жел ұрып жерошақтан тайған көмір –  
Ант ұрғанға алақан жайған өмір.  
Қара дауыл өткендей құлазиды,  
Қазынасын ұрлатқан қайран ғұмыр.

## ЭЛЕГИЯ

Сол бөлме мынау, сол бөлме,  
Сол бөлме өзің отырған.  
Солғындау сенсіз сол бөлме,  
Үрпиіп үнсіз шақырған.

Ошарылып тұрмын орданың,  
Орынын сипап қалғандай.  
Сезбейтін гүлдің солғанын,  
Тірлік-ай, тірлік сормандай.

Ғұмыр-ай, ғұмыр... шырақтай...  
Маздайтын біраз... өшетін.  
Шауып бір өтіп құр аттай,  
Естеліктерге көшетін.

Сәулесіне құмар жарықтың,  
Жаны бір құштар самалға.  
Тілеуқор едің жарықтық,  
Ақжолтай едің әманда.

Саудаға салмас пейілді,  
Есепсіз сіздей жан қайда.  
Тепең көк топты кейінгі  
Құлазып көңіл шарлайды.

Сол бөлме мынау, сол қуыс,  
Қалғыған күндіз-түн демей.  
Бұза алмай қалпын сол тыныш,  
Мен шығып кеттім үндемей.

Бөгелді ме екен жарыспай,  
Жапқаным есік сол екен.  
Шырқырап шерлі дауыстай,  
Шырылдап жатты телефон.

\* \* \*

Ізгі бір шырақ жаққандай,  
Іштей бір тартып бауырыңа.  
Ана бір жылы... ақпанда,  
Апардың Абай ауылына.

Тәу етіп ұлы рухқа,  
Тебірендім толқып жүрегім.  
Ой тұнып терең тұнықта,  
Түрленді көңіл түледі.

Біткендей қанат көңілге,  
Оралдым асқақ сезіммен.  
Ондай бір сәттер өмірде,  
Қайта бір туған кезіңдей.

Есіме түссе сол ақпан,  
Сізді, аға, еске аламын.  
Жақсы еді қандай, жаратқан,  
Болғаны жақсы ағаның.

\* \* \*

Ақ қар, көк мұз көйлекпен,  
Қыс та келді сағынған.  
Бара жатыр бойжеткен,  
Мұздан моншақ тағынған.

Екі беті балбырап,  
Жанған оттай ойнайды.  
Еріндері албырап,  
Жүзі бал-бұл жайнайды.

Аяз деген – аңқауға  
Қыстың қызыл тұлкісі.  
Шолпысындай тамсанған,  
Сыңғырлайды күлкісі.

Қорыққанға емес – қос,  
Жарамайды бұғуың.  
Қыс кінәлі емес, дос,  
Сезе алмасаң жылуын.

\* \* \*

Жабырқатып жанымды қысқа құмар,  
Тұсай берді-ау жылауық тыста мұнар.  
Ойқастаған ақбоздай ақ боранға,  
Басылмаған көңілдің құштары бар.

Құштары бар көңілдің, құмары бар,  
Ессіз кейде көзсіз кеп құлары бар.  
Ұйтқып-ұйтқып жанымның ақ дауылы,  
Қар көшкендей қалжырап тынары бар.

Тынса боран ашылар аппақ әлем,  
Сары майдай толқытып сақтаған ең.  
Сақылдаған сары аяз түске енеді,  
Тұмауратқан көңілге таппағанда ем.

Айыра алмай ақиқат, жалғаның не,  
Сезіне алмай сөз қамшы салмағын не.

Көк мұнарда қол созып қарманғанша,  
Ақ түтекте адассаң, арманың не.

Қарлы ауылда өстім мен аязы от,  
Көңілдердің күлбілте, қаязы жоқ.  
Ми батпағы қулықтың қалжыратар,  
Артық одан әділдік аязы көп.

Ала құйын аш бөрі ызғырығың,  
Аймалайды адамша түз бұрымын.  
Ер мінез де керек бір діні бөлек,  
Қанша тәтті болғанмен қыз қылығың.

Болып дүние әп-сәтте астаң-кестең,  
Соқса боран құйындай қашқан төстен.  
Ез шіркінің еске алар сонда барып,  
Кеткен шығып тәубәсін тасқанда естен.

Бір қараған былайғы ел білмейді,  
Жүрек сыздап, жаныңда жел гулейді.  
Түлкі бұлаң тірліктің тәркісінен  
Төзімімнің түндігі желкілдейді.

## АРҚА ҚЫСЫ ОСЫНДАЙ

Үрпін жарып,  
Үрейді алып,  
Уілдейді үскірік.  
Табиғаттың  
Өзі қатты  
Тұмауратып, түшкіріп.

Шертіп, шымшып,  
Сусып, сыңсып,  
Есіп еркін тұшынған.  
Ақ боранда,  
Отқа оран да,  
Қандыр құмар, құшырлан.

Күтіп тыста,  
Төрт бұрышта,  
Құлақтанып күн тұрар.  
Отша қарған,  
Қысқа тарлан,  
Ер болмаса кім шыдар.

Ашынарсың,  
Асығарсың,  
Жер іздеп жан олжалар.  
Үйренген соң,  
Сыр түйген соң,  
Сағынышың сол болар.

Арқа қысы  
Іші пысып,  
Ойнаған жас баладай.  
Жалын сыйлап,  
Жанға от құйған,  
Жас-кәріңе қарамай.

Оппалаған  
Аппақ әлем,  
Арманыңдай тұңғиық.  
Жаны – таза,  
Көңілі – базар,  
Кете алады кім қиып.



Күлбілтесіз,  
Күн білтесін  
Шыдамды ерге сыйлайтын,  
Міне, осы  
Арқа қысы  
Қиыспайтын, қимайтын.

Алты ай қыс та  
Құстай ұшқан,  
Кетер өтіп... қорықпа!  
Ұрынба тек  
Суыққа көп  
Өмір деген жорықта!

## АЛАҢҒАСАР АРМАН-АЙ

Қымбатырақ, қазір дос,  
Қасиетіңнен қылығың.  
Жан қинамай әзір бос,  
Ойнай біл!  
Ойна құбылып!

Тектілік емес топжарған,  
Тазылық керек түлкі алар.  
Қысылмай еркін соқ жалған,  
Шын емес... жалған күлкі алар.

Ақылың жетсе аянба,  
Ақымақ болып арбауға.  
Құшағыңды жайып аярға,  
Сертіңнің өзін сал дауға.

Қайтесің босқа болдырып,  
Өз қамың болсын ойдағы.  
«Халқым» деп қамбаң толтырып,  
Екі аса «ел» деп қой дағы.

Қысылма ақ деп, қара деп,  
Болады бәрі... бәрі ұмыт.  
Демейді ешкім қара бет,  
Жол береді жарылып.

Алады ақтап «арыңды»  
Байлығың менен мансабың.  
Су құяр қолыңа дарынды,  
«Көсемдер» мақтар тамсанып.

Осы деп өмір «шындығы»,  
Күледі маған көп мықты.  
Ақ адал көңіл ынтығы,  
Арбау мен алдау боп шықты.

Осы деп «тағдыр бояусыз»,  
Бас изейді бар маңай.  
...Алданатын аяусыз,  
Алаңғасар арман-ай!

## КЕРТОЛҒАУ

\* \* \*

Ұнаса елге – есе бер желдей,  
Ақымақ жоқтай әлемде сендей.  
Ұятқа қалма... бір білгіш бастық,  
Төбемді көрдім десе де сенбей.

\* \* \*

Қиналма, тіпті, білімім жоқ деп,  
Айламен көрпе аласың көктеп,  
Иіле білген қапысын тауып,  
Иненің дағы көзінен өтпек.

\* \* \*

Сұрама дөйден кісілік жайын,  
Жаныңды қарыр жауабы дайын.  
Дөкейге жағып... өсіп бір кетсең,  
Өзің де жұртты алдай бер, айым.

\* \* \*

Болмайды жолың құбыла алмасаң,  
Күнбағыс құсап бұрыла алмасаң.  
Үлгерер сені жамандап біреу,  
Бастықтың қолын бұрын алмасаң.

\* \* \*

Турасын айтып, тура би болмақ,  
Жайсыздау тілек жөргекте солмақ.  
Керегін айтып – керегіңді тап сен,  
Құрыққа сырық ал дағы жалғап.

\* \* \*

Атақ та... даңқ та...  
Айнам, бір сүлде.  
Аларсың жасап аунатып күлге.  
Аруды сүйіп әділдік деген,  
Опық жеп кейін өкініп жүрме.

## Этюдтер

### 1. Кинода

Қарасын-ай, қарасын!  
Селк ете қаласың.  
Шырқыратып жаныңның,  
Тырнағандай жарасын.

### 2. Театрда

Көзім түсті кекілге,  
Тұрған елдің шетінде.  
Жылуы жоқ жүзінің,  
Мұз жатқандай бетінде.

### 3. Теледидарда

Анарын-ай... анары,  
Көздің жауын алады.  
Алынбайтын бірақ ол,  
Махаббаттың қамалы.

### 4. Бақ ішінде

Өзің сырын тұт ойға,  
Бұлтыңдайды бұлт-оймақ.  
Бара жатыр бойжеткен,  
Миығында күлкі ойнап.

### 5. Аялдамада

Кірпігін-ай!  
Кірпігін-ай найзадай!  
Жаудыратын жүректерге найзағай.  
Қалыңына еніп кетсең байқамай,  
Енді қайтып шыға алмайтын тайғадай.

## 6. Базарда

Екі көзі шатынап ісініп тұр,  
Жан болар-ау жібермес кісіні құр.  
Аузын ашса ақтарылар одағай,  
Оңбайтыны сол болар ісінің бір.

## 7. Балқонда

Карайды сөлекетке кім сұғынбай,  
Шылымы шегірткенің тұмсығындай.  
Түтінің шуда жіпше шиырады,  
Ауызы апамның ақ ұршығындай.

## 8. Сақтаржайда

Жұп-жұқа...  
Алғандай ет кесіп еттен,  
Шаштары түрлі түсті өсіп кеткен.  
Қызылы беттерінің ол да бояу,  
Қастары ауылынан көшіп кеткен.

## 9. Көңірде

Мейлі ұятсыз...  
Мейлі өжет деңіз,  
Бозбалаға артылған бозөкпе қыз.  
Бұзау жалаған сиырдай жалмаңдайды.  
Асылың, арғы жағын сөз етпеңіз.

## 10. Ұшақта

Көз қиығын салғанда,  
Толқымайтын жан бар ма.  
Мұндай қызды көрген де,  
Көрмеген де арманда.

# ШУМАҚТАР

## *Тіл ұшында туган сөз*

Жыр іздесең – қыранның тұғырында,  
Жыр іздесең – жақсының ғұмырында.  
Тарқата алсаң... энекей...  
Қыздардың да  
Бір-бір өлең барады бұрымында.

\* \* \*

Жүрек бар сенде... менде де,  
Ақылға ырық бермеген.  
Сүйгенінен көп күйгені –  
Қиыны сол-ау пендеге.

\* \* \*

Өмір – толқын, сен – жаңқа,  
Шіреніп көр шыдасаң.  
Мойын бұрмас ел қалқа,  
Шыңырауға құласаң.

\* \* \*

Біздің сөзді құнда деп,  
Тартпа онда, мұнда көп.  
Ойнамайтын «ұршығы»,  
Берік біздің «фундамент».

\* \* \*

Өмір – сын: осы нақ шыны,  
Бәрін де бәске тігерсің.  
Жамандық көрмей жақсының  
Қадірін қайдан білерсің.

\* \* \*

Зауалы ма заманның,  
Зердеде шел – сол қайғы.  
Өткені жоқ қоғамның,  
Ертеңі де болмайды.

\* \* \*

Тіл туралы езіліп,  
Айтады ұстаз ақылын.  
Бірақ соның өз ұлы  
Қазақшадан мақұрым.

\* \* \*

Айналайың, министр,  
Тілді өзің білмейсің.  
Сөйтіп дауға кірістің,  
Ұялмайсың, тілдейсің.

\* \* \*

Ұнат, мейлі, ұнатпа,  
Жауап керек сұраққа.  
Елдің сөзін естіген  
Жазық жоқ қой құлақта.


\* \* \*

Армандарға апарар арна қайда,  
Жақсы үмітті жақсы үміт жалғамай ма.  
Жеңілгендер аз емес бұл өмірде,  
Берілгендер көбірек әлдеқайда.



---

# *Көңіл суреті*





## ЕРБОЛ ІНІМЕ АЙТАР ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

Үміт оты қасиетті де алдамшы, жап-жақын жерден көрінгенмен, ол отты қолына ұстап аялап көрген ешкім жоқ. Ол шақыра береді, «маған жет, маған жетпей тоқтама» деп өтініш айтатын да сияқты.

Ербол ақындық үміттің отын жақыннан, жанынан көріп жүрген жігіттердің қатарына жатады. Ақындықтың әулие құсы Ербол отауының ішінде ұшып жүр. Тек сол құсты мәпелеуге, еркелетуге Ербол інімнің қолы тие бере ме? Мәселе осында.

Өлең – аса тәкаппар, аса менмен сұлу қыз. Өзіне шексіз берілмесең, қолына су құймасаң, сені тастайды да, өзіне қаттырақ берілген, өзіне адалдау біреумен қол ұстасып кетіп қалуы да ықтимал.

Сол өлең-ару да Ерболдың өз қасында әзірге. Болашағын ақын жігіттің өзі де шеше алмауы мүмкін. Болашағы тағдыр деген талғампаз әулиенің қолында. Өлең жолында тер төге бер, Ербол, аянба.

Астындағы арғымақтың алды желді. Желіне шыда. Өлең атты арғымағыңның алды елді. Еліңе шуақты жүрегіңнің сәлемін жиірек жеткіз. Өлең әлемінде, өлең өлкесінде жиірек кездесуге жазсын, інім.

**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,**

*Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың және  
Бүкіл түркі дүниесі ақындарының Физули атындағы  
халықаралық сыйлығының лауреаты.  
«Егемен Қазақстан», 1993 жылғы 15 маусым.*

Скорблю, горю, томлюсь – и сердце  
в этом себе находит пищу. Сладкий рок!

*Микеланджело*

Төгілді жыр боп нөпір ағын  
Қанатынан шабыт-құсымның.  
Жанымның жайып жапырағын,  
Жалаңаш күйде ұсындым.

Өріп бір ой мен сезімнен,  
Сыйлаған осы гүлдемем.  
Оңаша қалған кезіңде  
Аларсың қолға бір кеште.

Үндесіп үркек сезімге,  
Жол табар сырым қиялап.  
Нұр жақпай жатып көзіңде,  
Сүй мені деу де қиянат.

Қанарсың, мүмкін, қанбассың,  
Бұлаққа көлбеп бір өткен.  
Әйтеуір, бейжай қалмассың,  
Мазасыз соққан жүрекке.

Шындыққа сөзді тіресек,  
Өмірдің аз ба драмасы.  
Десе де болар бір есеп,  
Жүректің кардиограммасы.


Демеймін: демеп, ала сал,  
Кешірмес сөздің құдіреті.  
Ескерткіш болсын, қаласаң,  
Осынау көңіл суреті.

Құштарлық, мұң мен ізгі арман  
Жалғайды адам арасын.  
Ойсоқты осы жырлардан  
Іздесең мені – табасың.



---

*Сенемін саған,  
жарық күн*



## ӨМІР ЖЫРЫ немесе әке көзінен оқыған сыр

Ажал тақсыр, түйілме тобықтайын,  
Аларсың деп мен сенен қорықпаймын.  
Тағдыр жазған сағаттан асықтырмай,  
Жөніңе жүр, жолама, жолықпайық.

Дәмеленбе, мен сені шақырмаймын,  
Бар қиыннан құтқарар ғапылдайын.  
Құлге айналар сәтім ғой – саған мұрат,  
Ал әзірге маздайын, лапылдайын.

Содырланба,  
Шошытпа елесіңмен,  
Қашан қалай соңымнан ересің деп.  
Босат мына төсектен байлап қоймай,  
Өткенімше дем бітіп өңешіңнен.

Өткеннен соң,  
Мейлі не болары,  
Топырағымды қар басып, жел орары.  
Тіршілік деп атайтын шығар, мүмкін,  
Мәңгілік көшіндегі өлараны.

Жанарымнан от көшіп... жігер сөнді,  
Құштарлық та тау бұзып, тілер сеңді.  
Маңдайынан сүйейін мына ұлдың,  
Жібер мені... жіберші... жіберші енді.

## ДҮНИЕ

Жалған да жалған дүние,  
Жаралған жанға кім ие?  
Пейіштің нұры – күн ие,  
Зады адал зәмзәм су ие.  
Тал бесігі тірліктің –  
Кұрсағы қара жер ие.

Жалған да жалған тіршілік,  
Батады қалай күн шығып.  
Тылымға гүл де тұншығып,  
Кешеді ғұмыр құлшынып.  
Жаралған шығар жоқтан бар,  
Әуелде ғайып нұр сіңіп.

Нәр алып нұрдан, жарықтан,  
Ұшады жаның қалықтап.  
Тарылып тыныс тарықпақ,  
Межеге со-нау барып қап.  
Періштең қолдап тұрғанда,  
Шалқып қал тасып, шарықтап.

Жалған да жалған жаңғырық,  
Жасайды мәңгі жаңғырып.  
Жаныңды сенің алдырып,  
Есінен елді тандырып.  
Жақсылығың менен ұрпағың,  
Фәниде кетер қалдырып.

Жалған да жалған фәниді,  
Мінезінен адам таниды.  
Отына жігер жаниды,  
Көлеңке көрсе – налиды.  
Қылығы қандай болса да,  
Бойына содан дариды.

Сәулелі ғажап дүние,  
Бір күнге болсын сіз ие.  
Қандырып мейір мұз ие,  
Тамылжып тәнті түз ие.  
Еншіңде мына бір ғұмыр,  
Болса да ғайып жүз иең.

Жүрекке ұқсас жапырақ,  
Алған соң тыныс азырақ.  
Алақан тосса атырап,  
Жүйткіді желмен шашырап.  
Кезегін күтіп тұрмайды,  
Арманға алтын асық ат.

Өмір де өмір... өмір-нұр,  
Тіршілік күйін төгілдір.  
Шақырып тауға көгілдір,  
Шуағына күннің шомылдыр.  
Таяныш тауып тірліктен,  
Тыншысын солай көңіл бір.

Бәрі де бәрі шектеулі,  
Себепке салдар септеулі.  
Үйренгенменен ептеуді,  
Білу жоқ мәңгі көктеуді.

Тағдырдың заңы деген жөн  
Алғанды шашып, төкпеуді.

Жалған да жалған әлем-ай,  
Келісті, керім, әдемі-ай.  
Демей-ақ бір күн өлем-ай,  
Айтып бір кетер өлең-ай.  
Жол салып жылу, жарыққа,  
Күн шығып, көктен төнеді ай.

Тұтас та тұтас табиғат,  
Бөлшегі сен бір, жәмиғат.  
Ол – ана, сенсің – сәби нақ.  
Жаныңды жеме, жә, қинап,  
Жазған соң тағдыр пендеге  
Болмайды бақи, фәни жат.

Жалған да жалған дүние,  
Жаралған жанға кім ие.  
Пейіштің нұры – күн ие.  
Зады адал зәмзәм су ие.  
Тал бесігі тірліктің –  
Құрсағы қара жер ие.



## БІРІ КЕМ ДҮНИЕ

Тұлпар екеш тұлпар-дағы, апыр-ау,  
Бас иеді тағдырына бұйрықты.  
Көре алмайсың саңлақтар сапынан  
Соңғы тері алынбаған жүйрікті.

Бас-аяғы бүтіндердің күші нық,  
Бір опасыз жыға ма деп қорқамын.  
Бір ұрттамын іше алмайсың тұшынып,  
Бір қайнауы ішіндегі сорпаның.

Біреу кетер бір өкпесін жасырып,  
Берсең-дағы қолыңдағы барыңды.  
Май толтырып қойсаң-дағы асырып,  
Бір құмалақ шірітеді қарынды.

Туы қанша желбіресін төскейде,  
Өкінішсіз жан болмайды жалғанда.  
Жүз жақсылық жасаған дос кешпейді,  
Бір тілегі орындалмай қалғанда.

Теңіз дәмін тамшысынан татады,  
Бір сүюі кем көрінер құштарға.  
Бар еңбегің босқа кетіп жатады,  
Бір тәуекел жетпей қалған тұстарда.

Бүгінгі бір қиянаты батса да,  
Ертеңімен қызықтырған өмір-ай.  
Шарасынан асып-тасып жатса да,  
Бір қызығы кем көрінер көңіл-ай.

Қашан-дағы қол жеткен бе арманға,  
Қуанасың қадамыңа әр ізгі.  
Талай шыңға талмай шыққан тарланға  
Бір биігі жетпей тұрған тәрізді.

Сезіміңнің өректіңін басар ма,  
Саралашы ой көзімен қияқты.  
Біреулерге көрінеді қашан да,  
Бір жеңісің артығырақ сияқты.

Кімге керек қам көңілдің шатағы,  
Болмашыға бола қанат талмасын.  
Кеуделерде өмір көшіп жатады,  
Бір кемдігі, бір артығы алмасып.

\* \* \*

Нәрестедей шала туып, шаранаға түншыққан,  
Шырылдайды шала шындық төбесіне күн шықпай.  
Көз байлаған қызыл-жасыл, көк мұнарды шұбатып,  
Маңайына жалған біткен үйірілер ұршықтай.

Еш кінәсіз шырғарды шындыққа ұқсас өтірік,  
Шыр айналтар ақ жаңқаны ағын судың нөпірі.  
Нағыз қаскөй жаладан да зияндылау, залалдау  
Болғанымен, көбікке ұқсас бетке шығар көпіріп.

Оңай оның иландырып, жүректерге даруы,  
Сондықтан да барып тұрған әккілердің қаруы.

Күн көреді жымысқылар жасауменен жоқтан бар,  
Білгендіктен біреулердің өтірікке зәруін.

Айта салар қыстырып жай астарына әзілдің,  
Дей бер сосын саққұлақтың сол көзіне жазылдым.  
Бейшаралар су шылаған шаладай боп бықсиды,  
Жүрген көптен көз алартып жайлауына жазыңның.

Шындыққа ұқсас өтірікпен шырмауықтай ораған,  
Ғайбат сөздер құмдақ жердің шағылындай бораған.  
Кезде... тексіз көзін жұмып сақ-сақ күліп тұрады,  
Жинап алып бар сайтанын адалдықты тонаған.

## МҰНАР КҮН

### I

Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Шалғайын шалған шынардың.  
Шаршатып бір күн шырғалаң,  
Шарт етіп мен де сынармын.

Сынармын мен де шарт етіп,  
Найзағай сынды жарқ етіп.  
Ниеті қара көк төбет  
Қарғадай қалар қарқ етіп.

Беттен бір алып бетсіздік,  
Тепеңдей берсе тексіздік.  
Төзімді тартып кетер-ау,  
Теңіздей түпсіз шексіздік.

## II

Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Тықсырсаң – түйіліп, тұнармын.  
Жүрегім жырға айналар  
Үніндей тауда ұлардың.

Қинама мені, сынама,  
Итерме иен жыраға.  
Бейкүнә жанға тас атып,  
Батарсың текке күнәға.

Орала берме аяққа,  
Жүтіре берме таяққа.  
Ойлама оңай аларға,  
Жүргенге тыныш, саяқтау.

## III

Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Мұнарсыз күнге құмармын.  
Бұқтыра берген биікке  
Жарқ етіп бір күн шығармын.

Білемін бәрін, білемін,  
Аспан түр әлі түнеріп.  
Қалай да қалай десек те,  
Қалмаған мәңгі күн өліп.

Кім қалай, мейлі, десе де,  
Жібермеу керек есе де.  
Жалғанның жина жарығын,  
Жанымды менің төсе де.

# КҮЙ ШЕРТЕДІ КӨҢІЛІҢ БАСҚА-БАСҚА...

«Comme il *fant*» ou «*je*  
*ne sons*» (франц.)<sup>1\*</sup>

## I

Өмір осы!  
Кей-кейде көңіл өсіп,  
Жыр болып төгілесің.  
Жеңіс-ту желбіреген  
Қырлардан көрінесің.

Баурауға асыққан ән,  
Дүние ғашық саған.  
Жүзіңнен нұр тамады,  
Жел желпіп жасытпаған.

Жаралған жер төсінен,  
Еркесі, серкесі сен.  
Асқақтап сөз айтасың,  
Қайырып келтесінен.

Баршаға ұнар бүгін,  
Күштарлық, құмарлығың.  
Сөз өтіп, көз тимейтін  
Өзісің тұмарлының.

Салсаң да қай тұсынан,  
Асығың – алшысынан.  
Несібе-үлесің тек  
Тиесі жалқысынан.

---

<sup>1</sup> «Бұйырғаны осы» немесе «Мен соның не екенін білмеймін!»

Ай өбіп, күн күлімдеп,  
Аймалар түндігіңнен.  
Бақ қонар басыңа кеп,  
Осындай бір күніңде.

Ұшасың қанаттанып,  
Минуттай – сағаттарың.  
Бәріне үлгересің,  
Тоқтамай тағат тауып.

Жүйрікке жолы болған,  
Дос та көп оң мен солдан.  
Ыңғайын қас-қабақтан  
Танитын тобы-қорған.

Бұл бір сәт бал айындай,  
Әлем-сән сарайындай.  
Толықсыр толған айдай,  
Жақсылар маңайында.

Өлшеме – аз деп, көп деп,  
Бұйырса мұндай көктем.  
Жұлдызды сәтің осы  
Арманға қолың жеткен.

## II

Өмір осы!  
Іштей бір егілесің,  
Кейде мұң селін кешіп.  
Жолыңа сәтсіздіктер  
Тікендей тегін өсіп.

Сүрініп сүрінбеске,  
Үзілер жібің ескен.

Тыңдайтын құлақтарға  
Жете алмай үнің өшкен.

Қарайсың дүниеге,  
Тазарып көзәйнегің.  
Көтерген күн иегін,  
Бұлдырлау боз ай ма едің.

Сезесің дос бағасын  
Сезімін сатпайтұғын.  
Қоштасын, қоштамасын,  
Тасадан атпайтұғын.

Биіктен жерге түсіп,  
Байқайсың пенде сырын.  
Бір күнде желге ұшып,  
Кешегі көл-көсірің.

Айналаң ұқса дейсің,  
Реніш ащылығын.  
Алдыңнан шықса дейсің  
Жасаған жақсылығың.

Үмітің үзілгенде,  
Батпаңдай батар жүгің.  
Жаныңмен сезінгенде  
Тағдырдың қаталдығын.

Сен үшін өмір-өзен  
Аумайды арнасынан.  
Қозғалмай темір-өзек,  
Жатады жалғасып ән.

Өзгеріп, құбылмайды  
Дүние реңі де.  
Бозторғай шырылдайды  
Ауыртып жүрегіңді.

Алдынан терезеңнің  
Қол бұлғар көш-керуен.  
Кепкені кенезеңнің  
Құтқармас көпке еруден.

Сол мезет сезіп ішің  
Тағдырдың алалығын.  
Ұяларсың кезің үшін  
Шырмаған шалалығың.

Жүргенде жан ауырып,  
Басыңа бақ қона алмай.  
Тік өту – ең ауыры,  
Төзімді таптап алмай.

Адамға мұң да керек,  
Көп жайды ұғу үшін.  
Асылды бұлдап ерек,  
Тазарып шығу үшін.

Ақиқат – бұл дүниеде  
Мәңгі емес ештеңе де.  
Кезегің бір күн тиер,  
Ерте... әлде кеш келе ме...



## ҚАЙРАН ТАҒ ДЫР

Қаталаған іздеп кәусар бұлағын  
Құла дүздің қарақұйрық құланы,  
Қара орманнан қара үзіп шықтың да,  
Қара шыңның қиясында құладың.  
Қара табыт – енді сенің тұрағың.

Сары атандай саржелісті сар бала,  
Жоқсың енді жағада да, жарда да.  
Сен аттанып кете бардың асығыс,  
Қайырылмай көп досыңа, жарға да.  
Тентек ұлды тәрк еткен арман-ай!

Аппақ әлем, ақ шуақ-ты аңсарың,  
Болдың ортақ қызығына қаншаның.  
Көңілі – көр, жүрегі жоқ жандарға  
Жан сырыңды жеткізе алмай шаршадың.  
Қайран жүрек көтерді екен қанша мұң!

Жоқтап жатыр жеткізбеген жағалау,  
Бұйырмаған бақ-орманын аралау.  
Жоқтап жатыр дала-дағы, тау-дағы,  
Өнердікі шыққан дауыс даралау.  
Қаза – хақ қой, қыршын ғұмыр обал-ау...

Сағым тірлік ұстатпайтын, тұрмайтын,  
Жақсылығын, жамандығын бұлдайтын  
Қалды кейін, кеттің шырқап биікке,  
Дүниеге рух боп қол бұлағайтын.  
Қанша зарлап іздегенмен – бұл да айқын.

Айқын, айқын, анық бәрі... бірақ та  
Соның бірі жетер емес құлаққа.  
Көңіл шіркін қайдан қисын ажалға,  
Қайта қонар тәрізді ол құр атқа...  
Қайран тағдыр жете алмаған мұратқа!

Қаталаған іздеп кәусар бұлағын  
Құла дүздің қарақұйрық құланы,  
Қара орманнан қара үзіп шықтың да,  
Қара шынның қиясында құладың.  
Қара жерде енді мәңгі тұрағың.

## СЕНЕМІН САҒАН, ЖАРЫҚ КҮН

Құдірет-қуат бар сенде  
Жеткізе алмас сөзбенен.  
Жаһанға жиып берсең де,  
Жартыкештігін сезбеген.

Нұрыңнан маздап тірлік-от,  
Өмір-көш өрге тартады.  
Тұтылсаң бәрі дүрлігіп,  
Мәйегін төзім сарқады.

Шуағыңа зәру баршасы:  
Адам да, құс та, жәндік те.  
Өнбесін мейлі қаншасы,  
Қай бойлық, қандай ендікте.

Сенімді бәрі сен барда,  
Ертеңге күліп қарайды.  
Жарығыңа жетер тең бар ма,  
Түнекті торға қамайды!

Керек сол құдірет-қуатың,  
Жалының керек шарпитын.  
Қулық-сұмдықты қуатың,  
Тексіздіктерді тарпитын.

Пейіліне енші адамның,  
Сәулеңмен сұлу сыналап.  
Тазарар жаны наданның,  
Тұратын сайтан сығалап.

Төзер ме төтен жалынға,  
Көрсоқырлық пен күйкілік.  
Терлігі түскен қалыңдау  
Топастық жатар үйтіліп.

Аластаушы еді отпенен,  
Ер түрік бабам ежелден.  
Ожарлық орғып өтпеген,  
Тағылық тағы тежелген.

Ішінде адам аласы,  
Нұрыңмен ғана жуарсың.  
Пәлекет, бәле-жаласын  
Қасиетіңменен қуарсың.

Жарық күн, саған сенемін,  
Сен барда өмір өшпейді.  
Адамның көркі, кемелім –  
Кісілік те кеміп, көшпейді.

# ЖАҢБЫРЛЫ КҮНГІ ЖЫРЛАР

## I

Құйшы сен, жаңбыр, тереземді ұрып сатырлап,  
Үйіріп қамшы ойнасын жасын шатырлап.  
Төңкеріп тастар шығарып астаң-кестеңін  
Жарылыс керек жүрекке-дағы, апыр-ау.

Жарылыс керек күл етер, қайта түлетер,  
Тоғышар тірлік жібекті-дағы жүн етер.  
Мимырттық пенен масылдық басса еңсеңді,  
Қанжығаң олжа не екенін білмей күн өтер.

Олжасыз күндер ойдағың болмай опынған,  
Тартады орға от ұрлап алау отыннан.  
Жалының сөнсе, жаныңның қашып жылуы,  
Нең артық сенің терлікке ұстар тоқымнан.

Көшірмей күнді кеудеңе қуат нұр берген,  
Алшаңдап басып, адымдап алға жүр бермен.  
Қамала берсең кешусіз ойға, еңсеңе  
Қапысыз қонар қасірет атты сұр мерген.

Жолбарыс тағдыр жасынға тосып жотаңды,  
Найзағай тілген наркескен ойдан от алғын.  
Ойнама ез боп, осалдық саған жараспас,  
Өртеңде өскен, өр ұлы болсаң Отанның.

Төге бер, жаңбыр, Тәңірінің суы – зәмзәмы,  
Толтырып нұрға бойымды, барша ағзаны.  
Тірліктің-дағы тынысы жаңа ашылсын,  
Тазарып бәрі, дүниенің мына жан-жағы.

## II

Далада – жаңбыр... көңілде сыз бар,  
Шаншиды жүрек, шаншиды сыздап.  
Жетер ме шамаң кетерге аман,  
Қайраттың оты кеудеңде қызған.

Не болды, жаным, не болды саған,  
Қысылып жүрсің қиналып жаман.  
Мен бе екен жалғыз жалаңаш қалған,  
Өтінде мына өзгерген заман.

Қолынан келсе, қоныштан басар,  
Туды ғой күні арсыздың асар.  
Аялап арың, ақылын сауған,  
Адамы ойдың қалайша жасар.

Төгеді жаңбыр, төгеді, шіркін,  
Мұңайған аспан қабағын сілкіп.  
Нөсері жырдың әйнегін шайып,  
Тазарар ма екен жаным да бір күн.

Секіріп, билеп құя бер, жаңбыр,  
Екпінмен ерен жүректі жандыр.  
Құмарым сен де, құлағым сенде,  
Керегі жоқ қазір басқаша ән-жыр.

Сезімнің құлпын сен аштың жұлқып,  
Серперсің мүмкін сергелдең бұлтын.  
Мазамды алды, маңыған ойдың  
Қоңыр бір бояу кетіріп сұрқын.

## КЕЗЕКТЕ

Заман емес, адам ренжітеді.

*А. Иүгінеки*

Знаешь, в чем горе твое, Котта? Без горе живешь.

*Марциал*

Құлқын билік осы болар көнсең-дағы, көнбесең,  
Құтылмайсың құрығынан пенделікке шөлдесең.  
Шар-шар етіп шаңқылдап тұр көзәйнекті бір кәззап,  
«Жібермеңдер... өрем қапсын... кетер дейсің өлсе нең...».

«Сайқалын-ай шімірікпес...» деп күйеді қияқ мұрт,  
Қаралы әйел қойнынан жаңа шыққан сияқты.  
Қағып қалды кеудесінен құр сұлдерін сүйреген,  
Бір көрмеге сырбаз жігіт сырып қойып ұятты.

Құлағыңды тас қып бітеп, көзіңді де жұм, мейлі,  
Айуандық... адамшылық заңы мұнда жүрмейді.  
Қасіретін қайтсін жанның арысынан айырылған,  
Маска киген мына тобыр мүсіркеуді білмейді.

Қаралы әйел үшінші рет беттемеді кезекке,  
Қарғыс айтып құдайына ел алдында ез еткен.  
Көп шуылдақ қала берді кесек атып артынан,  
Қу құлқынның қара құлпын көк төбеттей күзеткен.

Кім біледі заманда ма, адамда ма бар айып,  
Бөшкедегі сүт те бүгін кеткен болар қарайып.  
Қара бет боп қалқайғанша қара терек түбінде  
Қара тобыр жұтпай тұрып, көршім, біз де тарайық.

## ЖАНҚАЙРАҚ

Я – лишь рисунок, сделанный пером в лоскуте  
пергамента: я брошен в огонь и корчусь...

*У. Шекспир*

Өшкен от, көшкен селдің табанында,  
Бауырыңды басып мына, ана қырға.  
Естіртпей өксігіңді дөңбекши бер,  
Бұралып бит өлгенше талағыңда.

Өкпелеп, кінәлама сен ешкімді.  
Тағдырың талайлармен теңестірді.  
Жақынын жартасқа жар білесің ғой,  
Сай-сала, жетелейді белес-қырды.

Іңкәрсің жарық дүние, биік күнге,  
Іздейсің құралайын киіктің де.  
Лайық мәрттікке де мінез керек,  
Өтерсің өр басыңды иіп кімге?

Жасыма жалыныңа су себелеп,  
Көшеді сай-салаға қуса ебелек.  
Сынығын сом алтынның тот баспайды,  
Танытып тағы шырқа тусаң ерек.

## КӨЛГІРЛІК

Жүрген жаңдай айладан екі қоржын арқалап,  
Бұлтың-бұлтың сөздері, ойлары да – сан тарап.  
Жұрт алдында мүләйім, оңашада отырып  
Жау іздейді жан-жақтан екі көзі қанталап.

Шиыр-шиыр шырғалаң сөздерінің астары,  
Ширатасың шындығын әрең жата-жастанып.  
Бір басына жетерлік алса да үлес тірлікте,  
Басындағы бағын ол қызғанады басқаның.

Болмаса да іште нәр, сыртқы сипат түр-түрлі,  
Жалпақ беті жасырар сұрқиясын күлкінің.  
Шын бейнесі қырық кез шыңырауда жатады,  
Тану қиын түсінен көлгірлерді бұл күнгі.

Табиғатпен тел өскен сен әлі де баласың,  
Қайран елім, соларға көзіңді ашып қарашы.  
Жалпаңдаған жардағы жарқанатты сұңқар деп,  
Қорқатыным: бір күні текке алданып қаласың...

### МЕЙІРІМ КЕРЕК...

Табиғат-ана толқиды Күнге еркелеп,  
Алатау жаққа аттанған бүгін ертелеп.  
Ауа екеш ауа тұншығып қалған тәрізді,  
Жиһанды мына желпитін самал жел керек.

Мәрттікке куә мұратты көптен мезет нақ –  
Мұзартқа сонау ұмтылған қыран өжет-ақ!  
Адамды қысқан аштырмай адым бұғау сап,  
Түсінбестіктерді де күлларша ету қажет-ақ.

Айт бүгін, бауырым, айтып қал барлық өкпеңді,  
Бүгін бір ғажап арылу күні көктемгі.  
Жазылып бойың, жаңғырып жаның нұрлансың,  
Шаша бер сыртқа шер болып ішке шөккенді.



Айта бер, бауырым, сырғысын сырдың тиегі,  
Бүгін бір ғазиз кешірім күні киелі...  
Мейірім керек, пейілге зәру бұл заман,  
Адалдық тұрса, адамдық басын иеді.

Жаратқан ием бұйыртқан рахым, шуағы,  
Айт күні барлық көңілдің кірін жуады.  
Сен де сен соған, сенім – бір сиқыр сәуле ғой,  
Санаңды сілкір, сәбише күтсең қуанып.

Көрейік, қане, биіктеп күйкі тірліктен,  
Қолбайлау болар ірі емес бірі бірліктен.  
Ізгілік қонар, ізетті жанға іш тартып,  
Жақсылық қашпас түтіні түзу түндіктен.

\* \* \*

Қалай тірлік, хал қалай, жағдайың...  
Сонау белде қалды ма сарыуайым.  
Әрнемені еске сап кінәласар,  
Жан емеспін жел сөзден оғы дайын,  
Салып жара жаныңа не қылайын.

Қара орманның қағылез шілігісің,  
Кете алдың ба қияға кірігісіп.  
Заман қанша зауалын төксе-дағы,  
Тірілігін жасайды тірі кісі,  
Ірілігін жасайды ірі кісі.

Бұрынғыдай, – дейсің бе, – бұрынғыдай,  
Төмен қарай қоймаушы ең бұрын бұлай.  
Қыз алдында тұрғандай қызараңдап,  
Құбылғанын көрмеп ем түрің былай.  
Жүрегіңнің пердесі сырылды ма-ай.

Сезім суып, сенімің алданды ма,  
Ақ көңілің айламен арбалды ма.  
Табалағым келмейді, табалағым,  
Мойныма қарыз ғып алман күнә,  
Онсыз-дағы опасыз жалған мына.

## МАЗАҢДАУ БІР КҮЙ

Құла бір кештің құладыны ұшып,  
Қоюлау бояу басқанда.  
Тылсымды түгел түн-ару құшып,  
Аққанда жұлдыз аспанда.

Мазандау бір күй мазамды алып,  
Миығынан күле берген соң.  
Нем бар деп сонша таза мұңданып,  
Көңілге қайсар ергем шын.

Көшеге шығып, тұрып сәл тоқтап,  
Сүңгідім суық құшаққа.  
Қызыл да жасыл жарқырақ оттар  
Жатқандай жанды пышақтап.

Жарнама тілі жалындай орап,  
Тартады басқа әлемге.  
Тұрғандай билеп зат толы қорап,  
Ақшаны қосқан өлеңге.

Саудагер қолдар сумаңдап тартып,  
Ойнайды қағып қалтаны.  
Сілкілеп жатыр сезімді артық,  
Батыра сілтеп балтаны.

Тымырайған қандай тымырсық қала,  
Жарығы көп те, жылуы жоқ.  
Изейді басын ыңырсып қана,  
Самарқау күйде: сұлу, тоқ.

## ТЕМІР ЕСІК

Кілтi көп есік көрдiм темір шекпен,  
Бізғары кетер өтiп шеміршектен.  
Шынжыр бау,  
Шыны көзі тағы да бар,  
Барады болып қымбат өмiр неткен.

Аз десең арс-арс еткен итi де бар,  
Кеудесi алпамсадай, күйтi де нар.  
Бұл үйге түспек болған ұрыны да  
Үрейдiң оты қарып, үйтiп алар.

Үй емес, жау алмайтын қамал мынау,  
(Табады-ау адам, шiркiн, амалды да-ау.)  
Құсты емес,  
Кiсiнi ұстар темiр торда  
Ғадетiң қайдан келген жаман мынау.

## СӨЗ

Сөз – құдірет!  
Сөз – қуаныш... сөз – қайғы...  
Сөз сұлуы әрі тайып, тозбайды.  
Бағы жанып Сертке айналған кезінде,  
Бақытыңды қолға ұстата жаздайды.

Семсерге емес, сөзге тоқтап дүйім ел,  
Сөз қадірін білмегенге шүйілген.  
Қорлап басын сөйлемеген Ер екі,  
Қарамастан зауалыңа түйілген.

«Айтылған сөз – атылған оқ» деп бұрын  
Қиналыпты қай-қайсы да тектінің.  
Сөз-қамшыны үйіреді, ал, бүгін  
Шолтаңдаған құйрығындай ешкінің.

Сертке лайық сөз таматын тілінен,  
Дуалы ауыз қалмаған ба шынымен.  
Кәдеге аспас көбік сөздің қалтақбас  
Шошынасың шыр жұқпайтын түрінен.

Балбұлақтар бастау көзін тапса ағар,  
Талайлылар тәж көтеріп, тақ соғар.  
«Жақсы сөзді – жарым ырыс» деп жүрсем,  
Жер бауырлап жатып қалды пәтшағар.

Қадірсіздеу қалтарыста қалған бөз,  
Аңғармайды алау қарып талған көз.  
Айтылғанда ай туғандай әсерлі  
Аяқасты жатыр, әне, арман-сөз.

Бұлтың етіп бұрып алар бетін тез,  
Шырқ үйірер шырғалаңның шетін сез.  
Иесін де, киесін де ұмытқан  
Желге ұшты жыламсырап жетім сөз.

Желге ұшты... тағы үзілді бір түйін,  
Бар ықылас, бар пейілің – бір тиын.  
Пендешілік пердесінен тартқылап,  
Аш өзекте аунақшиды жыр-құйын.

Өтер бәрі... өрттей оқыс сезім де,  
Мір оғындай мұң қалдырып көзіңде.  
Жасын түскен жайлауында сенімнің  
Аңырайды бошалаған бозінген...

Сай-сүйекті сырқыратып бозінген,  
Құн сұрайды кімнің құнсыз сөзінен?  
...Тыпырлайды жүрек сыймай кеудеге,  
Жан қысылып, жаңқаланған төзімнен.

Сөз – құдірет! Сөз киелі, сөз – ерек,  
Көтермейді жасауды сарт-мезірет.  
Көзі күлген күлбілте сөз естісең,  
Уыт алмай ұмыт сен де тезірек.

## ЖАРАЛЫ КЕПТЕР

Көгершіндер, көрерсіңдер...

**М. Мақатаев**

Жаралы кептер шық түсті  
Ауламызда жүр еді.  
Ұмтылды да...  
Бүк түсті,  
Ауырғандай жүрегі.

Қалды шіркін шаң қауып,  
Ілесе алмай шымшыққа.  
Аспан еді – аңсауы  
Көкейінде тұншыққан.

Қауырсынын сүйретіп,  
Қайта тұрды қалбаңдап.  
Өзін-өзі үйретіп,  
Жүгіреді далбаңдап.

Кейде маңғаз жүрісі,  
Кердең-кердең басады.  
Бірақ бәрі құрысын...  
Қалай ғана тасады?

Кімге керек жердегі  
Кербездігі, паңдығы.  
Тастағанды тергені,  
Аунағаны шаң қылып.

Самғау үшін жаралған  
Киелі құс емес пе.  
Шыныменен бар арман  
Айналмақ па елеске?!

Қанатынан қайырған  
Қандай жауыз екен-ай?!.  
Аспанынан айырған  
Аярға серт жетер ме-ай?!.

\* \* \*

Пеңде боп жаралған соң сүйек-еттен,  
Көкірек, көңіл қалса, күйеді ептеп.  
Жар-толқын жағалауға соғып жатыр,  
Төзімнің тас қамалын жиек еткен.

Мүжиді маңғаз шыңды масыл көбік,  
Жасықтың дегеніне асыл көніп.  
Мұң көрсе қабағынан, алақайлап  
Тектіні табалайды тасыр төніп.

Қас-қабат кірбің шалған жайған бір сыр,  
Жүректің түкпірінен тайған тылсым.  
Пенденің пенделігін ұға алмаған  
Адамның адамдығын қайдан білсін?!

\* \* \*

Құбыламалы мінезі  
Уақыттың да, күннің де.  
Он өзгерер бір сөзі  
Тұрлауы жоқ тілдің де.  
Айналайын адамдар,  
Құпиясын білдің бе?

Жел өтінде тұрғандай,  
Панасы жоқ ықтың да.  
Бел тұтқанмен бір қандай,  
Қала бердің, бұқтың да.  
Айналайын адамдар,  
Сырын соның ұқтың ба?

Еңкейгені бір бұлақ  
Естінің де, ездің де.  
Жолында жұрт жүр құлап  
Алтынның да, жездің де.  
Айналайын адамдар,  
Жайын соның сездің бе?

Жел жұлады жапырағын,  
Теректің де, талдың да,  
Тентек бота тапырағын  
Басар нардың алдында.  
Айналайын адамдар,  
Содан сабақ алдың ба?

Ілері көп көңілдің –  
Қыран етіп баптасаң.  
Сауалы көп өмірдің –  
Соғар аяқ аттасаң.  
Кілті бірақ қолында –  
Кісілікті сақтасаң.

\* \* \*

Жол түсіп тұр жарқырап,  
Қуаныш бар жақында.  
Арғымағың арқырап,  
Елден озып атыламақ.

Дейсің маған, балгерім,  
Құмалақты шиырып:  
«Олжа түсті, әй, керім,  
Несіп етсін бұйырып».

Жоқты-барды үйетін,  
Көрінуші ең көреген.  
Жақсы екен ниетің,  
Қолың неткен береген.

Тұр ма әлде сыбырлап,  
Құлағыңа періште.  
Жатқаннан соң нығарлап,  
Жорымадым теріске.

Көңілімді шынымен  
Көтеріп-ақ тастадың.  
Білем бос сөз құны не,  
Келмейді айырбастағым.



## ДЕРТ

Бұру шықса – ру шығады.

*М. Қашқари*

Дворяне – все родня друг другу.

*А. Блок*

Біреулердің таласы  
Баяғы «ру», «жүз» дейді.  
Әр ауылдың баласы  
Өз ағасын іздейді.

Тасып жүрген  
Дәмдінің  
Қалқып ішіп қаймағын,  
Маңайында әлдінің  
Түгел ауыл-аймағы.

Қалмай, қимай еретін  
Жоқ па дерттің дауасы.  
Қанша улай береді  
Қазағымның ауасын.

Болар шегі әрненің,  
Айналмасын барып тым:  
Білместігі пенденің  
Қасіретіне халықтың.

Қалай бөліп, қуса да,  
Бөлінбейді бұл қазақ.  
Қай тұстықта туса да,  
Бар қазағым – бір қазақ!

Күз келді тағы  
 Сағыныштарымды оятып,  
 Бір ынтық сезімге қазықша байлап қоятын.  
 Тау жақтан соққан самалға тосып кеудемді,  
 Іздеймін содан ынтызар көңіл тоятын.

Қараймын қырға  
 Талдырып ұзақ жанарды,  
 Бір сәлем құстың қанатынан алып қалармын...  
 Теңіздің шуы жетеді талып құлаққа,  
 Мен содан, мүмкін, жаныма дауа табармын?!

Жап-жасыл әлем,  
 Көшелер күліп қараған,  
 Санамда сыздап сарғыштау тартып бара ма!?  
 Сары ала егін, сары бел,  
   сарғыш жапырақ,  
 Тап сондай тіпті бойжеткен шашы тараған.

Күрсінді біреу...  
 Қоштасып жасыл бояумен,  
 Қарадым оған түсінбей...  
   әрі аяумен,  
 Жаралап жанын сендірді-ау біреу бейбақты,  
 Сары деп түсі көңілге түсер қаяудың.

Білмейді-ау бейбақ...  
 Сағыныш сары екенін,  
 Өзекті өртеп от болып шарпып өтерін.  
 Сары нұр шапақ тұрарын сонау аспанда  
 Алақанға салып күнді де биік көтеріп.

Белгісі сары –  
Жетілу, пісу, толудың...  
Көктемде қайта тірілу үшін солудың.  
Құшағына алып,  
әлдилеп жасыл әлемді,  
Суықтан қорғап, тірлікке қамқор болудың.

Белгісі сары – береке, байлық, кеңдіктің,  
(Уайым жайлы ойлама, жаным, сен тіпті.)  
Табиғат-ана жымыды алып бір ұшын  
Күз болып белге оралған алтын белдіктің.

\* \* \*

Айналам – атырап бар,  
Шашылған жапырақтар.  
Жел соқса, сай қуалап  
Жөңкиді тапырақтап.

Дөңгелеп алтын теңге,  
Тағы бір шықты белге.  
Уыстап алып одан  
Сыйласам ба екен елге.

\* \* \*

Сезімі жоқ содыр-ау,  
Безілдейді қоңырау.  
Үйгіп жатыр жүректі  
От шарпыған омырау.

Найзадайын шанышқан,  
Суыт хабар алыстан  
Тағы жетті... Тағдыр-ай!..  
Өмір... өлім... алысқан.

Отырасың алаңдап,  
Жамандық көп жаланған.  
О, құдірет!  
Пендеңді  
Сақта пәле-жалаңнан.

\* \* \*

Қамықпа, қызынба да, асыл аға,  
Бұдан да қиын кезде жасымағам.  
Жаниды жігерімді – жан отымды  
Жалт еткен найзағайдай жасын ағын.

Сезбейсің соғар сәтін сойылдардың,  
Албыртсың, асаусың де – мойындармын.  
Күпірлік болар білу бар тәртібін,  
Адамдар ойлап тапқан ойындардың.

Жаным бір жөнсіздікке түршігіп тек,  
Қоямын кей-кейде рас күрсініп те.  
Басына азаматтың нелер келіп,  
Не кетпес дейсің мына тіршілікте.

Бәрі де болар ұмыт – өтер-кетер,  
Көктем бар қыстан кейін... жаз да жетер.  
Тағдыр – хақ, табиғат – бір, талант – анық,  
Өзгенің өзеуреген бәрі бекер.

Сенгейсің, асыл аға, жалыныма,  
Сөнбейтін анау-мынау дауылыңа.  
Мен енді тасқын болып тулап ағам,  
Құлақ түр өмір-өзен сарынына.

Қанаты қыран ойдың қиырмайды,  
Қуаныш дастарханы жиылмайды.  
Кеудемді тосып өмір самалына,  
Қапысыз хас жүйріктей құйындаймын.

Жол ұзақ бап сыналар, бақ сыналар,  
Жолығар жаман да бар, жақсы да бар.  
Құдайдың көзі түзу болғайды де,  
Үкілі үмітіңді тақ сыналап.

Тәңірден асқан ешкім мерген емес,  
Қиянат біреуге опа берген емес.  
Жан аға, жаралама жүрегiңді,  
Жақсылар жамандықты терген емес.

\* \* \*

Заман жүгін көтеріп бірме-бірде,  
Өмір көші барады ілгерілеп.  
Мен де келем сол көштің қатарында,  
Кәделеумен келешек күндерімді.

Әлемді де адамға ғашық әлі,  
Әлдилейді арманның асыл әні.  
Жастығымның жауһарын жанға дәру  
Жанарына бір құрбым жасырады.

Кім билейді қайырылмас уақытыңды,  
Кім бағалар бойдағы жақұтыңды.  
Мен әйтеуір иілем бір-ақ рет  
Тізе бүгіп алдында бақытымның.



---

*Тербеледі  
ой-бесік*



## ТЕРБЕЛЕДІ ОЙ-БЕСІК

Жалғыздың іші қар,  
Бұлыңғыр айналам.  
Қияға ұшырар  
Қанаттай ой маған.

Еске сап әрнені,  
Билейді күй түрлі.  
Өткен күн өрнегі  
Сүйкімді, сиқырлы.

Бәрі есте, жадымда,  
Ұмыту мүмкін бе.  
Біз сүйген, сағынған  
Қыздар жоқ бұл күнде.

Періште көңімен  
Кімдерді аңсадық.  
Өмірде өрілген  
Қызықтар қаншалық?!

Ой кешсең өткенге,  
Оралар тәтті мұң,  
Қуып бір жеткендей  
Алаңсыз шат күнің.

Өкініш, өкпесі –  
Өзінше бір сезім.  
Қасымнан кетпесін  
Қайырлы жыр кезім.

Сағынар сәтің көп,  
Аңғал күн, албырт шақ.  
Шарпиды сезім-от,  
Жанымды жаңғыртсам.

Тербелді ой-бесік,  
Тербеді тәтті мұң.  
Самалмен ілесіп  
Келгендей пәктігің.

\* \* \*

Айтатұғын бір тілегім бар саған,  
Досым, босқа бүлінбегін, шаршама.  
Айдыныңа аққу құсың аңсаған  
Қонбады деп шақырсаң да қаншама.

Сезіміңе елден ерек теңселме,  
Ғашық болған, асық болған тек сен бе.  
Қарамас қыз  
Қарағысы келмесе,  
Жүрегіңді қолыңа алып келсең де.

Сабыр етші,  
Сабаңа түс аз ғана.  
Беті қайтқан бір сенбісің, бозбала,  
Зарласаң да, зорласаң да көнбейтін,  
Махаббаттың өз заңы бар жазбаған.



Көнбеді деп  
Құрығыңа тастаған.  
Жас сұлудың жалын-отын жасқама.  
Өзге аспаннан іздеп жүр ол жұлдызын,  
Сен табарсың бақытыңды басқадан.

Қайталанбас күйдей тұңғыш сезімің,  
Қарашығы бейне көңіл көзінің.  
Қашан болса  
қимас күндер белгісін  
Еске аларсың ет-жүрегің езіліп.

Сол сезіммен бейкүнә-пәк биіксің.  
Ұмытылар кермек дәмі күйіктің.  
Жұлдызына қолы жеткен шақта да,  
Сағынады сені әлі сүйіктің.

\* \* \*

Жастығың сияқты еді кіл тойдағы ән,  
Кілт етіп үзілер деп кім ойлаған.  
Кім білген...  
Отызға да жетпейді деп,  
Туған күн достарыңмен бір тойлаған.

Сезініп тағдырдың да қаталдығын,  
Көтердің зіл батпандай батар жүгін.  
Мен қазір қиналамын... Қызығамын,  
Екі дос бара жатса қатар күліп.

Достар бар, бірақ сенің орның басқа,  
көруші ем суық соқса, тоңдырмастай.  
Жүруші ек сыр жасырмай... Үнсіз ұғып,  
Еш кіршік көңілдерге қондырмастан.

Тылымын тіршіліктің тамашалап,  
Әңгіме шертетінбіз сала-сала.  
Ал енді аттанарда... Қыз-жігіттей:  
«Хат жаз, – деп жатушы едік, – бара сала».

Жан едің айнасындай адалдықтың,  
Пір тұтқан кісілікті, адамдықты.  
Мен қалай ұмытайын...  
Мәрттігіңді,  
Қимайтын қасыңа да жамандықты.

Жан досым,  
        бәрі де есте,  
                бәрі де есте,  
Жаз-дәурен сағыныштан жалын ескен.  
Басында қабіріңнің гүл өсіп тұр,  
Өзегін туған жердің жарып өскен.

\* \* \*

Каждого влечет его страсть.  
*Вергилий*

Жақұт жанар жарқырайды  
Ақ нұрындай алтын айдың.  
Мен өзіңе табынамын,  
Ұмытам да бар құдайды.

Көп сөзбенен қозғамай сыр,  
Кейде әсем назданасың.  
Мен қуанам,  
Көкейіме  
Оралғандай жазбаған жыр.

Сол мезетте-ақ өзгерердей,  
Ренжисің сөзге келмей.  
Бірақ, сәулем,  
Сонда-дағы  
Емессің сен өзгелердей.

## СӨТ

Жүзіңді өртеп отты алау,  
Қиялың қырға тоқтамай.  
Шалқыған мұндай сәттерде  
Көңілді қайда ноқталау.

Жаңарып арман-әлемің,  
Тербей ме тың ой әуені.  
Күлкінмен бірге бөлмеге,  
Келе жатқандай таң еніп.

Қуаныштың құсын ұшыра,  
Қарайсың жайнап, тұшына.  
Кеткен бе сыйып бар бақыт  
Бетіңнің мына ұшына.

Қозғалма, сәулем, бұзбағын,  
Қалпыңды мына құздағы.  
Көзіңде сенің – ақ шуақ,  
Жанымда менің – жүз жалын.

## БОЙТҰМАРЫМ ШЫҒАРСЫҢ...

Ақ көйлекті ақ қайың,  
Сырласым ең жастайын.  
Қалғаның ба танымай,  
Жатырқайсың жаттайын.

Күттің бе көп сарылып,  
Мен де келем сағынып.  
Құмарымнан шығайын,  
Алдыңда бір арылып.

Таусылды ғой төзім шын,  
Тербеледі сезім-шың.  
Туған жерге байлаған,  
Орамалым – өзіңсің.

Сезіміме – сыңарсың,  
Жүрегімде шынарсың.  
Қайың емес, осы сен  
Бойтұмарым шығарсың.

## ТУҒАН АУЫЛ

Жолдардан алыс оралып, аңсаумен саған келгенде,  
Сағыныш есіп тұрады сағымды сары белден де.  
Тұрғандай мені шақырып алаңсыз сәби шақтарымы,  
Тасаңнан әрбір көлбеңдеп.

Келерде саған қуанып, шаттыққа ерен берілем,  
Жеткенде саған жасап бір, ойлардан ауыр серпілем.  
Ескерткіш қажет болса егер, өзіңе арнап соғар ем  
Сағыныштарымынан тегі мен.

Жаңбырда болсын, желде де желбіреп жасыл жейдесі,  
Жаутаңдай қарап жол жаққа күтетін анам бейнесі.  
Анамдай ыстық құшақты, анамдай менің бауырмал  
Сен бе деп қалам кейде осы.

\* \* \*

Түсіну қиын жанымды,  
Білемін, сәулем, білемін.  
Жатады жайып барымды  
Мазасыздау жүрегім.

Кейде бір тәтті ұйқыдан  
Сәтті ұйқас тауып оянам,  
Баураса әсем сиқыр ән,  
Басқаны жиып қоя алам.

Мәз болып жүрем кейде мен,  
Төгіліп сәл-пәл шаттыққа.  
Дауасын таппай сенделем,  
Көңілдің кейде аптыққан.

Бірқында кетіп сезімнің,  
Шағым көп шалқып-тасыған.  
Мұңайтып та алам өзіңді  
Кейде-кейде, несін жасырам.

Түсіну қиын жанымды,  
Білемін, сәулем, білемін.  
Мінезім менің ағынды,  
Мазасыздау да жүрегім.

Бірақ сен одан үрікпе,  
Күй кешкен мұндай бір біз бе?

Қуаныш, күдік, сенімнен  
Өмірді жасап жүрміз ғой.

## АНА ЖҮРЕГІ

Талпынып арман шыңына, шығарда алғаш жолға алыс,  
Сен қалдың, ана, ақ тілеп, жүзінде – үлкен толғаныс.  
Тұрғандай болдың ұсынып, біреуін өмір сынына  
Балауса гүлдің қолдағы үш.

«Шыдар ма екен бұл сынға» деген ой көңіл жаншиды,  
Күдік пен сенім аралас жүзінде сұрау сан қилы.  
«Мақсат пен бақыт өмірде күреспен ғана келеді,  
Аңсаған арман шыңында жұлдызы биік жанса игі».

Сендегі сол бір көп сырды аттандым іштей ұғынып,  
Қимастық сазы мөлдіреп, жанарыңда тұрды тығылып.  
Босатпай көңілін ұлыңның дегенмен қанша шыдайын,  
Көзінде тамшы жас көрдім қараған сәтте бұрылып.

Қимадың ба әлде ұлыңды шуына барар қаланың,  
Неге сен, ана, сол сәтте қиыла маған қарадың.  
Жанарда қалған жалғыз шық сағыныш екен білмеппін,  
Жас болып ана көзінен жүрегіне түскен баланың.  
Ауыратынын осылай жүрегі ғана ананың.

\* \* \*

Көктем келіп қалыпты-ау қаламызға,  
Шат-шадыман қартың да, баламыз да.  
Аула толып сүйкімді сәбилерге,  
Көркем тартқан көршіміз – қара қыз да.

Болғанбыз ба біз бұрын талғамсыздау,  
Бойжеткенін байқамай қалғанбыз ба-ау.  
Әлде көктем нұры ма сиқырлаған,  
Айналдырып әп-сәтте арман қызға.

Жігіт біткен жасанған бәрі салдай,  
Қиялың да қалады жарыса алмай.  
Тәрізді бүкіл қала бір-ақ күнде  
Сұлулық өнерінен дәріс алған.

Байлығын бойындағы басып қалмай,  
Табиғат жатыр, шіркін, тасып қандай.  
Бейтаныс аға-жеңге жымияды,  
Айтуға ақ тілегін асыққандай.

Бәрін де көңіл ұғып, көз көреді,  
Қаламның бүгін тіпті өзге реңі.  
Көше бойлап барады көктем-ағын,  
Ілестіріп соңынан өзгелерді.

Көктем-ағын барады көше бойлап,  
Думанменен жібермес есе тойға.  
Қалай ғана бөлмемде отырғанмын...  
Көңілде де сан түрлі көшеді ойлар.

## ЕСЕНТАЙ

Сылдырыңнан сыңғырлы  
Жанға дауа, жай табам.  
Әуеніңді мың сырлы  
Әлдиім деп айта алам.

Қанбас құмар көсілмей,  
Тапсын көңіл десең жай.  
Еркелеген Есілдей  
Еркін есіл, Есентай.

\* \* \*

Төніп бір өтті-ау қара бұлт,  
Төгіп бір өтті-ау сел жаңбыр.  
Табиғат сұлу таранып,  
Еңсесі өсіп ел қалды.

Ауылда бүгін салтанат,  
Ауылда бүгін думан-тын.  
Арманды аппақ алқалап,  
Жаңа бір ошақ туған күн.

Жауған жоқ жаңбыр жайдан-жай,  
Ананың ақ қой тілегі.  
Жарқ ете түскен найзағай  
Шаттықтың болар жүрегі.

## ТҮС ЖОРУ

Алып шықтым дедің де от ішінен орамал,  
Түнде көрген түсіңе айттың өзің жорамал:  
«Ақ орамал, ардағым, сенің таза көңілің.  
Отта қалды жамандық, жел сөз алды ораған».

Қорғап бәле-жаладан аластап жүр От-ана,  
Жан еді деп ұмтылған жел өтіне, жотаға.  
Ата-баба аруағы желеп-жебеп жатыр ма,  
Көз тимесін дейді ғой көзге түсер ботама.



Аққа жұғар қараны жалын болып шарпыған,  
Алау жайлы артық сөз айтуға да тартынам.  
Оттан алған орамал өңдегідей есімде,  
Есімде жоқ түсіме не кіргені артынан».

Сен бітірдің сөзінді, мен айтпақ боп оқталып,  
Жеткізсем деп қалай дөп, қалдым бірақ тоқталып.  
Өңің түгіл, түсіңде шырылдайсың мен үшін,  
Алақанмен от көсеп, табаныңды шоқ қарып.

Танытқан ба оң қабақ, іш тартқан ба тағдырым,  
Менікімен арнаға бір тоғысты тағдырың.  
Оттан алған орамал – біздің аппақ арымыз,  
Желпіп өтті көңілді самал болып жан нұрың.

## АПА

Көп болды кеткеніңе ауылға, апа,  
Күтіп ем күз келер деп жауындата.  
Хабарсыз жатсың әлі... қаңтар туды,  
Қысқы жол қозғалуға ауыр ма, апа.

Баса алмай жүр ме екенсің мауқыңды әлі,  
Түсіңе енбейді ме тау шыңдары,  
Жүрегің сезбеді ме Күн санаумен  
тағаты немереңнің таусылғанын.

Мен оны жұбатайын енді қайтіп,  
Сен үшін ертегіңді бердім айтып.  
Көңілің сескене ме  
Қайран елге  
Бір кетсең оралмастай енді қайтып.

Білемін – жаның сенің сол далада,  
Парыздай шақырғанмен жол қалаға.  
Кезінде ойламадық дегенді де,  
Анама осы тірлік қол бола ма.

Ұмтылдық құлаш сермеп қияндарға,  
Көтерді қанат бітіп қиялдарға.  
Балаңа бар жақсыны тілегенмен,  
Жүрсің-ау сол әлемге сыя алмай-да!..

## ЛӘЗЗАТҚА

Қалада туған қыр қызы,  
Далаға қара, далаға.  
Гүлдері мына қырмызы  
Жаныңды баурап бара ма?

Аққуы – ынтық зәруің,  
Айдын көл төсін саялар.  
Ақ қайың атты аруын  
Сырласың санап, аяла.

Сыңғырлай аққан сәнімен  
Қандыршы сусын бұлақтан.  
Бой жазып бұлбұл әнімен,  
Көкорай қырға құлап та ал.

Көкорай қырға құлап та ал,  
Сіміріп жусан әтірін.  
Қорықпай отыр құр атқа,  
Қорқақтау менің батырым.

Шашыңнан сипап самалы,  
Саналы қызын аялар.  
Сағымы жылжып барады,  
Сағынған кісі ой алар.

Ақ көңіл мына көр жұртты,  
Айнымас туған анадан.  
Мәрттікті, жомарт кеңдікті  
Алғайсың, балам, даладан.

Қартымен амандасайын,  
Әдептен кетпей жаңылып.  
Өзегім өртін басайын,  
Өзім де қаппын сағынып.

## БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА ХАТ

Көз алдымда қала берді аунап қыр,  
Шақырғанда алыс сапар аулақ бір.  
Қырда қалған қырмызы шақ – қимасым,  
Жүрегімді алған ерте жаулап кіл.

Базары мол балалығым, бал қылық.  
Қош деген жоқ әлі маған мәңгілік.  
Естіледі сол күндердің дүбірі  
Досым жазған хаттардан да жаңғырып.

Қалған алыс асыл дәурен мен үшін  
Елестейді болып өңкей келісім.  
Жүрдік талай табиғаттың өзімен  
Қуаныштың бал шарабын бөлісіп.

Аңғармаппыз – қайталанбас сол көктем,  
Екен біздің ауламыздан сонда өткен.  
Жол беріңдер мен келем деп ержетіп,  
Жымиғанда жас нәресте жөргекте.

Қылығы көп қимайтұғын баланың,  
Кейде оны мінезімнен табамын.  
Ақ қайыңды ауылға да жылда бір  
Аңқылдаған ақсары ұл боп барамын.

Тәтті күндер сағынатын қосыла,  
Тастап бізді көшті қайда жосыла.  
Бірге іздейік орман, көлден, даладан,  
Ертең ұшам – Елтіңжалдан тосып ал.

## САБАҚ

Тәртіп-ті қатал: терісті тегіске жайып таратпау,  
Тентектік еткен тантықты жібермей қойдық сабаққа.  
Баламын – қайдан білейін пәктіктің өзін паршалар,  
Дөңгелек мына дүниеде дөкірлік барын, жаратқан.

Шапалақ болып шарт еткен бетімде қалды ізі оның,  
Адуын әке аңғартты не екенін содыр тізенің.  
«Көзіңді ойып аламын... басынба біздің баланы»,  
Қамшыдай осқан сөздерді бүгін де бұзбай тіземін.

Масайрап тұрды тентек ұл төбесі көкке жеткендей,  
Аңырап қалдым мен болсам, адалға арам жеккендей.  
Күннен де желден қорғансыз жалаңаш мына жүректі  
Содырлық деген сарышаян сыдырып сонда кеткендей.

Өкпе емес бұл бір өзгеше өзекке қатқан шер болып,  
Өмірден алған сабағым, қалсам да сол сәт жер болып.  
Ертерек ұқтым дүниеде өлшемдер алуан екенін,  
Шығатынын, тіпті, кей-кейде босағаң-дағы төр болып.

Тағдырдың қия жолында ешкімнің жүрмес жетегі,  
Тіршілік деген жел-құйын, желпінтіп алып кетеді.  
Сенерің болса серт жеңіл, сергелдеңдерден сол бірақ  
Өткелектерде от баспай өзіне сенген өтеді.

\* \* \*

Түн жарым кезі... ұйқыда едім,  
Оятты мені қоңырауың сенің.  
Үніңнен есіп жайлы бір самал,  
Желпіді келіп жанымды менің.

Барады жағып бақуат сөзің,  
Барады жанып ұйқылы көзім.  
Мәрттігі бөлек жан ғой деп жайсаң  
Бұрын да сені ойлаушы едім.

Қалмапты, тіпті, есімде тегі,  
Не айтқаның-дағы есім кетерлік.  
Шыққан да жоқ-ау артық бір сөздер,  
Құлақты сонша кесіп өтерлік.

Толқытты мені ниетің аппақ,  
Иығын тосқан кісілік сақтап.  
Көңілде тұрды әлдебіреулер  
Жетесіздіктен жіп есіп жатқан.

## АҒАЛАР

Жүреміз кейде қиямен бейне құс тістеп,  
Сөнердей күнің биіктен жерге біз түссек.  
Ағалар алдын тұрамыз аңсап, ал егер  
Иығымыз талып, көтере алмас жүк түссе.

Сезімді билер сел сәулелерге дір еткен,  
Бассақ та әнтек асығыс албырт жүрекпен.  
Ағалар атты мейірімді көздер байқап қап,  
Арналы жолға аялап қана түзеткен.

Болсаң да түйық, көсілуге кеңге жасқанар,  
Сырыңды ұғып ешкімге әлі ашпаған.  
Ағалар атты ай нұрлы асыл шырақтар  
Шақырып алыс армантау жаққа бастаған.

Мінезіңдегі көлеңке, дақты бірге ақтап,  
Жаныңда жақсы жаңа әуендерді жырлатқан.  
Ағалар деген – аялы алақандар ғой,  
Жыласаң нақақ – көзіңнің жасын құрғатқан.

Мүддесін оның өзіңдікіменен тең қойып,  
Іні боп кіші иіле алмасаң – сенде айып.  
Ағалар деген – абзал ой, жылы жүректер,  
Тобынан көптің жүретін іздеп мен дәйім.

Әкем менің жан еді қарапайым,  
Демейтін жұртты ауызға қаратайын.  
Ешқашан бірақ көптен қалған емес,  
Көрген ол соғыстың да талапайын.

Оралды қан майданнан жараланып.  
Көрген жоқ шікірейіп, дараланып.  
Кей-кейде сыбағадан қағылса да,  
Қуған жоқ аудан барып, қала барып.

Деуші еді: «Тәубе, балам, келдім аман,  
Қалды ғой жат жерлерде небір адам.  
Көрер жарық, несібем таусылмапты  
Құдайым өздеріңді берді маған».

Тартқан ол ашаршылық дәмін де ерте,  
Қайырып бал дәуреннің әнін келте.  
Панасы бір әулеттің болған дейді,  
Еңбегін етіп кеме, жанын – желкен.

Жазған ба тағдыр солай маңдайына,  
Кейін де төзді бейнет қандайына.  
Асығы алшысынан түскен емес.  
Момынның кім қарайды жағдайына.

Тым ерте ажал алып кетті де оны,  
Ұлының болып қысқа өсті қолы.  
Ұрады желтоқсанның суық желі,  
Тұрады мұңға толып көкірегі.

Неміз кем, біреулерден неміз артық,  
Өгізге жүргеміз жоқ теңіз артып.

Жұпыны өмір кештік, көрмедік біз  
Біреудің бағына да көз қызартып.

Оранған бәйшешегі, көдесіне,  
Айналып туған жердің төбесіне,  
Ауылда – Ұшағашта жатқан рух,  
Балаңды желеп-жебеп келесің бе.

Тілдесем рухыңмен қиналғанда,  
Көңілде алуан сауал жиналғанда,  
«Жаңылма кісіліктен, – дейтіндейсің, –  
Ысырап іс болмайды иман барда».

Күш алып, күдік-күмән жолда қалып,  
Жеңілдеп сала берем сонда барып.  
Кемедей керуен тартқан көк теңізде  
Бағытын барар жолдың оңдап алып.

## НАМЫС

Жүзің сынық сен бүгін,  
Тағы келдің алдыма.  
Қиын іске бел бүгіп,  
Кең иығың талды ма?

Ашып айтпай ештеңе,  
Төмен қарай бересің.  
Барар ерте, кеште де  
Тағы кімге сенесің?

Достым, бірақ бұл жолы  
Тілегіңді бере алман.  
Төзіміңді тұл жонып  
Кеткеніңе көне алман.



Білем сенде бәрі бар –  
Қажыр-қайрат, шыдам да.  
Өмір сынын жеңіп ал,  
Шығу үшін шығанға.

Тағдыр кейде осылай  
Сенделтіп те қояды.  
Дегенменен, досым-ау,  
Сілкінсеңші оянып.

Жандырсаңшы жігерді,  
Намыс туын көтеріп,  
Алдынан біз бұл елдің  
Алшаң басып өтелік.

\* \* \*

Анық па осыным, ақыл ма-ай,  
Желдеді неге жел-кеме.  
Жұлдызды сағат жақындай,  
Тулайсың, жүрек, сен неге?!

Жанымның тербеп жыр-әнін  
Ақ желкен тектес ақ арман.  
Менің де қайсар қыраным  
Қияға қанат қағар ма?!

Сыздайды кеуде сеземін,  
Қуаныш келе жатқандай.  
Тағдыр бір беріп кезегін,  
Артар ма жүгін батпандай?!

Кем болмас кеңдеу пішілген,  
Ұмтылған өрге ұтылмас.  
Тәубе деп қоям ішімнен –  
Бұйырған қашып құтылмас.

\* \* \*

Қайтесіңдер дуылдап, дауласпаңдар,  
Соғылмасын сөз-семсер, алдаспаңдар.  
Дүние-көш сапында бір бұл емес,  
Шаужайына шындықтың жармасқандар.

Ауыл қонбас жай осы текті ісімен,  
Тоны айналған тоғышардың кекті ісі де.  
Ақиқат та кей-кейде қан жылайды  
Өтірік пен жаланың тепкісінен.

Шындық та бір Құлагер Батырашы көп,  
Айбалта ұстар хас дүлдұл тасымасын деп.  
Өз орнына қоятын бәрін-дағы,  
Әділдіктің алмасы жасымасын тек.

## ДЕМЕУ

Көңіліңде қаяу бар ғой, шырағым,  
Көк аспанда көрінбей ме қыраның?  
Ол құласа... білмейді ғой дейсің бе  
Ең алдымен сенің сағың сынарын.

Өмір – өзен...айға шапқан өр толқын,  
Төзер болсаң – Өр толқындай көр толқып.  
Армантаулар алдырмайды арзанға,  
Биіктердей шыға келер бел жортып.

Жан арманды жақсы күнге тапсырып,  
Жанарыңда тербе, қалқам, жақсы үміт.  
«Оң қабағым тартты» дейсің қуанып,  
Құда түсіп жүрген болар жақсылық.

Төзіміңді үзіп алмай бүкте сен,  
Одан, тегі, ұтылмайсың түк те сен.  
Жақсылық та жол таба алмай қиналар,  
Аңсамасаң... шақырмасаң... күтпесең.

Алыс жолдар ақ тілекпен жалғанған,  
Сеніміңді сөндірмегей малданған.  
Артығырақ болар, бәлкім...  
Тірлікте алдансаң да – жақсылыққа алданған.

## ҚАЛАДАҒЫ ҚАРИЯ

Қала ішінде көп қабатты үй сыртында,  
Жұмысы жоқ әрлі-бергі жұртыңда,  
Бір қария қайрақ тасын қолына ап,  
Жүзі қайтқан қол орағын түр шыңдап.

Жан-жағына жайбарақат қарайды,  
Деп тұрғандай: «Бұл да болса жарайды».  
Ет пен тердің арасында бір желік,  
Енді, тіпті, осыған да тарайды.

Қайда қазір бұрынғыша көсілу,  
Кең даланың қойнауында төсі ну.  
Сол еді ғой жігеріңді жаңдырып,  
Көңіліңді қияндатып өсіру...

Сол еді ғой нағыз еңбек ләззаты,  
Бойыңдағы бар құрысты жазатын.  
Қатар тұрып құлаштай кеп тартқанда,  
Жігіттің де жігіті тек озатын.

Қара күшке көнбес бірақ қалың қау,  
Керек істің көзін тауып жалындау.  
Әдіс алсаң, шалғың өзі жетелеп,  
Ұмтыласың, ұмыт болып дамылдау.

Тыңнан тыныс ашылғандай демде бір,  
Қуат артып, сергір сенім сендегі.  
Сылып тастар анау-мынау дертіңді,  
Біле білсең, бұл – далаша емделу.

Шау тартпайды шалғы тартып үйренген,  
Іріге үйір күн кешпеген күйбеңмен.  
Өзі де әлі тік ұстайды денесін,  
Боран-ғұмыр басына ақ қар үйгенмен.

Бала күннен бойға сіңген дағдыны,  
Өзгерте алмай жүргені-ау тағдыры.  
Қол орақпен қария асфальт шетінде  
Көк орып жүр айналасын таң қылып.

Кім біледі, қандай берер нарқыңыз,  
Мейлі күліп, мейлі іш тартыңыз.  
Қызық мінез тауып алды осындай  
Қалалық боп кеткен көрші қартымыз.

## ЕСІНДЕ МЕ

Есіңде ме, қымбаттым, есіңде ме,  
Сол бір сәт...  
Сонау қаңтар кешіндегі.  
Сезім-от қарығанмен жанарларды,  
Байланып көгенде тіл шешілмеді.

Сен тұрдың қарап маған, мен – бұрышқа.  
Дей алмай: «Танысалық, кел, дұрыстап».  
Бақыттың бастауы деп кім ойлаған  
Сол кезді қол алысып, жең жұғысқан.

Жиырма жыл содан бері өтті, міне,  
Отырман тоқтап азы-көптігіне.  
Қуанам әр қиырдан қосқан бізді  
Тағдырдың кесімінің дөптігіне.

...Гүлшат пен Бақыт келіп күлімдейді,  
Сендердің тойларың ғой бүгін дейді.  
Жымиясың сен болсаң маған қарап,  
Жылдардың өзгерткені білінбейді.

\* \* \*

Лықсып көңілдегі нала-мұңдар,  
Жас болып төгілді ме жанарыңнан.  
Тоқта деп мен де басу айта алмадым,  
Тас кептеліп қалғандай тамағыма.

Сынағандай төзбесім, төзерімді,  
Сен егілдің – қос нәркес көз егілді.  
Отқа қақтап жатқандай болдың тағы,  
Онсыздағы өрт шалған өзегімді.

Сызат салып жанымның жарасына,  
Көңілімді күйретіп барасың-ау.  
Көз жазып қалған ағаң, досын енді,  
Тұр ма екенсің балап бір қарасынға.

\* \* \*

Сен сабақ оқы, құлыным,  
Отырып мен жыр тербейін.  
Желбіреп гүлдей тұлымың,  
Сынақтан өтіп кел кейін.

Жырымда – жүрек лүпілі,  
Толқиды көңіл сынаптай.  
Мен үшін бәрі бұл күні  
Жауабы қиын сұрақтай.

Қараймын іздеп жүзіңнен  
Сенімді, сергек сезімді.  
Мазасыз көңіл – бозінген,  
Шақпақтай шаққан төзімді.

Қашан да қиын жол басы,  
Тұңғыштың орны бөлек қой.  
Тілекті біздің қолдаса,  
Жасаймыз ертең ерек той.

Күмәннің бәрін бер маған,  
Ойлама түк те, жарығым.  
Кернесін бойды арман-ән,  
Жалауың болсын жалының.

Айтуға оңай екен-ау,  
Әкелік сезім – ауыр сын.

Болғайсың, балам, бекем-ау,  
Қатпаған әлі қауырсын.

## БІЗ ДЕ БІР БОЛАТ СҮР ЖЕБЕ

Алыс та демен араны,  
Жақын да демен араны.  
Көрінген таудың биігі –  
Қырық та бізге қарады.

Талайға құлаш сермелді,  
Үзген де болдық кермеңді.  
Ертеңім өзі көрсетер,  
Екшерін елеп ел немді.

Табылар десек теңдейік,  
Езілмессің деймін сен кейіп.  
Жер болған жерім жоқ менің,  
Ел деген жерде еңкейіп.

Уақыт атты жүйріктің  
Жалынан ұстап киліктім.  
Қайнаған қызу отқа да  
Қасында жүріп биліктің.

Оты ол өршіл заманның,  
Асылын тауып амалдың.  
Күлін бір көкке ұшырған  
Қазақты қысқан қамалдың.

Оты ол қайсар рухтың,  
Қияға салған құрықты.

Бодансыз күнге бет алған  
Ұя шайқап, бұзбай шырықты.

Оты ол үміт, арманның,  
Мен-дағы соған арбалдым.  
Ел бағы асқан тұстарда  
Еліммен бірге жалдандым.

Бұлғайды қолын бір арман  
Қызыл да жасыл мұнардан.  
Көрерміз бізге жазғанын  
Тағдыр бір таққан тұмардан.

Біріміз көптің жолдағы,  
Белгілі оң мен сол-дағы.  
Сүрінбей оқыс,  
Жағаға  
Жетіп бір жығылсақ болғаны.

Әлсіздік емес бұл тіпті,  
Дейтіндей көңіл жүр күпті.  
Оқтаулы кез ғой бұл қырық,  
Оғындай мерген мылтықтың.

Астарын болсаң аңдаған,  
Жан сырым осы, жан балам.  
Мәңгілік өмір көшімен  
Өзіңсің мені жалғаған.

Ғажап қой, ғажап бұл өмір,  
Қызығын тауып күле біл.  
Жабырқап, жылай беруге  
Жалғыз ғой қайран жүрегің.



Сезгейсің соны, қарағым,  
Еменнен менің дарағым.  
Қырықтың отын тұтатып,  
Қыдырға іштей баладым.

Аттағай адал көңілмен,  
Дәметпен дәйім жеңілден.  
Қиянатсыз қайтса болғаны  
Өтеуі тердің төгілген.

Демеймін десе қанаттан.  
Жар болсын өзі жаратқан.  
Біз де бір болат сұр жебе  
Серт болып ұшқан садақтан.



---

*Жалгаса бер,  
жолдарым*



## ОРДАБАСЫ

Қойнауынан тарихтың аршып алған құдірет,  
Көз алдында, мінекей, көне... жаңа сүгірет.  
Шайқалады теңіздей ырғын халық ырғалып,  
Тәңірі өзі тұрғызған сахнадай төңірек.

Шақ туғанда шарасыз шартараптан қосылып,  
Бекер мұнда қазекем ағыламаған жосылып.  
Бұл төбеде талай бір ел тағдыры шешілген,  
Орақ ауыз, от тілді шешендерің көсіліп.

Көш бастаған көсемдер: би, батырың, хандарың,  
Ағыл-тегіл ақтарған өкінішін, арманын.  
Тірескенмен сан тарап, бәтуаға келген соң,  
Бір қимылаға көшетін ұрысындай балғаның.

Тұмарына айналған жүрегінде халықтың,  
Ордабасы осындай киелі жер жарықтық.  
Етегінде жиылып, елдік жайлы сөз қозғап,  
Тарих атар тағы бір біз ірілік таныттық.

Бұл ірілік – халықтың желпінгені белгісі,  
Елбасының құлашы серпілгені белгісі.  
Салт-дәстүрді ежелгі сәтіменен оралтып,  
Егемендік атымен келтіргені белгісі.

Бұл ірілік – діңі өзге емендіктің белгісі,  
Көсегені көгертер кемелдіктің белгісі.  
Қашпасын деп қиюы қырық ру ел мүддесін  
Қиыстырған қиыннан шеберліктің белгісі.

Бұл ірілік – елдікке шақырудың белгісі,  
Сертшілдіктің сабасын сапырудың белгісі.

Алыс-жақын әр түсті ағайынның алдында  
Абыройын алаштың асырудың белгісі.

Сыймайды екен кеудеге шаттық шіркін мұндайда,  
Сұрағандай сүйінші жүрек теуіп тулайды.  
Аясында асқақ бір күйлер кешу үшін де,  
Аспан текті туымыз мәңгі осылай тұрғай да.

Айға шаппас үшін де арыстандай жаралы.  
Мәуелей бер, бірліктің миуалы дарағы.  
Жанып қайта өшкені, жады оянған қалың ел  
Қасиетті қырқаға көтеріліп барады.

Уыз ойға ұйытып тау, даласын, орманын,  
Ел атынан Елбасы сыр ағытты толғанып.  
Қыран сезім самғайды қанатына көтеріп,  
Жиырмасыншы ғасырдың үміті мен арманын.

Бастауларға жол тауып, жақындады алысым,  
Қасиетімен халқымның қуандық біз қауышып.  
Жоғалтқандар жолығар, жетпегенге жетерміз,  
Өрге сүйрей берсін тек өмір-өзен ағысы.

## ТӘУБЕ ДЕЙІК, АҒАЙЫН, ТӘУБЕ ДЕЙІК

Көңіл толмай жүрсек те зәуде кейіп,  
Тәубе дейік, ағайын, тәубе дейік.  
Бар қазағы әлемнің жиылыпты,  
Басымыздан бақ нұры аума дейік.

Көңіл толмай, жүрсек те қоса налып,  
Алақайлар шаттығың осы анық!

Атамекен парызын өтеп жатыр,  
Шет кеткенді шеруге қосып алып.

Көңіл толмай, жүрсек те кейде сынық,  
Батар бір сәт бүгінде ойға тұнық.  
Аңсап жеткен алыстан асыл аға  
Сағынышын селдетер тойда тұрып.

Көңіл толмай, жүрсек те кейде ғапыл,  
Қуаныштың қымызын бүгін сапыр.  
Ұлы бірлік ұранын ту көтеріп  
Басқан қадам бұл да бір апыл-тапыл.

Жанарында нұр болып жақсы үміттің,  
Бәрі осылай басталған жақсылықтың.  
Озған елмен теңесер күн де туар,  
Құрығынан құтылып тапшылықтың.

«Өрге бастар ортақ ой, ортақ ниет,  
Орда мықты жатса егер ортаң сүйеп.  
Күйі де асқақ қазақы домбыраның,  
Бірің – перне, біреуің – болсаң тиек».

Деп жатқандай бүгін бір дала, тауым,  
Атырауым, Сарыарқам, Алатауым.  
Ата-баба дауысын естігендей  
Қауышуға асыққан ана қауым.

Желбіреген байрақтай желді күнде,  
Бүгін биік сезілер елдігім де.  
Таныттың сен, Отаным, қай елмен де  
Рух-жігер, күшіңмен, теңдігіңді.

Қарамастан анаған, мынаған да,  
Көптің басын осылай құрағанда.  
Бір аунап түскен болар аруақ біткен  
Ұрпағының ниеті ұнағаннан.

...Көңіл толмай, жүрсек те зәуде кейіп,  
Тәубе дейік, ағайын, тәубе дейік.  
Бар қазағы әлемнің жиылыпты,  
Басымыздан бақ құсы аума дейік.

## ҚОЛДАСЫН РУХЫ АБАЙДЫҢ

«Абайла» деймін,  
Жүректен шаттық жыр шашып,  
Тау менен дала, өзен-көл бірге шырқасын.  
Менменсіп келген меңіреу әлем төрінде  
От болып тулап, ойнасын жаңа бұрқасын.

Байқасын! Білсін! Бізде де құдірет-пір барын,  
Ел барын және құдайдай сыйлар Ұлдарын.  
Гомер мен Гете, Шекспир, Пушкин ұрпағы  
Жаттасын енді бабамның менің жырларын.

Ұялсын ұғып ұлылар барын бізде де,  
Сыймаған ескі тәртіппен терген тізбеге.  
Тарихтың желі соққанмен неше сор айдап,  
Далада өнер желісін ешбір үзбеген.

Танысын тағы тектілігімді дара шың,  
Жаныма менің жаңа бір көзбен қарасын.  
Жасырғандар мен жоғалтқандарды түгендеп,  
Жалғайтын шақта ескі мен жаңа арасын.

Бар әлем болып «Абайлап» жатса айнала,  
Абайдың шыңы – қазақтың шыңы қайда да.  
Абай боп бүгін жүрегін жайып салады,  
Ғұламаларға да, саңлақтарға да бай дала.

\* \* \*

«Абайла» деймін  
Тағы бір күйге дес беріп,  
Көлбейді алда бүгінгі біздің көш-көлік.  
Қиналған кезде қолдасын рухы Абайдың,  
Елміз ғой өскен ұлыларын ес көріп.

Ұрпағына жаңа  
Қол созып өткен ғасырдан,  
Жетіпті бабам – шарапат тиер асылдан.  
Тәуелсіз елге теңдессіз қызмет етеді ол,  
Паш етіп жұртқа даңқына бүгін бас ұрған.

Ол – ұлы көпір  
Жалғаған халқын әлеммен,  
Үндестік атты сиқырды өрген өлеңмен.  
Танытар көпке даралығын да даланың  
Даналығымен қазақы ойға бөленген.

Жұмыр жер мына –  
Адамзатқа ортақ тал бесік  
Бас иіп жатыр Абайға «биік, тау» десіп,  
Ұлыларына әлем қосылды бабам деп бүгін,  
Ұлдың да қыздың кернейді шаттық кеудесін.

Қуан, сен, елім,  
Қуанар күнің бүгін шын,  
Ортақ боп досың, жаттарың жаннан түңілісін.

Осынау тойға жиылар жұртқа ақ ниет  
Қонақжай отау түндігі болып түрілсін.

Байқасаң бұл күн біздің күн – күні елдіктің,  
Қуәсі самғау, биіктік пенен кеңдіктің.  
Бетпе-бет келіп беттесу сәті ол халқымның  
Әлеммен барша – бәрімен бойлық, ендіктің.

\* \* \*

Дара жырда даналықтың бүлкілдейді тамыры,  
Асып туған ақын Абай – поэзия Тәңірі.  
Бір жасайды ұрпағымен зердесінде халқының  
Толғандырып, ойландырып оның ұлы дарыны.

Қазағымның киесі бар сөздерінде толғаған,  
Сонысымен қасиетті, құдіретті ол маған.  
Бар әлемді табындырып, бас идірген рухына.  
Мұндай ақын біздің елде бұрын-соңды болмаған.

Әні бейне сұлулықтың шалқып жатқан айдыны,  
Қостар анық орман-тау, өзен-көлің, сай мұны.  
Тектілік пен естіліктің көк байрағы секілді  
Ол – қазақтың өнердегі қасиетті ай-күні.

Өлең болып дүрсілдеген жүрегіне бабамның,  
Қуанышы, күйініші сыйып кеткен даламның.  
Үй төрінде – үкіленген домбырасы Абайдың,  
Абай тілі сіңген бойға ақ сүтімен анамның.

Ашылар ма, ашылмас па құпиясы құлпының,  
Ұлы Абай айналған жан паспортына ұлтының.  
Бүгін оны бүкіл ғалам елшісіндей күтуде,  
Бір кездері бағы қайтқан көшпелілер жұртының.



Феникстей мың түлеген жоқтан барға айналып,  
Қол бұлағайды көне түркі, гунн мен сақтың байрағы.  
Қос алдында солар жаққан от орнынан табылар  
Ұлы Абайдың асыл текті өнерінің қайнары.

## ПАРСЫ ДӘПТЕРІНЕН

Иманды ел – Иран ел,  
Көңіл әзер қиған ел,  
Қалдың артта  
Шығыстың  
Бар жиһазын жиған ел.

Жандауадай даритын,  
Көзді оттай қаритын.  
Қызыл тасқа жазыпты  
Қызылбастар тарихын.

Көрдiк ғажап неше бiр  
Исфаханда кешегi.  
Мың жыл тұрған мешiттен  
Имандылық еседi.

Ақындықтың қияны,  
Жұлдызшының қиялы  
Бiр күмбезге, о, тоба,  
Қалай ғана сыяды.

Сыр шертедi әр тасы,  
Бейне тарих картасы.  
Шимайлапты тағдыр да  
Шеберлiктiң жартасын.

Ғарыш... Жұлдыз... Биіктік,  
Төбе көкке тиіп тұр.  
Шат көңілдер толқыны  
Ұшаққа эзер сыйып тұр.

Көркі болған төріңнің,  
Бәрі осында керімнің.  
Парсы жұртын тәнті еткен  
Өнеріне елімнің.

Шаттан, шалқы, дұрыс-ақ!  
(Өскен мерей нұры шақ.)  
Әуелеген аспанда  
Біздің ұшақ – бұл ұшақ.

Кәні, кәні, қымбаттым,  
Жұлдыздарға тіл қатшы.  
Армандарын алаштың  
Ай аруға тыңдатшы.

Шаттық шаршау білмейді,  
Қиял ғажап түрлейді.  
Жаныңның бар шырағын  
Көк аспанға іл, мейлі.

Масайратқан көңілді  
Тәттісін-ай өмірдің.  
Түн ортасы ауғанда  
Қаршыға-күй төгілді.

Күй-қүдірет Қаршыға,  
Саған ұшақ тар шығар.

Ақша бұлтқа оранып,  
Аспандағың бар шығар.

Мініп өнер жорғаңа,  
Су шайқалтпай жорғала.  
Тұла бойың толы әуен,  
Желпін, желдірт, сорғала.

Кезек алып Бекболат,  
(Бейне жанған шоқ талант.)  
Қазтуған боп сілтеді,  
Ойында жоқ тоқтамақ.

Қалай кетсін «әу» демей,  
Жанып түсті Сәуле де.  
Қас қағым сәт көктегі,  
Неткен қымбат дәурен ең.

Алматы әлі алыс-ты,  
Талай мықты жарысты.  
Тегераннан жеткенше,  
Думандаттық ғарышты.

Айналайын азаттық,  
Қандай керім, ғажапсың.  
Шықты, міне, аспанға  
Домбырасы қазақтың.

## ТАҒЗЫМ

Жеңіс күні, көрмесем де сені мен,  
Қан майданды сезінемін жан алған.  
Жауды жеңіп, Аман-есен еліне  
Қайта оралған жауынгерден жаралғам.

Отты күнді ойға алмайтын мықтының,  
Жатпаймыз біз қатарына шамасы.  
Есімде әлі сырқырайтын бұлтты күн.  
Жан әкемнің кеудедегі жарасы.

Рухың бар бір түйіршік қанымда,  
Жауыздыққа жиырыла қалатын.  
Құс атаулы сайрап жасыл бағымда,  
Қалқалайды қара бұлтқа қанатын.

Терезені қаға берер бәрібір,  
Жүректерде қалған зерде – күнделік.  
Жаралы күн жаңғырығы әлі жүр,  
Жан анамның қабағында мұң болып.

Қиын дейміз кейде кейіп бүгінде,  
Тәубе айтады соғыс көрген үлкендер.  
Қан майданда басы бәске тігілген  
Көп ағадан қалған бір топ үркердей.

Әрбір ұрпақ өтейді өз парызын,  
Тұтастықта, түгелдікте – ел күші.  
Шейіт баба бейітіне мың тағзым –  
Бейбіт күнді сүйгендіктің белгісі.

## ОЙЫН

Ақ қағаздан балам менің жаңа ақша,  
Жасап жатыр, Емес бірақ қазақша.  
– Теңге керек, теңге, – десем, – біздікі,  
Доллар, – дейді, – бүгін құнды, таза ақша.

Базар нарқын ол да жақсы біледі.  
Білмесе де сезеді ғой жүрегі.  
Жақсы ойыншық, кәмпит алу үшін де  
Доллар керек, сол – дүние тірегі.

Отыр әлі қиып қағаз ақшаны,  
Қалатындай содан тұрмыс жақсарып.  
Ойнай берсін, ойнай берсін бүлдіршін,  
Бір құмары осы ойында жатса анық.

Бірақ жалаң ойын емес бұл тіпті,  
Сәби жаны қабылдайды мүлтіксіз.  
Сонау соғыс жылдары да балалар  
Көп жасапты қайқы қылыш, мылтықты.

Тың игерген, ғарыш асқан шақта да  
Сәби жаны сергектігін сақтаған.  
Машиналар, самолеттер, крандар  
Айналыпты ойыншыққа мақтанар.

Өмір ізі ойынында баланың,  
Соны сезіп, соған қайран қаламын.  
Сәби сана өседі екен сіміріп  
Замананың жаңалығын, зауалын...

## ЖУРНАЛИСТ

Көңілдің шуағын ұсынып баршаға,  
Сездірмей кей-кейде иығы талса да.  
Келеді ол өмірдің өр рухын ту етіп,  
Жылдар мен жолдарды өткерді қаншама.

Әманда асығыс, ұшқыр нақ уақыттай,  
Жаңалық бар жерге жетеді шақыртпай.  
Жақсы істің жаршысы атанса аңқылдап,  
Жүреді марқайып тап алшы асықпай.

Күтеді оны анық бар жерде асыға,  
Адамдар қуанған, ал кейде жасыған.  
Үзілген үмітін жалғаса біреудің,  
Кеудесін басады біреудің тасыған.

Жолықса тағдыры өзгеше адаммен,  
Мазасыз жанына табылар табанда ем.  
Отырар содан соң теріп ой маржанын,  
Сезімнен сел құйып құдірет қаламмен.

### АБЫЛАЙ АЛАҢЫ<sup>1</sup>

немесе аманат туралы жыр

Іздеме, қарғам, картаңа тіпті қарама,  
Алаң жоқ мұндай сен туған алып қалада.

---

<sup>1</sup> Көкшетаудағы әйгілі Оқжетпес шыңында жатқан қарағайлы орман қойнауындағы зор алаң ежелден осылай аталады. Кезінде мұнда қазақ ааласының әр қиырынан келген қалың қол қатысқан ұлы жиындар өтеді екен. Тастұғыры аса биік хан тағының жұрнағы әлі бар. 1991 жылы алаңға арнаулы естерткіш – белгі орнатылғанының куәсі болдық.

Қиналан кезде  
Қазақар небір қимасын  
Аманаткен орманға... тауға... далаға!

Езіліпсе, кеудені күштеп қорғасын,  
Сезгеде іші дегені енді болмасын.  
Жүгінен ерлер табиғат-ана алдына,  
Жүре сонда, Жаны да сонда болғасын.

Табиғат – ұлы,  
Қойына бәрі сыяды,  
Шалмайды оны жалғандық оты, қияғы.  
Туғана күні  
көтері рухын халықтың,  
Нәр блып қайта,  
Нұр блып қайта құяды.

## КӨЛСАЙ

Жеріңің өлке – төскейі, төрі тең сұлу,  
Осыңа, тіпті, қыздар да біздің ең сұлу.  
Тәнтөп сәнге тамсану таңсық емес тым,  
Көрді бе екен Көлсайды бірақ сен сұлу.

Көрген болсаң,  
Кешісен мені, қымбаттым,  
Білмсің, – десем, – не екенін сиқыр сымбаттың.  
Құдіт көлді қия бір жартас қоршаған,  
Тәңідерсің тылсымы терең жұмбақтың.

Кездің – болды,  
Көңден кетпей қинайды.

Аялап тербер ақылаға ешбір сыймайды.  
Көрікті сөзді қаншама зерлеп тергенмен,  
Жаныңды баурар жауһарын оның жимайды.

Ұғысар көзбен ғашықтар сынды тілсіз-ақ,  
Көңілге оны көшіру керек үнсіз-ақ.  
Шұғыла сынды шымырлап бойға тарайды,  
Жанардан ағып жүрекке түскен бір сызат.

Көгілдір таулар осынау көлді жасырған,  
Құйыннан, желден қулығын қалай асырған.  
Табиғат өзі оңаша отау тіккен бе,  
Алқадан асыл ғасырға барар ғасырдан.

Қарағай, қайың, аршаны дерсің оқа ма,  
Мөп-мөлдір жанар кездесер мұндай ботада.  
Ай болып кешке ілінер алтын сырғасы,  
күн болып күндіз аймалар келіп от-ана.

Биікте сонау жүрегін өртеп қызғаныш,  
Ақша бұлт-жігіт төнеді жиі жүзтаныс.  
Сыңғырлап күліп толқынды тербеп ойнайды,  
Тәкәппар көлдің тереңінде жатқан қыз-намыс.

Жаңбыр да құмар танылмай жүрген өнері,  
Уыстап алып күмістей тамшы төгеді,  
Қытығы келіп, көлеңке қуған көл-ару  
Бұла бір сырды бұрымына қосып өреді.

Айдынын аңсап асыққан мұнда құс біткен,  
Шығыс пен батыс, терістік пенен түстіктен.  
Қанатын қомдап қиялар қырғыз қыраны,  
Екі бел әрі еңісте жатқан үстірттен.



Гартады тура бұрылмай Ыстықкөлге де,  
Кеудеден қақпай дөңгеле, таулар, дөңгеле,  
Қызғанбас деймін Кавказдың кербез Рицасы,  
Қоймасам қатар Көлсайды теңеп өзгеге.

Сұлулық деген сиқыр ғой және дара ғой,  
(Алдында – сезім, артынан қуып барады ой.)  
Көлсайды көрсең,  
Өртенер едің өзің де,  
Әзірше менің сезімімнен бөліп ала ғой.

## ТАМШАЛЫ

Көремін десең дарағай тұрған дараны,  
Жол біткен сені Маңғыстауға алып барады.  
Даланы кезіп, құмдарды кешіп, қыр ассаң,  
Жартасқа енер жоғалып сүрлеу табаны.

Шыдасаң сәл-пәл құламай өрлеп қияға,  
Ұмтылсан алға қырандай қонар ұяға.  
Кенеттен... керім көрініс көзге ашылар,  
Көрші бір құйып, жанарға бәрі сыя ма.

Керемет осы білмеген бұрын, сезбеген,  
Ұмыт боп шаршау, ширьғар демде тез денең.  
Сап-салқын ауа жәннатқа бөлер жаныңды,  
Су жатыр, әне, қаталап келіп көздеген.

Тамшыға ұмтыл Тәңірің құйған төбеден,  
(Жеткізген дерсің Нұх пайғамбар кемемен.)  
Көкмайса – мынау... гүл тергің келсе – ол да бар,  
Құмдағы арал керемет едің не деген.

Тас жарып өскен қымыздығың менен қияғың,  
Ән салған құс бар басыңда биік ұяның.  
«Тамшалы» деген – көк отау сары белдегі,  
Көк дөнен мініп құсаң да жетпес қиялың.

Кеудеден қысқан қапырық қайда жаңағы,  
Қалған ба сыртта дәрменсіз, құрып амалы.  
Шақырайған күн де сығалайды әзер түндіктен,  
Момақан қандай желпіген желі – самалы.

Ұмытып бәрін, қыспақтан түгел босанып,  
Көз жұмып сәл-пәл, аттанар сәтті тосалық.  
Тас өрген шебер қазақтарменен таласып,  
Табиғат салған ғажайып күмбез осы анық.

Тылсымын іздеп, тамсанып бірақ таң қалма,  
Қияды бәрін құдірет сүйген жандарға.  
Жұмағың осы Кербала шөлде кездеспей,  
Айналған таза аңсарға, асыл арманға.

Сұлу бір сарай маң дала, маңғаз өлкеде,  
Көз жауын алар сен неткен керім көркем ең.  
Өтсе де жылдар, көкейден кетер емессің,  
Демалар бір сәт жай шатқал емес, төр-төбе.

Ой туар ойдан қамшылай берсең, қамшылай,  
Іңкәрлік билеп төгіле берер бар сыңай.  
Сарыла күткен сан арман мейір қандырғай,  
«Тамшалыдағы» түп-тұнық мөлдір тамшыдай.

## ЕРТІСТЕ

Өзіңді көру аңсарым еді көптенгі,  
Түсініп болмас құштарлықтардай көктемгі.  
Жағаңда тұрмын, мінекей енді, көне Ертіс,  
Жайып бір салшы бүгінің менен өткенді.

Жағаңда тұрмын құлақ сап сазды әуенге,  
Естимін бе деп Майра айтқан назды әуелгі.  
Қайтармын, мүмкін, жол болса анық олжалап,  
Бір ғажап сырды өзіңе ғана тәуелді.

Жатыр ма екен көгілдір мұзда көп сырың,  
Ақ ұлпа етіп інжуін саған төкті кім?  
Төсіңде Ақсу ГРЭС-сі – алтын алқандай,  
Отымен оның биіктей түскен шоқтығың.

Екібастұз жатыр сәл ғана одан әрірек,  
Жеткізе алар замана рухын дәлірек.  
Ол бүгін – бүгін ұрпақтың ерлік мекені,  
Өзгеше ыстық отандастардың бәріне.

Қажет те болмас сен үшін басқа өкілдік,  
Қайда да болса өзіңсің қазір өтімді.  
Аңсарым еді: жағаңа арғы аттадым  
Жүректі ынтық көпір ғып.

## ЕСІЛ

Келсем қанша жағаңа,  
Көргендеймін жаңадан.  
Асып-таспай шалқыған,  
Қылықты осы қалпыңа  
Қалай теңеу таба алам?

Су әуені – үлесің,  
Сылақ-сылақ күлесің.  
Көңіл күйге қанар мың,  
Сыбдырына самалдың  
Кейде құлақ түресің.

Мың бұралтып бойыңды,  
Саласың бір ойыңды.  
Солдай барлық құштары,  
Құрақ ұшқан құстарың,  
Қызықтап жүр тойыңды.

Маңдайыңды тал басып,  
Түрленіпті – жап-жасыл,  
Жасыл алқа тағынған,  
Тұрып сенің жаныңда  
Құмар қалай қанбасын?

Нәрің – суың түп-тұнық,  
Арна бұзбас аптығып.  
Мінезіңде тәрізді,  
Қасиетің бар ізгі –  
Шуағың мен шаттығың.

## ҚОРҒАЛЖЫН

«Ойхой» дейсің бойың бөгде күш алып,  
Ой біткенің от сезіммен тұсалып.  
Жұлдызша аққан киік-тасқын керемет,  
Жетем десең желге еріп ұш анық.

Маң даланың мына маңғаз қырында,  
Қанаттанып кетеді екен жырың да.  
Таңсәріде тәтті ұйқыдан оятар,  
Боз көдеде бозторғайы шырылдап.

Сүйіктіңнің жанарындай жанары,  
Көріп пе едің құралайын даланың.  
Табиғаттың төл серісі осылар,  
Сарыарқада сағым қуып барады.

Болсаң егер қызықтауға қосылған,  
Мұнда әбден көз үйренер тосынға.  
Бір көрген жан бақытты деп санайтын,  
Әлемде жоқ фламинго да осында.

Қызыл қанат су сұлуы кермиық,  
Жағалауға әсем мойнын келді иіп.  
Құс төресі аққу ғана сырласы,  
Қондырғандай бірге оларды көл сүйіп.

Әсер көп қой, әлі талай толғармын,  
Жүректегі жыр-сәлемді жолдармын.  
Тарқамайтын құс базары сияқты  
Көл сұлтаны Қорғалжын.

Көрген адам құмарланып сағынар,  
Қыз бұрымды өзендері тағы бар.  
Қаражардың балығынан басқасы  
Қарақойын – Қашырлыдан табылар.

Жайлау осы аты жеткен алыстан,  
Төсінде – мал, төрінде ел табысқан.  
Мәре-сәре мол қуаныш үстінде,  
Жампоз жігіт, жүйрік тұяқ жарысқан.

Қонақсың деп арнап ізет-кішілік,  
Шопан өзі алар аттан түсіріп.  
Бәйбішесі бал қымызын сапырып,  
Тұрар оны қызы ибамен ұсынып.

Дәстүр ғой бір бастау алған тұнықтан,  
Қонаққәде жасау керек ұмытпай.  
Домбыра алып ағыт ән-күй тиегін,  
Ал, әйтпесе асауды бер құрықтап.

Пәк махаббат, адал достық мекені,  
Бұл араның сыры көпке жетеді.  
Ғашық жырын Мәриям мен Дүйсеннің  
Орыс-қазақ қатар аңыз етеді.

Басқан мұнда талай шебер арынын,  
Ықыластың қобызының сарыны.  
Деп жатқандай көне қала Бытығай<sup>1</sup>:  
«Бұл өлкенің өз тарихы барын ұқ».

Бір көргеннен болған құмар талайың,  
Мен де сені қимасыма балаймын.  
Жер Қорғалжын – інжу-маржан табиғат,  
Ел Қорғалжын – ыстық құшақ ағайын.

\* \* \*

Бөлісіп Алатау жан сырымен,  
Оятқан табиғат таң нұрымен.  
Алматым – абат бақ, жәннат қалам,  
Талайлар табысқан тағдырым дер.

---

<sup>1</sup> Қазір орны тарихи ескерткішке айналған XII ғасырдағы қала.

Ақ гүлі, ақша қар, ақ жаңбыры –  
Жанымның жазира аңсар нұры.  
Алматым – ән бейне ақ махаббат,  
Толқытар, табынтар тамсандырып.

Албырт шақ, алау кез арындаған,  
Жолықты осында жарым маған.  
Алматым – әз көңіл, дархан қала,  
Ұсынған бәйек боп барын саған.

Төрінде тағдыр-күй ағындаған,  
Нәрестем боп қонған бағым маған.  
Алматым – өмірдің от көрігі  
Жасарған, жайнаған, жалындаған.

Құрбымен қыдырған күндер бірге,  
Жұпары көңілдің қалды гүлде.  
Алматым – арманшыл ақын қала,  
Асыққан ақ ниет алғы күнге.

Мінезін тау-дала, тастар білген,  
Ол күлсе, ақ бұлақ, аспан күлген.  
Алматым – астанам, абыз қалам,  
Ел көшін қияға бастап жүрген.

## ҚОҢЫРАУ

Иілген сәнмен сызыла  
Қырғыздың әнші қызына  
Қол соғып жатыр қазақтар  
Балаша шулап – қызық, ә.

Мақамға салып мың түрлі,  
Шырқады әндер түр-түрлі.  
Сиқырлы сазға ілесіп,  
Өзі де бірге құлпырды.

Ғажапсың!  
Ғажап қайран ән,  
Төгіліп жанды баураған.  
Керемет екен Ала-тоо  
Сандуғаштары сайраған.

Көңілде толқын көшеді,  
Ескегін ойдың еседі.  
Ақ қалпақ байке алды, әні,  
Аяштан «ырлы кесені».

«Бір кесе» – дәстүр көңілді,  
Қолтығы күйдің сөгілді.  
Ыстықкөлде  
Ынтық көңілден  
Ыстық бір жырлар төгілді.

Ай құшып, жұлдыз қаққандай,  
Жайдарман көңіл шақ қандай.  
Қырғызы күміс қоңырау  
Кеудеде күмбір қаққандай.

Ықылас тауып іздеген,  
Аттандық қимас жүзбенен.  
Қияда қалды қырғыздар,  
Қоңырау кетті бізбенен.



Нұрын шашып шығыстан,  
Күн көрінді мың бояу.  
Таңмен үнсіз ұғысқан  
Диқан жігіт жүр ояу.

Жаны неткен жайдары,  
Жүзінде нұр ойнайды.  
Қара жердің қаймағы  
Көз сүрінтпей қоймайды.

Иесіне сүйсініп  
Иіп жатыр жер төсі.  
Жер-анаға иіліп  
Адам-ана еркесі.

Таза шыққа шомылып,  
Жер де, адам да қуанған.  
Рақатқа көміліп  
Тал бесікте уанған.

Уыз сезім тербетіп,  
Уқалайды жанарды.  
Кәусар құяр селдетіп,  
Жұта берсең самалды.

Қандай ғажап мына сәт,  
Табиғатпен қауышқан.  
Таңға ілесе тұра сап,  
Тазалықпен табысқан.

Күн қаққан өңінен  
Шуақ, нұр төгілген.  
Кездестім диқанға  
Астықты өңірде.

Тауып іс түйінін,  
Жүр екен сүйініп.  
Алтын дән қырманда  
Қалыпты үйіліп.

Көз тояр қарасаң,  
Аумағы – орасан.  
Бейбіт ел бағына  
Бітіпті. Тамаша!

Дән – маржан қолымда,  
Оңымда, солымда.  
Келем мен шаттанып  
Диқандар тобында.

## ТОЙ КҮНГІ МАДАҚ

Есілдің бойын  
Тербетіп ерен қуаныш,  
Құйылады дейсің кеудені кернеп жыр-ағыс.  
Сертінде тұрып,  
Мәрттігі асқан диқанға  
Қол соғып жатыр ауыл мен қала... қыр алыс.

Ырыздық, байлық –  
Осынау мәрттік өлшемі,  
Қауызға сыймай қамажай ғұмыр бөлшегі.

Астықтау үйген  
аңыздан туған Толағай,  
Мадақтап елің, күтеді барлық төр сені.

Кездестік күзде...  
Қыста да – қарлы алқапта,  
Демінді ызғар түбіттей бейне тарқатқан.  
Бекемсің дәйім,  
бел шешіп іске кіріссең,  
Кезің жоқ сасқан қиындықтарға жалтақтап.

Көктемде көрдім:  
дән сеуіп жүрдің еңісте.  
Аялап жерді, армандап алыс жеңісті.  
Жазда да көрдім:  
арамшөп отап, су тартқан  
Керіліп жатты қиялды қиған кеңістік.

Тағы да көрдім:  
биылғы қиын орақта,  
Арқаның асау желдері дауыл боратқан.  
Қайыспас нардай  
Кеткен соң бәрін көтеріп,  
Жөңкіді керуен қоймаға қарай жол ақтап.

Өтелді парыз!  
Босат бір белді, иықты,  
Тұлғанды жайсаң құрыштан, тегі, құйыпты.  
Сағатың соқты!  
Жарыса мақтап жатыр ел,  
Қиылып керім қарайды жарың, сүйіктің.

# ТАҒДЫР

## Баллада

Бұл емес жаннан қосқан сыр,  
Оңаша ойға батқанда.  
Табысты тыңда қос тағдыр  
Сонау жыл... сол бір ақпанда.

Ақша қар – табан тірері,  
Көз ұшы – қиян кеңістік.  
Қос вагон ғана кірері  
Есілге жақын еңісте.

Шыңылтыр аяз – шұнақ қу,  
Шыққанда – беттен өбері.  
Қарып бір өтсе құлақты,  
Ұмыту қиын «өнерін».

Болмайды екен дегенмен,  
Билесе сезім бойды өктем.  
Ойнап жүр, әне, белеңде  
Бозбала менен бойжеткен.

Есілден туған жері алыс,  
Екеуі – екі қиырдан.  
Бірі – орыс, бірі – белорусь,  
Даланың дәмі бұйырған.

Терістен соққан тентек жел  
Кеулейді қоныш-қойныңа.  
Ал жігіт ақ қар жентектеп,  
Салмақшы қыздың мойнына.

Жетті, әне, жетті... бірақ та,  
Уыстан шықпай қалды қар,  
Жолыққан сұлу жырақта  
Сезімін билеп алды бар.

Мейлі, қыса түс, ақпан,  
Түк емес жастар жанына.  
– Виталий!  
– Вера!  
Құшақтар  
Айқаса қалды тағы да.

– Өкініш емес әзірге,  
Ел жоғы мына арада.  
Вагондар орны қазіргі  
Айналар әлі-ақ қалаға.

Дегендей күлкі кәусәрі  
Тіледі тұнық ауаны.  
Жас жүректердің аңсары  
Кернейді ән боп даланы.

Ақ жүректердің арманы-ай!  
Алып ұшқан талайын.  
«Тыңға алғаш түрен салған ай»  
деп санайтын бал айын.

Бал айын олар бастады,  
Басталды ұлы іс тыңдағы.  
Еңбектің еркін дастанын  
Сезіммен қатар шыңдады.

Жазира дала төсінде  
Жас отау оты маздады.  
Заулаған уақыт көшінде  
Өтті айлар, күз бен жаз-дағы.

Бөлмеден тұрды бір ғана,  
Алғашқы пәтер әлі есте.  
Сол үйде жатты іңгәлап,  
Тыңдағы тұңғыш нәресте.

Бұл хабар – бақыт жаршысы,  
Достарға бірден тараған.  
Ағылды кешке баршасы  
Бірінші шілдеханаға.

Уақыт, шіркін, тұра ма,  
Ілгері жылжып барады.  
Тыңменен құрдас құралай  
Отызға биыл қарады.

Тетелес өскен ұл-қызы,  
Ол – қазір маман білімді.  
Таң етер тіпті жүргізіп  
Сабақты қазақ тілінде.

Келіні ол – қазақ шалының  
Ер шопан елі атаған.  
Күйеуі істің шалымын  
Үйренді қайын атадан.

Вагондар тұрған баяғы  
Орында қазір – қалашық.  
Гүлзар да мына саялы  
Жарасып тұр-ау, жарасып.

## ОСЫЛАЙ КӨТЕРІЛЕР ЕЛ ЕҢСЕСІ

Төрінде таңқалдырып Алматының,  
Жарайсың, топтан озған Балғат інім.  
Сан қырлы Сегіз бабаң сарқытындай,  
Өнерің өрге жүзсін, алма тыным.

Шырылдап туған елдің балапаны,  
Жыр еттің ерке Есіл мен дала таңын.  
Сипасын маңдайыңнан самал болып  
Аяулы Ұлпан анаң алақаны.

Дүйім жұрт қол соққанда сені қалап,  
Жетпеді төбе көкке елі ғана.  
Қуандық туғанына ізбасар бір,  
Жас үміт, жаны жайсаң, пері жаңа.

Көріңдің қияндарда қалған сынбай,  
Көненің қылшылдаған алмасындай.  
Шәрке сал, Нияз сері, Біржан салдай  
Ақтума асылдардың жалғасындай.

Кеудесін күмбірлеткен тасқын әні,  
Бойында бұла күш пен жастық әрі.  
Асырған алқа топта абыройыңды,  
Қызылжар, құтты болсын жас қыраның!

Осылай көтерілер ел еңсесі,  
Көп жылдар келген озып көлеңкесі.  
Ойы ұшқыр, жаны сергек, жалыны мол,  
Оң болсын өрендердің өнер көші.

Қашанда бетім ашық жол-ағынға,  
Тұрамын үш көшенің торабында.  
Рухы бабалардың жебер – шықсам,  
Жөн сілтеп бағдаршамның жолағындай.

Алдымда ақ киіздей төселеді,  
Әйтеке, Қазыбек, Төле көшелері.  
Ойлаймын: білсе осыны  
барлық қазақ  
Бас салып біздің үйге көшер еді.

Әрине, әзіл басқа,  
сезім басқа,  
Шалқимын шабыттанып кезімде асқан.  
Есімін ұлылардың етем мақтан,  
Елімнің елдігіне көзімді ашқан.

Қуанам туғанына осы күннің,  
Қазақтың қазақтығын досы білді.  
Бірлікке  
баба аттас көшелерім  
Тұрғандай иықтасып тосып үлгі.

Оянып күнмен бірге күнде ертемен,  
Алатау самалымен бірге еркелеп,  
Шығамын  
Жарық дүние жанарынан  
Көрсем деп жауабын ой жүрген тілеп.

Алдымен берем сәлем бабаларға,  
Жасайтын даналығы дала барда.



Ұрпағын өрге ұмтылған демеу үшін,  
Оралған көше болып қалаларға.

Бастайсың мені қайсың, кәні, деймін,  
Әзірмін,  
Жол көрсетіп жөне деймін.  
Кетеді кейде сонда ілестіріп,  
Оң жақтан тау шыңына «Төле биім».

Билеген бойды бөлек мәз боп күйге,  
Жадыра,  
Жақсылықты жаз деп сүй де.  
Шақырса – шалғайынан ұстай кетіп,  
Түсемін төте даңғыл – «Қазыбек биге».


Бәріне үміттінің қай жетер сый,  
Әркімге бұйырғаны сай тете ти.  
Шыдамай сәл кешіксең,  
асықтырып,  
Сол жақтан ала тартар «Әйтеке би».

Мен солай дүниені кетем шарлап,  
(Жүйрікке қол жетпеген, жетер арман.)  
Оралам сол көшелер бойыменен,  
Көрмеген қиырларды бөтен барлап.

Үш көше үш дананың атын алған,  
Басуға шақырғандай батыл алға.  
Сыйынып аруағына асылдардың,  
Отырып жыр тербейді ақын арман.



*Жанымның жайып  
жапырағын*



## АБЫЗ

Жан айқай жыры болып «Елім-айлап»,  
Халқымен бір жасаған абыз ата.  
Соқса да замананың желі қайдан,  
Санадан сен өшпедің, аңыз ата.

Барады бұрынғыдан өмір озып,  
Тап енді бұзбас қамал қияс арнаң.  
«Елім-ай» жыр қалыбы тәңір өзі  
Көз жасын қазағымның құя салған.

Өмірге құштарлықтан жанып тұрып,  
Жүрек-ай, жыр толқытып, ән шығарған.  
Халқының қайсарлығын таныттырып,  
Өрт болып жалындаған өршіл арман.

Жалынмен шарпып жазып жан жарасын,  
Маздатқан үміт отын тамұқта да.  
Рухына абыз ата таң қаласың,  
Қырандай биік шырқап қалықтаған.

Айналып ұлт арына, намысына,  
Толғады жер тағдырын, ел тағдырын.  
Дем берді алты алаштың арысына,  
Сезімнің төгіп сазды сел жаңбырын.

Сай болған өнеріне ерлігі де,  
Сан рет жауға шапқан атойлатып.  
Тұлпардың тер қатырмай терлігіне,  
Найза сап, қылыш қаққан, ат ойнатып.

Жырымен жазбақ болып жан жарасын,  
Маздатқан үміт отын кеуделерде.  
Қазақта Қожаберген – шын дара шын,  
Рухына бас иетін сен де, мен де.

Сан ғұмыр өтті бұрын сан ғасырың,  
Жаңғырар санада одан із біртіндеп.  
Арқасы аға ұрпақтар арғы, асылы,  
Бар болсақ, бүтін болсақ біз бұл күнде.

## ЖЫРШУАҚ

Жырларын жастай біздер өстік жаттап,  
Қоюшы ек газеттен де қиып сақтап.  
Жүргенде үлестіріп күн-көңілін,  
Өтіпті аңызға жел, өтіпті аптап.

Тербейді дәуренінің қоңыр күзі,  
Көбірек ойланады тобылғы үзіп.  
Бәрібір баяғыдай Тұмаш салға  
Қарайды қыздар біткен көзін сүзіп.

Тасырлар тапырағынан сыр түйесің,  
Жел ұрған жапырақтай үрпиесің.  
Сезесің екендігін Тұманбайсыз  
Қазақтың сөзі иесіз, жыр – киесіз.

Тағында –  
Тұрған сезім жайлауында,  
Емен ол шыдар, мейлі, қай дауылаға.  
Асты деп алты қырдан аяулы ақын,  
Той жасап жатыр кент те, қойлы ауыл да.

Өзгеден оқшау тіпті жымыысы,  
Келеді пейілінен күн иісі.  
Басайық патша көңіл пернелерін,  
Сезімнің саумалынан жыр ұйысын.

Жыр-бұлақ жүректерге гүл сыйлаған,  
Жыр-шуақ көңілдерге күн сыйлаған.  
Сезіну қандай жақсы арамызда,  
Жүр-ау деп бір ұлы ақын, бір сыйлы адам.

## АҚЫН ТОЙЫ

### I

Кіндігі қос құрлық – қос әлемнің,  
Құшағын күндей ыстық тосады елдің.  
Көргенде сәби көңіл адамдарды,  
Қолымды жүрегіме баса бердім.

Желпиді жұрт көңілін жадыратып,  
Жылы сөз жанып айтқан Қадыр ақын.  
Құмартып бір көруге Орал түгіл,  
Бар қазақ бауырындай сағынатын.

Туған жер жайды құшақ ақтарыла,  
Ұлына айналған ұлт мақтанына.  
Біз көрдік махаббатын қарт пен жастың,  
Қоғадай жапырылған қапталына.

Арулар  
Ақжайықтай бұраңдаған,  
Жан толқыр жанарлардан сыр аңдаған.  
Білген ғой Қадыр аға туар жерді,  
Осындай тұғыр керек қыранға да.

Шығыс пен Батысыңның арасы бұл,  
Байқайсың қос әлемнің жарасымын.  
Орал деп қымай әзер қоштасқан сол,  
Біз сүйдік Қадыр ақын қаласын бұл.

## II

Қыран жігіт қасқайып екі бұзар орданы,  
Алпыс деген тастайын екі отыз ғой болғаны,  
Ер кезегі үш деген, онсыз аттан түспеген,  
Қол бұлғайды қызғалдақ, шақырады жол тағы.

Жігіт дейді желпінтіп, қартсың дейді күлгенде,  
Алпыс деген ақмылтық – екі отыз ғой білгенге.  
Қазақ жыры қашан да жығылмайды жолынан,  
Ойлы жырдың орманы ортамызда жүргенде.

Көздегенге мүлтіксіз дөп тиетін таяғы,  
Алпыс деген арынды екі отыз ғой баяғы.  
Ақ бесіктей тербейді ақын жанын қашан да,  
Туған елдің пейілі алақаны аялы.

Шабыт құсын қияға салар талай қайырып,  
Алпыс деген ақжүрек екі отыз ғой, тәйірі.  
Ұзақ жасай беріңіз ел бағына, жан аға,  
Ғасырда бір туатын ұлы қазақ шайыры.

## ЖАНАРЫҢДА ДІРІЛДЕДІ ЖҮРЕГІМ

Құмар күнде қызыл гүлге, көп гүлге,  
Жүрек өртер жалыны бар шоқ гүлге.  
Сен жолықтың... сымбатыңмен, сәніңмен.  
Таң қалдырып ай-жұлдыз, жер-көкті де!

Сен күлгенде – жымығандай бар әлем,  
Құлпырады қарақаттай қара мең.  
Жанарыңда дірілдеді жүрегім,  
Қалтарыста қадала бір қарап ең.

Тыста, мейлі, қыс па... күз бе... көктем бе,  
Көңілде – жаз... күн шуағын төккенде.  
Махаббаттың бал шырынын сезіндім,  
Ерініңе ернім тиіп кеткенде.

Айдыныңда алай-дүлей жүріп сен,  
Қайтер едім, ақ шағалам, үріксең?  
Ертісіңнің балығындай бұлқындың,  
Алғаш рет құшағымда тұрып сен.

Ай астында ақ маржандай шашылған,  
Ақ теңіз боп аймаладым шашыңнан.  
Жан толқытар жастық жырын жырладым,  
Тұңғыықтар тереңіне жасырған.

Ғашықтық дерт бойды билеп алғанда,  
Ырымшыл боп кеттім десем – таңданба.  
Әлі есімде... ай оңынан туғаны,  
Бірінші рет мен шығарып салғанда.

Жұлдызға да толы еді аспан-дүр,  
Шырағындай көңілімнің тасқан бір.  
Аппақ еді... ақша қардай сол күні  
Көк теректің саясында ашқан сыр.

# НОСТАЛЬГИЯ

## I

Балауса балғын едік сен де, мен де.  
Ойды – от, бойды – сезім кернегенде.  
Ақ қанат періштедей шыға келдің,  
Махаббат зәмзәмына шөлдегенде.

Ғайыптан түскен жасын, жалын едің,  
Балқыды қорғасындай жаным менің.  
Жүргенде құштарлықтың отын құшып,  
Табылды жан дауасы, табылды емім.

Сымбатты,  
көрікті едің,  
көркем едің,  
Жанымды жанарыңмен өртеп едің.  
Мен сені күн нұры боп аймаладым,  
Сен маған бәйшешектей еркеледің.

Сезініп нұр шуағын шапағаттың,  
Біз міндік күймесіне махаббаттың.  
Бетімде орны өрттей дуылдайды,  
Сарт еткен сол алғашқы шапалақтың.

Дүние-ай қызыл-жасыл!  
Ойхой, шіркін!  
Есті алған қыз қылығың, кәусар күлкің.  
О, ғажап!  
Қайтер едік сол бір дәурен,  
Оралса ойда жоқта тағы бір күн.



## ҮМІТ

Оянды ғой бар тіршілік, айналаң,  
Көзіңді аш сен, тәй-тәй, балам, тәй, балам.  
Балбұлақтай былдырлаған үніңді,  
Күтіп жүр ғой құстар бақта сайраған.

Қаз тұр, жаным, көтерілші, демейін,  
Көз тимесін – тұз сұрықтап берейін.  
Жаттығайық әзір осы аулада –  
Сен тәй-тәй бас, мен соңыңнан ерейін.

Балам менің, балбөбегім, батырым,  
Қозғала ғой, қозғала ғой ақырын.  
Қашан шауып кетеді деп қызықтап,  
Қол бұлғайды көкорай бел шақырып.

Аяғың бас... адымдай ғой... кәнекей...  
Боп қалайық әлекей де шәлекей.  
Нағашы атаң бәсіреге сыйлаған  
Құлының жүр құлдыраңдап, энекей.

Қарайлап жүр... қарайлап жүр ол саған,  
Бір қызығың болары анық болса аман.  
Қанатыңа айналғысы келеді,  
Қиырларға түскенде де жол саған.

## СЫР

Алыста... бірде жақында,  
Естілер бұлақ сыңғыры.  
Орманда өскен ақынға  
Жақындау ойдың жыңғылы.

Сөйлейді жаны төгіліп,  
Жапырақ болып, шық болып.  
Кұс үніне көміліп,  
Табиғатқа жұп болып.

Найзағай болып жарқылдап,  
Күн нұры болып сең сөгер.  
Ақ қайың болып аңқылдап,  
Терек боп кейде теңселер.

Ақынның өскен орманда,  
Арманы болар – күншуақ.  
Жұлдыздар ғашық болғандай,  
Жандырсам деймін бір шырақ.

\* \* \*

Дүние, қайда барасың шыр айналып,  
Су жағалап, тау кезіп, қыр айналып.  
Тағдырым деп жолыңа жанын тіккен,  
Жәудір көздер жамырап сұрайды анық.

Уақыт-керуен барады тартып алға,  
Заманының зауалын артып алған.  
Жүдеу тартқан жұқана тірлік кешіп,  
Ел үмітін ақтар ма нарқың алда.

Уақыт-сынап тұрмайды тоқтап, күтіп,  
Алғаныңша оқпанды оқтап бітіп.  
Төске тартса, етекке жетпей жатыр,  
Жеңіл емес жасау бұл жоқтан бүтін.

Заман көші барады заулап тағы,  
Жеткізер ме аңсарға аулақтағы.

Жай күйбіңмен жіберіп алып есе,  
Жүреміз бе жылдардан даулап тағы.

Кеткен қайтып, кезде бұл өшкен жанған,  
Сағым дағы сезікті көшкен алдан.  
Бағымызға баянды айналар ма,  
Ежелден ел көкейін кескен арман.

Көлбеңдеген кішкене үміт шырақ,  
Қалтылдайды лебінен күдік сұрақ.  
Бел қайысар зіл батпан жүгің осы,  
Төзімді де тас қайрақ үгіп тұр-ақ.

Бірақ одан талмас-ау ер иығы,  
Аман болса туған жер – жерұйығы.  
Жеңбесіне зұлматтың куә тарих,  
Емен діңге айналса ел жиылып.

Заман, қайда барасың шыр айналып,  
Әзірге өзінше әркім амалдай ма.  
Серт шыңына шақырған соқпақпенен,  
Сенім бар ма сілтерге табан таймай...

## АҢСАУ

Жатыр ма аспан-ана туа алмай,  
Тіл байлап, жанын қысқан дұға бардай.  
Бірде жел, бірде жас боп үйіріледі,  
Бойдағы тау толқынды қуа алмай.

Тулайды... астаң-кестең аласұрып,  
Тұлпардай қойған кеше таң асырып.

Айналып рахман нұры қона алмай жүр,  
О, мүмкін, адамдарда бар асылық.

Асудан аса алмаған әлі келіп,  
Ақша бұлт жөңкіледі әрі-бері.  
От жұтқан омырауын ашып көкке,  
Жер сұлу жатыр күтіп жаны семіп.

## АҒА СЫРЫ

### *Баллада*

#### I

Өмір жолы – бұралаңы көп белес,  
Бағынбайды өз заңынан басқаға.  
Бір тағдыр бар өр өзенмен өкшелес,  
Бір тағдыр бар жолын ашқан жасқана.

Қыз жолындай жіңішке жол бұйырды,  
Аға, сенің тағдырыңа өзгеше.  
Айта алмадың, түк түсінбей күйіндің,  
«Әкем» деп те, «шешем» деп те көзге сен.

Жөнің де жоқ іздеп ойға батарға,  
Бұла өстің бауырыңда атамның.  
Атам мәңгі аттанғанда сапарға,  
Сұлтекеңнің үлкен ұлы атандың.

Үміт шешең өбектеді жан қалмай,  
Жөргегіңнен алған анаң көтеріп.  
Өсе бердің ештеңе де аңғармай,  
Тағдыр жазған талайыңа ет өліп.

Жан сырыңның сұрағам жоқ қатпарын,  
Мен білмеймін қашан алғаш ойландың.  
Қандай сезім қайнап-бұрқап жатқанын  
Тереңінде көңіл деген қоймаңның.

## II

Кейде отырып оңаша ойға қалам мен,  
Әкең жайлы сен бөтенге санаған.  
Бауырына қысып бір рет балам деп,  
Маңдайыңнан сүйді ме екен сол адам.

Баладайын аңқылдаған көңілі,  
Білмеуші еді қулық-сұмдық не екенін.  
Ал сен жайлы айтқан емес өмірі,  
Әлі күнге соған қайран етемін.

Аттанарда сапарына ақырғы,  
Бір ісімен тағы да ойға батырды.  
Әминаны, мені іздеп шақырды...  
Атамады бірақ сенің атыңды.

Қыл түспеген көңілін-ай қылаусыз,  
Жан еді ғой жалғандыққа туа жат.  
Атаған соң Алла алдында сұраусыз,  
Пенделікке бармаған ғой, о, ғажап!

## III

Ақыл бәрін түсінгенмен, ұққанмен,  
Сезім бар ғой сергелдеңі сын бөлек.  
Әке жайы осылай боп шыққанмен,  
Не күй болды екен, аға, сенде ерек.

Әкем демей, Шәкең дедің сен оны,  
Мүмкін, тіпті, ренжіткен де шығарсың.

Шайқағанда кейде өмір желі оны,  
Ойлаған да болар сені – ұғарсың.

Шарттылыққа бағынсақ та біз неше,  
Шындыққа тура қарау – ол да сын.  
Бар жауапты жүрегіңнен ізде сен,  
Бар ісінді әке рухы қолдасын.

#### IV

Солай, аға! Сен басқа үйге кеткен соң,  
Бір әулеттің үлкені боп өстім мен.  
Кеш те болса, сыр ашылып жеткен соң,  
Бір өзгеше сезім күйін кештім мен.

Айта алмаймын бірақ бәрін ұқтым деп,  
Білгенімнің бәрі ойға сіңді деп.  
Аға деуге аузым бармай бұқтым көп,  
Бауырым деп беземедім тілді де.

Әр үйірде саяқ өскен жылықдай.  
Жақындадық біз ақырын, ойқастап.  
Не болса да, бәрі тағдыр ісі ғой,  
Сөз еткенмен бүгін біраз ой тастап.

Аға болып ашыламадың сен маған,  
Әсері ме соққан басқа жол табы.  
Ішім жылып отырғанмен... саған да  
Іні болып жарытпадым мен дағы.

#### V

Айып етпе... аз-кем жүрек қозғасам,  
Ер жасына толғаныңда сен бүгін.  
Алда өмір бәйгесінде оз да сан,  
Жаңа өмір бақтарына ен күліп.

Жаси көрме...  
Жалындай бер, жайна, күл,  
Ақ жеңешем Әлияңды қолтықтап.  
Атабек пен Айбек, Айнұр, Айнагүл –  
Өрісің ғой – өрге қарай жол шыққан.

Бөлек тағдыр – сенің, аға, ғұмырың,  
Түкпірінде жүрегіңнің мұз жатыр.  
Бойыңды жаз,  
Биіктесін тұғырың!  
Сілте еркін,  
Шарттылықты бұз да ақыр!

Байқадың ба, сен әлі де баласың,  
Мойындатар Көшей папаң, Мәйнаң бар.  
Исқақ, Ертай, Төлебайлар таласып,  
Құшағыңа ұмтылды жайраңдап.

Үміт, Мәуия... қасыңда жүр қос анаң,  
Өтелмеген парызыңды өтей бер.  
Анау-мынау артық-кемге босама,  
Бауырыңды биіктерге төсей бер.

## VI

Тағдыр жолы тарау-тарау сан қилы,  
Таудан аққан бұлақтардай тас жарған.  
Кейде – жуас, кейде тулап, мөңкиді,  
Кейде – жұлдыз ағып өткен аспаннан.

Асып қанша шіренгенмен көп мықты,  
Адам деген – дүниенің қонағы.  
Әр пенденің өз жолы бар бұйрықты,  
Өз қызығы, өз мұңы да болады.



---

*Бәрі бар менде....*





Мен өткен ғасырдың жетпісінші жылының аяғында республика басшыларының шақыртуымен сол кездегі еліміздің астанасы Алматы қаласында мектеп оқушыларына арналып шығатын «Қазақстан пионері» атты газет редакциясына келіп, бас редакторлық орынтаққа жайғастым. Ол Кеңес Одағының әлемде дүрілдеп тұрған заманы. Үлкен-кішінің бәрі газет-журналдан бас алмайды. Сондықтан да басылымдардың дені дерлік көп данамен шығады. Мысалы, мен басшылық еткен «Қазақстан пионері» газетінің саны жетпісінші жылдардың аяғында екі жүз мыңнан асқан еді.

Редакцияға хаттар көп келеді. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектеп оқушылары тырнақалды мақала, әңгіме, өлеңдерін бізге жіберіп тұратын. Олардың бірқатары ауылда мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түсу үшін Алматыға келгенде, алдымен біздің редакцияға соғатын. Себебі, ол жасөспірімдер үшін өздері кішкентайларынан оқып өскен газет редакциясы нағашыларының үйіндей көрінетін болса керек.

Редакцияға келетін хаттардың көбісі Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Семей, Шығыс Қазақстанның Зайсан, Тарбағатай, Маңғыстау, Гурьев, Торғай аймақтарынан еді. Ал Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Целиноград, Көкшетау, Павлодар жақтардан бірен-саран ғана хабарлар келетін. Ол аймақтарда көбіне өзге ұлттардың орыс тілді өкілдері тұрады және онда қазақ мектебі деген ілуде біреу, сабанның арасынан жазатайым табылған инедей болатын.

Бұл жағдайды біз жақсы түсінетінбіз, сондықтан мен редакцияда істейтін журналистерге:

– Солтүстік облыстардан, Өскемен жақтан келген хаттар қандай деңгейде болса да, дұрыс қарап, жөндеп, кідіртпей газет бетіне жариялауға тырысыңдар, өйткені олар өзге тілділердің арасында өгейсіп жүрген бауырларымыз ғой, – дейтінмін.

Редакцияның хат бөліміндегі қызметкер күнде ертеңгілік келген хаттарды бас редакторға әкеледі. Бір күні менің алдымда мектеп оқушысының бір топ өлеңдері жатты. Авторы – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы Озерный орта мектебінің оқушысы Ербол Шаймерденов. Ылғи орыстар жайлаған солтүстіктен мынадай өлеңдерді оқығанда, жерден жеті қоян тапқандай қуанып, «Талабың таудай болсын!» айдарымен бірден газетке жарияладық. Ол жылдары көп болмаса да, балаларға да қаламақы төленеді. Біз мұндай жазғыш балаларға арнап футбол ойнайтын доп сатып алып, Байшақов бастаған ойыншыларға қол қойғызып, жас авторларға жібердік. Олардың арасында Ербол, Сапарбайлар да бар еді.

Келесі жылы күзде менің кабинетіме орта бойлы, ақсары өңді, көздерінен мейірім шашыраған жасөспірім кірді.

– Апай, Солтүстіктегі Жаңажол ауылынан келдім, атым Ербол, – деді күлімдеп. Бұл – Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің бірінші курсына жаңа ғана түскен Ербол болатын.

Редакцияға жіберіп тұратын шағын мақалалары мен өлеңдері арқылы «өзіміздің тілшіміз» атанған Ерболмен біраз әңгіме соқтық. Ол мектепте математикаға жүйрік болған екен, облыстық «Ленин туы», «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас» газеттеріне өлеңдері басылып, мұғалімдер «ақын бала» атап жүргенмен, өзінің ойы – математик болу. Бір күні Ғабит, Сәбит ағаларымыз өскен топырақтағы Озерный мектебіне жазушы Мағзом Тиесов ағамыз келгенде, мұғалімдер өз ақындарын мақтана көрсетеді. Жазушы аға:

– Қарағым Ербол, есеп-қисапта не бар, өзің төгіліп тұрған ақынсың. Алматыға КазГУ-ге кел! – деп кетеді.

– Мектепті алтын медальмен бітіріп, осында КазГУ-ге келдім, – деді Ербол.

Ербол университетте оқып жүргенде де хабарласып тұратын. Өзі оқу озаты болып, ол жылдары таңдаулы студенттерге берілетін атаулы стипендия алып жүрді.

Мектепті алтын медальмен бітірген, университетте стипендиат болған Ерболға оқу орны Мәскеуге, Ломоносов атындағы универ-

ситетке жолдама берді. Ол кезде өте үздік деген бірер студентті Мәскеуге оқуға жіберетін дәстүр бар еді. Өзгелердің қолы жетпей жүрген Мәскеуге ол бармады. Артында жалғыз анасы бар, қамқорлайтын басқа ешкім жоқ.

Сөйтіп ақын Ержұман, Қуаныш, Сүлеймен, Байбота секілді достарымен бірге білім алып, ара-тұра өлең жазып, бірақ көп мезгілін кітапханаларда ізденумен өткізетін.

Оқуды жақсы бітіріп, Абай атындағы педагогикалық институтта өзімен қатар оқыған филолог Күләшке қосылып шаңырақ көтерді. Күләш та осал жерден емес, атақты Естай ақынның туған жерінен шыққан.

Ербол өзінің биік адамгершілігімен, іскерлігімен, өз ұлтына деген махаббатымен сол кездегі саяси ортада белгілі бола бастады.

«Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Әбіш Кекілбаевтың баспасөз хатшысы, республикалық Тіл комитетінің төрағасы секілді аса жауапты қызметтерді атқарды.

Табиғатынан өте кішіпейіл Ербол он шақты өлең жазса, оларды кейбіреулер секілді күнделікті баспасөз бетіне ала жүгірмейтін, әдеби ортаға немесе қалың оқырманға ертерек танымал болсам деген ойдан аулақ болатын.

Алайда:

*Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
мұнарсыз күнге құмармын.  
Бұқтыра берген биікке  
жарқ етіп бір күн шығармын, –*

деген арманын жанына серік етіп, «шындық пен адалдықты тонайтын сайтандықпен, сайқалдықпен» өмірінде де, өлеңінде де күреспіп өтті.

*Біле алмадым белгісі екен бұл ненің,  
бәрі есепте: сөйлегенің, күлгенің.  
Ұнамайды біреулерге тіпті жай  
еңсең биік емін-еркін жүргенің.*

*Күй тартады тағдыр тоқсан тараумен,  
қарайламай шеңбер-шартың бар-ау деп.  
Қандай обал өмір сүру орнына  
күн өткізу қас-қабатқа қараумен.*

Жеке адамның, ұлттың немесе мемлекеттің бостандығы, тәуелсіздігі деген – шартты ұғым, жеке адам ба, қоғам ба – бәрі-бір өзінің өмір сүріп отырған ортасына тәуелді, заманның ағымына, жер бетін жайлаған адамзаттың ойлап тапқан саясатына бағынышты. Тәуелсіздік жеке бастан басталады. Ербол ақынның арманы – ұлтының бостандығы, саны басым халықтың илеуі мен зорлығы елін шаршатқанын өзінің жеке басынан өткендей өлеңдеріне арқау етеді. Өйткені ол өз ұлтының, туған халқының бөлшегі. Бұл – шын талантқа тән қасиет.

*Біреулердің таласы  
баяғы ру, жүз дейді.  
Әр ауылдың баласы  
өз ағасын іздейді.*

*Қалай бөліп, қуса да,  
бөлінбейді бұл қазақ.  
Қай тұстықта туса да,  
бар қазағым – бір қазақ.*

Әр ұлттың, әрбір халықтың мықтылығы – оның бірлігінде, қандай қиындықта да жұмылған жұдырықтай бір жеңнен қол шығарса, өміршең ұлттың тұтастығы деген – осы. Ербол ақынның:

*Ырғағы бар жанымда жыр-әніңнің,  
қылығы бар қанымда құланыңның.  
Отан үшін от басса өкінбейтін,  
елін сүйген өр мінез ұланыңмын, –*

деп тебіренуінде үлкен ой жатыр.

Ербол сүйікті оқырмандарына том-том кітаптар қалдырған жоқ. Ақынның мықтылығы оның шығармаларының санында емес, халқының жүрегіне жазылып қалардай әрбір өлеңінің әсерінде.

Ақынның осындай тамаша туындыларының бірі – «Ән – ғұмыр» атты поэмасы. Бұл шығарма ұлтымыздың ұлы перзенті, жалғыз әнімен ұрпақтардың жүрегін мәңгі жаулаған әрі ақын, әрі композитор Естайға арналған.

Ақын бұл поэмасымен қатар Естайдың зираты жатқан ауылға оның есімін беру мәселесін көтеріп, ақыры ол ауыл бұл күнде «Естай ауылы» деп аталады.

Ербол ақынның өмірін соңында қалған жазба шығармалары, аяулы жары Күләш екеуі өмірге әкеліп, әлпештеп өсірген Ләззат, Гүлшат, Бақыттай сүйкімді перзенттері, Әлихан, Айтолқын, Камила секілді немерелері, сондай-ақ қиыспас достары мен қалың оқырмандары жалғастыруда.

Ербол бауырым жайлы шағын мақаламды оның Естайға арнаған жырының бірер шумағымен аяқтағым келіп отыр.

*Тірлікте таусылғанмен татар дәмі,  
Естайдың үзілген жоқ сапары әлі.  
Жол шегіп мәңгілікке ол бара жатыр,  
атағын алысқа әлі апарады.*

*Шырқалса мың құбылған әні ізгі,  
тербейді сұлу ыргақ жанымызды.  
Рухына бас иейік Естай ақын,  
аруағы жүрсін қолдап бәрімізді.*

Ербол ақынның рухы ұрпақтарымызға жұғысты болғай.

**Фарица ОҢҒАРСЫНОВА,**  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

## ХАН АЛАҢЫ

Хан Абылай алаңы –  
Қарқарасы Көкшенің.  
Мұнда ұран салады  
Жерде – қазақ, көкте – күн.

Елдік рухы ескен жер  
Айбыны асып азат күн.  
Ұлт тағдырын шешкен жер  
Ұлы ханы қазақтың.

Киесі бар бұл жердің,  
Аяғыңды байқап бас.  
Ерлер өткен күндерде,  
Елдік туын шайқалтпас.

Кел осында, кел іздеп,  
Қаһармандық алауын.  
Кезігерсің көп ізге,  
Елдік болса қалауың.

Намыс отын іздесең,  
Кел осында, кел тағы.  
Тарихыммен жүздесем,  
Ұғам десең ел жанын.

Отаншылдық – әрісі,  
Бергісі тек – жер тану.  
Оқытатын дәрісі –  
Ерліктану, Елтану.  
Хан Ордада – Хан тағы,  
Ту тұғыры – Оқжетпес.

Сана садақ тартады,  
Ойға биік сөз жетпес.  
Осы, міне, арда алаң,  
Алаңдардың төресі.  
Тарих өзі таңдаған,  
Тарих өзі төреші.

\* \* \*

Сары атан дала, сары дала,  
Сары өзек сенім талмаған.  
Сары көңіл сарын сарғайып,  
Сары ауыз желі сарнаған.

Сарыжомарт пейіл нар дала,  
Сабырлы жоққа, барға да.  
Қанатын қайрат қамшылап,  
Қалықтап ұшқан арман ән.

Саздауыт белде сарсылып,  
Төңкерген жәннат торсығын.  
Құм дауыл тынған қансырап,  
Көңіліне қарап қоңсының.

Анары – ырғын, араны – аш,  
Ақ толы күбі ала жаз.  
Батпақта бойын түзеген,  
Батпандай болып бала қаз.

Ошарылып орман-көлдері,  
Ожарлы тауға белдегі,  
Ойнайды сағым-сурет –  
Көрмеген менен көргенің.

## ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

Қыз қайың ... қызыл қайың ... құмар қайың,  
Алдымнан елге барсам шығар дәйім.  
Білмеймін не құдірет, нендей сиқыр,  
Жүрегім дүрсілдейді көрген сайын.

Бейне бір бал күндердің елесіндей,  
Қол бұлғап кеткен жастық кемесінде.  
Балғын шақ құпиясын, қызықтарын,  
Саласың сағындырып сен есіме.

Аман бол, асыл қайың, асық қайың,  
Көп қарап көңілімді жасытпайын.  
Сен менің сырласымсың, қимасымсың,  
Баяғы қайран бала ғашықтайын.

## ҚЫЗ ӨСКЕН ҮЙДІҢ ҮМІТІ

Ұядан ұшар шақ туып,  
Айдыныңды таптың, аққуым.  
Қараймын нұрлы жүзіңе,  
Не айтуды білмей...  
Не айтуды білмей... аптығып.

Сен едің дара дарағым,  
Балаған ұлға, қарағым.  
Қимас бір қимас сезіммен,  
От болып іштей...  
От болып іштей... жанамын.

Түскендей болып қабағың,  
Ботам-ау, неге қарадың.



Онсыз да алып барасың,  
Жүректі жұлып...  
Жүректі жұлып... қарағым.

Шыланса шыққа жанарым,  
Ренжіме маған, қарағым.  
Бөлектеу болар қашан да,  
Қыз өскен үйдің...  
Қыз өскен үйдің... алаңы.

Төксін деп саған нұрын күн,  
Тілейді әкең күні-түн.  
Гүліндей қырдың нәзік қой,  
Қыз өскен үйдің...  
Қыз өскен үйдің... үміті.

Қинаса кейде уақыт-сын,  
Жолыңнан тайма, жақұтым.  
Тұмадай тұнық мөлдір ғой,  
Қыз өскен үйдің...  
Қыз өскен үйдің... бақыты.

Босаға аттап барасың,  
Жарыңмен жаның жарасып.  
Жаратқан ием жар болып,  
Бақ қонып, қыдыр...  
Бақ қонып, қыдыр... қарасын.

\* \* \*

Ақ қайың... аппақ қайың... ару қайың...  
Қашаннан таныс маған сенің жайың.  
Басқаға күннен өзге қарамайтын,  
Тәкаппар сен секілді менің де айым.

Ақ қайың, аппақ қайың атқан таңдай,  
Аршын төс, алма мойын, ақша маңдай.  
Сен десе түседі еске асыл қалқа,  
Есігін екі дүние ашқан жандай.

Ақ қайың керме қасты, меңі қара,  
Сүйеді жаным менің сені дара.  
Қалқаға айта алмаған бар сырымды,  
Айтамын оңашада саған ғана.

Өзіңсің ғашықтарға әмән серік,  
Сұлу да сырласады саған келіп.  
Жеткізші жапырағыңның сыбдырымен,  
Дүрсілін жүрегімнің оған менің.

\* \* \*

Шаңырақ қыз өсірген, гүл өсірген,  
Ұқсайды Иран баққа, білесіңдер.  
Ата-ана аялайды алақанда,  
Бой жетіп, қанат қағып түлесін деп.

Күндерден күндер өтіп... жылдар асып,  
Есейтер еркелетіп қыз баласын.  
Тұрасың қимастықпен қарап жолға,  
Кетерде босаға аттап, қырдан асып.

Кеудеде – бір қуаныш, бір тәтті мұң,  
Жүресің – бір асқақтап, бір аптығып.  
Тілейсің жүрегіңмен, жаныңмен бар,  
Мәңгілік тарқамағай деп шаттығым.

Ойлайсың тек жақсыны көңіл аулап,  
Егілгің келсе дағы егіле алмай.

Жаутаңдап отырасың жат біреуге,  
Гүліңді үзіп беріп омыраудан.

Ұсынып өз қолыңмен, өз еркіңмен,  
Тілейсің тағдыр сыйын келер күннен.  
Құдаға ... күйеу бала... құдағиға...  
Мазасыз қайран жүрек сенер кімге.

Белгілі: осы – өмір, осы – салтың,  
Ақ арман бастар алғы күнге жарқын.  
...Дегенмен қыз ұзатқан шаңырақтың,  
Жан сырын елдің бәрі сезбес, бәлкім.

## КӨҢІЛСІЗ ЖЫР ДА КЕРЕК-АУ

Тіршілік – оты ошақтың,  
Маздап бір мейір қандырар.  
Тіршілік – оты тозақтың,  
Күйдірер кейде жандырар.

Тағдырдың түсі сан бояу,  
Құлу бар жерде жылау бар.  
Жазбаған жүру мәңгі ояу,  
Биік бар жерде құлау бар.

Құйындай тартса су ағыс,  
Қорықпа көріп шетіндей.  
Реніш пенен қуаныш,  
Медальдың екі бетіндей.

Сенімге сергіп ауа ма ой,  
Өткелектерден өтпесең.

Өкініш сондай дауа ғой,  
Жұбаныш қандай дәт десең.

Болмысы жанның бөлек-ау,  
Екі әлем өң мен түсің де.  
...Көңілсіз жыр да керек-ау,  
Көңілді болу үшін де.

## БӘРІ БАР

Бәрі бар менде:  
Шаттық та, мұң да, өкпе де,  
Ешбірін бірақ көп демен.  
Шыным бар сыр ғыш шертпеген,  
Шыңым бар жеткен... жетпеген...  
Бәріне тәубе деп келем!

Бәрі бар менде:  
Шарасыздық та, шыдам, морттық та,  
Намыс боп лаулар оттық та.  
Жазмыштан озмыш жоқ бірақ,  
Аптық сен, мейлі, аптықпа –  
Тағдырыңа жалғыз сол тұтқа!

Бәрі бар менде:  
Арман да, биік мұрат та,  
Шыңыраудан тартқан шырақ та.  
Қапыда қағып құлатқан,  
Қанжардың ізі қанжара –  
Жауапсыз қалған сұрақ та!

## ТҮСІМЕ ЕНДІ...

Еске алды ма екен рухы әке торығып,  
Түсіме енді ауылдың қара қорымы.  
Көп болды, балам, жоламай кеттің ел жаққа,  
Қамығасың ба екен, бәтшағар, шіркін, соны ұғып.

Ұмыттың ба, әлде, ауылды, туған жеріңді,  
Ақ қайың, ақ қар, ақ жаңбыр, айдын көліңді.  
Ақ самал, ақ гүл, ақ селеу – аппақ дүние,  
Ай нұры құшқан ақ бесік алтын төріңді.

Ұмыттың ба, әлде, ортаңды, ана әлдиін,  
Өсірген бойға қасиет, қадір, нәр құйып.  
Алаңсыз күндер, албырт шақ, адал достарды,  
Арман кесеге ішетін бірге бал құйып.

Ұмытпа, балам, ұмытпа бұлақ көзіңді,  
Ақ ниет таза, ақ жүрек арда сезімді.  
Есігін ашып тіршілік деген дүниенің,  
Қолында әкең інгәләп жатқан кезіңді.

Қара жер мына қойыны суық мен жатқан,  
Күтеді жылу, күтеді пейіл сен жақтан.  
Жер басып жүрген ұрпағым дұға етсе деп,  
Тілейді мына қорымда қалың ел жатқан.

Топырағы бөлек бұл жердің, балам, топырағы,  
Түйіршігі болып менің де тәнім жатыр әні.  
Сенің де қаның тамды алғаш осы топыраққа,  
Сондықтан кейде түсіңе еніп шақырады.

Сенің де тәнің жаралған осы топырақтан,  
Сенің де жаның нәр алған осы топырақтан.

Қуатың барда қайырыла жүр сен, жан балам,  
Несібең қайдан бұйырса да тағдыр шашыратқан.

Ұмытпа, балам, болады жердің киесі,  
Жүректі тербер жаныңа бөлек күй есіп.  
Жәдігөй дүние жадыңды жаншып бара атса,  
Есіңе ал біздің орманның қызыл шиесін.

## МЕНІҢ ДЕ ҚАНЫМ ТҰШЫ ЕМЕС

Меңіндей қызыл ұяттың,  
Ауылдың қызыл шиесі.  
Ақ қайың ару сияқты,  
Орманның сен де киесі.

Сезімнен ыстық өріп өрт,  
Сиқырсың арбап, тамсантқан.  
Көз жауын алар меруерт,  
Мөп-мөлдір қызыл моншақтай.

Анары бейне арудың,  
Томпиып қана жататын.  
Зәмзамсың жанға дәру мың,  
Тамшысын талғап тататын.

Есімнен кетпес бал шырын,  
Еріні сынды ерке қыз.  
Жаңбырға бірге малшынып,  
Табысып едік ерте біз.

Жылғалы жауһар жүйедей,  
Ойларды терең қуды жыр.

Қызарған қызыл шиедей,  
Қып-қызыл сәуле бұл ғұмыр.

Өсесің туған жерде сен,  
Топырақта бабам табынған.  
Кім білген, мүмкін, әлде сен,  
Жаралдың кіндік қанымнан.

Тербедің жанды... тегін бе,  
Есіме түрлі түсті елес.  
Кермектеу дәмің... менің де...  
Менің де қаным тұщы емес.

## ЭЛЕГИЯ

*Экспромт*

Келдің өмірге,  
Кеттің өмірден...  
Қондың көңілге,  
Ұштың көңілден...  
Бары осы тірліктің,  
Түңіл... түңілме...

Келдің тұманнан,  
Кеттің тұманға.  
Тағдырың осындай...  
Жұбан... жұбан ба...

Келдің – қосылдың,  
Кеттің – шашылдың.  
Қалар жарқырап,  
Мәңгі асыл күн!

## ӘУЕЗОВ АЛЛЕЯСЫНДА

Не жетсін, шіркін, асылға,  
Мерейін ұлттың асырған.  
Марқайып тұрдық қазақтар,  
Бішкекте...  
«Әуезов аллеясында».

Дәл төрде ғажап мүсіні,  
Баурайтын тартып кісіні.  
Тәрізді жанды бейнесі,  
Тірісінде алған түсіріп.

Көк терек, шырша жан-жағы,  
Кілемдей қалы гүлзары.  
Үніне елтіп құстардың,  
Қыздар жүр биші ырғалып.

Ақбоз үй, алтыбақанда,  
Қожанасыр, Алдар әпәндә.  
Тойы деп қырғыз тілінің,  
Жар салып жатыр жаһанға.

Келіскен салты, әдебі,  
Дәстүрлі қырғыз әлемі.  
Кеткендей сыйып дәл бүгін  
Алаңға мына әдемі.



АҒА РУХЫНА  
Ақселеу Сейдімбекке

Жүр еді жоғалмай қай керек,  
ЖЫҒЫЛДЫ тағы бір бәйтерек.  
Ұлтының қамын жер қасқайып,  
Дейтұғын осындай сой керек.

Елім деп егілген егілсе,  
Елім деп төгілген төгілсе.  
Азаттық туына тәу еткен,  
Алашқа Ақселеу едің сен.

Бәріне бел шешіп кіруші ең,  
Ел қамы – айтарың, аңсарың.  
Жоқ-барын түгендеп жүруші ең,  
Шырылдап жаһанға жар салып.

Ес едің ұлтыңа, жұртыңа,  
Ер жетті қарап жас түлектер.  
Бұлқынса сен болып бұлқынар,  
Елім деп соққан жас жүректер.

Өзегің өртеніп жанады,  
Өмірге келу – шарт, кету – мұң.  
Үлгісі боп қалдың санада,  
Қазақ боп тіршілік етудің.

## КІСІЛІК ҚЫМБАТ АДАМҒА

Ақ қалпақ сыйлап тұрып ол,  
Арқамнан қақты жай ғана.  
Бұл сыйдың, інішек, сыры мол,  
Бас аман болсын қайда да.

Келеді бәрі кетеді,  
Жақсы да, мейлі жаман да.  
Жанады бәрі өшеді,  
Кісілік қымбат адамға.

Бас аман болсын, бауырым,  
Басқаның бәрі табылар.  
Тисе де жерге жауырын,  
Кек қайтар, есе алынар.

Ақ қалпақ мына Манастың,  
Басында ту боп жайнаған.  
Саған да, міне, жарасты,  
Бабалар рухы қолдаған.

Деді солай дана қарт,  
Алатау жаққа қарады.  
Дегендей саған аманат,  
Байкемнің арман-таланы.

Бұрылып тағы қария,  
Ыстықкөл бетке салды көз.  
Куә бол, – деді, – дария,  
Жадымда жарқын қалды сөз.

Көңілі – дархан, жаны – мәрт,  
Айналдым қырғыз қартынан.  
Нұрланып, жаным жадырап,  
Көп қарап тұрдым артынан.

## ҮШ ӨЛЕҢ

*Байроннан*

### 1

Құшағыңды аш, қызық дәурен, құмар күн,  
Мен сәулеге, мен жарыққа құмармын.  
Қалжыраған кездерімнің өзінде,  
Тізерлемей, тізе бүкпей тұра алдым.

Мақтанғаным, шаттанғаным емес бұл,  
Енді мені арбай алмас елес жыр.  
Жазықсыздан жылағанын жүректің,  
Мен ешқашан ұмыта алар емеспін.

Өзіме аян қысылғаны жанымның,  
Өзім білем мұздағанын қанымның.  
Шырғалаңың шідер болса – үзілер,  
Шырқалады әнім менің әлі мың!

### 2

Бітті бәрі! Арман да ада... үміт те,  
Күтпен бақыт келер күннен күдікті.  
Тұңжырайды көк аспаны көңілдің,  
Сырқыратып жүректегі тілікті.

Аулақ енді... аулақ менен өз мұрат,  
Сенім... сүю... тілемеймін, қал жырақ.

...Ертең бірақ жан алауы өшкенде,  
Іздемесе болды жүрек қан жылап.

3

Есіл дүние, ескегіңді бер маған,  
Шегем сапар қиырларға бармаған.  
Толқыныңмен тал бесіктей тербет сен,  
Ғасырларды ғасырларға жалғаған.

Желкенімді көтеремін мен тағы,  
Жолым тосқан жалпақ елге жар салып.  
Тоқтамайтын тіршіліктің керуенін,  
Жата бер сен шығарып сап, қарсы алып.

**АҚЫН МУЗАСЫНА  
ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ**

*Қуат Есімхановқа*

Тамсанып, таңырқаған әлем танып,  
Дерегін ғажап әннің іздеп анық.  
Айналған Естай ақын музасына  
Еліне Хорлығайын біз де бардық.

Ауылы хас сұлудың Алтайда екен,  
(Құлынды – Ресейде... шалғай мекен).  
Көркем көл, кербез орман, көкорай бел,  
Жаныңа жаз орнатып арбайды екен.

Ағылып ойдан-қырдан жұрт қаптады,  
Қарсы алды жайып құшақ ұрпақтары.  
Қалың ел қанша толқып, тебіренсе де,  
Қара жер қойны суық тіл қатпады.

Кернеген бойын сезім сел-құйыны,  
Іштей ел жан тербеген әнге ұйыды,  
Кең дала, орман-көлдi кеттi кезiп,  
Қиялдың қыран қанат кермиығы.

Болады түсінуге елдің жайын,  
Аңсаған пәк сезімнің күн мен айын.  
Тербейдi жүректердi өз әнi боп,  
Гимнi сұлулықтың «Хорлығыайын».

Самалдай желпiп жанды сахи арман,  
Шырқады... шыдамады Шахимардан.  
Тұрғандай Ла-Скалада...  
Кең далада өрлеттi ән...  
болмай бөгет бақи қорған.

Марқайып мамыражай тұрды аспан,  
Бұлт шықса бура толқын ала қашқан.  
Мәңгiлiк мекенiнде Қорлан ару,  
Бiр ғажап бой көтердi белгi тастан.

Көп күткен жаңа ұрпақты келер іздеп,  
Тәскейде тоғысыпты нелер іздер,  
Мөп-мөлдiр көз жасындай қуаныштың,  
Сiркiреп өттi жаңбыр төбемiзден.

Ақ мәрмәр... аппақ нұр ма... аппақ шыт па...  
Бiр ғажап белгi орнады ойпаңда... ықта.  
Мәңгiлiк махаббаттың символындай,  
Ескерткiш ел көтердi сұлулыққа.

Мұндайда көңiлден күй шығар тасып,  
Ақ түйғын әуелейдi мұнарды асып.

Әкеліп қоя салған ерлерді айт,  
Көшіріп Баян таудың бір жартасын.

Жарысып ақ жауынмен бейне ақ шабыт,  
Келгенде шыққан алдан ол қарсы алып.  
Қол бұлғап қала берді шекарада,  
Аспанда қалықтаған бір ақша бұлт.

\* \* \*

Кінәлап жүрсің...  
Білемін.  
Қағады дүрсіл  
Жүрегім.

Түлен түрткеннің,  
Кері кеп,  
Ренжіткен де  
Жерім жоқ.

Орының жалқы,  
Әз.. аялы.  
Көңілдің қалпы  
Бәз баяғы.

Мен дағы ерке,  
Есімін.  
Іс болса келте,  
Кешіргін.

Көретін теңдей,  
(Сенбессің...).  
Бола алмас сендей,  
Енді ешкім.

Не деме маған,  
Құп алам.  
Ағатай, әмән,  
Жүр аман!

\* \* \*

Айнала сұрақ,  
Айдары көкте.  
Амалын сұрап,  
Ақынды сөкпе.

Оян да ерте,  
Ойларды сырып.  
Өзегін өрте,  
Өңешін жырып.

Қиятын жанды,  
Қайғы емес өмір.  
Ойнатар қанды,  
Той елес көңіл.

Қиналып жоққа,  
Қамалма торға.  
Жанам деп отқа,  
Жығылма орға.

Тіршілік – тәубе,  
Аманат – өмір.  
Денсаулық – сауға,  
Жәннатың – көңіл.

Шағылып тіске,  
Шарасыз шөкпе.

Қанып нұр іш те,  
Қалып қой көкте.

\* \* \*

Сен түсіне алмассың  
Жанымды менің.  
Мен шын алжастым,  
Кигендей кебін.

Жақсы еді-ау бәрі,  
Жоғың да, бар да.  
Толқын сор кәрі,  
Соғады жарға.

Ғайыптан тайып,  
Өлгендей сенім.  
Қайыстан қайып,  
Іздеймін емін.

Тең емес іште,  
Ыстық пен суық,  
Құбыжық түстер,  
Жатады буып.

Жүрек – дақ қара,  
Жан – жасыл жара.  
Ойды ақтарар,  
Сырқырап сана.

Неден деу... қайдан...  
Бұл да күпірлік.  
Мәңгілік майдан –  
Миқата тірлік.



Қалалық болдың сен де, аға,  
Ауылдан көшіп жақында.  
Тоқтаймыз енді кімге, аға  
Барғанда елге, апырмай.

Үшеуміз кеттік үш жаққа,  
Үшағашта қалды жан әке.  
Шығармас бала ұшпаққа,  
Деген сөз шын жөн екен.

Билейді ойлар бір түпсіз,  
Күздегі қара жауындай.  
Қалалық болып кеттік біз,  
Жан әкем қалды ауылда.

Өз мұңым мұным білгенге,  
Ешкімге айып таға алман.  
Жүрмесек болды күндерде,  
Қабірін іздеп таба алмай.

## ЖАҢА ДӘУІР ЖАСТАРЫ

*Студенттер әні*

Әні Жоламан Тұрсынбаевтікі  
Сөзі Ербол Шаймерденұлынікі

Өмір таңы... өрге тартқан басталды із,  
Білім қуған біз студент жастармыз.  
Егемен ел ертеңіне қол созған,  
Арманы асқақ, жолы жарқын достармыз.

### **Қайырмасы:**

Жалын атып жанымыз,  
Асқақтайды әніміз.  
Жауқазындай жайнаған,  
Туған елдің сәні біз.  
Отан – біздің барымыз,  
Ұятымыз, арымыз.  
Ел көгінде жұлдыздай,  
Жарқыраймыз әлі біз.

Университет – ғылым-білім қайнары,  
Желбірейді өркениет байрағы.  
Бізге жақын робот, ғарыш, ғаламтор,  
Бізге қымбат махаббат та, ой дағы.

### **Қайырмасы.**

Жаңа ғасыр – біздің ғасыр бұл ғасыр,  
Біз, студент, жаңа дәуір құрдасы.  
Жалын атқан жүректердің дүрсілін –  
Жастар әнін жаһан тынып тыңдасын.

### **Қайырмасы.**

Туған жерге нұрын мәңгі төгер күн,  
Біз боламыз болашағы бұл елдің.  
Көгілдір ту... Қазақстан... Нұрсұлтан...  
Жарқыраймыз жанып отын жігердің.

### **Қайырмасы.**

Ел мұраты құрсын мәңгі салтанат,  
О, замана, бізге ұшқыр бер қанат.

Қарыштаймыз біз де ғалам көшінде  
Ата-баба аманатын арқалап.

### **Қайырмасы.**

## **ӘЛИХАННЫҢ ӘЛІППЕСІ**

### **Қарлығаш**

Қар ерімей белдерде,  
Жатса да қыс бой бермей.  
Қарлығаштар келгенде,  
Көктем келді дей бергей.

Досты қалай қиясың,  
Ақ ниетпен айтам-ай.  
Қарлығаштың ұясын,  
Бұзып алма байқамай.

### **Құлыншақ**

Құлдыр-құлдыр құлыншақ,  
Мінезі бар ұрыншақ.  
Ақ маңдайын аймалап,  
Желбіреді тұлымшақ.

Қандай әсем жүрісі,  
Қандай керім тұрысы.  
Жылқы мінез қазақтың,  
Бойтұмары дұрысы.

### **Тиін**

Тымпың... тымпың.... тиін,  
Ұстау қандай қиын.

Жүгіресің өрмелеп,  
Тал-теректей үйің.

Жаңғақ шағып ойнайсың,  
Жалыққанша қоймайсың.  
Ісің жоқ па істейтін,  
Неге ойынға тоймайсың.

Көзі жанған шырақтай,  
Қалқиған қос құлақты-ай.  
Құйрығының ұзыны-ай,  
Белі бүкір сұрақтай.

### **Қасқыр**

Азулысың... бөрісің,  
Қойлы ауыл – өрісің.  
Қылығыңның көп дейді  
Оңынан да терісі.

Өзің ғана білесің,  
Бір бітпейді күресің.  
Күні-түні, әйтеуір,  
Жортуылда жүресің.

### **Торғай**

Суық торғай, су торғай,  
Көшпес қыста қу торғай.  
Паналайды ел ішін,  
Түспес үшін ну торға-ай.

Қарлы боран, дауылда,  
Кіріп алып бауырға.  
Қорықпайды кісінің,  
Қолынан дән алуға.

Көктем келсе жылатыңдап,  
Шыға келер қутыңдап.  
Жазда бұлақ басында,  
Отырады сұңқылдап.

### **Қошақан**

Қоңыр қозым кішкене,  
Ояу ерте, кеште де.  
Алдыма кеп тұрса да,  
Айтқан емес ештеңе.

Естісем де үнін мың,  
Түсінбеймін тілін бір.  
Достасудың қамындай,  
Бар қылығы бүгінгі.

Келші... келші... келе ғой,  
Құшағыма ене ғой.  
Бірге атама барайық,  
Жүр артымнан ере ғой.

### **Күшік**

Әкесіне жалынған,  
Әпкесіне жалынған.  
Күшік сатып әпер деп,  
Қарғы бауы тағылған.

Содан бір жыл өткенде,  
Биыл ғана көктемде.  
Орындалды баланың,  
Сол арманы көптенгі.

Болып солай қалауы,  
Делдиіп жүр танауы.

Күшігі бар балаға,  
Кім тиісе алады.

### **Қоян**

Аңқау, аңғал деп сені,  
Сендіре алар кім мені.  
Қорқақ емес сақсың сен,  
Білінбейтін жүргені.

Алдын алар егестің,  
Сені ақылды демес кім.  
Қиялында сәбидің,  
Қасқырмен де теңестің.

Кұлағына ен тағып,  
Мәз болады ел жарып.  
Бір қуыста – он туыс,  
Бауырмалсың сен тағы.

### **Бота**

Ұқсамайтын өзгеге,  
Қандай сұлу көз деген.  
Ақботаның қылығын,  
Жеткізе алман сөзбенен.

Апыл-тапыл аяғы,  
Басады да... таяды.  
Үйретемін өзім-ақ,  
Болып саған таяныш.

Ал әзірге басқаға,  
Көрсетпейміз досқа да.  
Көз тиеді дейді апам,  
Көп алдында ұстама.

### **Тасбақа**

Жүгір... жүгір... жүгір деп,  
Қанша айтсам да дігірлеп.  
Жатып алып бір жерде,  
Қозғалмайды жүгірмек.

Қозғал... қозғал... қозғал деп,  
Қолымды да созғам кеп.  
Талай көрдім аунатып,  
Тірі ме екен жазған деп.

Бітпес биыла, биылың,  
Сен жеткенше жиылып.  
Тас түссе де әйтеуір,  
Көтереді иығың.

### **Қаз**

Біздің үйде аздаған,  
Қаңқылдаған қаз да бар.  
Қуамын деп соңынан,  
Құлап қала жаздағам.

Көріп менің сұрқымды,  
Тістеймін деп жұлқынды.  
Айбат шегіп мен-дағы,  
Таяқ ала ұмтылдым.

### **Әтеш**

Қызыл айдар баласың,  
«Қыт-қыт» әнге саласың.  
Тауық өтсе тұсыңнан,  
Қораздана қаласың.

Жүрген жерің шатақ-ақ,  
Тастайсың бәрін тапалап.  
Тырнақ салар таппасаң,  
Жер шұқисың жата қап.

Бәз біреулер ақтайды,  
Бәз біреулер мақтайды.  
Қанша тентек болсаң да,  
Өзіңсіз таң атпайды.

### **Мысық**

«Сүт іш» дейді, – ішпейді,  
«Кетші» дейді... «кіш» дейді...  
Мысық бірақ әжемнің,  
Төсегінен түспейді.

Бәрі қыңыр ісінің,  
(Шықыры да тісінің).  
Ренжітуге бола ма,  
Солай үлкен кісіні.

Содан жетіп бардым да,  
Лақтырдым алдым да.  
Төрт аяғын тең басып,  
Тура қалды алдымда.

### **Қарға**

Қара қарға қарқылдақ,  
Ауыз жаппас қарқылдап.  
Өлексеге құмар деп,  
Мал сүймейді жан тұрмақ.

Көрмейтіні жоқ бірақ,  
Іздейтіні тоқ тұрақ.



Аулаңнан ол шықпайды,  
Бір тойдырсаң жақсылап.

### **Түлкі**

Хас шебері қулықтың,  
Майын ішкен ұрлықтың.  
Қайда салса қашпайтын,  
Озі майлық-сулықтың.

Ептеп ішке енеді,  
Не десең де көнеді.  
Қан қақсатып ақыры,  
Сыбағаңды береді.

Қорада да, үйден де,  
Жымқырады бәрін именбей,  
Мәз болады қазақтар,  
Түлкі тымақ кигенге.

### **Үйрек**

Теңселетін билеп,  
Үй құсы бар – үйрек.  
Жүреді ылғи аулада,  
Әлденені сүйреп.

Салпаң етек сары ауыз,  
Қулығы жоқ бала уыз.  
Ұқсамайды құстарға  
Алтыбақан алауыз.

Білер оңын, солын да,  
Білер жүрер жолын да.  
Байпаң қағып барады  
Бес балапан соңында.

### **Лақ**

Шек... шек... шеттеші...

Еңбек еш кетпесін.

Баспа сен гүлзарды,

Көгерсін, көктесін.

Ойнасаң аула бар,

Секіріп, аунап ал.

Шөлдесең су эне,

Қанып іш қауғадан.

### **Бұзау**

Мөңіреген, мөңкіген,

Желдей есіп жөңкіген,

Бұзауханым бар менің,

Ұстатпайтын еркімен.

«Айтөбел» деп ат қойдым,

Деп ойлаймын тап қойдым.

Жесін, мейлі, жемесін,

Алдына жем сап қойдым.

Өзі сондай момақан,

Бейне жақсы балақан.

Тіліменен жалайды,

Мен ұсынсам алақан.

### **Кірпі**

Түрің сенің, кірпі,

Шақырады күлкі.

Тұмсығыңның бізін-ай,

Шашың үрпі-түрпі.

Жоқ ешкіммен таласың  
Домаланған қарасың.  
Жамандыққа жолықсаң,  
Жиырыла қаласың.

Көрсетпейсің бетіңді,  
Сөзің жауға өтімді.  
Инелерің үстіңде,  
Бір-бір найза секілді.

## ЖЕТИМ ТАҒДЫР

*Мұңлы хикаят*

Үлкен қала... көп қабатты зәулім үй,  
Ескі әуенмен әлдилейді мүлгіп күй.  
Көңілінде қаяуы бар қарт ана  
Теріп отыр зердесінен үңгіп сый.

Ұмыттыра алмады оны ештеңе.  
Ел қызығар ғұмыр кейін кешсе де.  
Отқа күйіп, ойран болған балалық  
Терезені қағады ерте-кеште де.

Өң мен түстей көрмегені-көргені,  
Жөргегінде-ақ мейірімге шөлдеді.  
Жастық шағы жалын түгіл, шоғы жоқ,  
Мазалайды еске салып әрнені.

Аямады өгей тірлік, өш тағдыр,  
Қайта-қайта қала берді көштен бұл.  
Әлденеше сан соқтырды сағымдай,  
Әлдекімге самал болып ескен нұр.

Көрдi бәрiн қиындықтың, тарлықтың,  
Өтгi ызғары қиянаттың, зорлықтың.  
Жетiм тағдыр жылатпаған жер бар ма,  
Қапқан талай қақпаны да қорлықтың.

Бiр перiште қағып соның бәрiнен,  
Келдi сақтап өмiрдiң зор кәрiнен.  
Жадыраған жақсы күнге жеткiзiп,  
Татқызды анық бақыттың бал нәрiнен.

Бiрақ... бiрақ... кермек дәмi өткеннiң,  
Алапат мұз... ащы ызғары көктемнiң.  
Дiрдектеткен күзгi нөсер жаздағы –  
Әлi күнге санасында өктем сыр.

Отырғанда ойға шомып оңаша,  
Солқылдайды өз-өзiнен балаша.  
Көзiн жұмған қимастарын еске алып,  
Қол ұстасып тiрлiк кешкен жараса.

Қиындықта тiлiм нанды бөлiп жеп.  
Көмектескен буынуға белiн бек.  
Солар едi жiгер берген, от берген,  
Соларменен жүрдi ауыры жеңiлдеп.

Ендi бүгiн қапелiмде түссе еске,  
Оралар кез иә дескен, құп дескен.  
Ғайып-ерен алып шыққан күресте,  
Өлiм-өмiр, жақсы-жаман тiстескен.

Қайран ғұмыр – дөңгеленген дүние,  
Әудем жерде алтын басын күн иер.  
Таланыңа бұйырғанын көресiң,  
Тiршiлiкке тағдыр атты дүр ие.

Өмірдің өгейсітіп тар жолағы,  
Тағдырдың тамсантпады толғақ әні.  
Қайтпады-ау тірлігіңде қиып бәрін,  
Жолына жалғыз ұлдың арнағаның.

Төрт бөліп түн ұйқынды таңнан таңға,  
Өсірдің айналдырып жоқтан барға.  
Келер деп кемел күндер қыр астынан,  
Тезіп ең қиындыққа, жоққа, қорға.

Күткенің болып асық, болып күпті,  
Бозөкпе бозаң сәуле болып шықты.  
Қартайған қайғы ойлаған қаяу шақта,  
Артыпты тағдыр шіркін тағы жүкті.

Құдайым қос жанарды бірдей алды,  
Күндіз де көрмегенге түндей зарлы.  
Мейірім бұл жалғаннан бұйырмады-ау,  
Көк тұман дүниенің арты-алды.

Еске сап ерте күндер ен-таңбасын,  
Иілді кереуетке ерте басың.  
Жетімдік пен жесірлік жетпегендей,  
Қойды ғой ұл мен қызға жаутаңдатып.

## ЖАРАТҚАН ӨЗІ ЖАР БОЛҒАЙ

Өлім мен өмір арасы...  
Кірпігін әзер қағады.  
Көрсетіп жатыр таласа,  
Қазақтың барлық каналы.

Өтірік дейді біреуі.  
Жан сақтау үшін жасаған.  
Құлайтын сәтте тіреуі,  
Құтылу үшін хош аман.

Әңгіме – алуан, астар – сан,  
Ауызға тегі жоқ тиым.  
Биліктің ойыны басталса,  
Тірліктің құны көк тиын.

Ауаға біреу шөлдесе,  
Біреуге бақ пен тақ қайғы.  
Біреудің күні сөнбесе,  
Біреудің таңы атпайды.

Түсті ме екен қақпанға,  
Ғайыптан жаза басты ма.  
Бәрібір тілсіз жатқанда,  
Бірдеңе деу де рас күнә.

Жалғанның мына әлегі,  
Анау да мынау... бар болсын.  
Жаны бір жақсы жан еді,  
Жаратқан өзі жар болсын.

Шипагер еді қолы асыл,  
Талайды қаққан өлімнен.  
Бір Алла болғай панасы,  
Қатерден мына көрінген.

...Өлім мен өмір арасы...  
Жүрек пен мида бар салмақ.  
Жаман мен жақсы таласы,  
Кім білген қайсы жар салмақ.

Аман бол, Адам, аман бол,  
Тәңірі сені қолдасын.  
Көтерілсе саған харам қол,  
Арамның жолы болмасын.

## ТАҢҒЫ ТҰМАН

Көрген дағы арманда-ай!  
Көрмеген де арманда.  
Апаң бір күн байқамай,  
Айран төгіп алғандай.

Көлдiң бетi ақ көбiк,  
Көл толыпты ақ буға.  
Қалың тұман iшiнде,  
Адасардай аққу да.

Асығыста ақмаңдай  
Айран... төгіп алғандай,  
Көрген дағы арманда!  
Көрмеген дағы арманда!

\* \* \*

Бір өзіңде ендігі үміт, оташы,  
Не білесің, не істейік біз, аташы.  
Ашылғанда қайран жүрек қанасы,  
Қимылдай ма қолың сенің қатасыз.

Сол бір сәтте өмір-өлім алысқан,  
Шыр айналып құндағынан жан ұшқан.

Таразыда сенің тасың тұрады,  
Сен ғанасың арыстан бек данышпан.

\* \* \*

Біздің ауыл орманның қылтасында,  
Қарға бөгіп жатады бұрқасында.  
Көктем келе жамырап қарлы бұлақ  
Сай қуалап ойнайды қырқасында.

Алты ай қысы астында ақ қар-көк мұз,  
Жылынады жан бағып әлсіз, отсыз.  
Күн нұрына малынған күміс моншақ,  
Қыздырады жаныңды өртсіз, шоқсыз.

Қанша қысып жатса да қыс қылығы,  
Ашулы ақ бикештей ысқырынып.  
Бала біткен бір жасап қалушы едік,  
Ақша қарлы, аязды қыстыкүні.

Аппақ әлем кіршіксіз, айшуақ шақ,  
Бұл күнде қайдасың сен... қай тұрақта.  
Сағындым алты ай қысты, ақ боранды  
Көктемде айналатын ақбұлаққа.

\* \* \*

Бұйырма мені айыпқа,  
Атыңды сенің ұмыттым.  
Жайдары едің Жайықтай,  
Басқарма аға мұртты.

Сал күрең мініп сәнді етіп,  
Атарба жектің жұртта жоқ.





Күш-жігер, өнер, білім – бәрі саған,  
Кеудеде шыбын жаным жүргенде аман.  
Өзіңе адалдыққа ант етемін,  
Әз ұям, құт шаңырақ – Отан анам.

Көгерсем көгеремін бірге өзіңмен,  
Түнерсем түнеремін бірге өзіңмен.  
Сенің арман-аңсарың - мендегі алаң,  
Көз ілмесем сен үшін көз ілмейін.

Алаштың айбыны асқақ, арманы мәрт,  
Тізесі бүгілмеген алдында жат.  
Жасай бер, жаса мәңгі, Қазақ елі,  
Төріңнен таймасын құт, аумасын бақ.

\* \* \*

Болмады деп таусылма ештеңені,  
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Ажал екеш ажалдың өзі дағы,  
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Жақсы хабар ешкімнің еншісі емес,  
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Жамандық та жалқыға тәуелді емес,  
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Сүрінді деп ешкімді табалама,  
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

Бурабайлық Балғабай,  
Көңіл хош па, хал қалай.  
Тау-тас кезіп жүрмісің,  
Қыс-жазыңды талғамай.

Көліне де ғашықсың,  
Төріне де ғашықсың.  
Сұлу Көкше сырларын,  
Жеткізуге асықсың.

Тамсандырып талайды,  
Аңыз айттың сан ойлы.  
Кілтi сенде болар ма,  
Сөзден соққан сарайдың.

Қазғанындай кеншінің,  
Жыр ғып айтар ел сырын.  
Өткен күндер қалдырған,  
Өзiңдейсiң елшінің.

Оқ жетпейтiн биiкке,  
Оқ қадалған киiкке.  
Сөз жебеңдi заулатып,  
Тигiзесiң иiп кеп.

Сөз мұратқа жеткенде,  
Арқаң қозып кеткенде.  
Ән саласың аңыратып,  
Тауда нөсер төккендей.

Жас баладай аңқылдап,  
Қырандай даусың саңқылдап.

Жыр оқисың содан соң,  
Көзіңнен от жарқылдап.

Елін сүйю – ер ісі,  
Сен – даланың бөрісі.  
Заманынан кеш туған,  
О, Көкшенің серісі.

\* \* \*

Өтті айлар, жылдар да,  
Көрмегелі, көк терек.  
Келмеді деп қырларға,  
Жүр ме екенсің өкпелеп.

## АҚБӨКЕН

Ақбөкен сезді ме екен... сезбеді ме,  
Ұшырап мен кездейсоқ қалдым сасып.  
Мойылдай мөлдіреген көздеріне,  
Болғандай басқа түгіл адам ғашық.

Барады сырбаз желіп, сылаң қағып,  
Тұмсығын желге кейде төсеп қойып.  
Бөксесі бейне күміс қылаңданып,  
Ақ сәуле тұяққа да түскен тайып.

Тасалап қалың талды, қара ағашты,  
Біразға ұзар ма едік тете барып.  
Үрікіп әлденеден тұра қашты,  
Бұтақтың сыбдырынан секем алып.

Тұрғанда күйін кешіп шала мастың,  
Көтеріп қос мүйізін қарқарадай.

Өткізіп қолдан-қолға ала қашты,  
Балғын тал, ару қайың, сал қарағай.

Шіркіннің сондай сергек, ептісін-ай,  
Зу етті... өтті-кетті... атқан оқтай.  
Таныған талмау тұсты тектісін-ай,  
Есіліп ештеңеге шапқан соқпай.

\* \* \*

Жәннат жер... көркіңе күн табынғандай  
Сұлусың лағыл моншақ тағынғандай.  
Бурабай, мен өзіңе құстай ұшам,  
Ауылымды алыстағы сағынғанда.

Деме сен мені сонша неге іздейсің,  
Сен маған Елтіңжалмен егіздейсің.  
Ыстық тым сендегінің бәрі маған,  
Мынау не, келдім қайда дегізбейсің.

Сәт тумаи көңілді ерек күй меңдейтін,  
Қадірін туған жердің білгендей кім.  
Аршын төс ақ қайыңды көрген сайын,  
«Аққусақ», «Төлекеде» жүргендеймін.

Саумалдай саф ауанды жұтқан сайын,  
Боламын ауыл жайын ұққандайын.  
Шыршаң да мәңгі жасыл таныс маған,  
Алдымнан «Қыз қарағай» шыққандайын.

Түндерде жол бастайды бозаң айың,  
Ақ қарға албырт сезім жазар жайын.  
Секілді «Әуликөл», «Саумал көлдер»,  
«Қос шалқар», «Жанарысым», «Қожабайым».

Толғантып тағы таныс жай білдірген,  
Оқшаулап өзегі асыл ойды ілдірген.  
Қызғалдақ-сарғалдақтар, раушан гүлдер,  
Жер жидек, қызыл шие, қой бүлдірген.

Қалауын қайран көңіл табар-ау деп,  
Жалындап жүрек оты жанар-ау деп.  
Жаяулап кезіп келем орманыңды,  
Кезігіп балалығым қалар-ау деп.

...Кеш мені, сұлу Көкше, өзімсіңсем,  
Еске алар Елтіңжалым өзіңсің сен.  
Шомылып шаттығыңа шалқитұғын,  
Шайқалған шарайнада сезімсің сен.

## СФИНКС

Әуликөл ішінде,  
Әулие сыр жатыр шын.  
Өңің түгіл, түсінде  
Кездесуге мақұлсың.

Пай-пай, құдая әмірі,  
Ғажап қандай сурет.  
Тас бейне емес, Тәңірі,  
Су перісі – құдірет.

Сыр ұқтырып көзінен,  
Мұңайғандай бірде енді.  
Ырза боп өз-өзінен,  
Енді бірде күлгендей.

Көрген емес шештім деп,  
Бұл жұмбақты адамың.  
Сыр ашпайды ешкімге  
Сфинксі даланың.

Кейуана дейді, қыз дейді,  
Барлап сырын, түр-түсін.  
Іздегендей іздейді,  
Джаконда күлкісін.

Дей ме ойлан, тыңдап бас  
Сыр пернесін көңілдің.  
Қол бұлғайды «Жұмбақтас»,  
Жұмбағы аздай өмірдің.

## ТОҚЫЛДАҚ

Тақ-тұқ... тоқ-тоқ... тоқылдақ,  
Өзі бір сондай ақылды-ақ.  
«Аңғалың мен бе?» дегендей,  
Қояды... қалсаң жақындап.

Жат көзден жасқап жасырған,  
Биікте... бұтақ басында.  
Отырып... барлап қарайды,  
Дегендей: «Досым ба, қасым ба...».

Түк-тұқ... тық-тық... тыпылдап,  
Қозғалып қойып сықырлап.  
Үн шыққан жаққа үңілген,  
Күлетіндей саған сықылдап.

Түк-түк, тақ-тық... қыбырлап,  
Ойнап жүр өзінше тығылмақ.  
Түсінсең құс үнін, құс сырын,  
Айтады саған да сыбырлап:

«Түк-түк... тұқ-тұқ... тық-тық...  
Ойнайық... кел-кел... шық-шық...  
Қасыңа бірақ бармаймын...  
Хош бол... тып-тып... жып-жып...».

\* \* \*

Ауаңнан жұпар нәр алып,  
Нәр алып, қайта жаралып.  
Барамын, Көкшем – киелім,  
Ағытып жырдың тиегін.

Өзіңнен таптым керекті,  
Маңдайдан кәусар жел өпті.  
Аймалап аяз еркелеп,  
Ақша қар шықты желкеге.

Құстармен қатар таласа,  
Қайың да күлді балаша.  
Айнакөл тұнған сыр тұнық,  
Бұлақ боп қашты бұлақынып.

Аңқылдап арда тауларың,  
Жақыннан жанды баурады.  
Аңызын шертіп өткеннің,  
Қойнына бөккен бөктердің.

Иісі гөзәл хұрсандай,  
Иілді жасыл шыршаң да.



Мөлдіреп мойыл жанары,  
Тамсантты тағы маралың.

Жанға – жай, дәтке – медет жер,  
Рахмет саған, жәннат төр.  
Сен барда мына ғаламда,  
Тарылмас тағдыр адамға.

\* \* \*

Шар айнасы шайқалған,  
Түрлі-түрлі таң ба адам.  
Сезімі өліп, ой қалған,  
Жанар да көп, жан да бар.

\* \* \*

Үмітке еріп көмескі,  
Қайтесің қуып елесті.  
Өйткені, шенсіз, қарағым,  
Сен оған керек емессің.

\* \* \*

«Жоқ» деген сөз аузынан шықпайды оның,  
Әуре болма бірақ та созып қолың.  
Майға бөккен қарындай домалайды,  
Өтірікке қарық қып оң мен солын.

\* \* \*

Бурабай, көлің – шалқар, көгің – майса,  
Көрінер жүрсең сенде өмір жайсаң.  
Адамды адам сүйген сол болар-ау,  
Кірбіңін көңілдердің сен боп шайса.

Сипайтын сылап беттен самалың бар,  
Бармақтай мін болсайшы жамалыңда.  
Дүние шырқ айналып кетсе дағы,  
Сен мәңгі қаласың-ау жанарымда.

\* \* \*

Оқжетпес... дара шың мен ала қайың,  
Айналған жан дауама алақайым.  
Көңілдің дәруі сен, зәруі сен,  
Сүрінген сәттерімде жазатайым.

Мен сенен қуат алам, жайнап қайтам,  
Жүрекке сенім отын байлап қайтам.  
Дүниеде сенің барың қандай жақсы,  
Деп дәйім шын көңілден ойлап қайтам.

\* \* \*

Көктемде келдім... қыста да келдім... күзде де,  
Шуақты шақта... шақта да медет іздеген.  
Өзіңнен таптым өзгеден таппай қиналған,  
Киелі күшті үміттің жібін үзбеген.

Жаныма жайлап жақұтын септің сезімнің,  
Өрмегін үзіп жабырқау, жадау кезімнің.  
Серпіліп қайтам, сергіп бір қайтам мен ылғи,  
Қия тасыңа сенің қайрағын жанып төзімнің.

## ЭЛЕГИЯ

Таң қалдырып, тамсанып, тебірентіп,  
Өмір өтіп барады өмір өтіп.  
Қажыған қайран көңіл қалтырайды,  
Жапырақтай желді күні төгілетін.

Еркелетіп, елтітіп, емірентіп,  
Өмір өтіп барады өмір өтіп.  
Жадау жүрек жоқ-барға елегзиді,  
Сезгендей сәтін бірде сөгілетін.

Алдап-сулап, қуантып, күңіретіп,  
Өмір өтіп барады өмір өтіп.  
Болмағандай болады-ау бәрі-бәрі,  
Жабылып қалған күні өмір-есік.

## ТҮРІК САМАЛЫ

Ақ теңіз алабы  
Жап-жасыл жамалы.  
Жанды желпиді  
Түрік самалы.

Жүрек жанады,  
Жан рахат табады.  
Қандырды құмарды  
Түрік самалы.

Көңіл алаңы  
Ұмыт қалады.  
Сүйгенде аймалап  
Түрік самалы.

Шаттық дарағы  
Көзді қарады.  
Есіңді алады  
Түрік самалы.

Күле қарады  
Теңіз жанары.  
Толқын боп құшқанда  
Түрік самалы.

Ғажап амалы,  
Баурап барады.  
Таудан құлаған  
Түрік самалы.

Теңіз – жол торабы,  
Біз – бір қонағы.  
Естен кетпес еш  
Түрік самалы.

\* \* \*

Ақ теңіз бен Қара теңіз арасы,  
Ен жайлаған ер түріктің баласы.  
Сағыныштан алып-ұшып жүрегің,  
Ағайынға барғандай боп барарсың.

Бәрі таныс, бәрі жайлы жаныңа,  
(Қары сынсын тартпағанның қанына).  
Қауқылдасқан ақ таяққа сүйеніп,  
Біздің ауыл шалдарындай шалы да.

## ПАЛЬМА

Асты – қоңыр құмыра,  
Үсті – жасыл қолшатыр.  
Көргің келсе зымыра,  
Әне, ғажап олжа тұр.

Бабаңды да көрген ол,  
Атаңа да берген жол.  
Қашан келсең жап-жасыл,  
Емес түсін берген ол.

\* \* \*

Көргенім де аз емес, көрмегенім,  
Өгейсіткен емес ой – төр де мені.  
Жер бетінде жұмысым біткен күні  
Жатырқамас деп жүрмін көр де мені.

Өмір дейді...  
Өмір бір өткел гана,  
(Арғы жағын білуге шектер сана).  
Көптің заңы жүрмейді бірге заң боп,  
Келдің дара дүниеге... кеттің дара.

\* \* \*

Мен кейде оңаша,  
Оқшаулау күй кешем.  
Даттауды таласа,  
Қайтейін, сүймесем.

Мен кейде оңаша,  
Оқшаулау күй кешем.  
Мақтауды таласа,  
Қайтейін, сүймесем.

Сүйгендер гөйлеуді,  
Гүлдесін гүлдесе.  
Өтірік сөйлеуді,  
Қайтейін, сүймесем.


---



---

# Жарияланбаган

## өлеңдер



Көңіліндегі бар сырын адал ақтарып,  
Сағынсын менше бәрі өз махаббаттарын.

**Күнделік беттерінен**

\* \* \*

Тыңдашы, жаным!  
Киелі сезім толқындары жатқан тоғысып,  
Ынтызар көңіл құрбыңның жүрек соғысын.  
Қайталайды ғой атыңды сенің сан мәрте,  
Өйткені өзің ғанасың берер қол ұшын.

Тыңдашы, жаным!  
Іңкәр көңілден бастауын тапқан сыр селін,  
Аз ғана күндік құштарлық емес ол тегін.  
Мазасыз сезім билеген еркін бұл құрбың  
Үмітпен үлкен бақытына балап жүр сені.

Тыңдашы, жаным!  
Ойланып үнсіз, қараса саған тесіліп,  
Күтуде ғой ол тағдырының айтар кесімін.  
Күттірме ұзақ, сыйлағын ғашық жүректі,  
Өміріне оның тұрады жүрегіңнің адал шешімі.

\* \* \*

Ойнайды күліп Алатау желі,  
Кеткен-ау деймін дамылға ай.  
Отырмын ойлап, қалайша мені  
Жүрсің сен, жаным, сағынбай.

Пейілін аппақ ақтарып самал  
Сүйеді сонау беткейді.  
Келмейсің неге хат болып маған,  
Дауысың неге жетпейді.

Жанбаса егер даралау бағым,  
Тағдырым күліп ойнасын.  
Жүректі сүйген жаралау дағы  
Күнә ғой, күнім, ойлашы.

\* \* \*

Қамықпашы, аяулым, ренжіме,  
Белгісі емес қайғының – рең жүдеу.  
Жақсы ойлар да кей кезде шаршатады,  
Шақырғанда шықпаған барша тауың.

Мен өзім де білмеймін неге екенін,  
Арманымның көтеріп жел етегін.  
Бір биікке тартады қайта-қайта,  
Жалықтырған сені де айта-айта.

Өміріме бір сыйды тартар ізгі,  
Биыл жасар бір тойым бар тәрізді.  
Махаббаттар шығатын алтын тұғыр  
Биігіне шақырып, алқынтып жүр.

Көрінсем де біртүрлі көзге жүдеу,  
Ойламашы, аяулым, өзгерді деп.  
Жақсы ойлар қинап жүр мені бүгін,  
Бақыт деген келмейді-ау тегі күліп.

Бақыт деген... білмеймін, бақыт деген,  
Ұғым ба екен өлшенер уақытпенен?  
Бірақ, оның (мен, тіпті, көп естідім),  
Бар адамның еншісі еместігін.



Бақытынан көз жазып қалғандардың  
Қанатсыз құс тәрізді армандары.  
Мен қазір ойлап жүрмін сәтсіздіктер  
Басталатын шығар деп әлсіздіктен.

Мойындамай қарсылық көрсетесің,  
Бақыт құсы кеудесін келсе тосып.  
Содан кейін, адамдар, өкінеміз,  
Шыдай алмай қайғының өтіне біз.

Жасап жүріп қателік тағы да жүз,  
Әйтеуір біз өткенді сағынамыз.  
Егер соны кезінде бағаласақ,  
Емес пе едік бақыт жақ жағаға асар.

Міне, осылай сан ойлар сағасында,  
Мен жүрмін ғой, аяулым, адасып-ақ.  
Қайталағым келмейді арманды әнін  
Бақыт құсын ұшырып алғандардың.

\* \* \*

Сүйіктім!  
Мен өзіңсіз жарқылдап күле алмаймын,  
Жүрегімнің түбіне тұнар қайғым.  
Сен жоқ жерде мен мүлдем көңілсізбін,  
Қосағынан айырылған сиқырдаймын.

Сен болмасаң шаттығым орта менің,  
Деп іздеймін: «Қайда ол ортақ еді?».  
Сен бар жерде қиындық бөгет емес,  
Сен жоқ болсаң мен мүмкін қорқар да едім.

Сен болмасаң күйіктен өртеніп мен,  
Кетер еді сезімім ерте өліп те.  
Сұлулыққа айналам толып кетед,  
Қарасаң жанарыңды төңкеріп тек.

Сен жоқ болсаң көңілісіз көктем-дағы,  
Жүргізе алмас көңілге өктем заңын.  
Мен құлпырып кетемін – сен жымисаң,  
Нұр төккендей жаңа күн көктен тағы.

Сен жоқ жерде мен үшін бәрі сұрғылт,  
Аспаныма төнгендей қара сұр бұлт.  
Сен көрінсең – шығыстан күн күлімдеп,  
Жататындай таулардың қары сырғып.

Өзің болсаң мен үшін бәрі бүтін,  
Бақытты да сен жақтан жүрем күтіп.  
Ұмытпашы, жансаям, осыны тек,  
Байқаусызда алсам бір ренжітіп.

\* \* \*

Махаббат сұрап та келмейді,  
Махаббат жылап та келмейді.  
Жүрекке орнаса ол бірақ,  
Мәңгілік алаудай сөнбейді.

Жазылған тәртібі, заңы жоқ,  
Сондықтан жанбайды бағы көп.  
Ұялашақ қыз бенен жігіттің  
Мазасыз күйінен таны тек.

Мажаббат – ынтығу, сағыныш,  
Мажаббат – от леп, жалын іс.  
Өзіңдей сүймесе сүйіктің,  
Ес-түссіз табыну, жалыныс.

Емес ол жеңілтек, қызба ду,  
Емес ол салмақты сыздану.  
Мажаббат сүйікті қызыңды  
Өзге бар әлемнен қызғану.

Мажаббат – іздеу мен алаңдау,  
Күш таныр емес ол лаң-дау.  
Мазасыз сезімнің өтінде,  
Мажаббат от болып лаулау.

Мажаббат – дауыл ол жиырма балл,  
Бар күшін жүрекке жинаған.  
Ол деген ғаламат құштарлық,  
Ұлы өмір бір рет сыйлаған.

\* \* \*

Аятулым, қайда жүрсің сен,  
Көп болды кеттің көрінбей.  
Тәтті мұң деген күрсінсем,  
Қалады аз-ақ төгілмей.

Түндерде ұзақ отырам,  
Түсіңе енер ме екем деп.  
Оранған сезім отына  
Сағыныш сазы жетер деп.

Сен болсаң әлі хабарсыз,  
Жатырсың жүріп жырақта.  
Дегендей мені табарсың,  
Көңіліңдегі сансыз сұрақтан.

## ЖҮРЕК ПЕН САҒАТ

Жалғызбын бөлмеде,  
Тым-тырыс айнала.  
Шаттыққа шөлдеген,  
Тек көңіл сайраған.

Тыңдаймын сыртылын  
Сағаттың қалыпты.  
Мұңды үн сыр тұнып,  
Жетеді талып бір.

Көңілісіз маған да,  
Тыншу жоқ жүректе.  
Дауасын таба алмай,  
Дал болам жүдеп тек.

Жүректің дүрсілі,  
Сағаттың соғысы.  
Бір сезім – күрсініс  
Жатыр-ау тоғысып.

Күрсініп сағат тұр,  
Есептеп өткенін.  
Ал жүрек талап қып,  
Аңсайды көктемін.

Есебі жүректің,  
Күндерде алдағы.  
Жүрсем де жүдеп бір,  
Алдамас арманым.

Қол созып мен баяу,  
Тоқтаттым сағатты.  
Ал жүрек – мәңгі ояу,  
Соғады тағатсыз.

## ОРАЛШЫ, ЖАНЫМ, ТЕЗІРЕК

Сағынышпенен жол жаққа,  
Сарғая ұзақ қараймын.  
Көктемді алып сол жақтан,  
Оралшы жылдам, арайлым.

Күлкіңмен әсем жанымды  
Толтыршы нұрға тағы да.  
Оралшы, күнім, сағындым,  
Бұлбұлым боп көңіл бағыма.

Сен барда менде – бәрі бар,  
Ал сенсіз жүрмін құлазып.  
Жансаям, сенсің сағынар,  
Махаббат атты жыр озық.

Боп алды, жаным, бұл күнде  
Көк аспан – менің құмарым.  
Естимін бе деп күлкіңді,  
Самолеттерге қарап тұрамын.

Өзіңді алып биікке  
Жөнелген сол бір лайнер.  
Қалғанын жерде біліп пе,  
Сені сүйген жанның құлай бір?!

Білсе егер ол да, аяулым,  
Асығар еді-ау түстікке.  
Өкінер де еді баяу тым  
Неге біз сонша ұштық деп.

Мен оны іздеп биікке,  
Тым жиі қарай беремін.  
Кезіксем:  
«Қайда сүйіктім?  
Жеткізші жылдам дер едім».

Бақытым сен деп сезінем,  
Өзіңсің мендік аңсар ән.  
Оралшы, жаным, тезірек,  
Сағындым сені, жансаям.

## САҒЫНДЫҢ БА...

Бөленіп тәтті ләззат, сағым мұңға,  
Аяулым, айтшы мені сағындың ба?  
Бір хабар әкелсей деп, құлақ түріп,  
Тыстағы тентек желге жалындың ба.  
Жәудіреп ұяң сезім жанарыңда,  
Телміріп терезеге қарадың ба.  
Ойландың ба бір сәлем жоқ па екен деп,  
Алтын айдың сүт сәуле табағында.

Көңіліңде шалқар күй – сезім толып,  
Отырдың ба өзіңмен өзің болып.  
Құпия дос – күнделік парағыңда,  
Қалмады ма сол сезім – сөзің қалып.

Қарайсың жанарыңнан жасын атып,  
Астарына құштарлық жасыратын.  
Сарыла күткен күндер сыбағасы –  
Емес пе сағынышың басылатын.

Жүрсем де шалғай қала, алыс қырда,  
Көз алдымнан кетпейді таныс тұлғаң.  
Сен де солай күтесің, Разымын  
Тағдырыма өзіңмен таныстырған.

\* \* \*

Жасқана қарап жөнеген жонда құландай,  
Адасып жүрген шағымда аппақ тұманда.  
Жолықтың дағы жаулап бір алдың жүректі,  
Шықтың да төрге келгеніңменен сұранбай.

Сейілді бірден алаңсыз аппақ тұманым,  
Өзіңе ауып көңілімнің барлық құмары.  
Жалт еткен жанар көкейге салған сурет,  
Қарашы өзің көңілімде менің түр әлі.

Бәрі бар онда – сұлулық, пәктік, адалдық,  
Жебелер солай жүрекке терең қадалды.  
Күлімдеп көздер, қозғалған сәтте-ақ қос ерін  
Деді деп ұқтым: «Сен үшін ғана жаралдық».

Күн өткен сайын барады артып аңсарым,  
Түсімде дағы жүремін сен деп ән салып.  
Мен күтіп жүрмін махаббат таңын сабырсыз  
Жалғасы ғой деп сезімнің мына таңсәрі.

Таңсәрі сезім рауандап құйған сәулесін,  
Көзінен күннің жаралған болар зәуде осы.  
Ыстық бір сағыныш барады өртеп жүректі,  
Аяулым сені келемін іздеп, «әу» деші.

«Әу» деші, жаным, медегі жойқын сезімге,  
Өз үніңменен, көңілшектікке бірақ езілмей.  
Жарқырап жанар биікте бақыт жұлдызым,  
Сен дағы менсіз тұра алмас болған кезіңде.

\* \* \*

Сап, көңілім, алабұртып шаршама,  
Айтатұғын бір арызым бар саған.  
Орынсыз тым жиі соққан жүрекпен,  
Үркітерсің аққуыңды аңсаған.

Үркітерсің аққуыңды аңсаған,  
Болар сонда мына әлем тар саған.  
Мағынасыз, өлі тірлік кешерсің,  
Сезімің мен сағынышың қалса да.

Сап, көңілім, сабаңа түс, тасыма,  
Бар тілегім болмады деп жасыма.  
Сен ұтарсың тереңіне ақылдың,  
Сезіміңді алсаң егер жасыра.



Қарсыласпа, деме сезім жоғары,  
Сонда ғана абырой, бақ қонады.  
Сорлы жүрек еңіресін дыбыссыз,  
Жатса дағы махаббатың тоналып.

Сонда ғана бақыттысың, биіксің,  
Құрметтейтін, қадірлейтін сүйіктің.  
Тұрсаң дағы шыда байғұс көңілім,  
Махаббаттың аптабына күйіп бір.

Сап, көңілім, биік ұста еңсеңді,  
Өзіңді емес, өзгелерді теңселтіп.  
Ғашық болған сен ғана емес, абайла,  
Айналу дан жаңылмайды жер сенсіз.

Сап, көңілім, өзгелердей бол сен де,  
Сезіміңе елден ерек теңселме.  
Бұл – тағдырдың өзгермейтін өз заңы,  
Жүрегіңді қолыңа алып келсең де.

Сап, көңілім, ақылға кеп тоқташы,  
Өкінерсің бірде бұлай от басып.  
Осы дұрыс, десең егер жұлдызың  
Сенің ғана аспаныңда тоқтасын.

Сап, көңілім, алып-тасып, қызынба,  
Шарап та іш шектен шықпай тойда бір.  
Мұңайма тек өзгелердің алдында,  
Оңаша бол оралғанда ойға жыр.

Болса да ойсыз езудегі күлкіңді,  
Мойымайтын өрлік дейді бұл күнде.

Сол жасанды күлкілерін жоғалтып,  
Махаббаттар өліп жатыр бір түнде.

Күйректікті көтермейді бұл ғасыр,  
Асқақ болу үшін биік шыңға асыл.  
Өзгелерге көрінбесін деп тіле  
Ағып жатқан төмендегі жылға-сыр.

Сап, көңілім, жан-жағыңа қара, ойлан,  
Іс-қылығың биік тұрсын бар ойдан.  
Сезімдер де, жүректер де секемшіл,  
Сүйгеніңе сөз айтарда абайла.

Сап, көңілім, алабұртып шаршама,  
Айтатұғын бір арызым бар саған.  
Орынсыз тым жиі соққан жүрекпен,  
Үркітерсің аққуыңды аңсаған.

\* \* \*

Түнгі самал баяу ғана  
Терезені қағады.  
Оның сырын ояу ғана  
Ұға алады, таабды.

Онда бүкіл ғашықтардың  
Құпиясы, сыры бар.  
Алыс жолдан асыққанның  
Сағынышты жыры бар.

Көңіліне түйіп, түсін,  
Айтар бәрін тыңдасаң.

Біледі ол сүйіктісін  
Күткенін де кім, қашан.

Бар ұйқыға жауша аттанып,  
Қалғымайды ол мүлдем.  
Ғаламат-ау саусақтары  
Жүректерге жол білген.

Саусақтары сағыныштың  
Клавишін басқандай.  
Көңілдері алып-ұшқан  
Жеткізеді астарлай.

Түнгі самал баяу ғана  
Терезені қағады.  
Таң атпайды таяуда әлі  
Дегендей бір болады.

## ШЫНАРҒА

Қандай жақсы жымиғаның, күлгенің  
Өсірді ғой мерейімді бір менің.  
Аппақ көңіл, балғын сәби сезіммен  
Маған дағы бақыт тілеп жүр ме едің.

Болады ғой өз орны әр ненің,  
Суретіңнен келеді бір таң лебі.  
Жасы үлкен болса дағы, жүрегі  
Саған ұқсас қарындасым бар менің.

О, сәбиім, бастауындай қайнардың,  
Суретіңде бір ерекше байлам жүр.  
Жатырқамай маған күле қараған  
Кішкене күн – көңіліңнен айналдым.

Болсам сені туысыма балар тең,  
Сонда шаттық, қуаныштан ағар сел.  
Ақ қайыңды ауылдағы аға деп,  
Жатырқамай, еркелеші маған сен.

\* \* \*

Сен әлі жоқсың...  
                    көңілге күйік орнатып,  
Сағаттар түгіл,  
                    секундтар жатыр зорға өтіп.  
Телміріп күткен  
                    дәрменсіз шақта, дариға-ай,  
қиналады екен  
                    көңіл де үнсіз толғатып.


Сен әлі жоқсың...  
                    бір емес талай күн өтті.  
Мазасыз күймен  
                    тербетіп іңкәр жүректі.  
Мен ұзақ күттім  
                    шығармай естен бір мезет,  
Өзіңе деген сағыныш  
                    жаныма дағы жыр екті.

Білесің бе, аяулым, бұл күндері  
Сезімімде жанартау сілкінгенін.  
Бүкіл әлем ән салып тұрғандай бір  
Жайдары жаз ырғақпен күлкіңдегі.



---

# *Тағдырдың тілі*



# БӘЙГЕ

## Психологиялық поэма

### I

Ұлы той<sup>1</sup>.

Бәйге...

Соңғы айналымы,

Айқай-шу қоздырады қайдағыңды.

Қалың ел қозғалардай бірі қалмай,

Алып бер десе қазір Айдағыны.

Рухы оянғандай кең даланың,

Тұяғы тұлпарлардың жер жарады.

Жүйріктің жанарында дөңгелейді

Киелі Қарауылдың бел, торабы.

Ақ сұңқар бұйырғанын ілер дара –

Келеді көз ұшында бірер қара!

Ішінде тілегені болмай шықса,

Жүрегін жанкүйердің тілер жара.

Сондықтан... бата алмай тұр бірде-бірі.

Ат түстеп, сөз айтуға бірден ірі.

Маңдайы ашық екен қай тұлпардың,

Кететін жай оғындай жұлдені іліп.

Көрінді... көрінді, әне, алғашқылар,

Қордайлық Қаратөбел, жалғас – Құла...

Желқанат дарабоздар ішіндегі,

Біреуі шықпай қалды шаң астынан.

---

<sup>1</sup> Ұлы философ-ақын Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы.

Ойпырмай! Күңіреніп кетті халық...  
Жығылған жүйрік зары жетті талып.  
Тұяғын серпуге де үлгермеді-ау...  
Кеудені суық хабар кетті қарып.

«Шабандоз?! Бала қайда? Бала қайда?»  
Дауыстан жер өртенді, дала қайнап.  
Ал бала... тұра салып, жүгірді алға,  
Есі шығып, ақылы ауып, бара ма ойнап?..

Ұшты ма... ет қызуы... екпінімен...  
Әлдебір сиқыр сәлем жетті білем.  
Барады ат орнына бала шауып,  
О, құдірет! Намыс өтіп кетті білем?!

Келді ойға бір әңгіме әкем айтқан,  
Сыр шертер соғыстағы сойқан жайттан.  
Жүгіріп бара жатқан дене жайлы,  
Басы ұшып кетсе дағы, кері қайтпай...

Әлде бір пенделік пе, ашкөздік пе,  
Айналған қиналғанда тас кездікке,  
Болмаған бұрын-сонды оқыс іске,  
Ұға алмай ішін тартып, дос көз тіккен.

## II

Қаршадай бала ұшты жанын сала,  
Құлақта баяғы ұлы сарын ғана.  
Кетіпті екі көзі қарауытып,  
Шығады ауызынан жалын ғана.

Өртейді өзекті оты өкініштің,  
Жетіп ед бабында бар, беті күшті.



Сүрінді сайтан шалып, тұрмастай боп,  
Бақ кетті күле қарап екіұшты...

Уыстан шығарғысы келмей бала,  
Жүгірді екі қолды сермей бала.  
Қарауға жан-жағына мұршасы жоқ,  
Барады ештеңені көрмей бала.

Мұң болды-ау қарға адым жер қарашаға<sup>1</sup>,  
Жүйрікке жетпей құлау жараса ма.  
Бар болғыр кеше өліп кетпей ме екен,  
Масқара қылмай ұлы тамашада.

Айғыздап екі бетін жас парлады,  
Айналып түскендей бір аспан дағы.  
Қолынан келер ешбір дәрмені жоқ,  
Қарауыл бас шайқайды асқардағы.

Қайтпады бала беттен, бұрылмады,  
Болмаған іске барып бұрындары.  
Қалпында сол жүгірген кесті сызық,  
Мәреге келесі аттан бұрын барып.

Өзгерді сосын кейпі, құлқы дағы,  
Кеудеге жүрек сыймай бұлқынады.  
Қайыра жүгірді ол жүйрігіне,  
Тәрізді бәріне енді бұл кінәлі.

---

<sup>1</sup> Бұл жерде «көмбе» деген мағынада.

### III

Егілді ұшып келіп басын сүйіп,  
Жүйріктің көзден аққан жасын сүйіп.  
Тұлпар да тік құлаған... тәрізді бір...  
Морт етіп сынған терек жасын тиіп.

Айқұлақ, асыл тұяқ серігім-ай,  
Ұмтылдық неге сонша желігіп-ай?!  
Онсыз да шұрқыраған жаныңды осып,  
Қалдым ба абайсызда тебініп-ай?!

Біле алам енді кімнен жаршы салып,  
Жас емес тұз ғой көздің тамшысы анық.  
Жұлдызша ағып келе жатқаныңда,  
Кетті ме менен қапы қамшы салып.

Ой, жалған!  
Ұшы бар ма ұстар мұның?  
Атайын кімнің қаскөй, іштарлығын?  
Жіберді ме екен жарып жүрегіңді,  
Жеңіске деген, әлде құштарлығың?!

Ойнаған бәйгі оты қанымызда,  
Ойпырмай! Бірге еді ғой жанымыз да!  
Сене алмай сенің енді жоқтығыңа,  
Отырмын... әрі өртеніп, әрі мұздап.

Білмеймін... білді ме ел, білмеді ме,  
Болды ма жазғырғаны, күлгені де.  
Сен болып жүгірдім ғой мен мәреге,  
Жатсын деп кеудең озық... ілгеріде!

Білемін шын барыңды салғаныңды,  
Тойда озу – сенің дағы арманың-ды.  
Рухың өтсін дедім қиып сызық,  
Білдірмей омақасып қалғаныңды...

Қорықтым... деп күлкіге қаласың ба,  
Кейінгі қылқұйрықтар табасына.  
Алдыңа арттан жүйрік түсірмедім,  
Ұмтылған екеумізді қарасынға ап.

Намысың жер болған жоқ, жүйрік керім,  
Тағдырға мен де бір сәт илікпедім.  
Дегенде «бітті-ау бәрі – болды жолым»,  
Жығылдың, мәре алдында... бұйрық па еді?!

Қалғанда қарға адым жер үш ырғитын,  
Тобықтан қағып ажал түсірді итің.  
Қор болды-ау басың мына қара жолда,  
Алдында небір тұлпар кішірмейтін.

Озып ек талай бәйге, сан жарыста,  
Қол соғып талай жерде таң қалысқан.  
Кетті ме жолымызды тағдыр кесіп,  
Құлатқан Құлагерді қанжар ұстап.

Өзі едің осы күнгі Құлагердің,  
Бәйгеге салса-ақ озып шыға бердің.  
Жалынан ұстасам деп жел жүйріктің,  
Сұм ажал аңсап іштен тына берді.

Іліктің құрығына, міне, келіп,  
Енді жоқ жортып кету түрегеліп.  
Жымитып құлағыңды, сүйкенбейсің,  
Жас төгіп, жанды қанша іремелік.

Сонда да...  
Сене алмаймын!  
Сене алмаймын!!  
Сөнбейді махаббатым –  
сөнер ме Ай-Күн?!  
Алда – үміт,  
Алда...  
Алда – жеңер қайғым.

Селт етпей сыбырына ақылдың да...  
Жылқы емес,  
жас жүрегім... жатыр мұнда.  
Кім білген... қайғы сезіп,  
қан жұтып мен  
Қоштасып балалықпен жатырмын ба?!

О, менің достан қымбат жануарым!  
Бақұл бол...  
Болсын риза аруағың.  
Болады саған деген сағынышым,  
Жанымды желпір енді дәру әнім.

Мен риза тағдырыма сені берген,  
Бақытты еттің талай бөліп елден.  
Бәйгеге сендей адал ат бар ма екен,  
Көмбеге көз жұмарда келіп өлген?!

#### IV

Деместен дүниеге осың бөтен,  
Деп бөлмей қасым ба екен, досым ба екен.  
Жарқырап... жұлдызша ағып өтетұғын  
Тағдыры хас таланттың осы ма екен?!

Жүйрік кер,  
қиылдың-ау қыршыныңнан,  
Басыңда бала досың тұр шырылдап.  
Ұштың да...  
бұрылыста қала бердің,  
Айналған тірлік деген ұршығыңнан.

«Ах» ұрған алаң түгел жаңа ғана,  
Көшіпті қалғандарды санамаға.  
Орнынан ұшып тұрып қиқулайды,  
Үміті – ана жүйрік... ана бала...

Өзің біл!  
Мойын ұсын...  
жеңіл...  
шошы...  
Қайғы мен қызық қатар...  
Өмір осы!  
Дүние айналудан жаңылмайды,  
Біреудің келмеді деп көңіл хошы.

Сезбейді бірақ мұны бала қазір,  
Жүгі бар еңсе езген санада зіл.  
Тұтылған күндей қара ойы лағып,  
Шуда үзіп, шудан озып... далада жүр.

## Поэма

### I

Еңкейіп елге барсам топырағына,  
Күн куә, қайың куә отырарыма.  
Білмеймін не тартады ескі жұртқа,  
Айналған рулы елдің Отырарына<sup>1</sup>.

Бас ием тұрып үнсіз шаңырақтарға,  
Жау шаппай, жалын құшпай қаңырап қалған.  
Төрінде той шалқыған, жыр қалқыған,  
Ай құшып арман көңіл аңыратқан эн.

Жымыңдап жұлдыздары аспанында,  
Қара орман Қарағайлы бас жағында.  
Тоғайдан шыға келіп, толқын қуса,  
Жанарыс, Жалтырша көл – қастарында.

Аттанып кетер ойға келісімен,  
Құс салып, ит жүгіртер өрісі кең.  
Ақ қоян, қасқыр, қарсақ, түлкі үркер  
Шайтан шоқ, Бүркеу, Сәдір, Дөң ішінен.

Орманның базарлығы үзілмейді,  
Қысы-жазы, көктемнің, күздің, мейлі.  
Қызара бөртіп піскен жидегінің,  
Құмарың қанбас үзсең, жүзін мейлі.

---

<sup>1</sup> Шыңғыс хан шабуылы кезінде жермен-жексен болған тарихи қала.

Кетпейді таңдайыңнан татсаң дәмі,  
Түсіңнен шықпай қояр жатсаң дағы.  
Бір адам бас алмас-ау бүлдіргеннен,  
Аспаннан жұлдыз әкеп шашсаң дағы.

Бітеді қауыз сайын уыс-уыс,  
Бейне бір бас қосқандай туыс-туыс.  
Қалыңда аяқ алып жүре алмайсың,  
Тәрізді тізген мөншақ қуыс-қуыс.

Шөлдесең – тоятыңа татар он сан,  
Шырынын қызыл шие жұтар болсаң.  
Бітеді жар жағалай, бұта бойлап,  
Бітпестей қаншаң келіп, қатар қонсаң.

Табиғат телміртпейді, ашық қолы,  
Жатады дастархандай тасып-толып.  
Қаласың жеміс-жидек қуып жүріп,  
Алқызыл гүлдеріне ғашық болып.

Кетесің солай-солай... жайлау асып,  
Кеудеден қақпас қазақ қайманасын.  
Алдыңа жүйрік тартып, кесе ұсынар...  
Шипалы қымызының қаймағы асыл.

Аунасаң жас баладай бәрін тастай,  
Көгінің жұпарына көңіл мастай.  
Құшырлы иісмай да, дәрі де – өзі,  
Алатын құрыс-тырыс көбін жасқай.

Қаласаң, балығы бар көлдерінде,  
Қол созар төбесінен төнгенінде.  
Жататын ыршып билеп, ырқын бермей,  
Ожаулап оңға-солға бөлгенінде.

Жеткізу қиын орман, дала сынын,  
Егіздің сыңарындай жарасымын.  
Жылына төрт түрленіп, төрт түлейтін,  
Жайнатып жанын адам баласының.

Кеткенде түс ойнатып, толғап алып,  
Қояды суретшің де жолда қалып.  
Ақ... жасыл... көк... сары... боп құлпырғанда,  
Тұрасың зорға танып... торда қалып.

Ажарын әр мезгілдің ашар бояу,  
Сан кескін сыры бөлек жасар бояу.  
Бір көрсін... алған ғажап әсеріңді  
Көңілден кетпестей қып қашар бояу.

Тылсымын бояудың да тап қарашы,  
Болады нөсердің де ақ, қарасы.  
Тоғай да тонын талай түрлендірген,  
Дала да – кемпірқосақ бақталасы.

Таратып кете берсең – тартар терең,  
Он сан ой, сыр теңізі салқар ерен.  
Мың тағзым топырағына сұлу өлке,  
Жаулаған жүректерді жауһар берен.

Бұл өзі – бөлек әлем, бөлек тылсым,  
Басқамен бірге тұрсын, бөлек тұрсын.  
Ақ қайыңдар елі деп атап жүр ғой,  
Болмысын тану қиын бөлек жырсыз.

Бұйырған біздің елдің нәсібіне,  
Орманды-дала деген осы, міне.  
Әдіптеліп жатады саған қарай,  
Қызығы, өнері мен кәсібі де.



Туыстас табиғатпен мінездері,  
Жатпайды қылтың-сылтың күн өзгеріп.  
Ойлы орман, дархан дала дарытқандай,  
Қасиет дәті – берік, ділі – өзгелік.

Осының түседі еске бәрі қабат,  
Тұрғанда әрі қарап, бері қарап.  
Орнынан ескі жұрттың іздеп белгі,  
Кетпеген құпиядан әлі тарап.

Ескі ауыл сыр бермейді... үндемейді...  
Қақсаң да терезесін күнде мейлі.  
Тілдеспек емес оңай тілін тауып  
Келмеске бұрылғандай мүлде бейілі.

Ұмытқандай кешкен қызық, көрген жайды,  
Шешіліп көз алдында толғанбайды.  
Самал жел зердесіне желпілмесе,  
Сыр тасып... дала жайлы, орман жайлы.

Барады маңып, әне, қаңбақ шіркін,  
Көңілі тоқ төңіректі шарлап бұл күн.  
Бұта іліп...  
болмаса жай басылса жел,  
Ұмытылып тағы таса қалмақ бір күн.

Жатады дауыл күтіп содан кейін,  
Айналып өлі тәнге оған дейін.  
Бұл тағдыр ортақ, тегі, тіршілікке –  
Кейде оған адам бейім, қоғам бейім.

Ұрпағы еске алмаса жанып бағы,  
Белгісіз қаншама жыл тағы ұйықтары.

Обалы өткен күннің бүгінгіге,  
Оянбас іздемесең тарих дағы.

## II

Көз тігіп төңірекке тағы бір рет,  
Көрейік қызыл шоғын таным үрлеп.  
Жыр өру жүз бұраумен жеңіл емес,  
Жүрекке жеткізе алсаң – жаның кірмек.

Бүркеу сол заманында болған мекен,  
Ақ патша ханзадасы қонған мекен.  
Белгіге өз қолымен отырғызған  
Мәңгі жас балқарағай қалған екен.

Толқытып ақын қыз баладай,  
Айналды қазір әнге «Қыз қарағай»<sup>1</sup>.  
Өткеннің көзінде боп сыр шертетін  
Қалған ғой іздегенге із далада.

Сан тарих менмұндалап, озар ойда,  
Жайым жоқ әзір қолды созар айға.  
Жарқырап жатыр, әне, көл төресі  
Шомылған Ұлпан сұлу<sup>2</sup> Қожабай да.

Думанды дулы көште дүрілдескен,  
Кім білген қай себептен сырылды естен.  
Әйгілі Біржан<sup>3</sup> салдың аталары  
Деседі мына Өтепте<sup>4</sup> ғұмыр кешкен.

---

<sup>1</sup> Әнді Бибігүл Төлегенова орындайды. Сазы Жоламан Тұрсынбаевтікі, өлеңі Мақмұтжан Әубәкіровтікі.

<sup>2</sup> Есімі аңызға айналған тарихи тұлға. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесінің бас кейіпкері.

<sup>3</sup> Әйгілі әнші-композитор Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1897).

<sup>4</sup> Орман аты.

Ақиқат әлі-ақ қанат келер қамдап,  
Өткеннің құпиясын берер толғап.  
Ал менің білетінім –  
Сол жердегі  
Ауылға бүгін дағы өнер қонған.

Шетінен күй тартады, ән салады,  
Жаныңды тербегендей таң самалы.  
Жетеді сиқырлы әуен сазыменен  
Ер жігіт, ару қыздың аңсағаны.

Еске алар сол бір кезді құба белдер –  
Ертеде әнге елтіп мына көлдер,  
Шәрке сал, Сегіз сері шырқағанда  
Құс болып қағып қанат тұра келген.

Әріде – Толыбай сыншы тоғайлары,  
Аралап тауыса алмас он айналып.  
Әйгілі Қожаберген сонда туған  
Жоңғарға салған ойран талай барып.

Ел сүйген «Елім-айын» көп біледі,  
Боздатып ботадай жас төктіреді.  
Қолмерген, найзагер жан, бұла күші  
Бар екен иыққа атан шөктіретін.

Аққусақ, Еменалы, Төлеке де,  
Ерлер ғой орны бөлек төбе-төбе.  
Бұл күнде бір-бір орман аты болып,  
Қарайды қу тірлікке шөре-шөре.

Аз емес аты шыққан ерің тағы,  
Болыпты бір атамыз Ерімсары.

Аузымен құс тістеген Танаш би де  
Деп сүйген елін – жаны, жерін – жаны.

Біз неге аз білеміз солар жайлы,  
Тереңге үлкендер де бара алмайды.  
Бұлт еміп жүргенбіз бе сонда бұрын,  
Ұмытқан ұшақтардай қонар жайды.

Білеміз көрші жайлы, әлем жайлы,  
Өзінен артығырақ кейбір жайды.  
Келгенде төл тарихқа төмен қарап,  
Санаймыз саусақпенен батыр, байды.

Әрине, білген жақсы айналаны,  
Саңлақ сай тасындай сайланады.  
Көз тауып тамырыңнан нәр алғанда  
Ойға – от, сенімге шоқ байланады.

Сонда сен құрметтісің басқаға да,  
Тексізден текті тұрып жасқана ма?  
Ананың әлдиінен сыр жинайды,  
Тербеліп бесігінде жас бала да.

Ұмытып ата тарих, ана әлдиін,  
Атансаң марғау ұрпақ болар қиын.  
Мәңгүртке мал баққанмен, ел ертеңін  
Ойлау да, оңдау түгіл, соғар қиын.

Сыр желпіп, сол күндерден жел есердей,  
Тарихтан тартсам деймін мен еселей.  
Бұл жерде билік құрған күні кеше  
Қарадан хан атанған ер Есенеі<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> Есенеі Естемісұлы (1783-1863) – белгілі тарихи тұлға. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлапан» повесінің басты кейіпкерінің бірі. Ол туралы С. Мұқанов та жазған.

Өзгеден бұрын алған сый, есені,  
Сөз бермес ауыздыға би деседі.  
Көкжалы заманының болмаса ол,  
Мына өлке сибандарға тимес еді.

Кезінде одан шонжар аса алмаған,  
Кеудесін Шыңғыс төре баса алмаған.  
Тоқсан би, Киикбай шешен... небір дүлдүл  
Асқақтап алдында адым аша алмаған.

Атағы аға сұлтан жерді жарған,  
Кесірсіз қасиетімен елді алған.  
Ертеңге бастар жолдың сүрлеуін де  
Өзгеден озығырақ көрді алдан.

Ұмтылмай қамшымен ел басқаруға,  
Ұмтылды жаңа игеріп, жақсы алуға.  
Тануға өркениет өрнектерін,  
Білімді қарсы қойып тас қаруға.

Сәндетіп, қоңыраулатып күйме мінді,  
Кірпіштен өрген қызыл үйге кірді,  
Шетелде киім тігіп, тіл ұстартып,  
Алдыртып пианино, биге кірді.

Ұсынып кейінгіге жаңа үлгі,  
Ақша алып, сауда танып, қала жүрді,  
Медресе-мектеп ашып, монша соғып,  
Керегін орыстан да ала білді.

Қоянды<sup>1</sup>, Боқырауға<sup>2</sup> мал айдады,  
Байлардан бәсі асып маңайдағы.

---

<sup>1</sup> Жәрмеңке.

<sup>2</sup> Ресейдің Покровка жәрмеңкесі.

Көргенде түрлі-түрлі тауарларды,  
Мұңайып, жүретұғын сан ойланып.

Керегі қазаққа да базар дейтін,  
Саудада базарлы ел озар дейтін.  
Елдермен біз көрмеген есендесу  
Жаңа ұрпақ маңдайына жазар дейтін.

Бос кетпей мұның бәрі елді оятты,  
Желпитін ұрпақ жанын желді оятты.  
Бұрып ап ой-арнаны жаңа жолмен  
Бастайтын болашаққа селді оятты.

Болмаған тайталаста тартынғаны,  
Есеней жан екен бір нар тұлғалы.  
Тірескен орыс-казак әскерімен,  
Садақтай тұрған дайын тартылғалы.

Тимеген ол тұрғанда қол тұлымға,  
Малтыққанмен отарлау толқынында.  
Сан тілді саясаттың арқасында  
Кетпеген мүлдем тартып сол жылымға.

Өтетін дәл іргеден казак шебі,  
Аталған қандауырлы «азап шебі»<sup>1</sup>,  
Телмірген түсі суық темір қару  
Көрмеген бұрын-сонды қазақ тегі.

Капитан<sup>2</sup>, Стап<sup>3</sup> атап бекіністі,  
Орнаған қалың әскер беті күшті.

---

<sup>1</sup> «Горькая линия» – патшалық Ресейдің әскери бекіністері орналасқан жерлер.

<sup>2</sup> Қазіргі Пресновка селосы (Солтүстік Қазақстан облысы).

<sup>3</sup> Қазіргі Пресногорьковка селосы (Қостанай облысы).

Лапылдап қарсы шыққан кілең боздақ  
От қару – зеңбіректен шетін ұшты.

Қасірет тағы төнді, тағы келді...  
Сыңдырып белін елдің, сағын елдің.  
Жан сақтап, аман қалу мұңға айналар,  
Ораса ормандарды жалын енді.

Қайран жер құйқасына сына кірген,  
Қалғандай құсалықтан тына бірден.  
Шалынған құрбандыққа көк қасқадай,  
Амалсыздан жатқанда құлап іргең.

Береке берсін енді қалғанына,  
Көз алартпай қызыл көз ар жағына.  
Кек қуып, құн сұрайтын құн тууын  
Жазсын деп нәсіп етіп алдағыға.

Болмайды өрт тиді деп өре қашу,  
Қосақтап қалғанын да бере қашу.  
Киелі әр пұшпағы туған жердің,  
Төңкеріп тайқазанды төгер ашу.

Есіріп, ерен күшпен енсе дағы,  
Сезінсін намыс оғын, серт садағын.  
Шідерлеп, бұғау салып, бұрау салып,  
Біртіндеп қашауменен керт қадамын.

Байқасын елдігіңді, ерлігіңді,  
Екенін мына байтақ жердің кімнің.  
Жан баққан жабайы емес жапан түзде,  
Терезең талайменен теңдігіңді.

Аңғарсын алуан-алуан өнеріңді,  
Ар үшін жан пида етіп өлеріңді,  
Тұрсаң да жау өтінде өлігіңді  
Тек қана туған жерге көмеріңді.

Тағдыр ғой көнсең дағы, көнбесең де,  
Кешесің тірлік елбеп-селбесең де.  
Жағаңа жармасады күші асқан,  
Қасқайып қаншама ырық бермесең де.

Әйтеуір құлай көрме, ішің берме,  
Қалмасын келімсектің, түсін өрде.  
Еңкеймей ер ұстаған ел шетінде  
Саясат осы болды түсінгенге.

Күн кешу шекарада оңай емес,  
Жалпыға ортақ өлшем қолай емес.  
Өткенге әділ қазы бола алмайды,  
Қазіргі «бұлай емес, олай емес».

Анығы – ел орнында, жер орнында,  
Ой-сана құбыласы – төр орнында.  
Тарихты зерделеген кезде дағы,  
Тиісті аталуға ер орнында.

Қаншама ерлерді де, ездерді де,  
Ұмыттық заман неше өзгерді де.  
Бұл өңір көрген кезек жанталасып,  
Ақ қашқан, қызыл қуған кездерді де.

Әспеттеп түстемеген әсте бірін,  
Оқ тесіп, қылыш шапқан кештерінің.  
Бірақ көп кездеседі окоптары  
Атаман Ковалевтың әскерінің.



Бөлінді заманға сай ел іші де,  
Өзеуреп өзді-өзі оң-терісіне.  
Айтуы – мақсаттары бәрінің де,  
Шығару жолдың тура, тегісіне.

Сөк, мейлі, сөкпе, мейлі, қанша мұны:  
Мұқанов<sup>1</sup> шын большевик болса ірі,  
«Алаштың» белсендісі атанды, ал  
Омбыда Қази мырза Торсанұлы.

Көп сырдың бұл болады бір арнасы,  
Белгілі бәріне ат бұра алмасың.  
Тіл бітсе, талай тарих тұра келіп  
Дер еді-ау маған-дағы жыр арнашы.

### III

Келгенде ескі жұртқа бәрі алдан,  
Шыға кеп тәрізді бір қамап алған.  
Толқытып, толғандырып, ойландырап  
Жұрнағы өткен күннің аман қалған.

Бір сәтке көңіл шіркін жаншылар мың,  
Жусанның жанарынан тамшылар мұң.  
Қараймын көшелерден ізін іздеп,  
Кешегі жайсаңдар мен жақсылардың.

Тіршілік табиғатпен тұйықталып,  
Төңірек танытқанмен сұлақ қалып.  
Жоқтаушы күтіп жатса, кім біледі,  
Қамшысы біреуінің ұмыт қалып.

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің классигі, академик Сәбит Мұқанов.

Киесі бар әр кірпіш, әр тасының,  
Көнерген алтын жүзік, алқасының.  
Өнері қонар, бәлкім... сынығынан  
Атамның ағаш шапқан балтасының.

Сәрсенбі, Бежен атам жонған екен,  
Сәнді үйлер құтты, жайлы болған мекен.  
Жетпісінші жылдары мұражайдан  
Жұрнағын іздеп сұрау салған екен.

Үй кесу – төресі деп өнерлердің,  
Мен айтсам «О, замандас, сенер ме едің?  
Көрсең ғой кереметін біздің елде  
Ағаштан түйін түйген шеберлердің.

Өткірді оңды-солды сілтемейді,  
Теректі шекіп жаймен білтелейді.  
Жарысып табиғатпен қайың бұрап,  
Тал өрер тамсандырып тіл-көмейді.

Көп қой деп қомағайлық танытпаған,  
Жанына табиғаттың салып табан.  
Ертеде кейінгідей құрық салмай,  
Аларын таңдап, талғап анықтаған.

Табиғат мәрт мінезді қалайды ұяң,  
Аңыз бар ел айтатын талайғыдан.  
Дейді екен бір атамыз қайың, талды:  
«Бірі – Ажан, бірі – Қожан» – қалай қиям?!».

Бұл өзі ойдан туған ертегі емес,  
Қиялдың жел көтерген желкені емес.  
Тентектің табиғатпен тіл таппаған  
Ешқашан біздің елде төр теңі емес.

Ұлындай үйелмелі-сүйелмелі,  
Екінің бірі осылай сүйер ме еді?!  
Ағашты қасиетті, құт көреді,  
Қазақы қара орманның иелері.

Аян қып аршып алар жасырмақтан,  
Топырақ талай сырды басып жатқан.  
Бір жерде қуарса да жатқан болар,  
Құлжа сақа әкемнің асық атқан.

Қарайды жетімсіреп төбешіктер,  
Болыпты жермен-жексен көп есіктер.  
Әрқайсысы бір-бір тағдыр... олар жайлы  
Сұлтан ағам ауызынан көп есіткем.

Мына арада... болыпты атам үйі,  
Отырған әулетімен қатар ұйып.  
Көтерген құйын заман екпінімен  
Кім білген... көшті ме екен қосты қиып...

Не пайда ойланғаннан тұрып алып,  
Келген соң көп өзгеріс қырын анық.  
Не дерсің тағдыр шіркін кеткеннен соң,  
Арнасын өмір-өзен бұрып алып.

Сол болар пешенеге жазылғаны:  
Одан соң Думатта ошақ қазылмады.  
Есеней ордасы да, Елтіңжал да,  
Ауызға алынып жүр қазір ғана.

Жаңа ауыл үш қорымның<sup>1</sup> ортасында,  
Жазылған Қазақстан картасында.

---

<sup>1</sup> Бұрынғы ауылдардың ескі жұрты.

Белгілі дүйім елге бүгіндері,  
Ұлт туы – ұлы Ғабен<sup>1</sup> арқасында.

Ештеңе жоғалмаған ізім-қайым,  
Билейді бұрынғыша қызыл қайың.  
Өткен күн өрнектері ескі жұртта,  
Қағады зерде-әйнекті ызыңдайын.

Ойлайсың тарих жайлы, тағдыр жайлы,  
Тіршілік тылсымы бір алдырмайды.  
Ауысу, алмасулар – өмір заңы,  
Өзгеріс бүгінгі де таң қылмайды.

Білгенмен соның бәрін келіп саған,  
Атажұрт, әр ауанды теріп алам.  
Тарихи жәдігердей көрсететін,  
Кетер ме ең астанаға еріп маған.

Сен барсың! Ұмытқан жоқ бүгінгі ұрпақ!  
Дәм тартып, сан тарапқа кеткен шырқап.  
Жоқтан бар болмағанын білдіруге  
Әйтеуір, тағзым етіп келер бір шақ.

«Жайылған қыстауысың» әлі елге,  
Көктемде гүл толады сары белге.  
Жадынан шығармаған айналайын  
Думаттың дулы өткенін танып ел де.

#### IV

Тектілер басқан сыйлы топырақта,  
Болмайды ат ойнату тапырақтап.  
Жатады естіп... көріп... сезіп бәрін...  
Әр бұта, әр түп шөп, әр жапырақ та.

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің классигі, академик Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов.

Сен мейлі, сенбе мейлі, ішің білсін,  
Әйтеуір, айтылған сөз есте жүрсін.  
Тың игерген жылдары сонау шерлі  
Жер жырту бұл маңайда бопты бір сын.

Әлі тұр ортасында егінжайдың,  
Бір зират... үйген төбе – төрі сайдың.  
Кім сезер қасіретін кер заманның,  
Болмаса менің қайғым, сенің қайғың.

Айқасып аруақпенен, өлімменен,  
Заманның тарылды екен жолы неден?  
Өзінен-өзі сынып қала берген,  
Киліккен трактор жүрмей жөніменен.

Ашынтып болмағаны тілеуінің,  
Шығаруға құлпаршасын тіреуінің.  
Тыңгерлер қайта шапқан кезде  
Беті қисайып кетті дейді біреуінің.

Қашан да орға жығар кесір құлық,  
Өткенге құл шашқанның несі қылық.  
Болса да діні басқа, аруақ соғып,  
Кетіпті біреуінің есі шығып.

Бұзбаққа күшпен басып бұлқынса да,  
Бір емес, бірнеше күн ұмтылса да,  
Болмапты жолы ешкімнің кеуде қаққан  
Жеңіліп, жер болыпты құлқын сана.

Осындай тарихтың бір керім ісі,  
Жетелер бізді ойдың шегінісі:  
Бейкүнә бабаларды озбырлықтан  
Қорғаған не құдірет, ненің күші?

Қаншама ата-баба зираттарын,  
Сол жолғы зобалаңда қиратқанын.  
Біледі ел  
Тірі қорған бола алмай,  
Талай бір жүрек жылап, ми қатқанын.

Ел қазір қасиеттеп жыр етеді,  
Думаттың зират жатқан бұл етегін.  
Тәрізді тас ескерткіш ортадағы  
Адамзат зердесінің күре тегі.

«Жайылған зиратының» киесі бар,  
Жерленген бір әулие иесі бар»  
Дегенді көп естідім үлкендерден  
Сөз еткен хақ дәлелдей жүйесі бар.

## V

Киесі болу керек бар тарихтың,  
Келешек гүлдеу үшін жайқалып шын  
Көрдің сен өткеніне күл шашқанын,  
Көркейген, кемелденген қай халықтың.

Бүгіннің өткені бар... ертеңі бар...  
Әр кездің көтерер өз желкені бар.  
Жоғалып кетті деген көненің де  
түлейтін феникстей ертеңі бар.

Өткенің – бүгініңнің баспалдағы,  
Бүгінің ертеңіне бастар тағы.  
Болса да дәмі алуан, тұтас келер  
Талайлы тарихтардың дастарханы.

Білгенге міндет емес ұнауы бар,  
Жақсы-жаман... шарықтау... құлауы бар.

Ұнатпас ұмытқанды, өктемдікті  
Тарих та – бір әулие сұрауы бар.

Болмайды тарихтың зор, шамалысы,  
Болады қуанышты... қаралысы...  
Астында Отырардың да,  
Думаттың да,  
Тоқтаған тіршіліктің қан ағысы.

Тарихты іздемейді ел бөлу үшін,  
Іздейді бір ғибрат көру үшін,  
Керек ол адамға да, қоғамға да  
Тірліктен жаңа тағдыр өру үшін.

\* \* \*

Киелі топырақты басып тұрып,  
Сезбедік біз тарихтың қашықтығын.  
Көтеріп қалың ойдан қабат-қабат  
Әкетті уақыт өзі асықтырып.

## ӘН-ҒҰМЫР

*Лирико-философиялық поэма*

Ұлы өнерпаз Естай Беркімбайұлының рухына  
бас иіп, тағзым етемін.

**Автор**

### I

Кім білген... қайда үзіліп, қашан батар,  
Өмір-көш, өмір-керуен, өмір-сапар.  
Созасың Айға қолды, салып сайран,  
Біткенше бұл жалғанда дәмің татар.

Аспаған хан да бұдан, қара дағы,  
Аз күнге тоты құстай таранады.  
Бірде – асау, бірде – жуас... өтер дәурен,  
Тағдырдың тоқтағанда қара нары.

Биіктен түсер жайнап, ағар құлап,  
Өмір-нұр, өмір-сәуле, өмір-бұлақ.  
Серт сағат соққан сәтте сөнер, тоқтар,  
Пенденің пейілі емес алар сұрап.

Не шара күдіретке қолдан келмес,  
Кемерді көлдей шалқып толған көрмес.  
Ескірмей ел жадында сақталатын,  
Өнер ғой өзегі алтын жалғанда өлмес.

Іздесең осы сөзге дәлел жақын,  
Бұрғайсың Ертіс жаққа аттың басын.  
Зердеңе ой салады жатқан жері,  
Алаштың ақ түйғыны Естай ақын.

Бұл өзі – Кереку мен Омбы арасы,  
Өзенді бойлай шығар жол қарасы.  
Тоғайда... «Естай ауылы» иегінде<sup>1</sup>,  
Көргенде көне қорым толғанасың.

Шетіне қара жолдың таяу жатыр,  
Бетінде көкорайдың қаяу жатыр.  
Азырақ аялдауға бір сапарда,  
Көз іліп тоқтағандай аяулы ақын.

Ұлы жол – ұлы судың ортасында,  
Сарыарқа – сайын дала жотасында.

---

<sup>1</sup> Павлодар облысының Ақтоғай ауданында



Денесі жатыр фәни бесігінде,  
Айналып ауылға ел картасында.

Ұйқыда ұлы өнерпаз мәңгі мұнда,  
Рухы ел жадында жаңғыруда.  
Бір сырлы, сегіз қырлы саңлақ сері,  
Аңызға айналдырған тағдырын да.

Көк күмбез... басындағы көк мұнара,  
Тәрізді қыштан өрген бойтұмар ән.  
Қорланға қосыла алмай жатқан жалғыз,  
Естайдан арманы көп жоқ шығар жан.

Естайдың бір бұл емес арманы ұлы,  
Жоқ артта әнін алып қалған ұлы.  
Өлмейтін өнер тастап кетті ұрпаққа,  
Кезіп жүр кең даланы заңғар үні.

Бұйырды топырақ нәсіп сырттан оған,  
Жеткізбей шаңырағына сапар аман.  
Жығылды жүйрігінен тағдыр атты,  
Құмары – Қара Ертіске келіп таман.

Тірліктен тік көтеріп мәнсіз, күйкі,  
Тартты ма, әлде, оларды магниті.  
Аңсаған ұлы ағысты ұлы әнші,  
Сезді ме тыншымасын жаны күйсіз.

Ұлы күй – өмір күйі Ертістегі,  
Сол еді Естайдың да шертіскені.  
Өнердің бұлағының көзін жауып,  
Сұм тағдыр соғып сойыл келте істеді.

Жеткендей ұлы суға ақын барып,  
Өнері айналған жоқ гапылаға анық.  
Қазақтың ән менен жыр дариясында,  
Мәңгілік мақамдарын жатыр шалып.

Қосылып қос рухы ел мен жердің,  
Тасытар жан қуатын көргендердің.  
Тербесе Естай әні жүректерді,  
Оятар санасын ой тергендердің.

Шоқ болып желкілдеген шашағы оттың,  
Сері Естай – символы ұлы махаббаттың.  
Ән болып әуелеген аспанында,  
Мәңгілік құштарлықтай асау өрттің.

Ән-Естай, аңыз Естай, алып Естай,  
Дүниеден өткен ақын жанып Естай.  
Оралдық естен кетпес әсерменен,  
Ауылына Ертістегі барып Естай.

Бір үзік енді содан сыр шертейік,  
Қалсын бір ән аспандап, жыр көркейіп.  
Қиялмен өткенге ой жіберейік,  
Еске алып сал Естайды сұңқар кейіп.

## II

Арқаның аймалайды самал желі,  
Келеді тор бестімен Естай сері.  
Әнімен «Майдақоңыр» тербеледі,  
Сезімнің аққу қонған айна көлі.

Үстінде құндыз бешпент, ноғай бөрік,  
Ай көйлек қылақа жаға – ішкі көрік.

Кең маңдай, шоң мұрынды, шоқша сақал,  
Ойлы көз баурайды жан нұрын төгіп.

Атжақты, қараторы келген өңі,  
Жарасты қимыл-қылық сәнге көбі.  
Кестелі орамалмен таңып басты,  
Қояды мойнын кербез бұрып кері.

Келісті мұрты өзіне жарасады,  
Жүзі жарқын, бойы сұңғақ, дара сәні,  
Іші сай сырт көркіне... бір бойында  
Түйіскен дала жаны, қала сәні.

Сал-сері қосылағанда санатына,  
Иіс май, әтірленер ара-тұра.  
Сақина – саусағында, керілген қас,  
Салғандай сырбаздыққа жаратыла.

Үш бұрыш, қысқа мойын, сегіз перне,  
Үкілі домбырасын ілген ерге.  
Қос шегін қағып қалса, шанағынан  
Сырғиды сағыныш та, шаттық, шер де.

Оң қолдың бас бармағын басып тұрып,  
Жіберер сұқ саусақпен жайлап ұрып.  
Содан соң қос ішекке кезек көшіп,  
Сауады сар саумалын саздың тұнық.

Басында қоңырлатып, «елигайлап»,  
Келтіріп құлақ күйін шертіп жайлап.  
Бабына келіп әбден қызған шақта,  
Кетеді құйқылжытып  
«халә-лә-ху ләй-ләй-лай лап».

Келеді сері шығып Ақкөлінен,  
Жағалап Жағалбайлы бөктерінен.  
Қиялы кең далада жарысады,  
Ұшырған көңілдің ақ кептерімен.

Келеді қырдағы елден ойдағы елге,  
Көзіне жылы ұшырап сай да, бел де.  
Жолшыбай жапырылып қалып жатыр,  
Қалың ел әнін тыңдап, тойда көрген.

Жасы асып кетсе дағы жетпісіңнен,  
Талайдың ширақ әлі ептісінен.  
Жас-кәрі құрмет тұтып, аялайды,  
Не жетсін танылағанға текті ісіңмен.

«...Облысым – Павлодар, Естай – атым,  
Жұртқа баян істері азаматтың  
Орта жүз... Сүйіндікпін... бері келе,  
Төлебай, Қанжығалы арғы затым...».

Осы елдің көз алдында – өмірі де,  
Осы елдің көз алдында – өнері де.  
Осы елдің таразысын көрді талай,  
Кемі де өнерінің кемелі де.

Көрінер Ақкөл сұлу сонау қырдан,  
Қыстауы Алмашының талай жылдан.  
Жаз жайлау... жанға тыныш... көлді жерлер –  
Итмұрын, Бестөбе мен Қой айырған.

Орман-тау, өзен-көлдер, сая-баулар,  
Жаныңды жаралған ғой аялауға.  
Бұл өзі ұштағаны киелі өлке –  
Ереймен, Көкшетау мен Баян-аула.

Ел жазған шежірені қарап тұрсақ,  
Мекені арғын-найман, керей-қыпшақ.  
Қалың ел өнер қонған топырағына,  
Даңқы асқан жүйрік баптап, қыран ұстап.

Бұл жерде небір ірің, пірің де өткен,  
Атағы алты алашты дірілдеткен.  
Біржан сал, Ақан сері, Майра, Иса,  
Көрігін хас өнердің дүрілдеткен.

Тыңдаған талай бұл ел төңірегі,  
Нұрлыбек, Мәди, Ғазиз, Әмірені.  
Өткенді парақтасақ өнегеге,  
Көбесі қалың сырдың сөгіледі.

Патшасы серілердің – Сегіз сері,  
Өнердің дүрін шашқан ол да келіп.  
Ат қойған Имантай деп сол сапарда,  
Қаныштың әкесіне бата беріп.

Осындай дүрлерден кіл қалған ұрық,  
Салдық пен серілік – салт, өнер – ғұрып.  
Жолына ән мен жырдың біржолата,  
Жіберген Естайдың да бетін бұрып.

Беркімбай өз әкесі кемтар еді,  
Екі аяқ болмаған соң жер тар еді.  
Үйреткен қайсарлыққа, өршілдікке,  
Рухының шайқалмайтын бәйтерегі.

Анасы – Құлипа ақын, Қозған – тегі,  
Көркімен, кісілікпен озған жөні.  
Бопты әлді Беркімбайдың бір інісі,  
Үзартып жас баланың созған қолын.

Дарыған өнер солай анасынан,  
Байтұмдай белгілі ақын нағашыдан.  
Жанына жампоздардың жақын барып,  
Шырқады тойда талай таласып ән.

Баулыған әншілікке Жақып аға,  
Тұсауын кескен шағын сахнада.  
Сонда алғаш алқалы топ ортасында,  
Аталып әспеттелді аты дара.

Он жеті-он сегізге келген тұста,  
Үлгі алды өнерпаздан небір ұста.  
Атақты Біржан салға бір ай еріп,  
Шәкірт боп сері Ақаннан көрді нұсқа.

«Әнің бар ақ уыздай мөлдіреген,  
Толқиды тамағыңда мөлдір өлең.  
Даусыңды жүз құбылтып шырқағанда,  
Отырам жетпей көкке сәл-ақ төбем.

Ендігі ел бұлбұлы сен боларсың,  
Шағала – теңіздегі, көлде – баршың.  
Табиғат сыйын берген біл бағалай,  
Қол бұлғар талай-талай алда бар шың.

Дауыс та жарататын тұлпар сынды,  
Бабымен самғар биік сұңқар сынды.  
Абайла, тот баспасын асылыңды,  
Болғайсың зер қашаған ұста сынды.

Жалықпай тыңда әуенін табиғаттың,  
Құста бар үні небір перизаттың.  
Желпінсең жанға жайлы самал желдей,  
Шығарсың көңілінен жамиғаттың.

Әнің қос аққуға да, қыранға да,  
Тәуекел туын биік тұмарла да.  
Әуені тау мен дала, өзен-көлдің,  
Тоғысып жатсын бәрі бір арнада.

Құлақ сал сыбырына көк орманның,  
Күйі бар ынтық-зардың, көп арманның.  
Айналар ақ боранға асыл демің,  
Даусыңның алтын зері жоғалған күн.

Алып жүр домбыранды сертпен қолға-ай,  
Қара сен оған бейне асыл жардай.  
Өнерің өміріңе айналғанда,  
Болмайды одан өткен досың бардай.

Сен оған сыр ашасың, тұнық тұма,  
Бөлісіп мұң мен қайғы, қызықты да.  
Даусың домбыраңмен бірге шықса,  
Аларсың сонда елді қызықтыра.

Домбыра – өнер қонған киелі аспап,  
Шын сүйсең көтереді сені де асқақ.  
Қазақтың рухының қоңырауы,  
Сал-сері серік еткен жанға жастап.

Санама қу қарағай, өлі ағашқа,  
Жоқ асқан одан қазына қара басқа.  
Таппайсың одан өткен дос ғаламда,  
Тілдеске, сыр бөліске, араласқа.

Мұңдансаң – мұң басарың болар анық,  
Қуансаң – бебеу қағып кетер жанып.  
Өнерде одан өткен серік болмас,  
Естайжан, ерте бастан, жаным, соны ұқ.

Енді бір өсиет бар бізден саған,  
Інімсің үміт артқан алтын тағам.  
Өз әнің, өз жырыңмен толғанарсың,  
Кезінде бізді аңсаған, қызды аңсаған.

Өзгеше өнер деген негіз нұрлы,  
Келеді сал-серілер сегіз қырлы.  
Жүргейсің сыпа киіп, зипа сөйлеп,  
Аяма арулардан лебіз-гүлді.

Өнерің өрге бассын, Естай шырақ,  
Жүрермін байқап мен де сырттай сынап.  
Біраз күн бірге жүріп, сыр бөлістік,  
Аңғарар көрген көз бен ұққан құлақ.

Сенемін сенің жарқын ертеңіңе,  
Енді елге жиі шығып, бер көріне.  
Ұмытпа, ұқсау керек сал-серінің  
Өмірінің өзі ғажап ертегіге».

Сал Біржан осылай деп қолын алды,  
Үкілі үміт артып жолына алғы.  
Жалынан жас тұлпардың сипағандай,  
Саңлақ шын сүйініп жаны шалқып.

Батасы болды осы Біржан салдың,  
Өнерде бермеген еш елдің алдын.  
Тағдырдың жазуын-ай: қасына еріп,  
Жас Естай құдіретін көрді нардың.

Біржаннан ән үйренді, сән үйренді,  
Мектебін ұлы өнердің және үйренді.  
Аққуға әнін қосқан ардақ талант  
Өнердің от шақпағын жани берді.



Келер жыл алды үлгі сері Ақаннан,  
Ән-жырдың ақ сұңқары, пірі атанған.  
Құс салып, жүйрік баптап, сұлу құшып,  
Қазақтың өнердегі төрі атанған.

Ұнатып жас талантты, шын ұйыған соң,  
Сыйлады оған әсем «Нұриласын».  
– Байғазым осы деп біл өнеріңе,  
Ассын, – деп, – ән ырғағың, жыр ұйқасың.

Жаңа әнді сері Ақандай белге лайық,  
Түрлентіп жіберді Естай елге жайып.  
Сол сәттер болған үлкен жолдың басы,  
Сияқты түстей қазір көрген ғайып.

Жақсыға жақсы барып із қосады,  
Ұлының ұлы мәңгі үзбес әнін.  
Әндерін әуелетіп, соларша озып,  
Атанды Біржан – Ақан ізбасары.

Өтеліп сал Біржанның өсиеті,  
Ашылды ақын-сазгер қасиеті.  
Бұл күнде төрт құбыласы тең өнерпаз,  
Иіліп алаш түгел бас иетін.

Шалқыған кең тынысты әндері бар,  
Бағасын інжу-маржан терген ұғар.  
«Қорланы», «Бір мысқал» мен «Майдақоңыр» –  
Өлкеде өнер деген бір-бір шынар.

«Қарагөз», «Еркемі» мен «Шоқ қарағаш»,  
Сұлу сыр махаббаттай отқа аралас.  
Отыз ән – отыз лағыл-маржан өрген,  
Сазгерге салтанаты жоқ қаралас.

Өзі әнші, өзі сазгер, өзі ақын,  
Білмейтін кім бар бүгін Естай атын.  
Гауһардай жарқыраған өнерінің,  
Ежелгі сал-серілер – арғы заты.

Алтынның сынығындай көріп халық,  
Ардақтап, қошеметтеп сыйлар анық.  
Тыңдайтын тік тұрып ән қайран ел-ай,  
Ішіне кең сарайдың сыймай қалып.

...Естайдың босағандай көңілі аз,  
Біртүрлі күй боп ерек сөгілді наз.  
Кеудесі қысатындай кейде әнтек,  
Жататын қайнар бұлақ төгіліп саз.

Көп болды бір дерт меңдеп алды жаңды,  
Кім білсін, тірлік те енді қанша қалды.  
Дауа жоқ жүрекке де қажыса егер,  
Дарига-ай, қанша, шіркін, күйді-жаңды.

Қарамай шыққан еді осы жолға,  
Ел бар деп сағынысқан оң мен солда.  
Соңғы рет болмасын тек бой жазуы,  
Мазалап қояды іштей кейде ол да.

Алайда күдіктің көп жұбанышы,  
Сол еді жанының нақ сұранысы.  
Қауышып елмен-жермен баяғыдай,  
Қойнына сыймай келед қуанышы.

Желпінтіп жас жүрегі қарт денесін,  
Жастықтың көз алдан көп өтті елесі.  
Жолдағы қарт Естайдың ой өзегі,  
Көшерге тарауға енді сеп келесі.

### III

Қайран жол... өмір де бір өтер сапар,  
Тағдырдың жазуымен түсер қатар.  
Қаз басып тұра сала тыпырлайсың,  
Жүргенде солай... шыққан Күн де батар.

Кетерсің сіңіп сен де қараңғыға,  
Жан аз ғой бүгін, бірақ, алаң бұған.  
Ойбайы артық болар одан гөрі,  
Жығылса мәстегінен жаман-жұман.

Жол... жол... жол... сапар мұрат тірі жанға,  
Не жеңіс... не жеңіліс... күтсе де алда.  
Әйтеуір, қозғалған жөн, ұмтылған жөн,  
Риза боп ырыздыққа түскен қолға.

Жол – олжа, жол – кездесу, жол – кеңістік,  
Тамыры тіршіліктің... от демі ыстық.  
Көресің кекжиегін дүниенің,  
Байқайсың айырмасын кем... кең істің.

Ширайсың, ысыласың жол үстінде,  
Ұғасың не екенін оң, терістің де.  
Ұштайсың өнеріңді ел аралап,  
Ширығып, шыңдаласың ер үстінде.

Торғайдай шырылдаған темір торда,  
Үйкүшік жаймас қанат кеңге, зорға.  
Болмаса кеңістігі, шырқар көгі,  
Өнерге ондай өмір өмір ме ол да.

Өнерге өріс керек, әсер керек,  
Сезімді неше алуан кешер керек.

Шабытқа күн де керек, гүл де керек,  
Ән мен жыр ахуалда өсер бөлек.

Есағаң ерте шықты жол-сапарға,  
Алғаш жол төңірекке болса апарған,  
Кейінде кетті шарлап шартарапты,  
Алысқа көз тігеді толса тарлан.

Жайылма – Ақкөлінен ұзап алғаш,  
Баянтау, Керекуге барды жалғас.  
Көкшетау, Қараөткел мен Семей жақты  
Әнімен талай тәнті еггі бал жас.

Жағалап Қара Ертіспен Зайсан барды,  
Көкейге түйіп сезген, ой салғанды.  
Төсінде Тарбағатай, Торғай жақта,  
Серілік салды Естай сан сайранды.

Қызылжар, Атбасар мен Ақтөбеде,  
Құйқылжып бұлбұл құстай жақ жебеген.  
Ғашық боп әндеріне қыз-бозбала,  
Үйірілді тәрізді бір от көбелек.

Жарқылдап жүрді ортада жайнап сері,  
Шырқаса шабытының қайнап селі.  
Атанды бірінші боп еңбек сіңген  
Елінің мәдениет қайраткері.

Жерұйық Жетісу да көрген жері,  
Таңғалтып асыл өнер өрген жері.  
Бас иіп Алатауға, Қаратауға,  
Қауышты ән-жыр сүйген елмен сері.

Жамбылды, Кененді де көрді көзі,  
Тыңдады кербез әнін, есті сөзін.  
Нұрпейіс, Нартай, Төлеу, Сапарғали,  
Сыйлады жанға терең сырлы сезім.

Алдыңнан талапқа сай асу шығар,  
Бұл да бір пешенеге жазу шығар.  
Жазғызды күйтабаққа біраз әнін,  
Сөйледі съезінде жазушылар.

Аманат келер ұрпақ, алты алашқа  
Нотаға түсті әндері хатқа басқан.  
Көшіріп сұлу сазын операға,  
Тамсанды сан ғұлама білігі асқан.

Таңданды әндерінің иіріміне,  
Көркем ой... қиялының жүйрігіне.  
Толқыған толған айдай ырғақтарға,  
Өнердің суырылған сүйрігіне.

Ән салды әуелетіп ол талай күн,  
Жүз жылдық тойында да ұлы Абайдың.  
Төгілтті сұлу әуен, саңлақ жыр,  
Көзінде мөлдіретіп құралайдың.

Топ жарып алқалы көп жиындарда,  
Танылды солай талай қиырларға  
Сапардан қалған кезі жоқ Естайдың,  
Жүректе – от, көңілде көк құйын барда.

Мінекей, жетпіс үште, келед жолда,  
Келмейді қамалғысы әлі торға.  
Шалқиды қанаттанып баяғыдай,  
Шықса да осы жолы үйден зорға.

#### IV

Ойпырмай... ой қозғайды ойды түртіп,  
Қаларсың сезіміңді қалай іркіп.  
Жол десе... еске түсіп сол бір сапар,  
Әлі күн шымырлайды жүрек шіркін.

Сезімнен тіршілік нұр, нәр алған ғой,  
Білмейсің ұсынарын амал қандай.  
Өмірге келген күні бір туса Естай,  
Сол сапар болды қайта жаралғандай.

Адамға бұйрықты іс тағдырға аян,  
Шет болса... талтүсте де қалғыр ояу.  
Басталса туған күннен өмірбаян,  
Сол сапар басталғандай тағдырбаян.

Кісінде күйіп-жанбай алаң болмас,  
Алаң ғой тіршілікті созар жалғас.  
Дүниені көз ашқанда көрсе тұңғыш,  
Жолықты тағдырына сонда алғаш.

Кезі еді әнші аты шыққан жаңа,  
Қоймаған өзін-өзі әлі таба.  
Ертістен келді бірде іздеп суыт,  
Шапқыншы бұған үлкен қолқа сала.

Жүз елу шақырымдай шалғай жерден,  
Бұйымтайын айтты олар арнай келген.  
«Жұмсады, – деді бізді, – Сүлеймен бай,  
Өзіңді өнерде бір пана-ай көрген.

Баласы байкемнің Шошан мырза,  
Сапарға әзірлікте Алла ырза.

Айттырған қалыңдығын көру үшін,  
Аттанбақ қасына алып кілең құлжа.

Білесіз елдің ғұрпын, елдің салтын,  
Болмас сән болмаса әнші, болмаса ақын.  
Деп сізге жас мырзаны ертіп барсын,  
Байкем салмақ қолқа тартып жақын.

Сындырмай сағын елдің бөтен жерде,  
Келсін дейд абыройын сүйреп өрге.  
Жастықтың жәрменкесін қыздырар бек,  
Жас қыран өзіңіздей жүрген төрде.

Тілегі Сүлекеңнің осы Естай,  
Бастауға істі оңға құдай қосқай.  
Келісім берер деген сенімдеміз,  
Сізге де сапар жаңа өріс ашқай».

Тыңдады бұл сөзді Естай зейін салып,  
Өнеріне ілтипаттан ләззат алып.  
Алыстан ат сабылтып іздеп жатса,  
Шыққаны осы емес пе топты жарып.

Сондықтан жауабына іркілген жоқ,  
Көмейім құдай берген бүлкілдер деп.  
Құп алды өтінішін сұраған ел,  
Батаңды оң жолыма, жұртым, бер деп.

Шығарып салды Ақкөл «а, құдайлап»,  
Тағдырын жас талаптың, бағын ойлап.  
Ел атын алыстарға енді Естайдың,  
Бұлақтай сылдыраған әні жаймақ.

Жүрегі анасының сезді нені,  
Жүрерде маңдайынан сүйді келіп.  
«Жарығым, жер танырсың, ел танырсың,  
Жақын тұт жатырқамай көрсең теңің.

Жақсының күні дәйім жақсыменен,  
Болғанмен болғандікі бапты деген.  
Аяма өнеріңді жүрген жерде,  
Өзің де өнер үйреніп қайтқын кенен.

Іш дейді барар жерің Маралды – Ұрық,  
Көңілге түй тәуірін қарап жүріп.  
Мойныма моншақ салып мен Алладан,  
Тілеймін сапарыңа аманшылық».

«Босайсың, Күлипа, сен бұлай неге,  
Не берсе Естайжанға құдай берер.  
Жымиды, – деп әкесі, – кім біледі,  
Мүмкін бір жас сұлуға ұнай келер.

Қолыңды ұзартарсың, сөйтіп, сен де,  
Той жасап, келін түсіріп мына елге.  
Қайтқайсың, аман барып, абыроймен,  
Ал, балам, аттан жолға, тұра берме».

...Осылай шықты ауылдан жолға алыс,  
Болмаған жерге бұрын келіс-барыс.  
Ауылында Сүлеймен бай дем алып аз,  
Жолменен кетті жүріп бір бейтаныс.



Маралды болысы алда барар жері,  
 Жатқан ел Ресейге кіріп ішкері.  
 Үшқамыс... ұшқан құстай бетке ұстаған,  
 Жетер тұс емес оңай бір түстеніп.

Келеді бұлар бетке ап іштегі елді,  
 Көп екен шоқ орманы, піспе көлі.  
 Кілемдей құлпырады ойы-қыры,  
 Бетіңнен аймалайды бұқпа желі.

Патша ағзам күндікті емес, алысты ойлап,  
 Жер бөліп, ала баған салып қойған.  
 Іштегі ел атаныпты содан бұл жұрт,  
 Ішінде шекараның қалып қойған.

Қойнында алтын-күміс сыңғыраған,  
 Жер қандай, малы да көп мыңғыраған.  
 Тай сойып, тайқазаннан от үзбеген,  
 Бесікте торсық шеке ұл жылаған.

Қара мал, қой өсіріп, түйе жайған,  
 Саба ұстап, қымыз құйып, бие сауған.  
 Базарға жылқы айдайды үйір-үйір,  
 Ел екен бір береке үйе салған.

Шалқыған шар айнадай көлі қандай,  
 Құбылып көз құмарын жанығандай.  
 Сұр мерген, балуан, батыр ерлері бар,  
 Ел екен аңқылдаған жаны қалмай.

Қаймағы бұзылмаған әдет-ғұрып,  
 Сөйлемес кіші бұрын үлкен тұрып.

Ақылмен іс шешеді алқа қотан,  
Естіні кете алмаған ессіз бұрып.

Жүздері жылы сондай жастарының,  
Ашылған ойын-тойда ақтарылып.  
Аршын төс, алма мойың, қарақат көз,  
Бұраң бел, оймақ ауыз, жақсы қылық.

Киеді шоқайма етік, кәмшат бөрік,  
Қояды бұрымдарын қосып өріп.  
Асыдан тағып сәнді жүзік-алқа,  
Отырар қос жанарын кербез төгіп.

Келеді мінездері ашық-жарқын,  
Құйғандай ақ маржанға қосып алтын.  
Ибалы, қандай керім инабатты,  
Сезеді терең өнер, сөздің парқын.

Өнерлі шеттерінен, әнші бәрі,  
Жаныңды, келсе ілескің, қамшылағын.  
Айтысқа тәуекел деп түсе қалсаң,  
Төгеді тілден маржан тамшыларын.

Шетінен қолы епті, ісмер келер,  
Тоқиды қалы кілем, белбеу кемер.  
Кестелі орамалын қолға алсаң,  
Жібектен жалт-жұлт еткен жаның семер.

Осылай қабылдады ақын жаны,  
Сапарда көргенінін затын барып.  
Жолықты Қорлан қызға осы жолы,  
Енді біз соған қарай жақыңдалық.

## VI

Ұрықта ұлық аты Сұлтан-Сұңқар,  
Мойны озық өзгелерден шыққан тұлпар.  
Бірі – би, бірі – болыс... бағы асып,  
Баласын қалың қыпшақ еткен іңкәр.

Маралды қасиетін, сырын білген,  
Екеуін атайды екен бұрын елден.  
Ауылында Сұлтан болыс болып шықты,  
Қалыңдық Шошан мырза ұрын келген.

Естайлар осы ауылда біраз жатты,  
Көрген соң оң ықылас, күтім бапты.  
Ауылын қалыңдықтың әнге бөлеп,  
Қосылып жастарменен сайрандатты.

Сұлтанның екі қызы Хұсни-Қорлан,  
Кезі жоқ ойын-сауық бірінен қалған.  
Пейішті нұрландырған періштедей,  
Пенденің сұлуы екен жігітке арман.

Екеуін көріп Естай естен танды,  
Қорланға бірден ғашық болып қалды.  
Жеткізіп ынтық жүрек ынтызарын,  
Былай деп әуелетіп әнге салды:

«Көзінің қаралығы қарақаттай,  
Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай.  
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,  
Арман не сені құшқан адамзатта-ай.

Гүл жүзді, шырын сөзді, бал сілекей,  
Аяғын келер басып шекей-шекей.

Алмадай беттерінен сүйген кезде,  
Суырылар тілмен қабат мол көмекей...

Болғанда тілі жақұт, тісі маржан,  
Еті аппақ жазғытұры жауған қардан.  
Қан шырын, пісте мұрын, лағыл иек,  
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман.

Меруерт кірпіктері бейне тізген,  
Ұқсамас адамзатқа көзін сүзген.  
Мас болып дидарынан талып қалып,  
Жанынан көрген адам күдер үзген.

Бриллиант шашбауында таққан теңге,  
Түк болмас шаш пен кірпік, қастан өзге.  
Сағымда сәулеленіп, көтеріліп,  
Құбылар бір сағатта әр түрлі өңге.

Сүмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл иек,  
Шынардай он саусағы құлжа сүйек.  
Осындай махбут жардан жат болған соң,  
Жалын боп лапылдаған жанды жүрек.

Ақ көйлек, қызыл камзол, лағыл етік,  
Отырмын ғашық жарды өлең етіп.  
Шіркін-ай, Хұсни-Қорлан деген кезде,  
Алдымнан өтер ме едің көлең етіп.

Аспайды шам жарығы табағынан,  
Қызыл гүл ұялады сабағынан.  
Аққудың мамығындай үлбіреген,  
Көрінер ішкен асы тамағынан.

Болғанда өзі мұндай, жүріс қандай,  
Күлкісі көңіл ашар гүлстандай.  
Көтеріп алақанда отырсаң да,  
Сезілмес ауырлығы бір мысқалдай».

...Осылай төкті Естай жыр маржанын,  
Тербетіп ғашық сезім тұнған жанын.  
Сызылтып, үзілдіріп басталатын,  
Қоңырлап оған мақпал қосты әнін.

«Бір мысқал» – төресі ғой әннің ғажап,  
Көтерген аспанына сан жыл қазақ.  
Естай мен Қорлан үшін сапар соңы,  
Қиысып қош айтысу болды азап.

Жігітті қалған еді қыз да ұнатып,  
Төріне көңілінің жазған атын.  
Бар еді бірақ оның атасқаны,  
Жүрегі соны ойласа мұзданатын.

Осы өңір Славгород қала-Ши маңында,  
Шұқырды жайлап жүрген ел жазында.  
Есімі Мұхамеджан деген екен,  
Қорланға тағдыр емес тең жазылған.

Серіге Қорлан айтып осы жайды,  
Бола алмаспын, – деген, – саған басыбайлы.  
Махаббат өртін қалай сөндірерсің,  
Естай да беттен қайтып жасымайды.

– Сүйіктім, періште қыз Хорлығыайын,  
Менің де тұзақ үзер айлам дайын.  
Келісім берсең болды – алып қашам,  
Сөз байла... мен алаңсыз сайланайын.

Сұрарым, жаным, адал сертінді бер,  
Сеніскен көңіл менен еркінді бер.  
Шіркін-ай, бізге де күн туар ма екен,  
Қосылып ғашық жардай еркін жүрер.

Тыңдады Қорлан еріп жас серіні,  
Ақырын ерініне тосты ерінін.  
Ұсынды сақинасын... сүйген кезде,  
Белгісі тұрғаны сөз хош көріліп.

Осылай екі ғашық сөз байласты,  
Жарасқан қос сұңқарға көз тоймас-ты.  
Уағдалы жолмен қайта жүздеспек боп,  
Көңілі қос құрбының судай тасты.

Сонымен кете барды Естай елге,  
Қуантып сыр айтам деп аға-жеңге.  
Риза сапарына, сауығына,  
Сүйгенін Хорлығайын тауып берген.

Таңдайдан дәмі тәтті бал кетпейді,  
Шөл басар шырын бұлақ шөлдетпейді.  
Көркіне қылығы сай қалқа бала,  
Қорланға бұл дүниеде жан жетпейді.

Көңілі Естайдың бір айды алғандай,  
Жүрекке жұмбақ жалау байланғандай.  
Мына жол бай ұлы емес, өзі үшін  
Махаббат сапарына айналғандай.

## VII

Тағдырдың жан білмейді бұралаңын,  
Нені шет көріп, нені құп аларын.

Дүние шыр айналған соқыр тауық,  
Пенденің бере бермес сұрағанын.

Дүние – біреуге көл, біреуге – шөл,  
Дүние – біреуге қор, біреуге – төр.  
Адаммен ойнар кейде қуыршақтай,  
Бәрібір... мейілі көнбе, мейілі көн.

Жазылған пешенеңе тағдыр дейді,  
Өзгермес... жазғырма күй, жазғыр мейлі.  
Ғұмыры жақсы біткен қысқа ма екен,  
Шын шаттық шешек атып аз гүлдейді.

Кім білген мұның дағы ақ-қарасын,  
Әйтеуір, пенделікпен ақталасың.  
Көз ілмей қарауылда ұстайтұғын  
Бақыттың бақытсыздық бақталасы.

Сан соғып қалар талай сайлы деген,  
Жайсыз боп шығар демде жайлы деген.  
Адымын аштырмайтын қайда барса,  
Күндесі қуаныштың қайғы деген.

Бірде – шоқ, бірде – күл ғой махаббат та,  
Бірде өртеп, бірде бөлер шапағатқа.  
Кім қарсы тұра алады сұм тағдырға,  
Маңдайға жазылғаны жасалат та.

Жазбапты Естайға да қызықты ұзақ,  
Алысқа кете алмады үзіп тұзақ.  
Қорланға қосыла алмай қайран ақын,  
Иілмей өтті басқа сезімге ұсақ.

Уәдеде тұрып қайта барған еді,  
Қожахмет досын ертіп алған еді.  
Жеңгесі Хорлығайын – Фатиманы  
Араға ескі салтпен салған еді.

Сөзінен тайған жоқ-ты Қорлан дағы,  
Жанғанын жүрген тілеп оңнан бағы.  
Кездесіп мауықтарын басқанымен,  
Жолдарын құдай бірақ оңдамады.

Белгілеп аттанар күн жүрген кезде,  
Сезіп қап сасқан әке салды тезге.  
Күйеуге атастырған кісі салып,  
Ұзатып жас сұлуды жіберді лезде.

Естайлар көрші ауылда қалды қапы,  
Тым болды жасай алмай қимыл батыл.  
Іш күйді өкініштен, жан өртенді  
Тағдырдың дәмін ащы алғаш татып.

Мұндайда кінә артарсың кімге теліп,  
Заман ғой, салт – заң дағы, дәстүр – берік.  
Бұзуға қыз әкесі бара алмады,  
Бұғаудан шыға алмады қыз да көніп.

Қыз Қорлан кете барды жылай-жылай,  
Естайды сүйген еді шын құлай.  
Дегенде енді бірге боламыз-ау,  
Айырды ғашықтарды жол осылай.

Екі жас қош айта алмай кете барды  
Ұртталмай уыз сезім кесе қалды.  
Не дерсің... деп жататын жер емес бұл,  
Кім дұрыс... қайсынікі қате болды.



Жараға жаза дауа бола алмас-ты,  
Естайдың көзін қайғы, тұман басты.  
«Аһ» ұрды аласұрып, жаны күйіп,  
Жүзінен нұр тайғанап, шырай қашты.

Құшақтап жан серігін – домбырасын,  
Ойымен сәттерді өткен шолды асыл.  
Сезімі сағынышты әнге айналды,  
Жан тербеп, құлақ құрышын қандыратын.

«Іште бар жердің аты Маралды-Ұрық,  
Сол елді сейіл қылдым кезіп жүріп.  
Дауысым қарлыққанша зар илеймін,  
Сол елде хұсни көркем бір қыз көріп.

Сұрасаң қыздың аты – Хорлығайын,  
Мағұрып қолға берді күн мен айын.  
Әуелде жазбаған соң болмайды екен,  
Мақсатқа жете алмадым, не қылайын.

Бірі – апа, бірі – сіңілі:  
Хұсни-Қорлан,  
Екеуі туған екен бір анадан.  
Жұмақтың гүлперіште қыздарындай,  
Дүниеге келе бермес ондай бағылан.

Айырылдым, Қорлан, сенен құдай алмай,  
Құр ішім тола берді жылай алмай.  
Бар еді қимас күндер тату өскен,  
Келер ме енді айналып, о, дариға-ай.

Жұрт күлсе, «ғашық адам» деп күледі,  
Басына келмеген жан не біледі.

Айырылып, Қорлан, сенен армандамын»,  
Шіркін-ай, екі келмес бір күн еді.

Ахау, жалған,  
Хүсни-Қорлан!  
Екі бағлан,  
Екеуі туған екен бір анадан.

Жігіттер, қалма қапы бұл жалғаннан,  
Жігіттің арманы не сүйгенді алған.  
Сірә сіздей, жан тумас,  
Туса туар, артылмас.

Бұл ғаламды шарықтап,  
О, дариға, ләуліктас,  
Бағдат, Мысыр, Шын-Машын,  
Іздесем, Қорлан табылмас!».

Беріліп сүйген көңіл билігіне,  
Осылай ғашық жүрек иді міне.  
Келеді жасап әлі «Қорлан» әні,  
Айналған махаббаттың гимніне.

Тереңнен шыққан соң ба құйылып ең,  
Бұл әннің ән аспайды биігінен.  
Мәңгі өлмес махаббаттың символындай,  
Шырқайды тебіреніп, сүйініп ел.

Болмады ойдағысы Қорлан-Естай,  
Сұлуды сұңқар емес, байға қосты-ай.  
Келіннің басқа ауылда беті ашылып,  
Айтылды күткен жар-жар тойда басқа-ай.

Хал кешпес кісі, шіркін, жаста нешік,  
Қағады кейде амалсыз басқа есік.  
Естайға бұйырды да басқа тағдыр,  
Тербетті Хорлығайын басқа бесік.

## VIII

Сегіз жыл өткеннен соң кездесті бір,  
Барған-ды Естай арнай іздестіріп.  
Сезімі Қорланның да суымапты,  
Сағынып жүздесті арман, жүздесті мұң.

Көргенде Естайды алғаш Қорлан үнсіз,  
Солқылдап жылай берді өңсіз-күйсіз.  
«Сені де көретін күн бар екен» деп,  
Ұқтырды жанарымен сырын тілсіз.

Көргенде сақинаны қолындағы,  
Кеудеде от одан әрмен жалындады.  
«Қорланды» өз аузынан естігенде,  
Жүректің тұрды сезбей қағылғанын.

Күйеуі кісі екен жаны дархан,  
Болған жоқ асып-сасып бұрқан-талқан.  
Танытып серіге шын құрмет-пейіл,  
Білдірді жоқ екенін кінәсі артар.

Күйеусіп қас-қабакпен қыспай бөтен,  
Қорланды алақанда ұстайды екен.  
Риза тағдырына болса керек,  
Сұлуға ол да ғашық, құштар екен.

«Түсінем бәрін, Естай, кінәлама,  
Жаңылмай пенде шіркін тұра ала ма.

Жолыңды кестім тағдыр жазуымен,  
Сен емес... мен отырмын бұл арада.

Қорланға ғашық едім мен де сендей,  
Өнерім болмаса да теңдесердей.  
Бап емес бақ шабады бәйгеде де,  
Қалады сазға отырып ер де сендей.

Айта алман Қорлан сендей сүйеді деп,  
Бар пейіл-назарына иемін деп.  
Жетеді маған адал жар болғаны,  
Басқаға жаным қинап, күйерім жоқ».

...Ештеңе Естай бұған айта алмады,  
Тыңдады үнсіз... жауап қайтармады.  
Көкейде тұрса дағы алуан сөз,  
Жорғалап жалған сөйлеп тайпалмады.

Қуанды Қорлан әлі сүйгеніне,  
Сезімін серт қып адал түйгеніне.  
Жүректе жатқаннан соң бар асылы,  
Ғашыққа түздегі не, үйдегі не.

Тәрізді өгіз өлмей, арба сынған,  
Не қызық жан қосылмай, тән қосылған.  
Қиын іс зарлаған да қосыла алмай,  
Ауыр жүк жүректегі қорғасыннан.

Шығарып салып тұрып Қорлан ару,  
Сөз айтты жанға шипа, бойға дәру.  
«Рахмет келгеніңе, Естай, іздеп,  
Жүр едім бір көруге болып зәру.

Мен іштей сен жайлы сыр толғадым көп,  
Ойлаушы ем тамызықта от қалмады деп.  
Өшпейтін махаббатты сезіп тұрмын,  
Өлсем де енді менің арманым жоқ.

Қош бол сен, қош бол, менің нақ сүйерім,  
Іздеп ек бірге сезім ақсүйегін.  
Тауыппыз сәттік емес, мәңгілігін,  
Болмадық бірге деп біз бос күйеміз.

Қуанттың ғашығыңды іздеп келіп,  
Барармын бірде мен де іздеп сені...  
Мен үшін бұдан асқан бақыт болмас,  
Жүз жылға тұрады осы жүздескенім.

Сынбағай сағың дәйім, Естай сері,  
Шіріген жұмыртқаға бала мені.  
Елеусіз естелігін есер шақтың  
Қайтесің көңіліңе ала беріп.

Сұлу көп бұл қазақта менен асқан,  
Ал ақын бола қоймас сенен асқан.  
Жарқылдап жүру үшін жарық шашып,  
Жаратқан құдай сізді әуел бастан.

Кеудеде бұлағың бар нұр тасыған,  
Беріпті бірнеше өнер бір басыңа.  
Баспасын тағдыр еңсе, қиып қанат,  
Телміртіп төмен етек ұрғашыға.

Осыны түйіп терең аттан, серім,  
Жалғанда жан жетпейтін ақтаңгерім.  
Бағынып пендеғұмыр пейіліне,  
Мені енді суығайсың жаттай көріп».

Қоштасты Хорлығайын осылай деп,  
Білдірмей сыртқа сырын, жасымай көп.  
Ішінен жиналған жұрт сезіп бәрін,  
Күрсінді «қайран, шіркін, ғашық-ай» деп.

Тиді бұл бәрінен де Естайға ауыр,  
Кеткендей кеудедегі өршіп дауыл.  
Қолынан Хорлығайын ұстап тұрып,  
Сөз айтты бір азырақ сақтап сабыр:

«Дүниеге келер-кетер біздей талай,  
Қалады қанша арман, қанша зар-ай.  
Мен сені ұмытам деп, Хорлығайын,  
Өтірік айта аламын қиып қалай.

Ұмытпан өле-өлгенше жүрегімде,  
Гауһардай сақтап дәйім жүрермін бек.  
Көру де, көрмеу де енді тағдыр ісі,  
Аман бол, ақ сұңқарым, тілегім тек.

Сезімім саған деген биік менен,  
Көнбейді ақылыма күйік деген.  
Сұлуға ғашық болу бөлек дәурен,  
Біледі құдіретін тек сүйіп көрген.

Ризамын тағдырыма, өкінбеймін,  
Жеңілдет ауырды деп өтінбеймін.  
Пенделік күйкілік пен мәңгіліктің,  
Сезімім арасында көпірдей бір.

Сырымды сырдаң ұқпас, надан ұқпас,  
Енді ешкім мендік сезім туын жықпас.  
Айналды өнерімнің қайнарына,  
Бір бейне жүректегі саған ұқсас.

Менімен біргесің сен күндіз, түн де,  
Сырласам кәдімгідей келіп тілге.  
Сен менің бойтұмарым тәріздісің,  
Әрдайым рухыма дем беріп жүрген.

Қош боп тұр, Қорлан сұлу, жансын бағың,  
Тірліктен тыныштық, рахат тапсын жаның.  
Сен үшін болайын мен көрген түстей,  
Өткенді ойлап босқа таусылмағын.

Жаралған сен ғажайып асыл нұрсың,  
Тағдырдың омырауында тұнған гүлсің.  
Бұйырды-бұйырмады дейтін емес,  
Қол жетпес ешкімге де биік шыңсың.

Пеңдеге сені бір рет көру бақыт,  
Дүниеге сирек келер сендей жақұт.  
Ал енді аттанайын, Хорлығайын,  
Санаулы бітті тағы қайран уақыт».

...Өтіпті содан бері ондаған жыл,  
Ешқандай өзгерген жоқ толғаған сыр.  
Әлі сол... күйдіреді, жандырады  
Суымас сезімдегі солмаған гүл.

Жараны жүректегі салған жастай,  
Келеді ұмыта алмай әлі Естай.  
Қазір де ұйықтай алмай дөңбекшиді,  
Естісе Хорлығайын атын Естай.

Махаббат – сөнбес шырақ, мәңгі маздақ,  
Адамға, бұйыртса егер, тәңір жазбақ.  
Жүректің жауһарына айналады,  
Тереңнен тербеп сезім, ойды қозғап.

Елу жыл бойы, міне, Естай ақын,  
Ардақтап келеді айтып Қорлан атын.  
Бұл өзі сөзбен бірақ жеткізе алмас,  
Хикая талай ұрпақ тамсанатын.

Осылай ой шырқайды жол дегенде,  
Сайда – нұр, қырда сағым көлбегенде.  
Сапар – сыр... сапар – тағдыр... тәңірінің,  
Бір сыйы осы-ау болар өлмегенге.

...Келеді Естай ақын осыны ойлап,  
Сапарлап бойды жазып Ертіс бойлап.  
Дүние жас келгенде тіпті ыстық,  
Көз жауын алады екен өмір жайнап.

## IX

Тағдырдың пәрменімен иіп қалып,  
Келеді ақын жолы тұйықталып.  
Әзірге Естай оны сезер емес,  
Келеді көргеніне ұйып, қанып.

Бір сәтке ұмытқандай дертін дағы,  
Тыныстап келе жатыр еркін жаны.  
Шарықтап қиял құсы шартарапқа,  
Келеді тасып көңіл, шіркін, анық.

Шаттыққа шек болып па жетпіс деген,  
Жас жоқ қой соңы осы деп түстеген.  
Рухы биік жандар жүзінде де,  
Жамбыдай жүйрігінен еш түспеген.

Мінекей, келіп қалды орталыққа,  
Краснокут деп атапты жерді анықтап.



Куйбышев деген аудан кіндігі осы,  
Үлкен кент әжептәуір бір қалыпқа.

Осында қарайды ақын Ақкөлі де,  
Қонған жер өнер менен бақ төріне.  
Бұл аудан бірнеше аудан сыйып кетер  
Зор өлке көз жетпейтін бөктеріне.

Тер төкті бес жыл бойы майданға тек,  
Санаспай жақын емес, қай маңда деп.  
Тірлікке төнген қауіп бұлтын серпіп,  
Дұшпанға көк семсерін қайраңдар деп.

Естай да жетпісіне қарамастан,  
Бұл іске жан-тәнімен араласқан.  
Жігерін жанып елдің өнерімен,  
Майданға темір тұлпар тағаласқан.

Сол жеңіс күткен көптен келді былтыр,  
Оралды майдангерлер жауды құртып.  
Қуанды сүйіншілеп «ақсарбастап»  
Құттықтап ән-жырымен қалың жұртын.

Әнімен шашу шашып, той бастады,  
Жүйріктей көп алдында ойқастады.  
Майдангер жігіттерді жырға қосып,  
Ел жайлы, ерлік жайлы ой тастады.

Паш етті ахуалын тылдағы елдің,  
Істерін жанқиярлық мұндағы ердің.  
Қайғысын, қасіретін, армандарын,  
Үмітін жүрегіне тұнған елдің.

Ауыл жоқ қара қағаз алмаған бір,  
Боздағын талайлардың жалмаған жер.  
Жылайды жетім бала, жесір ана,  
Көз жасын қалың елдің сұрайды кім.

Туды шақ сұм соғысқа толас ақыр,  
Өміршең өр талапқа жол ашатын.  
Көрігін жаңа өмірдің басып енді,  
Кірпішін бейбіт тірлік қаласатын.

Жыл өтті жеңіс туын көтергелі,  
Сезілед ел еңсесін көтергені.  
Жасанып қалыпты аудан орталығы,  
Түзетіп ер-тұрманын көтермені.

Жүздесті кешке жұртпен сарай толы,  
Жиылаған жер-жерден көп орай келіп.  
Білмейді ойда жоқта жұртшылықтың  
Қалғанын қолқасына қалай көніп.

Ән салды әуелетіп, исіндіріп,  
Жиылаған қалың елді сүйсіндіріп.  
Өзгеше өнерінің өрнектері,  
Бірі – лағыл, ақық-маржан дерсің бірін.

Концерттен шықты шаршап, өңі қашып,  
Тұрғанмен мерейі өсіп, көңілі тасып.  
Таңертең әлі құрып одан әрі,  
Бірдеңе бара атқандай болды басып.

Білдірмей бірақ оны бөтен көзге,  
Аттанды Мулявкаға ерте тездеп.  
Жанында жамағайын Кәрібай бар,  
Серіні шақыруға арнай келген.

Кәрібай – еті тірі ел ағасы,  
Көрмеген кесіп алдын жан баласы.  
Алдында бұрмай әділ шешілетін,  
Дау-дамай, ел таласы, ер таласы.

Өнерге, жаңалыққа жаны сергек,  
Түсетін шаңырағына дәйім ел көп.  
Естайдай ел бұлбұлын, сәті түссе,  
Журуші ед қонақ ету жол деп, жөн деп.

Сол тілек орындалды осы жолы,  
Серіге мұның дағы жетті қолы.  
Ауылға ақын келе жатқаннан соң,  
Келеді мерейі өсіп, көңілі толып.

Тұрағы Кәрекеңнің – «Бірінші ауыл»,  
Негізі Бәсентиін мұнда қауым.  
Ішінде бірнеше үй қанжығалы,  
Белгісіз қашан, қалай келгені ауып.

Сыйы артық, беделі зор, болғанмен аз,  
Танылған өжеттікпен, талғаммен саз.  
Солардың бірі мына Кәрібай да,  
Жаны асыл жегенге емес, орғанға мәз.

Баласы Бәсентиін – дархан момын,  
Күпірге, қиянатқа созбас қолын.  
Ер көңіл, аңқылдаған ақ пейіл ел,  
Іздейтін алдыменен жұрттың жоғын.

Көрсетпес қиянпұрыс ауылдасқа,  
Жақсымен жанай жүріп бауырласқан.  
Ешкімді шетке қағып көрген емес,  
Дәм жазып, тағдыр қосып қауымдасқан.

Тыңдайды Кәрібай сөзін бәрі бірдей,  
Кезі жоқ кеткен жері құлаққа ілмей.  
Ертістің тоғайында отырған ел,  
Аты шыққан ынтымақпен көңіл бірлей.

Келеді Естай ақын осы ауылға,  
Ұқсаған келбеті әсем жас аруға.  
Білдірмей отырғанмен серігіне,  
Барады күші кетіп, басы ауырлап.

Зор боп тұр мазалаған іштей күдік,  
Қайтеді тағдыр жолын кетсе үзіп.  
Алыста туған жерден қалғаны ма,  
Көңіліне келеді бір ойлар бұзық.

Соңы осы болғаны ма сапарының,  
Кеудеде кешегідей жоқ арының.  
Аңдыған әзірейіл ажал жетіп,  
Алынар жері ме осы қамалының.

Мазалап келе жатыр талай сұрақ,  
Ертеңін білер болжап қайдан бірақ.  
Осы ауыл атанарын Естай ауылы,  
Осы ауыл болатынын мәңгі тұрақ.

Барады дерті бірақ жанға батып,  
Келеді бар төзімін қармап ақын.  
Құдіреті күшті құдай, Хақ Тағала,  
Жат жерде қойғаны ма «аллалатып».

## X

«Жазмыштан озмыш жоғы» анық екен,  
Іс болды ақын үшін бұл бір төтен.

Келді де төсек тартып жатып қалды,  
Елмененен құрмай думан, тұрмай бекем.

Бәйек боп бүкіл ауыл құрақ ұшты,  
Дертпенен күн алысты, түн алысты.  
Жан бермей ақын рух алас ұрып,  
Ажалмен ән алысты, жыр алысты.

Қоймады бірақ пәрмен тура келген,  
Бір апта жатып Естай қоштасты елмен.  
Адымын жан баласы ашырмайтын  
Қапыда қиып кетті ажал-мерген.

Құтқармас, түссе көзі өлім шіркін,  
Бір сәтте тыйылады құмар күлкің.  
Шырқырап шыр айналар қайран дүние,  
Көргенің-көрмегенің болмай бір күн.

Соңғы күн бой жазғандай жасап қылық,  
Отырды төсегіне еркін тұрып.  
Жанынан шықпай күтіп қаумалаған,  
Сөйледі қарияларға бетін бұрып.

«Ризамын пейіліңе, асылдарым,  
Күні-түн кетпедіңдер қасымнан бір.  
Қиналып жатырмын мен қайтемін деп,  
Есігі о дүниенің ашылған күн.

Сайрандап кештім дәурен қызығы мол,  
Жетіпті осы араға сызылып жол.  
Нүктесі көп ұзамай қойылардай,  
Барады суып денем, үзіліп қол.

Жан едім алты алашқа атым таныс,  
Осында болар білем ғұмыр тауыс.  
«Топырақ бұйырған жерден» деуші еді ғой,  
Апару қажеті жоқ елге алыс.

Жығылдым кеп ортаңа, Бәсентиін,  
Кешем деп ойламаймын өгей күйін.  
Ханды да, қараны да, білем жақсы,  
Қара жер қойны суық теңейтінін.

Ештеңе сұрамаймын елден бөлек,  
Періштем қорғар өзі келген жебеп.  
Ұстасын домбырамды талапты жас,  
Мен едім өнердегі бір бәйтерек.

Тағы бір құпиям бар... тосын, мүмкін,  
Жүреkte өшпейді екен сезім шіркін.  
Қорланның көзіндегі ғып ұстап жүрген,  
Сақина – қолдағы бар асыл мүлкім.

Көміңдер соны бірге өзімменен.  
Қор етер мендей терең сезінбеген.  
Қарсылық жасамаймын бірақ біреу,  
Еншілеп күтсе ерек сезімменен.

Аманат болар онда ауыр аса,  
Ұстасын қылмай бір сәт көзден таса.  
Құлақ сал, соңғы сөзім болсын мынау,  
Шамам жоқ бірақ шалқып әнге қосар.

Көрейін айтып жайлап, жетсе халім,  
Болғанмен ширақ жаным, әлсіз тәнім.  
Ақкөлде ауызға алғаш оралған ед,  
Тәмамдап бас-аяғын жидым бәрін.

Япырмау, қартайдым ба, денем ауыр,  
Менде жоқ жан ашитын туыс-бауыр.  
Қарасам... маңайымда ешбір жан жоқ,  
Қалдым ба мен солардан болып тәуір.

Сақал-шаш ағарғанда басымдағы,  
Жолдас жоқ мұң шағарлық қасымдағы.  
Ән салып, домбыра ұстар кезім емес,  
Әшейін әдетім ғой жасымдағы.

Мінекей, биыл келдім жетпіс үшке,  
Кәрілік болмайды екен құрғақ күшке.  
Естайдың өлердегі әні екен деп,  
Балалар айтып жүрсін ерте-кеште.

Арманның ең ауыры – бала жоғы,  
Болғанмен алып кетті ажал оғы.  
Жігіттер, тіршілікте сыйласып өт,  
Мінекей, қалған жоқ па дүние боғы.

Домбырам, сен де аман бол, қарт жолдасым,  
Жанымнан тастамаған шын мұңдасым.  
Тапсырдым кейінгі жас балаларға,  
Мендей қып тәрбиелеп сені ұстасын».

Деді Естай: «Болсын осы қоштасар сөз,  
Келмеске жақын енді көш қосар кез.  
Көзімнен бұл-бұл ұшты-ау, қайран дүние,  
Жақсымен өздеріңдей бас қосар кез».

...Қисайды қайта ақын осыны айтып,  
Көз ашып, көтермеді қасын қайтып.  
Қалды үнсіз қайран қара домбырадай,  
Тиегі омырауынан кеткен тайқып.

– Есаға, таусылмаңыз, – деп Кәрібай,  
Көтеріп басын тұрды, кеп жанына-ай.  
Отырды қариялар іштен тынып:  
«Япырмай, дүлдүл дәурен өткені ме-ай?».

## XI

Бастады бірі әңгіме жайлап сосын,  
Білдіріп сері Естайға көңіл хошын.  
«Жасыма, Естай ақын, қиналсаң да,  
Сөз айттың ойға ауыр, жанға тосын.

Қоштасу қу дүниемен оңай емес,  
Күнбұрын мойын ұсыну да қолай емес.  
Жағдайыңды өзің жақсы білесің ғой,  
Дей алман олай емес, бұлай емес.

Туса егер олай-бұлай қиын заман,  
Орындармыз айтқаныңның бәрін тамам.  
Ол үшін қинай көрме қу жаныңды,  
Тілейміз сауығуды біздер саған.

Топырақ аттамайтын жөні анық,  
Жатырсың оны дұрыс еске салып.  
Менің де Қамбай бабам қырда жатыр,  
Жоңғарға шапқан қарсы батыр алып.

Тәстемір менің атам соның ұлы,  
Анамыз қолынан ажал алған жұлып.  
Бабамыз оққа ұшқанда жарын сұлу  
Сұм қалмақ алмақ бопты әйел қылып.

Атамыз сонда біздің іште екен,  
Сондықтан бел буыпты ана іске бөтен.



Алайын туып депті жау батырға,  
Содан соң құлың болып, мейлі, өтем.

Туған соң, айла асырып ат мініпті,  
Жүйрік жетпес жалғанда жоқ күлікті.  
Сәбиін орап алып, ерге байлап,  
Ертіске, елге қарай бет бұрыпты.

Жеткізбей құғыншыға ерген арттан,  
Заулапты кең далада оқша атқан.  
Жаужүрек, жарға адал, ақылды ана,  
Қалыпты ер ұрпағын солай сақтап.

Сәбиі аман кепті ер басында-ай,  
Сақтаған жанын аман қорғасындай.  
«Тас па екен, темір ме екен жаны өзі» деп,  
Аңғырған апты елден атты осындай.

Тәстемір қазір біраз тараған ел,  
Малынан арын артық санаған ел.  
Өзіңдей жақсыларды, Естай ақын,  
Бауыр қып туысына балаған ел.

Қамбай сай – бабам сайы қырда жатыр,  
Қастерлі онда дағы рухы батыр.  
Аттаман топырақ деп дұрыс айттың,  
Сын сағат тұяқ серпер туса ақыр.

Жай сөз ғой, Естай, саған қосып жатқан,  
Білдіріп ықылас-пейіл біздің жақтан.  
Әйтпесе, өлімді емес, өмірді ойла,  
Әл жиып, дертпен күрес: емдел, баптал.

Жан толқып, жүрек күйді баяныңнан,  
Сездік біз сырыңды анық аяныңнан.  
Құдайға қиын іс жоқ жазам десе,  
Кетерсің әлі-ақ тұрып аяғыңнан».

Айтылды айтылар сөз, бірақ тағдыр,  
Ажалды жеңе алмады қараң қалғыр.  
Жетпеді құлағына әзірейілдің  
Дегені елдің ақын жанын қалдыр.

Тоқтады ұлы жүрек жетпіс үште,  
Ақынның көп арманы кетті іште.  
Қалың ел хан көтеріп жерледі оны,  
Мұндайда көрінеді тектілік те.

Тоқтады өнерде бір тұма бұлақ,  
Қазақтың көгінде бір сөнді шырақ.  
Артында әні қалды, жыры қалды,  
Сақтайтын жезтаңдай мен құймақұлақ.

Дүниеден Естай ақын өтті осылай,  
Ажалмен сапар үсті беттесіп-ай.  
Ғасырда бір туатын ұлы адамның,  
Біледі ел арты ізсіз кетпесін-ай.

Ескерткіш соққан адам өзіне ол,  
Артына қалдырды көп қазына мол.  
Қорланға деген ыстық махаббаты  
Өшпес сыр жүректерге жазылар сол.

Жасайды Естай ақын ел жадында,  
Тарихтың өр бетінде, төр жағында.  
Мәңгіге ұйықтап кетті ұлы өнерпаз  
Ертістің тоғайында, жол жанында.

## XII

Өмір – нұр, ғұмыр – сапар, өлім – нүкте,  
Қойылар бір күн... мейлі, күт сен, күтпе.  
Алысқан-таласқаның анау-мынау,  
Керегі жоқ боп қалар бәрі түкке.

Сезген жұрт сонда ойланар нүкте мәнін,  
Әркімнің сол нүктеде күткен халін.  
Айырып асылың мен жасығыңды,  
Бар-жоқты түгендеткен түйіп бәрін.

Сыяды сол нүктеге бар ғұмырың,  
Абырой айдай толған шашар нұрын.  
Жасаған жақсылығың-жамандығың  
Кісілік-пенделіктің ашар сырын.

Білінер бәрі таяз-тереңнің де,  
Бағасы бояма мен өнердің де.  
Алыстан асқақтаған тау секілді,  
Танылар тұлғасы анық кемелдің де.

Естайдың ұрпаққа үлгі өмір жолы,  
Сәулелі, жарқын қандай өнер жолы.  
Айналды махаббаттың символына  
Қорланға ғашықтықпен созған қолы.

Тағдырдың кешкен қызық бастан ақын,  
Өнер мен махаббат – ақ қос қанаты.  
Мөп-мөлдір көз жасындай мұңы да оның,  
Тамсанып ел аңызға қосқан атын.

Кіл тәтті болмаса да, кіл бір шырын,  
Бұйырған Естайға шын сұлу ғұмыр.

Бір сырлы, сегіз қырлы өнерпаздың,  
Тебіренер талай ұрпақ шертіп сырын.

Өмірдің бас-аяғы – қас қағым сәт,  
Құйрықты өтер ағып жұлдызға ұқсап.  
Азырақ аялдауға жер бетінде  
Адамға берілгендей аз-кем мұрсат.

Сол сәтте жанған шырақ, Естай-ғұмыр,  
Жол ашқан өзгелерге, өзі түгіл.  
Ел барда ешбір тарих дауылында  
Шайқалмас Естайдікі – мәңгі тұғыр!

### XIII

Жүректі сыр осындай қозғар дәйім,  
Ауылына Естай ақын барған сайын.  
Қадірін білер адал ұрпақ үшін,  
Ұлыны ұлықтау да армандайын.

Көңілге өскен түйіп жастай атын,  
Мен үшін орны бөлек Естай ақын.  
Арналы қазынаға сері жайлы  
Азырақ болсын осы қосқан хатым.

Қуанам болғаныма бір іске ұйтқы,  
Парызға ел атынан тосып иықты.  
Есімі берілсін деп осы ауылға,  
Жазғаным нысанаға дөп тиіпті<sup>1</sup>.

Тұра ма өспей ұрпақ, өспей бала,  
Керек бір жад жаңғыртар сөз де жаңа.  
Жеткендей төбем көкке шаттанамын,  
Аталған сайын аты Естай баба.

<sup>1</sup> «Социалистік Қазақстан» газеті. 19 желтоқсан, 1986 жыл.

Құйылған бал шырындай көзелерге,  
Асылдың ел бар жерде сөзі өлер ме.  
Ұрпағы үлгі тұтып, өнеге етсе,  
Айналар өзі өмірге, өзі өнерге.

Бақыты Естай ақын – баянды бақ,  
Не екенін өмір мәні аян қылад.  
Мас болып жүрсең тірлік буына сен,  
Зерделеп осы жайды, ойлан, шырақ.

Қызығы дүниенің өнер болар,  
Өнері озған жанға бақ кеп қонар.  
Малданбай бір күндікті, әріні ұқсаң,  
Олқысы тіршіліктің сонда толар.

Тірліктің бар әуресі өтер-кетер,  
Шашылып-шалдығасың кейде бекер.  
Сарайы көкірегіңнің болса таза,  
Құлағыңа Естай сөзі сонда жетер.

Бейне бір тағдыр домбыра тиегі дер,  
Өнері сері Естайдың – киелі өнер.  
Бір күндік әндер емес әндері оның,  
Сондықтан қастерлейді, сүйеді ел.

Тірлікте таусылғанмен татар дәмі,  
Естайдың үзілген жоқ сапары әлі.  
Жол шегіп мәңгілікке бара жатыр,  
Атағын алысқа әлі апарады.

Шырқалса мың құбылаған әні ізгі,  
Тербейді сұлу ырғақ жанымызды.  
Рухына бас иейік Естай ақын,  
Аруағы жүрсін қолдап бәрімізді.

## МАЗМҰНЫ

Мәңгі өшпес ізі қалды. *К. Салықов* ..... 4

### «Жүректегі жазулар» кітабынан

Отан.....	18
Көгілдір ту.....	19
Үнсіздік .....	21
Абылай алаңындағы ой.....	23
Еркіндік жыры.....	24
Деңізі.....	25
Аттиа.....	27
Мінәжат.....	30
Мағжан аға .....	33
Триптих.....	34
Тектілік.....	37
Қария .....	39
Достарым көл сыйлады бүгін маған .....	40
Жарым менің .....	41
Қыздарым – қызғалдақтарым.....	45
Ләззатқа.....	46
Тілек.....	47
Жолың болсын .....	49
Луизиана .....	51
Бақыт.....	53
Ақ .....	55
«Жусан иісі даланың...».....	57
«Өлке бұл ғажайып...».....	58
Сағыныш.....	59
Аялайсың, аптығымды басасың.....	61
Әке рухымен сырласу .....	62
Жәдігер.....	64
Анам елі.....	65
Бақыт увертюрасы .....	66

### Астана әуендері

1. Сен болып соғады енді жүрегі елдің ..70	70
2. Арман қала – Астана.....	77
3. Елорда.....	77
4. Алматыдан аттанарда .....	79
5. «Егемен Қазақстан».....	80
Астанаға көшіп келгенде.....	80
6. Ақжолғайы Алаштың.....	82
7. Түркістанға тағзым.....	85
8. Әйбат қала – жас қала.....	86
9. Қысқы бояу .....	87

### Өмірге құштар көңілден

Қызыл інір.....	90
Тіршілік.....	91
Айсырға.....	93
«Қырық күн шілде...» .....	94
Өмір.....	94
Не жетпейді .....	95
Метаморфоза.....	96
Қызғанба .....	97
Үш .....	98
«От болып... » .....	100
Адамға мұң да керек.....	101
Ақ жаңбыр .....	102
Адам болып бәрібір қалды адам .....	102
Бозбеткей.....	104
Оңаша .....	105
«Біле алмадым...».....	106
Жыл өтті .....	107
Дәурен-ай .....	108
Жорға бала .....	109
Қара ағаш .....	110
«Жаз болып күзім, қысым да...» .....	111
«Сенім өлді...» .....	112
Өкінбе.....	113
Қиянат .....	114
Жұмбақ әлем .....	115
«Айла ғұмыр...».....	116
Экспромт .....	118
Жалағандық .....	119
«Сезген соң...» .....	119
Дүние .....	120
Сағым дәурен.....	122
Жылап жатыр жүрегім.....	122
Мұң.....	123
Аясаңшы, жүрек, иеңді .....	124
Өкпелеме .....	124
Біреуге .....	125
«Бұрышында абат бақтың...» .....	126
«Жол тауып алшысынан...» .....	126
«Қиянат – ию ме...».....	127
Қайрау.....	128
«Өмір басқа...» .....	129
«Жандар бар...» .....	130
Элегия .....	131
«Ізгі бір шырақ жаққандай...» .....	132

«Ақ қар, көк мұз көйлекпен...» .....	132
«Жабырқатып жанымды...» .....	133
Арқа қысы осындай.....	134
Алаңғасар арман-ай.....	136
<b>Кертолғау.</b>	
«Ұнаса елге – есе бер желдей...» .....	137
«Қиналма, тіпті...» .....	138
«Сұрама дөйден кісілік жайын...».....	138
«Болмайды жолың...» .....	138
«Турасын айтып...» .....	138
«Атақ та... даңқ та...» .....	138
Көз көргенге – сөз мерген.....	139
Шумақтар .....	141

### Көңіл суреті

Ербол ініме айтар	
екі ауыз сөз. <i>Т. Молдағалиев</i> .....	144
«Төгілді жыр боп нөпір ағын...» .....	145

### Сенемін саған, жарық күн

Өмір жыры немесе әке көзінен оқыған сыр.....	148
Дүние .....	149
Бірі кем дүние .....	152
«Нәрестедей шала туып...» .....	153
Мұнар күн.....	154
Күй шертеді көңілің басқа-басқа.....	156
Қайран тағдыр .....	160
Сенемін саған, жарық күн.....	161
Жаңбырлы күнгі жырлар .....	163
Кезекте .....	165
Жанқайрақ .....	166
Көлгірлік .....	166
Мейірім керек.....	167
«Қалай тірлік, хал қалай, жағдайың...» .....	168
Мазаңдау бір күй .....	169
Темір есік.....	170
Сөз.....	170
Жаралы кептер.....	172
«Пенде боп жаралған соң сүйек-еттен...» .....	173
«Құбыламалы мінезі...» .....	174
«Жол түсіп тұр жарқырап...» .....	175
Дерт.....	176
«Күз келді тағы...» .....	177
«Айналам – атырап бар...» .....	178
«Сезімі жоқ содыр-ау...» .....	178
«Қамықпа, қызынба да, асыл аға...».....	179

«Заман жүгін көтеріп бірме-бірде...» .....	180
--	-----

### Тербеледі ой-бесік

Тербеледі ой-бесік .....	182
«Айтатұғын бір тілегім бар саған...» .....	183
«Жастығың сияқты еді...».....	184
«Жақұт жанар жарқырайды...» .....	185
Сәт .....	186
Бойтұмарым шығарсың.....	187
Туған ауыл.....	187
«Түсіну қиын жанымды...» .....	188
Ана жүрегі .....	189
«Көктем келіп қалыпты-ау...» .....	189
Есентай .....	190
«Төніп бір өтті-ау қара бұлт...» .....	191
Түс жору.....	191
Апа .....	192
Ләззатқа .....	193
Балалық шаққа хат.....	194
Сабақ.....	195
«Түн жарым кезі... ұйқыда едім...» .....	196
Ағалар .....	197
Еске алу.....	198
Намыс .....	199
«Анық па осыным, ақыл ма-ай...» .....	200
«Қайтесіндер дуылдап, дауааспаңдар...» .....	201
Демеу .....	201
Қаладағы қария .....	202
Есінде ме .....	204
«Лықсып көңілдегі нала-мұңдар...» .....	204
«Сен сабақ оқы, құлыным...» .....	205
Біз де бір болат сұр жебе .....	206

### Жалғаса бер, жолдарым

Ордабасы .....	210
Тәубе дейік, ағайын, тәубе дейік.....	211
Қолдасын рухы Абайдың.....	213
«Абайла» деймін...» .....	214
«Дара жырда...» .....	215
Парсы дәптерінен.....	216
«Ғарыш... Жұлдыз... Биіктік...» .....	217
Тағзым .....	219
Ойын .....	220
Журналист .....	221
Абылай алаңы .....	221
Көлсай.....	222
Тамшалы.....	224

Ертісте .....	226
Есіл.....	226
Қорғалжын .....	227
«Белісіп Аластау жан сырымен...» .....	229
Қоңырау .....	230
«Нұрын шашып шығыстан...» .....	232
«Күн қаққан өңінен...» .....	233
Той күнгі мадақ.....	233
Тағдыр .....	235
Осылай көтерілер ел еңсесі .....	238
«Қашанда бетім ашық...» .....	239

### Жанымның жайып жапырағын

Абыз .....	242
Жыршуақ.....	243
Ақын тойы .....	244
Жанарыңда дірілдеді жүрегім.....	245
Ностальгия .....	247
Үміт.....	248
Сыр.....	248
«Дүние, қайда барасың...» .....	249
Аңсау.....	250
Аға сыры.....	251

### Бәрі бар менде...

Рух сапары ұзақ. Ф. Оңғарсынова.....	256
Хан алаңы.....	261
«Сары атан дала, сары дала...» .....	262
Қызыл қайың.....	263
Қыз өскен үйдің үміті .....	263
«Ақ қайың...» .....	264
«Шаңырақ қыз өсірген...» .....	265
Көңілсіз жыр да керек-ау.....	266
Бәрі бар.....	267
Түсіме енді.....	268
Менің де қаным тұщы емес.....	269
Элегия.....	270
Әуезов аллеясында .....	271
Аға рухына.....	272
Кісілік қымбат адамға .....	273
Үш өлең.....	274
Байроннан .....	274
Ақын музасына қойылған ескерткіш....	275
«Кінәлап жүрсің...» .....	277
«Айналада сұрақ...» .....	278
«Сен түсіне алмассың...» .....	279
«Қалалық болдың сен де, аға...» .....	280
Жаңа дәуір жастары .....	280
Әлиханның әліппесі .....	282
Жетім тағдыр .....	290

«Өмірдің өгейсітіп тар жолағы...» .....	292
Жаратқан өзі жар болғай.....	292
Таңғы тұман.....	294
«Бір өзінде ендігі үміт!...» .....	294
«Біздің ауыл...» .....	295
«Бұйырма мені айыпқа...» .....	295
«Ей, Ақ теңіз...» .....	296
Перзент сөзі.....	296
«Болмады деп...» .....	297
«Бурабайлық Балғабай...» .....	298
Ақбөкен .....	299
«Жәннат жер...» .....	300
Сфинкс .....	301
Тоқылдақ .....	302
«Ауаңнан жұпар нәр алып...» .....	303
«Шар айнасы шайқалған...» .....	304
«Үмітке еріп көмескі...» .....	304
«Жоқ» деген сөз... ..» .....	304
«Бурабай, көлің – шалқар...» .....	304
«Оқжетпес... ..» .....	305
«Көктемде келдім...» .....	305
Элегия.....	305
Түрік самалы.....	306
«Ақ теңіз бен Қара теңіз...» .....	307
Пальма .....	307
«Көргенім де аз емес...» .....	308
«Мен кейде оңаша...» .....	308

### Жарияланбаған өлеңдер

«Тыңдашы, жаным!...» .....	310
«Ойнайды күліп Алатау желі...» .....	310
«Қамықпашы, аяулым, ренжіме...» .....	311
«Сүйіктім!...» .....	312
«Махаббат сұрап та келмейді...» .....	313
«Аяулым, қайда жүрсің сен...» .....	314
Жүрек пен сағат .....	315
Оралшы, жаным, тезірек .....	316
Сағыңдың ба... ..	317
«Жасқана қарап...» .....	318
«Сап, көңілім...» .....	319
«Түнгі самал баяу ғана...» .....	321
Шынарға .....	322
«Сен әлі жоқсың...» .....	323
«Білесің бе, аяулым, бұл күндері...» .....	324

### Тағдырдың тілі

Бәйге .....	326
Думат немесе тарихқа көзқарас.....	333
Ән-ғұмыр .....	350



Ербол Шаймерденұлы

*Сағым дәурен*

Редакторы *Мөлдір Мәулетқұлова*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*  
Техникалық редакторы *Әльмира Заманбек*  
Беттеген *Ақмарал Кадикенова*  
Корректоры *Шолпан Оразбаева*

Басуға 11.09.19 қол қойылды.  
Пішімі 60 × 90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 25,0.  
Тапсырыс №0176. Таралымы 5000 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13